

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘӨЖ:246(574)

Қолжазба құқығында

ЖАКСЫБАЕВА АНАР ҚАНАТҚЫЗЫ

**Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау
(Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)**

8D02202 – Дінтану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Профессор К. Затов,
Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор
Сайфеттин Ершахин
(Анкара университеті, Анкара қ., Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ДІНИ КОНВЕРСИЯ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Қазіргі батыс және ислам ғылымдарындағы діни конверсия ұғымы.....	15
1.2 Діни конверсия теориялары.....	25
1.3 Діни конверсия және діни бірегейліктің өзара ықпалдастығы.....	41
2 ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ИСЛАМҒА КОНВЕРСИЯЛАНУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ.....	50
2.1 Ислам дінінің таралуы және арабтар мен түркі халықтарының ислам дінін қабылдау тарихы.....	50
2.2 Модернизация және секуляризация үдерістерінің Қазақстандағы діни конверсияға ықпалы.....	58
2.3 Қазіргі жаһандану контексіндегі Еуропа мен Корея елдеріндегі діни конверсия үдерістері.....	68
3 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ИСЛАМҒА КОНВЕРСИЯЛАНУ ҮДЕРІСІНЕ ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	81
3.1 Ислам дінін ұстанушылардың мінез-құлықтық және әлеуметтік бейнесі.....	81
3.2 Исламды қабылдағанға дейінгі конвертиттердің жеке және қоғамдық өмірі.....	89
3.3 Ислам дініне конверсиялану үдерісі және постконверсиялық өмір салты.....	115
ҚОРЫТЫНДЫ.....	131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	137
ҚОСЫМША.....	146

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеуде Қазақстандағы діни конверсия үдерісінің алғышарттары мен себеп-салдарлары, факторлары мен тенденцияларын жан-жақты қарастырылады. Зерттеу жұмысында қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда қалыптасқан діни конверсия категориясына талдау жасалып, оның тарихи және теориялық негіздері айқындалады. Сондай-ақ Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісінің діни бірегейлікпен байланысының ерекшеліктері анықталады. Жұмыс барысында діни конверсия құбылысының әлеуметтік, мәдени және психологиялық қырлары қарастырылып, шетелдік және отандық ғалымдардың діни конверсияға қатысты тұжырымдары мен көзқарастары, методологиялық ұстанымдары салыстырылады. Эмпирикалық деректерге негізделген зерттеу елімізде ислам дінін қабылдаған тұлғалардың діни дүниетанымы мен құндылықты-әлеуметтік ұстанымында, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі мен бірегейліктерінде қандай өзгерістер орын алғанын сипаттайды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Діни конверсия – индивидтің жаңа дінді қабылдауымен шектелмейді, конвертиттің жеке және қоғамдық өмірінің барлық аспектілерін қамтитын кешенді құбылыс. Адам құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде діни наным-сенім және ар-ождан бостандығын заманауи өркениеттің мызғымас іргетасы деп таныған қазіргі адамзат қауымдастығында діни конверсияда азаматтардың жеке құқы мен таңдауы ретінде қарастырылады. Өткен ғасырдың 90-жылдары белең ала бастаған діни конверсия үдерісі қазіргі кезде Қазақстан қоғамының конфессиональдық кеңістігінде жиі орын алатын құбылысқа айналып отыр. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде протестанттық деноминациялардың қарқынды миссионерлік қызметінің салдарынан христиандықтың осы ағымдарына конвертацияланғандардың мәселелері қоғамда алаңдаушылық тудырған еді. Қазіргі Қазақстанда дәстүрлі танылатын ислам дінінің өз ішіндегі әртүрлі бағыттар арасындағы діни конверсия үдерістері, басқа ұлт өкілдерінің исламды қабылдау фактілері үлкен зерттеушілік қызығушылық тудырады. Мұндай құбылысты зерттеу қоғамдағы әлеуметтік интеграция мен дін саласындағы тұрақтылықты, үйлесімділікті қамтамасыз етудегі механизмдерді анықтау үшін аса өзекті.

Алайда діни конверсияның макро-мезо-микроәлеуметтік деңгейдегі үдерістері мен ерекшеліктері, оның діндарлық, мәдени сәйкестілік және тұлғалық трансформация сияқты аспектілері ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Сонымен қатар конвертиттердің діни конверсиядан кейінгі өмірі, отбасы мүшелерімен және қызметтестерімен қарым-қатынасының сипаты, жаңа діни ортадағы көңіл-күйі мен әлеуметтік байланыстары да терең талдауды қажет етеді. Осы айтылған құбылыстар зерттеудің өзектілігін айқындай түседі және оның нәтижелері тек қана академиялық қауымдастық үшін емес, сонымен қатар мемлекеттік, азаматтық қоғам институттар үшін де маңызды. Бұл қоғамдағы діни толеранттылық деңгейін пайымдап, конфликтілердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары отандық және шетелдік ғылыми дискурста діндарлық құбылысына, атап айтқанда, әлеуметтік бірегейліктің діни компонентіне деген ғылыми қызығушылықтың артқанын байқауға болады. Діни конверсия мәселесі мәдениеттану, әлеуметтану, психология, әлеуметтік антропология және т.б. ғылымдар тарапынан жіті қарастырылатын пәнаралық зерттеу тақырыбына айналды. Осы тақырыпқа қатысты теориялық және эмпирикалық зерттеулер діни конверсиясының ішкі психологиялық және сыртқы әлеуметтік-мәдени факторларын, қалыптасып, даму кезеңдері мен құрылымдық элементтерінің біршама жақсы талданғанын аңғартады. Алайда, діни конверсия мен әлеуметтік бірегейліктің арақатынасы, діни конверсия үрдістерінің әлеуметтік коммуникацияға ықпалына қатысты зерттеулер өте сирек кездеседі. XX ғасырдың орта тұсына дейінгі кезеңде діни конверсияның тарихи аспектілеріне басымдылық беріліп, ол прозелитизмнің жемісі ретінде сипатталады. Кейінгі уақытта діни конверсияның миссионерлік, миграциялық, урбанизациялық және жалпы жаһандық құбылыстармен байланысын талдауға үлкен мән берілді [1, б. 67].

Ресей империясының отаршылдық саясаты мен кеңестік идеологияның үстемдік етуі Қазақстанның этноконфессионалдық құрамын күрт өзгертті. Ресей империясының жергілікті қазақ халқын христианизациялауы үлкен қарсылыққа тап болып, межелеген мақсатына жете алмады. Алайда, кеңестік кезеңде жүйелі жүргізілген атеистік идеология кеңес халықтарының діни санасын түмшалап, рухани құндылықтарынан аластатты. Екінші дүниежүзілік соғысы барысында «сенімсіз халықтарды» мәжбүрлеп жер аудару мен соғыстан кейінгі «халықтар достығы», индустриализация мен тың жерлерді игеру саясаты елімізге түрлі ұлт өкілдерінің жаппай қоныс аударуына жол ашты. Соның нәтижесінде қазақ халқының өз еліндегі, әсіресе қалалардағы үлес салмағы азайды. Бұл аккултурациялық үдерістердің күшеюіне, басым мәдениет пен этноәлеуметтік ортаның құндылықтары мен нормаларының әмбебапты сипат алуына түрткі болды.

Тәуелсіздіктен кейін Қазақстан Республикасында жүзеге асырылған түбегейлі реформалар қоғамның тарихи санасын жаңғыртып, діни дәстүр мен әдет-ғұрыптардың қайта жандануына жаңа серпін берді. Дәстүрлі діндердің институализациясы орын алып, жергілікті, аймақтық және орталық діни бірлестіктер құрылды, діни білім беру мен алғашқы діни сауат ашу кешенді түрде қолға алынды, жаңа мешіттер мен шіркеулер салына бастады. Сонымен қатар, азаматтардың діни наным-сенім бостандығы кең құқықтық ауқымда қамтамасыз етілді. Бұл үдерістер еліміздің Конституциясы, дін саласындағы заңдар мен нормативті құқықтық құжаттар арқылы реттеледі. Аталған заңда Қазақстанның демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде әр азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік беретіні, сондай-ақ діни нанымына қарамастан барша азаматтардың тең құқыққа ие екендігі нақты көрсетілген. Осылайша, плюралистік қағидаттарға негізделген қоғамда әрбір ұлттың өз қалауынша дін ұстануына барлық мүмкіндіктер жасалды [2, б. 136].

Қазақстанда Конституциясында және басқа да заңнамалық құжаттарында кепілдендірілген діни наным-сенім, ар-ождан бостандығы әрбір азаматқа діни

таңдау құқын қамтамасыз етті. Саяси-құқықтық реформалар қоғамының діни саласындағы, соның ішінде конверсиялану үдерістеріне (conversion) де түрткі болды. Сөйтіп, дін ауыстыру үдерісі Қазақстан қоғамында көрініс бере бастады [3, б.173]. Жергілікті қазақтардың арасында христиан дінінің түрлі бағыттарына өткендермен қатар, басқа ұлт өкілдерінің де ішінара исламды қабылдау фактілері орын алды. Қазақстан азаматтарының діни наным-сенімін өзгертуі қоғам үшін өзекті мәселе болып, БАҚ беттеріндегі қызу пікір-таластарға себеп болғанымен, тек қана соңғы он жылда ғана ғылыми зерттеудің нысанына айналды. Сол себепті еліміздің ақпараттық алаңында діни конверсиясының әртүрлі аспектілеріне қатысты журналистік мәліметтер көп болғанымен, тұшымды ғылыми талдаулар көп емес. Діни конверсия – бұл күрделі әлеуметтік құбылыс, жеке тұлғалық қана емес, топтық және қоғамдық өлшемдерге ие көпқырлы бірегейліктің шоғырланатын орталығы.

Діни конверсия үдерістерінің даму тенденцияларын саралау мен себеп-салдарларын анықтау, оның азаматтардың діни санасы мен әлеуметтік, азаматтық бірегейлігіне ықпалын талдау еліміздегі мемлекеттік-конфессиялық саясаттың, дін саласындағы мемлекеттік тұжырымдамалардың маңызды бағыты ретінде қаралуы тиіс [4, б. 5]. Бұл ретте азаматтардың өзін-өзі діни сәйкестендіруі, яғни діни бірегейлігін анықтауы ерекше маңызға ие. Қазақстанда заңды түрде тіркелген 18 конфессия тіркелген [5, б. 17]. Бұл әрбір адамның діни бірегейлігін қалыптастыруда 18 түрлі таңдау мүмкіндігі бар дегенді білдіреді. Осы тұрғыда халқымыздың дәстүрлі діни бірегейлігін қалыптастырып, дамытуға ерекше мән беретін ірі діни бірлестіктердің бірі – Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының (ҚМДБ) қызметіне қоғамдық қолдау көрсету маңызды шаралардың бірі болуы тиіс. Соңғы жылдары Қазақстанда өмір сүріп жатқан христиандық діни бірегейлікке ие кейбір ұлт өкілдерінің ислам дініне конверсиялану үрдісі байқалуда. Жалпы, басқа дін өкілдерінің ислам дінін қабылдауы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде байқалып отырған құбылыс. Мысалы, 2017 жылы американдық **Pew Research Center** (әлеуметтік мәселелерді, қоғамдық пікірді және әлемдегі демографиялық үрдістерді зерттейтін тәуелсіз ұйым) жүргізген зерттеуге сәйкес, өзін мұсылмандар қатарына жатқызатын орыс ұлтының үлесі шамамен 10%-ға жеткені анықталған [6].

Қазақстанда басқа ұлт өкілдерінің мұсылмандықты қабылдауы жөніндегі нақты статистиканы анықтау бірқатар қиындықтармен байланысты. Мұның басты себептерінің бірі — Қазақстандағы халық санағы (БҚХС) барысында респонденттердің этникалық және діни ерекшеліктеріне қатысты мәліметтердің жинақталмауы. Дегенмен, олардың дін ауыстыруына ықпал ететін факторлар мен себептерді талдауға мүмкіндік бар. Діни конверсия мен әлеуметтік бірегейлікті сабақтастықта зерттеу аталған құбылыстардың өзара байланысы мен ықпалын, жеке тұлға мен әлеуметтік топтар мен институттар деңгейіндегі маңызы мен нәтижелерін объективті ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының шегі. Әр зерттеудің көлемі және шегі болатындай біздің зерттеудің де өз көлемі мен шегі бар. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл

диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ қоғамындағы мұсылман емес ұлттардың ислам дініне конверсиялану үдерісін (христиан-ислам дініне) жан-жақты қарастырады. Зерттеу тек тәуелсіздіктен кейінгі қазақ қоғамында ислам дінін қабылдаған жаңа мұсылмандармен шектеледі. Далалық зерттеулер көбіне 2020-2024 жылдар аралығын қамтиды. Зерттеуге 26 мұсылмандықты қабылдаған өзге ұлттардың (Қазақстан азаматы) азаматтары қатысты. Исламды қабылдаған Қазақстан азаматтары емес мұсылмандар бұл зерттеуде орын алмаған. Тек исламды қабылдаған мұсылмандар туралы зерттеулер мұсылмандыққа конверсиялану тәжірибесі ретінде кіріспе бөлімдерде шетелдік зерттеулер ретінде орын алады. Негізгі зерттеуге қатысушылар Алматы қаласы және Алматы облысында тұратын азаматтар болғандықтан зерттеу аймағы осы аймақтармен шектеледі.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейі.

Діни конверсия тақырыбындағы алғашқы зерттеулер 1900 жылдары психологтардың бастамасымен жүзеге асырылған. Бұл зерттеулер тұлғаның дінге қатысты көзқарастарының өзгеруін талдауға бағытталды. Діни конверсияны алғаш зерттеушілердің қатарында атақты психолог Уильям Джеймстің есімін ерекше атап өту маңызды [7]. «Діннің әртүрлі тәжірибелері» (The Varieties of Religious Experience) кітабында терең талдаған. Ол діни конверсияны жеке тұлғаның психологиялық және рухани трансформациясы ретінде қарастырады. Джеймс үшін бұл үдеріс көбінесе адамның өмірінде ішкі қайшылықтар немесе рухани дағдарыс кезеңдерінде орын алады. Бұл кезеңде тұлға өзінің рухани қанағатсыздығын сезінеді және өмірінің мағынасына қатысты жаңа жол іздейді деп жазған.

1929 жылы М.Х.Кларк «Діни Ояну Психологиясы» атты зерттеу жұмысын жүзеге асырды [8, б. 76]. Кларк дін ауыстыруды басынан өткізген адамдарда депрессия, моральдық бұзылу, өлім қорқынышы және күнәкарлық сезімі сияқты факторлар айтарлықтай басым екенін анықтады. Психоаналитик З. Фрейд, керісінше, өзінің «Дін Ауыстыру» (Religious Conversion) мақаласында дін ауыстыру үдерісін «Эдиптік (Oedipal) өшпенділіктің» тұтануына қарсы қорғаныс реакциясы ретінде қарастырды. [9, б. 44].

Макс Хейрих өзінің «Жүректегі өзгеріс: Дін ауыстыру туралы танымал кейбір теориялардың сынағы» (Change of Heart: A Test of Some Widely Held Theories About Religious Conversion) атты еңбегінде эмоционалдық күйзеліс пен әлеуметтенуге артық мән бермеу керектігін және дін ауыстыруды экзистенциалды ізденіс тұрғысынан қарастырды [10, б. 672].

Ауқымды әлеуметтанулық зерттеулер 1960 жылдары басталып, сол уақытта Америка Құрама Штаттарында көптеген эмпирикалық зерттеулер жүргізілді. Алғашқы әлеуметтанулық зерттеулер көбіне жаңа діни ағымдардың пайда болуы мен олардың таралуына бағытталды. Дәстүрлі емес діни тәжірибелерді зерттеу ғылыми дәстүрге айналып, уақыт өте келе дербес тәртіптік сала – діни конверсия әлеуметтануын құрды.

Түркияда бұл мәселе бойынша алғашқы зерттеулерді дін психологтары жүргізді. Дін ауыстыру мәселесі бойынша алғаш зерттеу жүргізген Хусейн Пекер (1979) болып саналады [11]. 1997 жылы Али Көсенің «Неліктен Исламды

Таңдайды» атты британдық дінді қабылдағандар туралы зерттеуі дін психологиясы саласындағы маңызды ғылыми деректер беретін жан-жақты зерттеу болып табылады [12]. Екі зерттеу де Христиан дінінен Исламға өту туралы докторлық диссертациялар. Байрам Севинчтің «Христиан Болған Түріктер және Түрік Миссионерлері» [13], Ю.Синан Завалсыздың «Түркиядағы Христиан Болған Мұсылмандар»: Психо-Социологиялық Зерттеу (1990–2010) және Ким Хен Чоулдың «Дін Ауыстырудың Интеллектуалдық Планы» атында зерттеулер бар [14].

1960-1980 жылдары негізінен жаңа діни ағымдардың материалдары негізінде әзірленген теориялық және әдіснамалық тәсілдер осы сала үшін классикалық зерттеулер болып саналады [15, б. 118].

Алғашқы зерттеулерде діни конверсия үдерісінде өзара әрекеттесу құрылымдарының қалыптасу жолдарына және әлеуметтік құрылымдардың конвертиттің мінез-құлқына әсеріне ерекше назар аударылды. Ал кейінгі зерттеулер діни конверсия үдерісінде дін ауыстырушы тұлғаның жетекші рөлін айқындауға бағытталды.

1960-1990 жж зерттеушілер қатарында У.Бейнбридж [16], Т. Лонг [17], Дж. Лофланд [18], Д.Сноу [19], Р.Старк [20], Дж.Хадден [21], С.Зюрчер [22], және т.б сияқты ғалымдарды атап өтсек болады. Бұл ғаламыдар діни конверсияны зерттеудің әдіс тәсілдерін және әсер ететін негізгі факторларды анықтауға тырысты. Ең алғашқы діни конверсия туралы теорияларды да осы ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Егер бірінші көзқараста конверсия үдерісінде өзара әрекеттесу құрылымдарының қалай қалыптасатындығына, әлеуметтік құрылымдар конвертиттің мінез-құлқына қалай әсер ететініне және көбірек мән берсе, онда екінші тәсіл мағыналарын қарастыруға ұмтылады, конверсия үдерісі субъект және діни өзгерістер үдерісінде субъектінің жетекші рөлін атап көрсетеді. У.Бейнбридж, Т.Лонг, Дж.Лофланд, Д.Сноу, Р.Старк, Дж.Хадден, С.Зюрчер, және т.б сияқты ғалымдар конверсияны зерттеудің позитивистік бағыты аясында жұмыс істеді. Әлеуметтанушылар конверсияны діни топтың әлеуметтік ынтымақтастығы жүйесіне интеграциялану және негізінен діни қауымдастықтың әлеуметтік ықпалына, әлеуметтік ұйымдармен байланыстары және діни ұйымға қабылдау үшін конверсияны қолдауға мүмкіндік беретін әртүрлі құрылымдық әсерлері дейді. Феноменологиялық әлеуметтану мен символдық интеракционизмге негізделген интерпретациялық бағыт шеңберінде құрылған тұжырымдамалық тәсілдер, керісінше, олар үндеудің белсенді индивидуалды сипатына басты назар аударып, тақырыпты «діни іздеуші» деп санайды. Діни конверсия үдерісін зерттеудің интерпретациялық бағытын Д.Бромли [23], Т.Лакманн [24], Д.Сноу [25], Дж.Ричардсон [26], Р.Штраусс [27], Б.Тилор [28], Р.Трависано дамытты. Бромли, Дж. Доутон, Т. Лакман, А. Мосс, Р. Мачелич, Дж. Ричардсон, Д. Сноу, Р. Стросс, К. Степлес, Б. Тилор, Р. Трависано, М. Генрих, Б. Ульмер, Бұл зерттеушілер конверсияны аналитикалық тұрғыдан қарастыруға жақындап субъектінің мағыналық ниеттеріне енуге, оның діни өзгерісті не үшін және қалай бастан өткеріп жатқанын түсінуге тырысты. Алайда, алғашқы зерттеулердің басым бөлігінде сындар жиі кездесті. Әлеуметтанушылар діни конверсияны негізінен діни топтың әлеуметтік

ынтымақтастық жүйесіне интеграциялану ретінде қарастырды. Олар бұл үдерісті діни қауымдастықтың әлеуметтік ықпалы, әлеуметтік ұйымдармен байланыстары және діни ұйымға қабылдау үшін конверсияны қолдауға мүмкіндік беретін әртүрлі құрылымдық факторлар арқылы түсіндіруге тырысты.

Бұл ғалымдар діни конверсияны аналитикалық тұрғыдан қарастыруға ұмтылып, тұлғаның мағыналық ниеттерін түсінуге, оның діни өзгерісті қандай себептермен және қалай бастан өткеріп жатқанын тереңірек зерттеуге бағытталған тәсілдерді қолданды.

1990 жылдардан кейін діни конверсияны кең ауқымда зерттеген ғалымдардың бірі – Л. Р. Рамбо [29, б. 1050]. Ол дін ауыстыру тақырыбында жиырма жылдан астам уақыт бойы үздіксіз еңбек етіп келе жатқан ғалымдардың қатарында. Рамбо, L.R. Conversion studies, pastoral counseling, and cultural studies: engaging and embracing a new paradigm // Pastoral Psychology атты еңбегінде жаңа діни қозғалыстарды зерттеп қана қоймай, сонымен қатар конверсияның психологиялық факторлары мен себептерін қарастырады. Осы көзқарас бойынша, зерттеулер: концепцияларда көрсетілген «контекст», «дағдарыс», «іздеу», «соқтығыс», «өзара әрекеттесу», «міндеттеме», «салдары» сияқты діни конверсияның жеті кезеңін көрсетіп берді.

ТМД елдеріндегі діни конверсия құбылысын зерттеуге Д. В. Иванов, В.И. Гараджа, Л.П. Ипатова, В.Б. Исаева [30], А.И. Любимова, В.А. Мартинович Д.М Угринович сияқты ғалымдар зор үлес қосты. Ресейлік және Белоруссиялық ғалымдар діни конверсия үдерістерін жаңа діни ағымдар мен діндарлық типтері контекстінде қарастырады [31].

Ресейлік зерттеушілерден И.С. Буланова [32], Л.П. Ипатова «Типы религиозного обращения в православие женщин в современной России» атты еңбегінде қазіргі Ресей қоғамындағы әйелдердің православиеге бет бұруының типологиясын талдап, өмірбаянды қайта ойлану, ойлауды тоқтату, аналогияға негізделген: топта танылған сезімдерді түсіндірудің біртұтас және бірегей жүйесін қабылдау, қоршаған ортаның құбылыстары мен оқиғалары, келіп түсетін ақпараттың альтернативті интерпретациясын толық ауыстырумен, мінез-құлықтың басқа парадигмаларын ығыстыруы сынды көрсеткіштерді зерттеді [33, б. 148]. Қазіргі таңда ресейлік ғалымдар арасында діни конверсия мәселесіне деген қызығушылық артып келеді. Ресей Федерациясы көпұлтты мемлекет болғандықтан, онда діни плюрализм кеңінен таралған, бұл өз кезегінде діни конверсия оқиғаларының жиілеуіне алып келеді. Сондықтан соңғы жылдары осы тақырыпта зерттеулер жүргізетін ғалымдардың қатары артып келеді. Мысалы, Е.А. Островская, В.А. Мартинович [34] және Я. Моравицкий сияқты зерттеушілер діни конверсия мәселесін жан-жақты қарастырып келеді [35].

Отандық ғылымда діни конверсия тақырыбы соңғы уақыттарда қолға алынды. Осы қатардағы көлемді еңбектердің бірі – «Религиозная конверсия в постсекулярном обществе (опыт феноменологической реконструкции)» атты ұжымдық монографияда діни конверсияның методологиялық мәселелері мен көріністеріне талдау жасалған [36].

Діни конверсияның жекеленген аспектілері Е.Е. Бурованың, А.Г. Косиченконың, Ю.В.Кучинская, З.К. Шаукенованың, Н.Ж. Байтенованың, Б.М. Сатершиновтың, Қ.М. Борбасованың, М.К. Бектенованың, Ж. Қабиденованың ғылыми мақалаларында талданған [37].

Діни конверсия феноменін жан-жақты зерттеп, Түркияда «Тәуелсіздіктен кейін діни конверсия жасаған қазақтар» атты докторлық диссертация қорғаған отандық ғалымдардың бірі – дін әлеуметтанушы Қ. Қалиев. Ол аталған диссертациясында христиан дінін қабылдаған конвертит қазақтардың әлеуметтік болмысы мен тәжірибесін талдайды. [38, б. 169].

Дегенмен, Қазақстанда христиан дінінен шығып, исламды қабылдаған индивидтер жайлы ауқымды зерттеулердің жоқтығы байқалады. Исламға конвертациялану үдерісін зерттеу, себептері мен факторларын анықтау, нәтижесі мен салдарларын талдау, әдептердің жаңа діни-әлеуметтік ортаға бейімделуі мен әлеуметтенуінің ерекшеліктерін тұжырымдау ұсынып отырған диссертациялық жұмыстың өзіндік ерекшелігі мен өзектілігін айқындайды.

Зерттеу жұмысының нысаны: Қазақстанда тұратын және өз ұлтының негізгі ұстанатын дінінен бас тартып, ислам дініне конверсия жасаған мұсылман конвертиттер.

Диссертациялық зерттеудің пәні – исламға конверсияланған индивидтердің жаңа діни-әлеуметтік ортаға бейімделу мен діни бірегейлігінің трансформациясы.

Диссертацияның мақсаты: Қазақстандағы исламға конверсиялану феноменін зерттеу, ислам дінін қабылдауға әсер еткен негізгі факторларды анықтау және қазіргі зайырлы Қазақстан қоғамындағы мұсылман дінін қабылдаған адамдардың әлеуметтік бірегейлігінің өзгеруін дінтанулық тұрғыдан талдау болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың міндеттері:

Зерттеу барысында жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

1. Қазіргі батыс ғылымындағы және ислам ілімдері аясындағы «діни конверсия» ұғымдарына салыстырмалы талдау жасап, өзіндік мағынасы мен ерекшеліктерін ашу;

2. Діни конверсия мен бірегейлік арақатынасының теориялық-категориялық аспектілерін тұжырымдау арқылы осы ұғымдар арқылы бейнеленетін құбылыстардың өзара ықпалдастығын дәйектеу;

3. Діни конверсияның классикалық және қазіргі заманғы теорияларын сындарлы-салыстырмалы талдау негізінде қазіргі конвертиттердің діни таңдауының құндылықты-дүниетанымдық және мәдени-әлеуметтік элементтерінің діндарлықтың жаңа типіне өтудегі орны мен рөлін, қызметін айқындау;

4. Ортағасырлардағы түркі халықтарының ислам дініне өту үдерісінің тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік және рухани-дүниетанымдық алғышарттары мен себептерін зерделеу және ислам комплиментарлығының түркі-мұсылман суперэтностының қалыптасуында алатын орнын айқындау.

5. Модернизация мен секуляризация үдерістерінің Қазақстандағы діни конверсия үдерісі мен діни бірегейліктің қалыптасуына ықпалын саралау;

6. Қазіргі жаһандану контексіндегі Еуропа мен Оңтүстік Корея елдеріндегі азаматтардың исламға конверсиялану үдерістерінің өзіндік ерекшеліктері мен сипатын анықтау;

7. Қазіргі Қазақстандағы діни конверсия құбылысының орын алуы мен дамуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени факторларды анықтау;

8. Исламды қабылдаған тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық портретін жасау және дін ауыстыруға әсер еткен негізгі факторларды анықтау;

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізіне тоқталар болсақ, мақсаттар мен міндеттерге жүзеге асыру үшін келесі теориялық және әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- Зерттеу әдіснамалық негізіне діни конверсия тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, монографиялар, мақалалар және басқа да әдебиеттер жүйелі түрде зерттелді

- Салыстырмалы әдіс: Діни конверсияның түрлі теориялары мен модельдерін салыстыру арқылы олардың негізгі ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды.

- Тарихи талдау: Исламға конверсиялану үдерісін диахронды және синхронды талдауға, оның тарихи контекстерін зерделеуге қолданылды.

- Құрлымдық-функциональдық тәсіл: Діни конверсия үдерісін кешенді қарастыра отырып, әртүрлі әлеуметтік факторлар мен элементтердің осы үдерістегі рөлі мен қызметін пайымдауға бағытталады;

- Контент-талдау; Конвертиттердің жеке өміріне қатысты және БАҚ беттеріндегі мәліметтерді жинақтау, сараптау, жүйелеуде қолданылады;

- Герменевтикалық-аксиологиялық тәсіл: Конвертиттердің діни-дүниетанымдық бағдарлары мен рухани-құндылықты ұстанымдарын және осы бағдарлар мен ұстанымдардың әлеуметтік проекциясын, атрибуцияларын ашуға бағытталады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін келесі социологиялық зерттеу әдістері құрайды:

- Тереңдетілген сұхбат әдісі Ислам дінін қабылдаған 26 респондентпен тереңдетілген сұхбат жүргізіліп, олардың діни тәжірибелері мен әлеуметтік бірегейлігін қалыптастыру үдерісі талданды. Тереңдетілген сұхбат жүргізу барысында 26 респонденттен сұхбат алынды және респонденттерге қатысты анонимділік пен этика нормаларының сақталуы қамтамасыз етілді. Тереңдетілген сұхбат негізінен 20 минуттан бастап 1 сағатқа дейін созылды. Мешіттерде мұсылман болған өзге ұлттарға бақылау жұмыстары жүргізілді. Кейбір жағдайларда ислам саласының мамандары, соның ішінде имамдар мен жеке таныстардан қысқаша сараптамалық сұхбаттар алынды. Бұл сұхбаттар исламды қабылдаған тұлғаларды тереңірек тану және бұл феноменді жан-жақты түсіну мақсатында қосымша ақпарат ретінде қолданылды. Алынған мәліметтер зерттеліп отырған тақырыпты ғылыми тұрғыда түсінуге елеулі үлес қосты.

Бақылау әдісі: Мешіттер мен діни қоғамдастықтарда бақылау әдісі арқылы мұсылман болған тұлғалардың діни тәжірибелері зерттелді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы

- Қазіргі ғылыми айналымдағы діни конверсия категориясының мағынасы исламдық ұғымдармен толықтырылып, мазмұндық ауқымы кеңейтілді. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет діни конверсияның теориялық-методологиялық негіздері исламдағы дінді қабылдаудың практикалық көріністерімен сабақтастырылды;

- Діни конверсия мен бірегейлік типтерінің арақатынасы мен өзара байланысы талданып, конвертиттің жаңа бірегейлігінің қалыптасуын қамтамасыз ететін әлеуметтік факторлар (тар және кең әлеуметтік орта, кәсіп пен мамандық, әлеуметтік статус пен бедел) айқындалды.

- Діни конверсия теорияларын салыстырмалы талдау негізінде қазіргі заманғы дін ауыстыруға ықпал ететін кешенді факторлар (адам құқықтары мен бостандықтары, плюралистік қоғамдағы діни нарық феномені, миграция) анықталды.

- Түркі халықтарының исламды қабылдануын тарихи талдау негізінде исламның конверсиялық потенциалы, кең ауқымды әлеуметтік қауымдастықтарды ортақ құндылықтар мен рухани дүниетанымдық бағдарлар төңірегінде интеграциялау мүмкіндіктері айқындалды.

- Ресей империясының отаршылдық саясаты мен Кеңестік дәуірдегі діни бірігейлікті трансформациялау (православиелік миссионерлік пен атеистік идеологияның) үдерісінің салдарлары сарапталды;

- Қазіргі жаһандану контексіндегі Еуропа мен Оңтүстік Корея елдеріндегі діни конверсия үдерістерінің әлеуметтік механизмдері сараланып, ішкі конфессиялық және конфессия аралық конверсиялану үдерісінің ерекшеліктері тұжырымдалды.

- Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Қазақстан қоғамындағы діни конверсияның алғышарттары мен себептері, жаһандық факторлардың ықпалы анықталды.

- Қазақстандағы исламды қабылдаған басқа ұлт өкілдерінің конвертациялық тарихы мен тәжірибесін зерттеу негізінде олардың жаңа діни-әлеуметтік топқа бейімделуінің ерекшеліктері мен әлеуметтік-психологиялық атрибуциясында орын алатын өзгерістер тұжырымдалды және олардың азаматтық бірегейлігін нығайтудың маңызы дәйектелді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. «Діни конверсия» құбылысын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері христиандық прозелитизм мен миссионерлік тәжірибелерін тұжырымдау негізінде қалыптасқаны белгілі, алайда басқа да әлемдік және ұлттық діндердің осы бағыттағы тәжірибесі де дінтанулық талдауды қажет етеді. Сондықтан ислам контексіндегі діни конверсия құбылысы мен үдерісін түсінуде ислам ғылымдарындағы «Ихтида» және «Ар-Ридда» ұғымдарының маңызы зор. Осы ұғымдардың арақатынасы мен өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсете отырып, ғылыми айналымға енгізу діни конверсия категориясының ауқымын кеңейтіп, оны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2. Діни конверсия үдерісі тек діни сана мен рухани болмыс-бітімдегі өзгерістермен шектелмейді. Бұл үдеріс адам болмысының барлық салаларын қамтитын күрделі құбылыс болғандықтан, оның адам эмоциялары, сезімдері, түйсіктерімен байланысты ішкі және әлеуметтік өзгерістермен байланысты сыртқы көріністерінің арақатынасын, өзара байланысын саралау маңызды болып табылады.

3. Зайырлы демократиялық қоғамда діни конверсияның орын алуына адам құқықтары мен бостандықтарының мемлекет заңдарымен кепілдендірілуі және қорғалуы, діннің адамның жеке таңдауы мен қалауы деп танылуын қолдайтын саяси-әлеуметтік секуляризация факторы маңызды ықпал етеді.

4. Түркі халықтарының исламды қабылдауына саяси-мәдени факторлармен қатар, араб-түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен рухани-дүниетанымдық бағдарларындағы, моральдық-құндылықты ұстанымдарындағы комплиментарлық қағидаттары маңызды рөл атқарды.

5. Ресей империясы мен кеңестік дәуірдегі православиелік миссионерлік пен атеистік идеология қазақ халқының діни бірегейлігіне терең ықпал ете алмады және ауқымды конверсиялық үдерістерді туындатпады.

6. Қазіргі жаһандану контексіндегі Еуропа мен Оңтүстік Корея елдеріндегі діни конверсия үдерістерін зерттеу осы аймақтарға тән ерекшеліктердің бар екенін аңғартады. Еуропада діни конверсия секуляризация және рациональды таңдау теорияларының аясында қарастырылып талданса, Оңтүстік Кореяда, экономикалық факторлардың, атап айтқанда инвестициялық капитал мен миссионерлік қызметтің қосарланған әсерінің маңызы зор болғаны байқалады.

7. Тәуелсіздіктен кейінгі уақыттарда Қазақстандағы діни конверсияның қарқынды таралуына жаңа діни топтардың белсенді миссионерлік қызметі, халықтың ауыр тұрмыс-жағдайы және дін саласын реттейтін құқықтық-заңнамалық нормалардың жетілмеуі тәрізді факторлар ықпал етті.

8. Қазақстандағы исламға конверсиялануға әсер ететін көптеген факторлардың ішіндегі маңыздылары – неке отбасылық қатынастары және жақын әлеуметтік ортадағы ықпал болып табылады. Діни конверсия барысында конвертиттердің өмірлік көзқарасы, тұлғалық даму деңгейі мен эмоционалдық жағдайы діни тәжірибенің жаңа кезеңдеріне бейімделу арқылы өзгереді. Конвертиттердің жаңа діни бірегейлігі олардың қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік статусы мен беделіне, стратификациясына кері әсер етпегені Қазақстан қоғамының толеранттылық әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы

Диссертациялық зерттеу жұмысынан алынған ғылыми нәтижелер қазіргі діни конверсияның табиғатын, ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Қазақстан территориясындағы діни конверсияның эволюциясы жалпы қоғамдағы, әлемдегі тарихи, мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік үдерістерге байланысты екені белгілі. Сондықтан зерттеу кезінде қоғамдағы өзгерістерді ескере отырып, конверсияның трансформациясы зерделенді. Диссертацияның тұжырымдары мен қорытындыларын діни конверсияны, діни ахуалды зерттеушілер, оқу орындарының студенттері, діни ұйымдар мен азаматтық қоғамның басқа да субъектілері пайдалана алады.

Практикалық маңыздылығына келетін болсақ, осы бағыттағы жұмысты әрі қарай жүргізу исламды қабылдау заңдылықтарын және эмоциялық жай-күй элементтерін (агрессия және т.б.), сондай-ақ конвертиттің радикалды исламға бет бұруына әкелуі мүмкін әлеуметтік алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертацияның ғылыми нәтижелерін дінтану, мәдениеттану, дін әлеуметтануы, дін психологиясы сынды пәндерде дәріс беру үшін пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 7 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 2 мақала – отандық халықаралық конференцияларда, 1 мақала - шетелдік журналда 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланды.

I. Scopus базасындағы мақала:

1. «The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation» // Pharos Journal of Theology, ISSN 2414-3324 Volume 105 Themed Issue 3 - (2024). <https://www.pharosjot.com/2024.html>.

II Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған және ғылыми танымдық журналдарда жарияланған мақалалар тізімі:

1. «Factors influencing the process of religious conversion and related typology of religious conversion» // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – 2021. – №4 (1) – 19-27 б.

2. «The impact of religious conversion on social identity in the Republic of Kazakhstan» // ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – 2022. – №3 (31) – 45-52 б.

3. «Діни конверсияның әлеуметтік-мәдени алғышарттары» // Адам әлемі. – Алматы, 2023. – № 4(98) – 136-148 б.

4. «Relation of religious conversion and social identity» // Journal of Positive Psychology and Wellbeing» 2021 ж. – 807-811б.

5. «Діни конверсияны зерттеудегі теориялық бағыттар» // «Қазіргі халықаралық қатынастар контексіндегі шығыс елдері: проблемалары және зерттеудің жаңа талаптары» халықаралық ғылыми-тежірибелік конференция материалдары. – Алматы: 2020. – 13-қараша. – 375-377 б.

6. «Діни бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің компоненті ретінде» // «Қазақ жеріндегі дін ғұламаларының ілімі және мұралары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Түркістан, – 2024 ж. – 28-қараша. – 337-343 б.

Диссертация Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Дінтану кафедрасында орындалып, осы кафедрада талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі

Диссертациялық зерттеу жұмысы өзінің мақсаты мен міндеттеріне сай кіріспеден, 3 тараудан, 9 тараушадан, жиырма екі диаграммадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жалпы көлемі - 150 бет. Пайдаланылған әдебиеттердің саны – 157.

1 ДІНИ КОНВЕРСИЯ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазіргі батыс және ислам ғылымдарындағы діни конверсия ұғымы

Кеңестер одағы тарап, социалистік жүйе ыдырағаннан кейін кеңес азаматтары рухани тірегінен айрылып, өмірлік бағдарсыз қалғандай күй кешті. Қазақстанда да осындай жағдай орын алды. Бұл ретте басқа дінге бет бұрудың, бір діннен екіншісіне ауысу жағдайынан әртүрлі мысалдар келтіруге болады. Діни жаңғыру үдерісі тек сыртқы сан сипатындағы өзгерістермен ғана емес, сонымен бірге терең трансформациялармен де ерекшеленді. Атап айтқанда, адамдар өздерінің этносына етене жақын дәстүрлі діндерге бет бұра бастады (қазақ-мұсылман, орыс-православиялық, неміс-лютерандық), екіншіден, бір дәстүрлі діннен екіншісіне ауыса бастады (ислам – православие, христиандықтың ішінде және т.б.), үшіншіден, адамдар миссионерлік қызмет арқасында Қазақстан аумағында таралған жаңа діни қозғалыстардың құрамына кіре бастады [38, б. 168].

Этноконфессиялық бірегейліктің басымдыққа ие болып, сақталғанына қарамастан, этноконфессиялық сәйкестендіру стратегиясынан бөлініп шығып, этностық компонентке тиесіліліктен аттап өтіп, басқа бағытқа қадам жасаған адамдар пайда болды. Батыстың әлеуметтік-гуманитарлық әдебиетінде мұның бәрі «діни конверсия» деп аталды [39, б. 82].

Діни конверсия мәселесі көбінесе психология, әлеуметтану, философия, теология, мәдени антропология сынды көп пәннің зерттеу нысанына айналды. Дінге жүгіну зерттеуші назарындағы мотивтерге, себептерге, белгілерге, конверсия нәтижелеріне байланысты әртүрлі нысанда түсіндіріледі және бұл құбылысты зерттеудегі басты бағыт – белгілі бір ғылыми сала өкілінің жұмыс істеу үшін таңдап алған теориялық тұжырымдама саналады.

Діни конверсия ұғымына тоқталмас бұрын бұл феноменнің шығу тарихы мен зерттелу тарихына тоқтала кеткен жөн. Діни конверсия тақырыбының әлеуметтік ғылымдар саласының зерттеу тақырыбына енгеніне де көп болмады. Ең алғашқы зерттеулер 1900 жылдары батыс мемлекеттерінде бастау алған болатын [39, б. 56]. Яғни Америка мен Еуропа мемлекеттерінде жасалған алғашқы зерттеулер көбіне христиан дінінің ішіндегі діни конверсиялар туралы болды. Католик бағытынан протестанттық бағытқа өткендер немесе керісінше діни конверсиялар басты зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Діни конверсия феномені көбіне сана мен мінез-құлықтың өзгеруімен байланысты болғандықтан, алғашқы зерттеулерді де көбіне психологтар мен дін психологтары жасаған болатын. Олардың қатарында атақты психолог У.Джеймс пен Зигмунт Фрейд те бар [40, б. 78].

Уильям Джеймс өзінің «Діни тәжірибелердің алуан түрлері» атты еңбегінде «діни конверсия» (қайта оралу, кері бұрылу, рухани өзгеріс) тақырыбына ерекше көңіл бөледі. Бұл бөлімде У.Джеймс рухани немесе діни өзгерістердің адам өмірінде қандай маңызды рөл атқаратынын және олардың адамның ішкі дүниесін өзгертуге қаншалықты қабілетті екенін терең зерттейді.

Джеймстің пікірінше, мұндай өзгерістер адамның мінез-құлқына, көзқарастары мен өмірлік құндылықтарына айрықша ықпал етеді [41, б. 178].

«Діни конверсия» термині У.Джеймстің еңбегінде діни және психологиялық тәжірибелердің интеграциясы ретінде қарастырылады. Бұл термин рухани қайта туылуды немесе адамның ішкі өміріндегі елеулі өзгерістерді білдіреді. У.Джеймстің көзқарасы бойынша, кей адамдар мұндай рухани өзгерістерді біртіндеп өткерсе, ал басқа адамдар оны бір сәтте сезіне алады екен. Мысалы, көп діни тәжірибеде адамдар бұрынғы өмір салтынан қол үзіп, рухани бай, жаңа өмірге бет бұрып жатады.

У.Джеймс рухани өзгерістерді екі негізгі түрге бөледі. Біріншісі – бірден пайда болатын өзгерістер, яғни бірден өзгеріске (революциялық) ұшырайтын діни конверсия. Бұл түрін тез, күтпеген рухани ояну деп айтады. Бұл жерде күшті діни тәжірибе нәтижесінде адамның ішкі әлемі бір сәтте-ақ өзгеріп шыға келеді. У.Джеймс бұл түрді «рухани түрленудің шарықтау шегі» деп сипаттайды. Өйткені ол адамның өмірлік көзқарасын толық өзгертіп, жаңа рухани мақсаттарға жетелейді. Бұл жағдайда адам бұрынғы сенімдері мен құндылықтарын тез арада өзгертіп, жаңа діни немесе рухани тәжірибені қабылдайды. Екіншісі – біртіндеп (эволюциялық) болатын өзгерістер, яғни үдерістік өзгерістер. Бұл түрі баяу, кезең-кезеңімен жүретін рухани өзгерісті білдіреді. Адам біртіндеп діни идеяларды қабылдайды, оның сенімдері бірте-бірте қалыптасады. Бұл жағдайларда діни сенімге жету үдерісі ұзақ уақытты қажет етуі мүмкін, бірақ адам өмірінің мәнін табу үшін маңызды болып қала береді [43, б. 131].

У.Джеймс осы өзгерістердің психологиялық табиғатын зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Ол рухани өзгерістердің адам психикасына қалай әсер ететінін түсінуге тырысты. Бұл үдерісте адамның ерік-жігері мен эмоцияларының маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Мысалы, кейбір адамдар ауыр күйзеліске немесе өмірде бір қиын жағдайға тап болғанда осындай өзгерістерді басынан өткереді. Мұндай өзгерістер кейде адамның өзіне деген сенімділігін арттырып, өмірге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [44, б. 138].

Психологтар тарапынан жасалған алғашқы зерттеулер «өте сапалы болды» деп айтуға келмейді. Әйтсе де бұл зерттеулер діни конверсия тақырыбында жасалған ең алғашқы қадам болды. Мұндай алғашқы зерттеулер – сапалы зерттеулердің пайда болуына ықпал еткен классикалық зерттеулер. 1960-70 жылдардан кейін бұл құбылысты зерттейтін ғылым салалары көбейе түсті. Атап айтсақ, діни конверсия құбылысы теология тұрғысынан, әлеуметтану тұрғысынан, тіпті, философия тұрғысынан да зерттеле бастады. Діни конверсия тақырыбында жасалған алғашқы сапалы зерттеулерді де осы әлеуметтанушылар жасады. Себебі жаңа діни ағымдардың пайда болуына байланысты бұл құбылыс өте қарқынды дамыды әрі дін ауыстырушылардың да саны артты. Бұл тұста психологтарға қарағанда, әлеуметтанушылардың қолданған әдістері сапалы зерттеулер жасауға мүмкіндік берді. Тіпті, «Діни конверсия әлеуметтануы» деп аталатын жаңа пән пайда болды [45, б. 272].

Бүгінде әлеуметтанушылармен қоса, дін әлеуметтанушылары мен дінтанушылар, дін психологтары мен антропологтар да бұл тақырыпты терең

зерттеп жүр. Әсіресе 2000 жылдардан кейінгі жаһандану қоғамында діни конверсия үдерістері қатты белең алды [46, б. 402]. Қазіргі таңда діни конверсия әлемнің барлық елдерінде кездесетін құбылысқа айналып отыр. Сол себепті бір ғасырдан астам уақыт зерттеліп отырғанына қарамастан, бұл тақырып әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

«Діни конверсия» ұғымы – өте кең мағынада қолданылатын әрі мағынасы ауқымды ұғымдардың бірі. Ағылшын тіліндегі «Conversion» сөзінен бастау алған бұл ұғым «өзгеру», «ауысу» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан батыс ғалымдары дін ауыстыру, дінге бет бұру сынды адамның рухани өмірінде болатын өзгерістерді сипаттаған кезде да осы ағылшын тіліндегі «Конверсия – Conversion (Өзгеріс)» терминін қолданады [46, б. 33].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ағылшын тіліндегі «конверсия» сөзінің мағынасы өте кең. Бұл – діни мағынада ғана емес, барлық психология мен физика ғылымындағы өзгерістер мен түрлену (өзгеру) оқиғаларына қатысты қолданылатын сөз. Діни мағынада қолданылатын конверсия түсінігі тек өз дінінен басқа дінге өтуді ғана білдірмейді. Сондай-ақ бұл ұғым бір діннің ішінде басқа ағымдарға өтуді де білдіреді. Сонымен қатар атеист адамдардың дінге бет бұруын да осы діни конверсия ұғымы арқылы анықтаймыз. Қоғам болған соң адамның рухани өмірінде түрлі өзгеріс болатыны анық. Сол себепті діндар болып жүріп, дінсіз атеист болып кетсе де, осы терминнің көмегіне жүгінеді. Дінге индифферентті ұстанымда болып, кейін қайтадан діндар-тақуа болу сынды құбылыстар да осы діни конверсия ұғымымен анықталады. Бұл ұғым өте кең мағынада қолданылады деуіміздің де себебі осында жатыр. Яғни адамның діни өміріндегі барлық бетбұрысты өзгерісіне қатысты осы діни конверсия ұғымы қолданылады. Дінін өзгерткен адамды «convert-өзгеруші» деп те атайды. Психология тұрғысынан алғанда, конверсия дегеніміз – «психикалық синтездің ыдырауы және орнына басқасының келуі, тұлғаның өзгеруі, өзіндік революция және тұлғаның қайта қалыптасуы» [47, б. 160].

Ең алғаш діни мағынадағы конверсия ұғымы Яхуди және Христиан дініне қатысты термин ретінде жеке және әлеуметтік метаморфозаға байланысты бір құбылыс ретінде пайда болған. Бұл Иман арқылы шайтаннан бас тартуға және Құдаймен қарым-қатынасты қабылдауға шақыратын радикалды бағыт болып саналды. Консервативті христиан дәстүрінде конверсия сөзі мойындау немесе күнәдан арылу, Құдайдың еркіне мойынсұну, Исаның Құдайдың ұлы әрі дүниенің қорғаушысы болғанын және Құдайды өзінің жүрегіне шақырғанын білдіреді [48, б. 5-6].

Діни конверсия – бұл сенімді де, мінез-құлықты да өзгерту үшін қолданылатын ұғым. Сол себепті де бұл ұғым психология ғылымымен тығыз байланысты. Бұл термин Христиан, Ислам және Иудаизм діндерінде де жеке діни сеніммен қоса, мінездерінің де түбегейлі өзгеруін білдіретін ұғым [49, б. 13] ретінде қолданылады. Конверсия құбылысын алғашқылардың бірі болып зерттеген У.Джеймс «конверсия – бұл «депрессияға ұшыраған, бақытсыз» адамның өзін-өзі шын бақытты сезініп, саналы түрде өзгеруін қамтитын ұғым» деген болатын [42, б. 160].

Діни конверсия ұғымын зерттеген ғалымдар өз зерттеулерінде осы ұғымға қатысты көптеген пікір ұсынған болатын. Мысалы, Кореяда ислам дінін қабылдап, мұсылман болған кәрістерді зерттеген ғалым Хеон Чоул Ким (Heon Choul Kim) «конверсияның» бір күйден екінші күйге өтуді білдіретін психо-әлеуметтік құбылыс екенін айтады. Сондай-ақ ол өз еңбектерінде конверсияның жалпы өзгерісті білдіретін жан-жақты кең мағынада қолданылатын термин екенін көрсетеді [50, б. 124].

Бұл ғалымның айтуынша, діни конверсия тақырыбындағы көптеген зерттеулер батыс ғалымдарының христиан дінін қабылдағандарды зерттеуіне арналған. Бұл ұғымның ауқымды екенін әрі қазір қоғамда ислам дінін қабылдаушылар санының артып келе жатқанын ескерсек, онда мұсылман болғандарды да зерттеу керек деп ойлаймыз. Бұл құбылыстың аса маңызды екенін айтады. Соны мақсат тұтқан ғалым өзі туып-өскен Корея мемлекетіндегі мұсылман болған кәрістерді зерттейді. Кәрістердің исламды қабылдауына әсер еткен факторларды ашып көрсеткен болатын [50, б. 175].

Америкалық ғалым М.Сингер діни конверсияны – біріншісі бір діннен басқа дінге өткендерді «дінаралық немесе конфессияаралық конверсия» деп, ал екіншісі бір діннің ішіндегі ауысуларды «дінішілік конверсия» деп екіге бөлуді ұсынады [51, б.5-6].

Ағылшын тіліндегі «конверсия» ұғымы ислам мәдениетіндегі «ихтида-иман келтіру» ұғымынан өзгеше. Ихтида тек исламды тануды анықтаса, конверсия ұғымының ауқымы кең. Бұл ұғым ислам дінін қабылдағандарға да, христиан дінін қабылдағандарға да қатысты қолданыла береді. Яғни адамның дінге қатысты барлық өзгерістеріне байланысты діни конверсия ұғымын қолдануға болады. Дін ауыстыру феномені христиан әлемінде ғана болатын оқиға емес. Бұл – барлық заманауи қоғамда қарқынды дамып келе жатқан құбылыс. Дін ауыстыру құбылысына христиан миссионерлерінің ғана емес, мұсылмандардың да әсері бар. Жаһандану жағдайында өзге елде білім алып, жұмыс істеуге мүмкіндік туды. Осы мүмкіндіктің арқасында мұсылман жастарының арасында Еуропа, Америка сынды дамыған елдерде білім алып, жұмыс істеу мақсатында жаппай сол елдерге қоныс аудару үрдісі белең алды. Әсіресе Араб, Африка мұсылмандары арасында бұл құбылыс жиі кездеседі. Бұл дегеніңіз – мұсылман жастары өздері ғана қоныс аударып қоймай, сонымен қатар мәдениеті мен діндерін де сол мемлекеттерге бірге апарады деген сөз. Сол мемлекет тұрғындарына басқа дінмен танысуға мүмкіндік береді. Осылайша ислам дінімен танысып, сол дінді қабылдауға мүмкіндік алады. Кейде мұсылман мемлекеттеріне басқа дін өкілдерінің келуіне немесе арнайы миссионерлердің келуіне орай бұл жағдай керісінше болуы да мүмкін. Тиісінше діни конверсия мен жаһандық құбылыстар бір-біріне қатты әсер етеді [52, б. 214].

Түрік ғалымы А. Көсенің айтуынша, діни конверсия дегеніміз – өзінің ата-бабасынан бері ұстанып келе жатқан дінін тастап, басқа сенімге немесе дінге өту. Адамның дін ауыстыруы – өзінің бұрыс жолда екенін түсінген адамның «дұрыс жолды таптым» деп, сол жолға өзін бейімдеуі [53, б. 9].

Діни конверсия құбылысы барлық әлемде орын алған құбылыс болса да, барлық дінде болатын құбылыс деп айта алмаймыз. Себебі кейбір діндердің діни догмалары рұқсат бермеуі мүмкін, кейбір діндердің ұлттық дәстүріне сай келмеуі мүмкін. Мысалы, друздар, езидтер, мандейлер сияқты бірқатар діндер (діни ағымдар) өзгелердің бұл ағымдарға кіруіне жол бермейді. Индуизм ресми түрде дін ауыстыруға жол бергенімен, іс жүзінде мұндай жағдайлар сирек кездеседі. Өйткені әлдебір кастаның мүшелігіне өту атадан балаға сіңген қасиет болғандықтан, кез-келген кастаға өте беруге болмайды. Буддизмде, бірқатар басқа діндердің діни тәжірибесінде шектеулі үйлесімділікке жол беріледі. Қытайдың дәстүрлі діндерінде және басқа да бірқатар діндерде оларға мүше болудың немесе оларға өтудің ресми критерийлері жоқ. Сондықтан діни жөн-жоралғыларды білетін және орындайтын адам сол діни қауымдастықтың мүшесі болып саналады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, діни конверсия ұғымы – адамның дінге қатысты ойының, өмір сүру салты мен мінез-құлқына қатысты өзгерістің барлығын қамтитын ұғым. Ал, ислам мәдениетінде бұл ұғымның өзіндік ерекшелігі бар. Ендеше, ислам мәдениетіндегі дін ауыстыруға байланысты қолданылатын ұғымдарды да талдай кеткен абзал.

Діни конверсия – бұл адамның рухани және әлеуметтік өміріндегі маңызды өзгерістерді қамтитын күрделі құбылыс [39, б. 5]. Бұл ұғым бір ғана діннен екіншісіне өтуді білдірмейді, сонымен қатар адамның діни сенімдері мен көзқарастарының, өмір салты мен құндылықтарының трансформациясын да қамтиды. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда діни конверсия әртүрлі қырынан зерттелгенімен, оның күрделі сипаты зерттеудің көпқырлы әдістерін талап етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, түрлі мәдениет пен діндерде діни конверсия әртүрлі деңгейде көрініс табады. Оның басты себептерінің ішінде жеке тұлғалық ізденіс, рухани қажеттілік, әлеуметтік байланыстар мен миссионерлік қызметтің ықпалы секілді факторлар ерекше орын алады. Әсіресе жаһандану жағдайында діни конверсия үдерісі кең таралып, әлемдік деңгейде өзекті мәселеге айналды [54, б. 5].

Қазақстандағы діни конверсия құбылысы да осы жаһандық үрдістен тыс қалмады. Елдегі діни плюрализм, этносаралық және конфессияаралық қатынастар діни конверсия феноменінің ерекше қырларын ашуға мүмкіндік береді. Зерттеулер діни конверсияның жеке тұлғаның әлеуметтік және этноконфессиялық бірегейлігіне айтарлықтай ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен бірге бұл құбылыс діни сенімдер мен көзқарастардың қайта қаралуына, тұлғаның жаңа рухани және әлеуметтік деңгейге өтуіне жағдай жасайды.

Бұған дейін айтып өткеніміздей, ислам мәдениетінде дін ауыстыру, дін жолына келу – «Ихтида» және діннен шығу – «Иртидат» ұғымдарымен түсіндіріледі. «Ихтида» сөзі арабша «дұрыс жол (дін) табу, тура жол көрсету» деген мағынаны білдіреді [55, б. 2-1].

Ұғым ретінде бұл термин дінсіз немесе басқа дінді ұстанған адамның ислам дінін қабылдауы деген мағына береді. Исламды қабылдап, мұсылман

болған адамды «Мухтеди» деп атайды. Дінге келу, яғни «ихтида» термині – пұтқа табынған немесе дінсіз адамның ислам дінінде емес, басқа дінді ұстанып, исламға келгенін және Ислам ережелеріне сай өмір сүргенін білдіреді. «Дінге келу» немесе «Ихтида» терминінің бір мағынасы – жаңа дінді қабылдауды, ал екінші мағынасы бұрын-соңды сенген сеніміне оралуды қамтиды. Ислам мәдениетінің түсінігі бойынша барлық адам мұсылман болып туады. Бұл ретте хадистен мынадай мысал келтіруге болады: «Әрбір нәресте табиғатынан мұсылман болып туады. Одан кейін сол нәрестенің ата-анасы оны яхуди, христиан немесе мажуси етіп тәрбиелеп шығарады (яғни, сәбидің тумысынан дарыған мұсылманшылық сипатын өзгертіп жібереді)». (Бұхари, Муслим). Бұл хадистегі түсінік бойынша «ихтида» діни өмірді қайта қабылдау және оған қайта бейімделуді меңзейді, яғни «дінге оралу» деп атауға болады [56, б. 32].

Бұл жерде назар аударатын басты мәселе – «ихтида» терминінің тек ислам дінін қабылдағандарға қатысты қолданылуы.

Құранда «Ихтида» сөзі «тура жолға жету» деген мағынаны білдіреді. «Фатиха» сүресінің 5-аятында хидаят «бізді тура жолға жеткіз» дегенді білдіреді. Басқа бір аятта «Ихтида» ұғымы «дінге келу» деп сипатталған. «Алланың дініне көп топ-топ болып кірген адамдарды көрген уақытта» (Наср, 110/2). Басқа жалпылама сипаттамада «өзгерту» (теғайюр) сөзі қолданылады. «Қайсыбір ел өз жағдайын өзгертпейінше, Алла олардың жағдайын өзгертпейді» (Рағд, 13/11-12) деген құран аяттарын келтіруге болады.

Ислам – жалпыға ортақ дін әрі ол барлық адамның өз құндылықтарынан пайда көруін, мұсылман емес халықтардың дінге енуін қалайды. Сондай-ақ бұл кезде сенушілерге міндет жүктеледі. «Раббыларыңның жолына даналықпен және жақсы кеңестермен шақырыңдар және олармен ең жақсы түрде дауласыңдар» (ән-Нахл 16/125) деген аятта осы дінге шақырудың ислам дінінде маңызды орын алатынын көруге болады. Көп дін сияқты ислам діні де діннің жақсы жақтарын көрсетуді, жалпы дінді таратуды қалайды. Ислам дінін басқаға үйретуді, ең жақсы жақтарын танытуды ұсынады. Мұхаммед пайғамбар – соның ең жарқын көрінісі. «Ислам дініне ихтида жасағандарға ең көп әсер еткен кім?» деген сұраққа бірден Мұхаммед пайғамбар деп жауап беруімізге тура келеді. Себебі Мұхаммед пайғамбар – көп адамның дінді қабылдауына себепкер болған ұлы тұлғалардың бірі. Әрине тарихта дін тарату немесе дін ауыстыруға қатысты оқиғаларда пайғамбарлар ерекше рөл атқарғаны ақиқат. Қазіргі кезде пайғамбарлардың орнын дін адамдары немесе осы салада өзіндік орны бар атақты тұлғалардың басқанын айта кеткен жөн.

Ислам және Христиан мәдениеттерінде дінді қабылдау рәсімдері әртүрлі болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, исламда дінді ауыстыру бір мағынада жеке адамның жаңа дінді қабылдауы емес, бұрынғы дініне қайта оралуы болып табылады. Ислам дінін қабылдауда басқа діндердегідей символдық рәсімдер жоқ. Ислам дінін қабылдаудың бірден-бір шарты – Аллаһтың бірлігін білдіру және Хз. Мұхаммедтің пайғамбарлығын қабылдау. Шәһидті кемінде екі адаммен әкелу дәстүрі бар. Ислам дінін қабылдаған адам (мұхтед) ең әуелі ғұсыл алуды үйреніп, ғұсыл алуы, дін негіздерін меңгеруі керек. Мүмкіндігінше

ер адамдарды сүндетке отырғызу ұсынылады. Кейбір исламға қайшы есімдерді өзгерту сұралады. Ихтида болу үшін ешқандай рәсім қажет емес.

Ислам әдебиеттерінде дін ауыстыру (ислам дінінен кету) мағынасында қолданылатын екі ұғым бар. Олар: «Ридда» және «Иртидат (Діннен шығу)». Исламдағы діннен шығу (араб. ردة, Ридда немесе ارتداد, Иртидад) әдетте мұсылманның сөзбен немесе іспен исламды саналы түрде тастауы ретінде анықталады. Бұған мұсылман отбасында туылған немесе бұрын исламды қабылдаған адамның басқа дінге өтуі немесе сенімсіздікті қабылдамауы жатады. Сөздікте иртидат және ридда деген сөздер теріске шығару, тыйым салу және қуу, жоққа шығару, бір нәрседен бас тартып, басқа нәрсеге бет бұру деген мағынаны білдіреді [57, б. 503].

Ридда немесе Иртидат ұғымдары ислам түсінігінде бір мұсылманның ислам дінінен шығып, басқа дінге өтуі немесе атеист болуы деп түсіндіріледі. Иртидат еткен яғни діннен шыққан адамды «Мүртед» деп атайды. «Ридда» сөзі – де Ислам дінінен бас тарту мағынасы ретінде терминге айналған сөз. Құранда «иманнан кейін имансыздыққа (кәпір болуға) оралу» (Нахл 16:106), «сенімді имансыздықпен (кәпірлікпен) өзгерту» (Бақара, 108), «өзіне тура жол ашылғаннан кейін Пайғамбарға қарсы шығу және мүміндердің жолынан басқа жолға түсу» (Ниса 4:115), «иман келтіру, содан кейін кәпірлікке бет бұру» (Ниса 4:137) деп қолданылған [58].

Бұл тұста ихтида және иртидат ұғымдарына назар аударар болсақ, бұл ұғымдар ислам дініне кіру және шығу деген мағына береді. Яғни ихтида – мұсылман болу, ал иртидат және мүртед сөздері – исламнан шығу деген мағына береді. Мұсылман мәдениетіне тән түсінікке зер салсақ, ихтида – «дінге қайта оралу»; иртидат «дін ауыстыру» деген түсінік шығады. Сонымен қатар ұстанатын діннен немесе сенімінен бас тарту, дінсіз болу немесе Христиандық сияқты басқа діннің өкілі болуы «иртидат – жолдан шығу» деп аталады [59, б. 11].

Ислам мәдениетінде діннен шыққан адамдарды жазалау деген ұғым бар. Бірақ діннен шыққандарды жазалау мәселелерінде біраз қайшылық кездеседі. Бұған ислам ғалымдарының осы мәселе аясындағы пікірлерінің әртүрлі болуы себеп болып отыр. Бұл жерде басты мәселе басқа дінге ауысқандарға ғана қатысты емес, сондай-ақ дінсіз атеист болғандарды да жазалау мәселесі қарастырылады. Сунниттер мен шииттер заңгерлерінің басым көпшілігі 19-ғасырдың аяғына дейін ересек ер адамдар үшін исламнан безу күнәмен қатар қылмыс, өлім жазасына кесілетін опасыз әрекет деп санап келді. Әдетте адамға күту үшін, тәубеге келіп, исламға оралу үшін арнайы бір уақыт беріледі [60, б. 8].

Егер адамды діннен шығуға яғни, ислам дінінен шығуға мәжбүрлесе, исламға қарсы әрекеттерді күштеп жасатса немесе басқа дінге өтуге мәжбүрлеген жағдайда бұл діннен шығу болып есептелмейді. Әсіресе соғыс жағдайында қудалаудан немесе өлімнен қорқып, басқа дінді қабылдауға мәжбүр болса, бұл «иртидат» болып саналмайды.

Әдетте заңгерлер жазалануға тиіс деп таныған діннен шығу түрі саяси сипатта болды. Әйтсе де бұл мәселе аясындағы құқықтық көзқарастарда

айтарлықтай айырмашылық бар. Ғалым Ваэл Халлак «діни қағидалар мемлекеттің негізгі тірегі саналатын мәдениетте әлдебір жолмен діннен шығу – қазіргі ұлттық мемлекеттегі сатқындықпен пара-пар» деген пікір білдіреді [61, б. 340].

Америкалық исламтанушы ғалым Фрэнк Гриффельдің пікірінше, діннен шығушы адам тәубе етпей, күпірлікте табандылық танытатын және оны қайта исламға шақырушы қоғамға теріс жауап беретін кәпірді діннен шыққан деп сипаттайды. Өйткені діннен шығу үшін үш негізгі шарт жүзеге асуы тиіс. Біріншіден, діннен шыққан адамның діннен шықпас бұрын сенімі исламға сай болуы шарт, яғни Исламды көпшілік алдында мойындаған кісі болуы керек. Екіншіден, одан кейін күпірлік (яғни, Исламнан кетуін жария етіп хабарлауы) етуі керек.

Үшіншісі, бұл кісі тәубе еткеннен кейін діни нормаларды елемей, немқұрайдылық танытып, басқа рәсімдерден бас тартуы керек. Бұл үш критерий орындалған жағдайда адам діннен шыққан болып саналады және мұсылманға өлім жазасын тағайындау үшін үшеуі де болуы керек. Алайда алғашқы екеуінде күпірлік орын алса, соңғысы қосылғанда діннен шығу орын алады [62, б. 339].

Ертедегі ислам заңгерлері осы қатал жазаны айналып өту үшін құқықтық институттарды дамытты. Сол заманда исламнан шығу мәселесі қиын болғаны соншалық, XI ғасырға дейін діннен шығу туралы үкім шығаруға болмады. Алайда кейінірек заңгерлер өлім жазасын қолданудың жолын төмендетіп, қазыларға діннен шығу туралы заңды әртүрлі жолдармен түсіндіруге мүмкіндік берді, олар кейде жұмсақ, кейде қатаң түрде жасады. XIX ғасырдың аяғында діннен шығу үшін қылмыстық жазаны қолданушылар аса көп болмады. Дегенмен азаматтық жазалар қолданылып отырды. Абдул Рашид Омардың айтуынша, қазіргі ислам заңгерлерінің көпшілігі діннен бас тартуды – өлім жазасына лайық қылмыс деп санайды. 2019 жылдан бастап діннен бас тартқаны үшін заңды түрде өлім жазасын беретін 12 мұсылман елі бар, ал басқа 13 елде діннен шығу заңсыз және үкімет діннен шыққаны үшін жазаның кейбір түрлерін тағайындайды, оның ішінде азаптау, түрмеге отырғызу, некенің күшін жою, мұрадан айыру сынды жазалар кездеседі. 1985 жылдан 2006 жылға дейін үш елдің үкіметі төрт адамды исламнан шыққаны үшін өлім жазасына кесті. Бұл оқиғаның біреуі 1985 жылы Суданда; екеуі 1989 және 1998 жж. Иранда болды. Сондай-ақ біреуі 1992 ж. Сауд Арабиясында орын алды. Ал, Тунистің 2014 жылғы конституциясында «жолдан тайды» деген айыпқа негізделген шабуылдардан қорғауды көздейтін заң қабылданды [63, б. 3].

Атақты Rew зерттеу орталығының жүргізген сауалнамасында мұсылмандардың діннен шыққаны үшін өлім жазасын қолдайтын халық Ауғанстанда 78%-дан асқан болатын. Ал зайырлы мемлекеттерде әрине бұл көрсеткіш 1%-дан да аспайды. Яғни 99%-ы дін ауыстырғандарға өлім жазасын беруге қарсы [64].

Біздің заманымызда ридда жазасының табиғаты және аяттардың түсіндірмелері мен тарихи тәжірибелер жағдайында шарттарға сәйкес қолданылатын жазалар туралы әртүрлі талдаулар мен тәсілдер ұсынылғанымен,

классикалық кезеңдегі ислам заңгерлері «діннен безген адамға берілетін жаза – өлім» деген ортақ пікірді ұстанады. Қылмыс пен жазаның мазмұнына қатысты бұған әртүрлі баға берілгенімен, кейбір заңгерлер ридда жазасын хадд деп сипаттайды, ал басқалары оны хадд санатына қоспай, оны жеке қылмыс ретінде қарастырады. Діннен безген әйелге өлім жазасын қолдану заңгерлер арасында қайшылықты болып табылады және Ханафи мен Джафари мәзһабтарының пікірінше, әйелге жаза – тәубесіне келгенге дейін бас бостандығынан айыру жазасы ұсынылады [65, б. 206].

Риддаға байланысты салдардың бірі – діннен шыққан адамның некелік байланысы діннен шыққан сәттен бастап аяқталады; Шафии мәзһабы бойынша әйелдің иддасы аяқталған кезде неке бұзылады. Діннен безген адамның мүлкіне келетін болсақ, егер ол елдің шекарасынан шығып, ауруханаға қашып кетер алдында тәубе етсе, оның мүлкі оған қайтарылатын болады деген ортақ пікір бар (Ибн әл-Мунзир ан-Нисабури, II, 250-251). Ханафи мәзһабына сәйкес өлімі сот шешімімен расталған діннен безген адамның өлімі, оның қарыздарын төлеу және мұраларын бөлу сияқты өліммен байланысты ережелер қолданылады. Қалған үш мәзһабта діннен шыққан адамның мүлкі қазының бақылауында оның дарульхарпта қайтыс болғаны белгілі болғанға дейін сақталады деген көзқарас қабылданды, өйткені ол тәубе етіп, қайтып келе алады [66, б. 960]. Әбу Ханифа, Малики және Ханбали мәзһабтары бойынша діннен шыққан адамның қаржылық жинақтары тоқтатылады (мәкуф) және егер ол тәубесіне келсе, ал егер ол діннен шығарушы ретінде қайтыс болса, онда оның бостандығы шешіледі.

Ислам мәдениетінде діннен шыққандарға бұрын өлім жазасы қолданылғанымен, қазіргі таңда өте сирек қолданылады. Тіпті мүлдем қолданылмайды деп айтсақ та болады. Ғалымдар арасында да көп келіспеушілік бар екені байқалады. Ислам дінінде зорлық жоқ қағидасын ұстанатын ғалымдар өлім жазасының да бұрын соғыс уақытында сатқындықпен теңестіріліп қолданылған, қазір оған еш себеп жоқ екенін алға тартады. Қорыта айтқанда, діни конверсия мәселесі – адамның рухани және әлеуметтік өміріндегі терең өзгерістерді қамтитын көпқырлы құбылыс [67, б. 102]. Бұл ұғымдар адамның дінге бет бұруы немесе діннен алыстауы сынды өзгерістерді сипаттайды. Ал әлемдік ғылыми зерттеулерде діни конверсия кең мағынада қарастырылып, адамның діни наным-сенімдері мен өмір салтының өзгерістерін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Ислам мәдениетінде діни конверсияның рухани маңыздылығына ерекше мән беріледі. «Ихтида» ұғымы адамның өз табиғи діни болмысына қайта оралуы ретінде қарастырылады. Бұл исламның жалпыға ортақ дін ретіндегі ұстанымдарын айқындайды. Сонымен қатар ислам дінінен шығу (иртидат) мәселесі күрделі әрі қайшылықты болып табылады. Бұл тұрғыда алғанда, ислам ғалымдарының пікірі алуан түрлі, кейбірі өлім жазасы сияқты жазалау шараларын қолдаса, басқалары исламның зорлық-зомбылықты жоққа шығару қағидаттарына сүйене отырып, мұндай шараларға қарсы шығады. Діни конверсия ислам мәдениетінде ғана емес, әлемнің барлық діндері мен қоғамдарында өзекті мәселе болып отыр. Бұл феноменнің жаһандық сипатын

эртүрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы өзара әрекеттестік пен рухани ізденіс нәтижесінен көруге болады. Қазіргі таңда діни конверсия мәселесі психология, әлеуметтану, философия, антропология және теология сияқты ғылыми салаларда жан-жақты зерттеліп жүр. Отандық және шетелдік зерттеулерде «діни конверсия» ұғымының кеңінен қолданылуы оның әмбебап сипаты мен ғылыми дискурста маңызды екенін көрсетеді. Ислам, христиан немесе атеистік көзқарастарды қабылдаған адамдардың діни тәжірибелеріндегі өзгерістерді зерттеу кезінде бұл ұғым кең мағыналы әрі ауқымды талдауды қажет етеді. Осы орайда зерттеу жұмысы аясында «діни конверсия» ұғымын пайдалану тақырыптың мазмұнын ашуға барынша ықпал етеді деп ойлаймыз.

Қорытындылай келе, «діни конверсия» ұғымы – адамның рухани, психологиялық, әлеуметтік және мәдени болмысына терең ықпал ететін көпқырлы құбылыс. Бұл ұғым тек бір діннен екіншісіне өтуді ғана білдірмейді, сонымен қатар діни сенімдер мен көзқарастардың, өмірлік бағдар мен құндылықтардың түбегейлі өзгеруін де қамтиды. Зерттеу барысында діни конверсия мәселесінің қазіргі заманғы батыс ғылымы мен ислам мәдениетінде де эртүрлі тұжырымдамалық негіздері мен түсіндіру тәсілдері бар екені айқындалды.

Батыс ғылымындағы діни конверсияға деген көзқарас көбіне психологиялық, әлеуметтанулық және антропологиялық парадигмалар шеңберінде зерделенсе, ислам ғылыми дәстүрінде бұл феномен рухани, теологиялық және құқықтық аспектілер арқылы түсіндіріледі. Атап айтқанда, У.Джеймс, З.Фрейд секілді классикалық психологтар конверсияны адамның ішкі жан дүниесінде болатын терең рухани серпіліс, қайта жаңғыру ретінде қарастырса, ислам мәдениетінде «ихтида» ұғымы адам баласының жаратылысынан бері мұсылман болуға бейімділігі бар деген түсінікке негізделе отырып, оның сол табиғи болмысын қайта табуы ретінде сипатталады.

Сонымен қатар діни конверсияға байланысты ислам ғылымдарында «иртидат», «мүртед» секілді ұғымдардың құқықтық және моральдық тұрғыдан түрліше бағалануы бұл мәселенің ішкі күрделілігін көрсетеді. Ислам тарихында діннен шыққандарға қатысты қолданылған қатаң шаралар (өлім жазасы және азаматтық шектеулер) тарихи-әлеуметтік контексті ескере отырып түсіндірілгенімен, бүгінгі таңда бұл мәселе аясындағы ислам ғалымдарының пікірлері сан алуан және біркелкі емес. Исламдағы «дінде зорлық жоқ» қағидаты қазіргі заманғы құқықтық және гуманитарлық нормалармен үндесіп, діни сенім бостандығын қолдайтын көзқарастардың басым болуына ықпал етіп отыр.

Зерттеу барысында жаһандану дәуірінде діни конверсия құбылысының кең таралуы, діни плюрализм мен мәдени алмасулардың артуы, сондай-ақ миграциялық үдерістердің жиілеуі діни сенімнің өзгеруіне әсер ететін маңызды факторлар ретінде танылды. Бұл құбылыс тек діни деңгейде ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік, этномәдени және азаматтық бірегейлігіне де елеулі ықпал етеді.

Осы тарауда келтірілген теориялық және тарихи талдаулар түрлі ғылыми бағыттардағы пікірлер мен тәсілдер, діни конверсия ұғымының ауқымды,

интердисциплинарлық сипатқа ие екенін дәлелдейді. Адамның сенім жолындағы трансформациялық үдерісі – діннің ішкі логикасымен, қоғамдық құрылыммен, мәдени дәстүрмен және жеке тұлғалық ізденіспен тығыз байланысты күрделі үдеріс.

Сондықтан діни конверсия ұғымын зерттеу қазіргі әлемдегі рухани жағдайды түсініп, діни еркіндік пен конфессияаралық диалогтің дамуына, сондай-ақ тұлғаның рухани дамуын бағамдауға елеулі үлес қосады. Діни конверсия ұғымы теориялық негізін келесі бөлімде қарастыратын боламыз.

1.2 Діни конверсия теориялары

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бүгінгі таңда діни конверсия феномені түрлі салаларда кеңінен қарастырыла бастады. Әсіресе Еуропа мен Америка қоғамында көптеген әлеуметтік ғылымдар шеңберінде өз саласына сәйкес зерттейтін жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Мысалы, «діни конверсия әлеуметтануы» деп аталатын пән шетелдің көп университетінде оқытылып жатыр. Сондай-ақ діни конверсия мәселесі көбінесе психология, әлеуметтану, философия, теология, мәдени антропология сияқты көп пәннің зерттеу нысанына айналды. Әлеуметтанушылар дінге бет бұруды түсіндірген кезде әлеуметтік факторларды атап көрсетсе, психологтар басты фактор ретінде адам психикасының ішкі жұмысына назар аударады, ал антропологтер мәдени факторларға көбірек көңіл бөледі. Өртүрлі әлеуметтік ғылымдар тарапынан мағыналы түсініктеме берілгенімен, көп қырлы әрі көп факторлы жағдай саналатын діни конверсия құбылысын түсіндіру үшін бір ғана әлеуметтік ғылым құралдары мен әдістерін пайдалану жеткіліксіз деуге болады. Сондықтан дінді қабылдау пәнаралық зерттеулерді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады.

Діни конверсия туралы алғашқы зерттеулердің Америкадан бастау алғаны бәрімізге мәлім. Бұл зерттеулерде діни конверсия әлеуметтік факторлар жағынан еленбей, психологиялық тұрғыда зәбір көрген, рухани қиындық ретінде қарастырылды. Психологиялық ауытқушылық, яғни «Рух ауруы» және адамның құтылуға тиіс мәселе ретінде зерттелді. Х.Кларк 1929 жылы осы тақырыпқа қатысты тағы бір зерттеу (Діни Ояну Психологиясы) жасады. Х.Кларк зерттеу жүргізген кезде дін ауыстыруды басынан өткізген адамдарда депрессия, моральдық бұзылу, өлім қорқынышы және күнәһарлық сезімі сияқты факторлардың айтарлықтай басым екенін анықтады. Психоаналитик Зигмунд Фрейд, керісінше, өзінің «Дін Ауыстыру» (Religios Conversion) мақаласында дін ауыстыру үдерісін «Эдиптік (Oedipal) өшпенділіктің» тұтануына қарсы қорғаныс реакциясы ретінде қарастырды. Ол нақты әкеге қарсы агрессивті импульстардың Құдаймен байланысты екенін атап өтті. Дін ауыстырудың – Эдипаль (Oedipal) ашудың күшеюіне қарсы қорғаныс реакциясы екенін айтады [9, б. 44].

Діни конверсия тақырыптарын қарастырған Батыс ғалымдары өте көп. Әрқайсы өз қоғамында болып жатқан діни құбылыстарға сәйкес зерттеулер жасады.

Дін ауыстыру құбылысы туралы алғашқы зерттеулерде дін және психология тұрғысынан қарастырылғанымен, 1960 жылдан кейін бұл мәселеде өзгеріс байқалады. Мұндай өзгерістің пайда болуына ықпал еткен маңызды факторлардың бірі – жаңа діни ағымдардың пайда болуы. Бұл ағымдардың таралуына байланысты дінді ауыстыру әрекеттерінің де көбейгені байқалды. Осы оқиғалардан кейін дін ауыстыру құбылысына деген көзқарас өзгере бастады. Бұл тәжірибелерден кейін дін ауыстыру сияқты өте күрделі құбылысты діни және психологиялық тұрғыдан қарастырудың жеткіліксіз екені анықталды. Дін ауыстыру мәселесін әлеуметтану тұрғысынан шешу қажеттілігі сезілді. Жаңа діни ағымдардың пайда болуына байланысты «миды жуу» немесе «сананы улау» (brainwashing) сияқты теориялар пайда болды. Әлеуметтанушылар да дін ауыстыру тақырыбына ден қоя бастады. Бұл теория бойынша жаңа діни ағымдар өз қатарларын көбейту мақсатында сананы улау әдісін қолдана бастады. Бұл көбіне гипноз, дәрі беру сынды әрекеттер арқылы жүзеге асырылды. Соның салдарынан қаншама адам психологиялық тұрғыда шыдамай, өз-өздеріне қол жұмсап өмірден өтті.

Макс Хейрих ғалым Кларктың дін ауыстыру әрекетін стресс сынды эмоциялық қақтығысқа негіздеу теориясына қарсы шықты. Макс Хейрих өзінің «Жүректегі өзгеріс: Дін Ауыстыру туралы Танымал Кейбір Теориялардың Сынағы» (Change of Heart: A Test of Some Wideley Held Theories About Religious Conversion) атты еңбегінде эмоциялық күйзеліс пен әлеуметтенуге баса мән бермей, дін ауыстыруды экзистенциалды ізденіс тұрғысынан қарастыру керек деп атап көрсетті [10, б. 672-675].

Өйткені ол адамдар күйзеліске түскен кезде ғана дін ауыстырады деген көзқарасқа қарсы шығып, адам расында да өмірдің мәнін іздеуі мүмкін, Құдайды іздеуі мүмкін деген пікірді алға тартты.

Осы тақырыпты экзистенциалды ізденіс тұрғысынан қарастыру керек деген ғалымдардың бірі – американдық әлеуметтанушы Джеймс Т.Ричардсон. Ол 1985 жылы шыққан «Белсенді және пассивті дін Ауыстыру; Дін Ауыстырудағы Парадигма Қақтығысы» (The Active vs. Passive Convert; Paradigm Conflict in Conversion) атты кітабында дін ауыстырудың жаңа тәжірибе мен ақыл-ойды түсіну жолындағы белсенді ізденіс екенін дәлелдеген болатын [68, б. 163].

Джон Лофланд пен Родни Старктың «Әлем Құтқарушысы Болу, дін ауыстыруда «Бұзылған Көзқарас» теориясы» (Becoming a World Saver, A Theory of Conversion to a Deviant Perspective) атты жұмысы әлеуметтану тұрғысынан алғанда, ең танымал және сынға ұшыраған зерттеулердің бірі болды [69, б. 17].

Бұл екі зерттеуші Америкадағы жаңа діни ағымдарды психоәлеуметтік тұрғыда зерттеп, дін ауыстырудағы міндеттеме үдерістерінің әлеуметтанулық үлгілерін жасады. Олар: Шиеленіс, проблеманы шешу, ізденіс, үлкен өзгеріс кезеңі, әсерлі культтік байланыстар, қарқынды өзара әрекеттесу. Алғашқысына

адам бойында болатын шиеленіс немесе қақтығыстар жатады. Адам бұл мәселені шешу жолын іздейді.

Америкалық психолог Л.Р. Ромбо (1993, 1999, 2010, 2012) дін ауыстыру мәселесі аясында он жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатыр [70, б. 271]. Л.Р. Ромбо дін ауыстыру туралы көптеген теория ұсынды. Ол жаһандану теориясы –коммуникация мен тасымалдаудың қарқынды дамығанын және осы құралдар арқылы жалпыадамзаттық сипаттағы діндердің таралғанын атап көрсетеді. Отаршылдықтан кейінгі теория империализммен Африка, Азия және Латын Америкасы сияқты елдердегі адамдардың отаршылдық кезінде дін ауыстыру тәжірибесінің қалай өткізгеніне назар аударады. Феминизм дін ауыстыруда әйелдердің ерлерден ерекшеленетініне/ерекшеленбейтініне байланысты туындаған айырмашылықтарды қарастырады. Л.Р.Ромбо Мәдениетаралық теория, Исламдандыру теориясы, Үдеріс теориясы, Рухани (діни) теория, Интеллектуалды теория сияқты теорияларды дамытты. Л.Р.Ромбо дін ауыстыру үдерісінде алдыңғы теориялардың синтезі мен олардың психологиялық механизмдеріне назар аудара отырып, өз моделін жасады. Бұл үдеріс үлгілеріне «контекст», «дағдарыс», «зерттеу», «кездесу», «өзара әрекет», «байланыс», «нәтиже» жатады. Бұл – дін ауыстырған адамдардың басым бөлігінің кезең-кезеңімен реттілік бойынша басынан өткеретін үдерістері. Бұл әрине барлық дін ауыстырғандарда діни конверсия үдерісінің барлық моделі болуы шарт емес дегенді білдіреді. Тек дін ауыстырушылардың басым бөлігінде кездесетін үдерістер моделі болуы мүмкін.

Ресейлік әлеуметтанушы В.Б. Исаева дінді зерттеудегі түрлі теориялық көзқарастарды ескере отырып, діни жүгінудің әлеуметтік байланыстар моделі, ресурстық модель, интерпретациялық модель, коммуникативтік және интенционалдық модель, рөлдік модель деген бес түрлі моделін ұсынды. Бұл модельдер әртүрлі әдіснамалық негіздерге сүйеніп, дін мен қоғамның өзара әрекетін түсіндіреді.

Әлеуметтік байланыстар моделі дінді әлеуметтік қатынастар мен байланыстар жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырса, ал ресурстық модельде дін тұлғаның өмірлік қиындықтарды шешуде, жеке дағдарыстарды еңсеруде қолданатын ресурстық жүйе ретінде қарастырылады. Интерпретациялық модель діни жүгінуді мағыналық құрылым ретінде түсіндірсе, коммуникативтік және интенционалдық модель феноменологиялық бағытқа жақын. Діни жүгінудің индивидтің «жоғары күшпен» (Құдаймен, Абсолютпен, болмыспен) тікелей қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы ретінде сипатталады. Құрылымдық-функционалдық бағытқа негізделген рөлдік модель дінді әлеуметтік рөлдер мен нормалардың жүйесі ретінде түсіндіреді.

Бұл бес модель діни жүгінудің әртүрлі қырларын ашып көрсетеді. Олар тұлғаның дінге келу себептерін, механизмдері мен салдарын кешенді түрде саралауға мүмкіндік береді. В.Б.Исаеваның бұл классификациясын діни конверсияны зерттеу барысында теориялық негіз ретінде қолдануға өте тиімді, себебі ол діни жүгінудің тек біржақты емес, көпқырлы, контекстке тәуелді құбылыс екенін айқындайды. [30, б. 20].

Түркияда бұл мәселеге қатысты алғашқы зерттеулерді дін психологтары жүргізді. Дін ауыстыру мәселесі бойынша алғаш зерттеу жүргізген Хусейн Пекер (1979) болып саналады. 1997 жылғы Али Көсенің мұсылман болған британдықтарға қатысты «Неліктен Исламды Таңдайды?» атты зерттеуі дін психологиясы саласындағы маңызды ғылыми деректер ұсынатын әмбебап зерттеулер қатарына кіреді [71, б. 103].

Екі зерттеу де – Христиан дінінен Исламға өткендер туралы жазылған докторлық диссертация. Байрам Севинчтің «Христиан Болған Түріктер және Түрік Миссионерлері», Ю.Синан Завалсыздың «Түркиядағы Христиан Болған Мұсылмандар»: Психо-Социологиялық Зерттеу (1990–2010) [14] және Ким Хен Чоулдың «Дін Ауыстырудың Интеллектуалдық жоспары» атты зерттеулері де бар. Әли Кирман мен Али Айтен мақала деңгейінде дін ауыстыру құбылысының отбасыға қалай әсер ететініне назар аудара отырып, отбасындағы діни әлеуметтенудің жеткіліксіздігі салдарынан жаңа діни ағымдарға қалай енуге болатынын және дінді ауыстырғаннан кейін отбасының әсері қандай болғанын немесе қандай зардап шеккенін қарастырған [72, б. 141].

Дін ауыстыру мәселесі тақырыбы аясында көптеген теория болса да, біз олардың кейбіріне ғана тоқталғанды жөн көрдік. Себебі зерттеуші ғалымдардың діни конверсия аясында ұсынған теориялары өте көп. Барлық теория қазақ қоғамындағы діни конверсия феноменін ашады деп айту қиын. Кейбір алғашқы теориялар ескірсе, кейбір теориялар тек христиан дін қабылдаушы конвертиттерге сәйкес келеді. Біздің зерттеу жұмысымыз негізінен ислам дінін қабылдаушыларға қатысты. Сол себепті біз қазақ қоғамының басынан өткен тарихи қиын кезеңдерді ескере отырып, тек қазақ қоғамы мен ислам дініне қатысты теорияларды таңдап алып отырмыз. Дәлірек айтсақ, біз бірнеше социологиялық және психологиялық теорияларды қарастырамыз. Мысалы, сондай теориялардың бірі – депривация теориясы. Бұл теория діни конверсия тақырыбын зерттеп жүрген біраз ғалымның зерттеулеріндегі негізгі теориялардың біріне жатады.

Депривация теориясы

Депривация дегеніміз (лат.тілінен *deprivatio* – айырылу, жоғалу) – адам өмірдің ең маңызды және негізгі қажеттіліктеріне қол жеткізе алмаған кезде туындайтын психикалық жай-күй. Жалпы адамзат үшін бірдеңені жоғалту өте ауыр тиеді. Депривацияның түрлері өте көп болуы мүмкін. Бірақ біз төменде діни конверсияға әсер еткен депривация түрлерін қарастырамыз [73, б. 84-87].

Дін ауыстыру құбылысын түсіндіруге тырысатын психологиялық теориялардың бірі – депривация теориясы. Бұл теория бойынша адамдар әлеуметтік, психологиялық немесе физикалық тұрғыдан әлсіз (мұқтаж) болуымен және діни топтың немесе мәзһабтың хабарларын қабылдауға идеологиялық тұрғыдан дайын болуымен ерекшеленеді. Депривация теориясына сәйкес өз өміріне, көзқарастарына немесе сенім жүйелеріне көңілі толмайтын адамдар үнемі ізденіс үстінде болады [74, б. 820].

Әлеуметтанушылар депривацияны абсолютті және салыстырмалы депривация деп екіге бөледі. Абсолютті депривация айықпас аурумен күресу сияқты объективті қажеттіліктерді қамтыса, ал салыстырмалы депривация

байлықтан, жайлылықтан, биліктен және лауазымнан айырылып қалатындай сезімін қамтиды [74, б. 824] Екеуінің арасындағы айырмашылық та – осында.

Өз кезегінде салыстырмалы депривация жеке салыстырмалы және топтық салыстырмалы депривацияға жіктеледі [75, б. 150].

Бір қауымда жаңа дінге бірінші кезекте әлеуметтік жағдайы төмен адамдар жүгінеді. Дін ұстану – бұл адамдар үшін жаңа дінге кіріп, мәртебе мен жаңа болмысқа ие болу деген мағынаны береді [76, б. 149].

Ч.Глок депривацияның тек экономикалық түрлері ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, физикалық, этикалық және психикалық түрлері де бар деп пайымдайды [77, б. 148].

Діни топтарға кіруге мәжбүрлейтін маңызды себептердің бірі – жоқшылық. Себебі жоқшылық сезімі адамды күйзеліске әкеледі. Күйзелісте жүрген адам одан шығудың немесе өзіне үміт сыйлайтын бір күш іздейді әрі оны көбіне діннен тауып жатады.

Чарльз Янг Глок анықтаған депривацияның бес түрі бар. Олар: экономикалық, әлеуметтік, органикалық, этикалық және рухани. Ғалым осы депривацияның бес түрі мен діни топ арасында байланыс бар екенін айтады. Бұл қатынас қысқаша төмендегідей:

Экономикалық депривация қоғамдағы қаржылық табыстардың бөлінуінен туындаған депривация ретінде қарастырылады. Адам өз табысын стандарттан төмен көреді. Адамдардың экономикалық деңгейі салыстырмалы деп айтуға болады. Бәрі сән-салтанатпен өмір сүргісі келеді. Алайда сән-салтанатпен өмір сүру үшін олардың табысы көбірек болуы керек әрі мұндай кіріске әркімнің қолы жете бермейді. Соның нәтижесінде экономикалық депривация пайда болады. Экономикалық депривация жеке адамға көп қиындық тудыруы мүмкін. Кей кездері соның кесірінен үйде дау-жанжал мен күйзеліс туындап жатады. Нәтижесінде жаңа шешім қабылдау, «ізденіс» сынды мәселелер ортаға шығады. Кей жағдайда бұл мәселенің шешімі дінге бет бұру болуы мүмкін. Егер жоғарыда көрсетілген осы мәселелердің шешімін ұсынылған діннен тапқан жағдайда ол адам ойланбастан басқа дінге өтуі де мүмкін.

Әлеуметтік депривация: Бұл адамның қоғамда өзін жоғары мәртебеде көрмеуі. Әлеуметтік депривацияны экономикалық депривация сияқты объективті түрде өлшеу мүмкін емес, оны жеке адам өзі сезінуі керек. Яғни адамның беделі, мәртебесі, қоғамға араласуы, т.б. мәселелерде ол өзін төмен санайды, сондықтан оны қоршаған орта қабылдамайтындай сезінеді. Дегенмен, адам жоғары мәртебеге ие болса да, әлеуметтік депривацияны сезінуі мүмкін, салыстырмалы түрде алғанда, төмен мәртебедегі адам керісінше әлеуметтік депривацияны сезінбеуі мүмкін. Қоғамда таппаған беделді діни жамағат арасынан іздеуі мүмкін. Ол жерде адамдар оған зор қошемет танытып, сыйлауы мүмкін. Әсіресе жаңа діни ағымдарда осындай әдістер көп қолданылады. Олар жаңадан келген адамдарға қатты көңіл бөліп, қошемет көрсетеді. Қоғамда өз орнын таба алмай, әлеуметтік депривацияда жүрген адам өз орнын діни ортадан таптым деп ойлауы мүмкін. Өзіндегі олқылықтың орнын осылай толтырғысы келеді.

Органикалық депривация: Бұл адамның психологиялық немесе физиологиялық кемістіктері. Бұл қатарға физикалық әлсіз адамдарды да қосуға болады. Жеке адам әлдебір физикалық немесе психикалық кемістікке байланысты қоғаммен интеграциялық сезім орната алмайды. Адам сондай сезім орната алмаған соң өзін түкке тұрғысыз сезінуі мүмкін. Адамның дамуы үшін маңызды саналатын өзін-өзі құрметтеу, өзіне деген сенімділік сынды элементтер бұзылған кезде адамға өзі жоғалтып алған сол олқылықтың орнын толтыру үшін шешім қабылдау қажет болады. Адам қайтадан өзін құнды сезінудің шешімін іздей бастайды. Көбіне мұндай сезімдер науқас, кемтар адамдар мен жол апатына ұшыраған адамдарда жиі кездеседі. Сол себепті де олар дертіне шипа іздейді. Көбіне мұндай адамдар емделу жолын ұсынатын діни қозғалыстарға кіріп жатады [78, б. 200]. Қазақ қоғамында да осы теорияға сәйкес келетін оқиғалар бар. Мысалы, діни және емшілік рәсімдерімен айналысатын Ата жолы ағымы мен Алля Аят ағымдарына кірген адамның бәрінде түгелдей дерлік депривация сезімдері бар. Көбінде сырқат жандар мен қоғамда өз орнын таба алмай адасып жүрген адамдарда кездеседі.

Моральдық депривация: Бұл – жеке тұлғаның жеке құндылықтар жүйесі мен қоғамдағы қазіргі құндылықтар жүйесі арасындағы қайшылықпен және қоғамдағы өз құндылықтарын мақұлдамауының нәтижесінде пайда болатын депривация түрі. Қоғамның негізгі құндылықтары өз өмірін реттеуге қабілетсіз болғанда адам өзіне лайық жаңа жолды табу керек деп санайды. Тұлғаның берілген мәдени құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін қате деп санауы дұрыс мінез-құлық үлгілерінен айырылу сезімін тудырады. Сол үшін жаңа құндылықтар іздеуге кіріседі. Өзіне лайықты құндылықтар табу үшін жаңа діни ағымдарға немесе басқа да жолдарға түсуі мүмкін.

Рухани депривация: Жеке адам өз өмірінен материалдық емес, рухани ләззат ала алмайды. Бұл – адамның өз мәдениетін немесе өмірін мағынасыз және маңызды емес деп тапқан кезде пайда болған жетіспеушілік. Рухани депривация көбінесе ауыр және шешілмеген әлеуметтік депривациядан кейін пайда болады [79, б. 149].

Депривацияның бұл түрі жақын адамынан айырылу сияқты жалпы әлеуметтік қиындықтардан кейін туындауы мүмкін. Америка әлеуметтанушысы Ч.Я.Клок бұл депривация формалары "таза" емес, бірақ басқалармен байланысты болуы мүмкін дегенді алға тартады. Мысалы, физикалық депривация психикалық және әлеуметтік депривациядан туындауы мүмкін, яғни қарым-қатынастық болуы мүмкін деп айтады. Сөйтіп бір депривация салдарынан басқа да депривациялық психологиялық жай-күйлер туындайды. Мұндай депривация кезінде адам «рухани ізденіс» күйінде болады. Руханият көбіне дінмен байланысты болғаннан кейін дінмен байланысы артуы мүмкін.

Депривация теориясын қолдайтын зерттеулер әлеуметтік депривацияның жеке діндарлыққа әсерін атап көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі және кедей адамдар бұл дүниеден кейін басқа өмірде кедейлік жойылады және бұл дүниеде көрген қиыншылықтарына сабыр еткені үшін сауап алады деген үмітпен бақытты болуы мүмкін немесе діни топта олардың қайғы-қасіреттері мен шығындары ортақ әрі олар қолдау көрсетеді деген сезімді көңіліне медет тұтуы

мүмкін. Бұл теорияға сәйкес, экономикалық, әлеуметтік немесе басқа жағынан айырылған адамдар сол жетіспеушіліктің орнын толтыру үшін әлдебір жаңа діни топтарға (мысалы, үлкенірек әлеуметтік топқа жататындар немесе үлкен шіркеудің мүшелері) қосылады. Сонымен туыстық байланыстары нашар ортадағы адамдар дінге көбірек бейім келеді. Мысалы, басқаларға қарағанда, жесір әйелдер, жалғызбасты әйелдер, күйеуге шыққан, балалары жоқ әйелдер шіркеуде белсендірек көрінеді. Сонымен қатар топқа немесе дінге қосылу мінез-құлқы туралы зерттеулер де депривация теориясын қолдайды. Бұл тұжырымдар стресс, мазасыздықты төмендететін бір топқа кіру әрекетін тудыруы мүмкін екенін көрсетеді. Бәрібір діни әрекеттердің көпшілігі топтық әрекет болып саналады [80].

Батыс мемлекеттеріндегі христиандар өздерінің діндерін тарату үшін бірнеше жобалар дайындайды. Солардың бірі – «Қоғамдастықты дамыту жобасы». Бұл Британдық бағдарламалардың артында кедей аймақтарды анықтау мен кедейлерді қоғамдастық іс-әрекеттері мен жеке өзіне-өзі көмек көрсету идеалдарына тарту үшін «миссионерлерді» жіберу жұмыстары тұр. Еуропа елдері Африка аймағындағы мұқтаж жандарға көмектесу үшін жіберген миссионерлердің де дін ауыстыруға ықпал еткені мойындалған. 1990 жылдан кейін Кеңес Одағы ыдыраған соң тәуелсіздік алған Орталық Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Әзірбайжан) елдері үлкен дағдарысты бастан кешірді. Осы уақытта өмір сүрген Орталық Азия қоғамына көп миссионерлердің келуі тұрмысы кедей адамдардың дін ауыстыруына ықпал еткен.

Қорыта айтқанда, көптеген ғалымдардың пікірінше, діни конверсия мен депривация теориясының байланысы өте жоғары. Жоғарыда депривацияның 5 түрін сөз еткен кезде оларға да жеке-жеке тоқталып өттік. Адам бойындағы бұл сезімдер көп адамның дін ауыстыруына себепші фактор ретінде көрсетілді. Бұл теорияның әлеуметтанулық зерттеулерде дәлелденгенін көруге болады. Сол себепті діни конверсия тақырыбындағы зерттеулерде бұл теорияның қаншалықты маңызды екенін байқап отырмыз.

Әлеуметтік әсер теориясы

Адам – бір-бірімен өзара әрекеттесе өмір сүретін тіршілік иесі. Адамға қоғамдық болмыс тән болғандықтан, міндетті түрде қоғамда бірге өмір сүретін адамдармен араласады, әсер алады және оларға да өз әсерін тигізеді. Тіпті маңызды мәселелер кезінде шешім қабылдауға да өз әсерін тигізіп отырады. Әлеуметтік әсер теориясы – дін ауыстыру құбылысын түсіндіретін маңызды теориялардың бірі. Әлеуметтік әсер теориясы дінді қабылдау үшін жасалатын шешімдерге қатты әсер етеді. Шешім қабылдаушы адамның бұл шешімді қабылдауы үшін діни жамағат мүшелерімен күшті әлеуметтік байланыстарының болуы дінді тезірек қабылдауда үлкен рөл ойнайды. Діни конверсия жасау, шешім қабылдау кезінде діндар емес адамдармен әлеуметтік байланысы әлсіз болған сайын діни конверсия жасауы, шешім қабылдауы жылдамырақ болады. Сондай-ақ басқа діндегі жанмен отбасын құру да – дін ауыстыруға қатты әсер ететін факторлардың бірі [81].

Американдық психолог Л.Ромбо өзінің әлеуметтік әсер ету теориясында дін ауыстыру тәжірибесіндегі тұлғааралық өзара әрекеттесуді және адамдар мен топтар арасындағы интеллектуалдық әсерлерді зерттеді. Бұл зерттеуге сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сияқты әлеуметтік желілердің әсерінен ізденіс үстіндегі адамның тұлғалық құрылымында өзгерістер орын алатынын анықтады. Ғалым өзара әрекеттестік теорияларының дін ауыстыруға тән волонтерлік аспектісінің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл аспекті бойынша адамдар бір-бірімен үнемі қарым-қатынаста болады. Діни қауымның да адамдарға көмек көрсету, волонтерлік мәселелерде өте белсенділік танытатын жақтарын ескерген жөн. Бұндай әрекеттесу, яғни әлеуметтік әсер – қоғамда жиі кездесетін құбылыстардың бірі. Әсіресе діни жамағаттың қоғамдағы өте белсенді волонтерлік жұмыстары көбіне діни конверсия тікелей әсер етіп жатады.

Адамзат негізгі қоғамның бір мүшесі ретінде қоғамдық институттарға бағынышты әрі тәуелді. Негізінен адам туыс-туған, отбасы және достарымен жақсы қарым-қатынас орнатып, солармен етене байланысып өмір сүреді. Бұл байланыстар адам өмірі үшін өте маңызды. Егер бұл байланыс әлсірейтін болса, адамдар бұның орнын толтыру үшін басқа қарым-қатынастарды іздейді. Себебі адам – қоғамда өмір сүретін әлеуметтік болмыс иесі. Діни конверсия кезінде осы байланыстарға назар аударған жөн. Көптеген зерттеуге үңілсек, осы байланыстар әлсіреген кезде діни ағымдардың байланысы күшейіп, сол діни ағымның мүшесі болу мүмкіндігі жоғарылай түседі. Осыған байланысты дін ауыстыруға көбіне отбасы, туыс-туған және достарымен байланысын жоғалтқандар; ажырасқандар, жесір қалғандар, жұмыссыз қалғандар немесе жұмыс орнын ауыстырғандар, бұрыс немесе дұрыс өзгерістерге ұшырағандар бұл топтың маңызды бөлігін құрайды әрі соған бейім келеді.

Әлеуметтік әсер теориясы ретінде некелесу факторын атап көрсетуге болады. Діни конверсия оқиғаларында жиі кездесетін факторлардың бірі – ол басқа дін өкілімен некелесуден кейін пайда болатын дін ауыстырулар. Сол себепті адамдардың діни конверсия жасауында некелесу маңызды орынға ие. Бұл теория бойынша адам қатты жақсы көретін адамымен бас қосып, жұбайының дінін қабылдауға дайын болады. Себебі екеуінің арасындағы тығыз қарым-қатынас басты рөл атқарады. Осылайша ол жаңа діни болмысқа ие бола алады.

Ресей журналисі А.Антоновтың «Трамп мырза қандай адам?» деп аталатын қызық мақаласында некеге тұру және дін ауыстыру факторы туралы жазылған. Бұл мақалада Трамп отбасының әртүрлі діни көзқарастары және оған некенің қалай әсер ететіні туралы айтылады. Трампың үлкен ұлы христиан болған кезде оның қызы Иванка Еврей мультимиллионері Джаред Кушнерге тұрмысқа шығып, Яэльд есімін қабылдады. Яэль (Иванка) Еврей мектептері мен ғибадат орындарына қайырымдылық жасау арқылы белсенді Еврей өмірін жүргізеді. Трампың басқа ұлы Эрик Трамп Лара есімді Еврей ұлтының өкілі журналист қызға үйленгенде неке қию рәсімі Еврей дәстүрі бойынша өтті [82].

Бұл жерде некенің дінді өзгертуде орын алатын өте маңызды фактор екенін көріп отырмыз. Сондай-ақ жаңа діндерге қосылуға жақын достардың ықпалы

өте көп. 14 000 Американдық тұрақты шіркеуге барушылар арасында жүргізілген зерттеуде «Шіркеуге келуіңізге негізінен не ықпал етті?» деген сұраққа 75%-ы «достарым ықпал етті» деп жауап берген [83, б. 160].

Қорыта келе, діни конверсия үдерісінде әлеуметтік әсер теориясының да маңызды теория екенін көріп отырмыз. Әсіресе көрші, дос, әріптес, туыс және жұбайы сынды адамдардың жаңа дінді қабылдауы жанындағы адамдарға әсер етпей қоймайтыны анық. Ғалымдардың бұл теорияны діни конверсиямен байланыстыруы көбіне қоғамдағы маңызды факторлардың бірі ретінде көрсетіледі. Қазақ қоғамында да басқа діндегі адамдармен некелесу арқылы дін ауыстырған оқиғалар баршылық. Сол себепті бұл теорияның да діни конверсия жасауда елеулі үлесі бар деп айтуға әбден болады.

Діни конверсия қоғамдық құбылыс болғандықтан, әлеуметтану ғылымындағы бірнеше теорияның бұл тақырып шеңберінде де маңызды екенін көруге болады. Солардың бірі ретінде әлеуметтену теориясын айтуға болады.

Әлеуметтену теориясы

Жеке адамның діни мінез-құлқын түсіндіретін келесі бір теория – әлеуметтену теориясы. Әлеуметтену – адам өмірі үшін маңызды үдеріс. Әлеуметтік болмыс ретінде адам өзінің дүниеге келген кезінен бастап қоршаған ортасына тәуелді болады және әрі қарайғы өмірін сол сыртқы ортасымен әрекеттесе отырып жалғастырады. Себебі адамның өмірі – оның қоршаған ортасындағы әртүрлі өзгерістерге үздіксіз бейімделу үдерісі. Жеке индивидтің әлеуметтік жүйеге интеграциялану арқылы сол қоғамның толыққанды бір мүшесіне айналуы – ұзақ әрі күрделі үдеріс. Оны ғылымда «адамның әлеуметтенуі» деп атайды.

«Әлеуметтену» сөзі латын тілінен аударғанда «socialis» – «жолдастық, қоғамдық» деген мағынаны білдіреді, бұл жеке тұлғалардың әлеуметтік және мәдени тәжірибелерді бойына сіңіру үдерісі [84, б. 158].

Әлеуметтену – бұл адамның отбасы, мектеп, жұмыс орны немесе өзі тұратын мәдени және әлеуметтік орта сияқты әлеуметтік орталардың өзінің ойындағыдай әрекет етуі және басқа адамдармен үйлесімді өмір сүруді үйрену үдерісі. Бұл үдеріс барысында тұлға біліммен қатар ойлау және белгілі бір мінез-құлық көрсету қабілетін игереді [85, б. 146].

Баланың алғашқы әлеуметтену үдерісінде ата-ананың рөлі мен мінез-құлқы өте маңызды. Отбасы әлеуметтенудің алғашқы институты саналады. Содан кейін мұғалімдер сияқты сыртқы ортадағы адамдар рөлінің маңыздылығы арта түседі. Сәтті әлеуметтенудің соңында жауапкершілік сезімін тудыратын әлеуметтік сәйкестік орын алады.

Әлеуметтену әсерінен адам тұлға болып қалыптасады, мәдени құндылықтар бір буыннан келесі буынға беріледі, қоғамда әлеуметтік тәртіп орнайды. Бұл ұғымды негізінен әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдары зерттейді. «Әлеуметтену» теорияларының қалыптасуы мен дамуы ұзақ жылдарға созылады. Әлеуметтену теориясының негізін қалаушы – француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм. Дюркгейм әлеуметтенуді адамға ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан маңызды білім мен қабілеттерді жүйелі

түрде жинақтау үдерісі ретінде қарастырады. Оны методикалық немесе жүйелі әлеуметтену дейді.

Түркия дін психология саласының профессоры Али Көсенің зерттеуіне сәйкес, бұл жасөспірім және жастық шақтағы дін ауыстыру оқиғалары бүлік немесе реакциялық мінез-құлықтардың нәтижесі болуы мүмкін. Көбіне жастар діни мекемелерге немесе діни рәсімдерді орындау тәсіліне қарсы шығуы мүмкін. Көп жағдайда бұл бүлікке отбасындағы мәжбүрлі діндарлық негіз болса, кей жағдайда отбасына қарсы шығудың басқа себептері болуы мүмкін. Көтеріліс сезімі кейде отбасына, кейде қоғамға қарсы болуы мүмкін. Бұл адамдардың дұрыс әлеуметтенуді жүзеге асыра алмайтынын көрсетеді. Отбасында дұрыс әлеуметтенудің қамтамасыз етілмеуі – адамның дінін өзгертуге жетелейтін маңызды факторлардың бірі. Тұлға дамуының алғашқы кезеңдерінде қалыпты әлеуметтену үдерісінен өтпеген адамдар өздерінің дүниетанымын қалыптастырып, соның нәтижесінде өз қоғамының стандарттары мен өлшемдеріне қайшы келетін мінез-құлық танытуы мүмкін. Сөйтіп олар өздерін түзеткісі келетін дәстүрлі қоғамнан оқшаулайды. Бұл отбасы немесе қоғам болуы мүмкін, не екеуі де болуы мүмкін. Қоғамнан оқшауланған адам өзіне лайық қоғам немесе орта іздей бастайды. Кейбір діни топтардан жылулық көріп, сол ортада өзін еркін сезінеді. Сол ортаны өз отбасы ретінде қабылдайды. Отбасында дұрыс әлеуметтене алмаған кейбір адамдар басқа ортадан жылулық пен әлеуметтенетін орта іздеп табады.

Діни әлеуметтену нені білдіреді? Діни әлеуметтену деген ұғым «дін» және «әлеуметтену» деген екі терминнен құралған әрі олардың екеуі де екі түрлі мағына береді. Бірақ бұл жердегі «дін» сөзі – әлеуметтенудің сипатын көрсететін, яғни әлеуметтену үдерісінің қандай бағытта жүретінін, қандай кеңістікте өтетінін білдіретін сөз. Әлеуметтену барысында адам өз отбасының, туыстарының ұстанған дінін зерделей бастайды, оның тәртіптерін үйренеді, талаптарын орындауға тырысады. Діннің әсерінен болатын әлеуметтену үдерісінің осындай бағытын діни әлеуметтену деп атайды. Яғни «діни әлеуметтену» бұл – адамның белгілі бір дінге немесе діни ортаға, қоғамдағы діни өмірге бейімделу үдерісін түсіндіретін ұғым [86, б. 80-88]. Себебі адам өмірге келгенде белгілі бір дінді ұстанып немесе діндар болып туылмайды, оның бәрін әлеуметтену арқылы, нақтырақ айтқанда, діни әлеуметтену арқылы қабылдайды.

Қоғамның діни сенімдерінен, құндылықтарынан, нормаларынан, сезімдерінен, ойлары мен мінез-құлықтарынан құралып, әлеуметтік мәдениеттің маңызды аспектісін құрайтын рухани-діни мәдени элементтер аға буыннан жаңа ұрпаққа тек білім мен тәрбие арқылы беріледі. Расында олар жаңа ұрпақ тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жеке тұлғаның қоғамдағы діни тұлғаны меңгеруі осындай тәрбие мен оқыту үдерісінен тұратын әлеуметтену құбылысы мен үдерісіне байланысты. Әлеуметтену үдерісінде отбасы, жеке тұлғалардың, сондай-ақ діни тұлғалардың да белсенді рөл атқаратынын ескерген абзал. Ресей мен Орталық Азия сияқты бұрынғы коммунистік елдердің халқы діни әлеуметтену үдерісінен толық өте алмады. Отбасында діни білім мен тәрбие болмаған соң балаларының діни тақырып

аясындағы білімі әлсіз. Толық, дұрыс діни әлеуметтену алмаған, діннен хабары жоқ балалар өскенде миссионерлер ілімінің жетегінде кетуі мүмкін. Отбасы діни әлеуметтенуде белсенді рөл атқара алмаған жағдайда бұл іспен діни ағымдар мен миссионерлер айналысады. Нәтижесінде діни әлеуметтенбеген тұлға миссионердің қармағына ілініп, діни конверсия жасайды. Діни әлеуметтенбеген адамға қандай дін болмасын, тек миссионерлік жасаса болды, сол дінді қабылдауға бейім келетіні баршамызға аян. Бұл жерде діни әлеуметтенудің ішінде діни білім мен діни сауаты болмағандықтан, миссионерлердің арбауы арқылы діни конверсия жасауға жол беріледі. Сондықтан адам өмірінде діни әлеуметтенудің де маңызды екенін ескеру керек. Енді бір қызығы, зерттеу барысында отбасында шамадан тыс діни әлеуметтенген балалардың да діни конверсия жасауға бейім келетіні анықталды. Көбіне бұл ислам мемлекеттерінде байқалады. Мысалы, Араб және Иран сынды теократиялық мемлекеттерде балаға күнде күштеп дінді үйрету, Құран жаттату сынды діни тәрбиенің салдарынан баланың бойында исламға деген өшпенділік сезімі қалыптасады. Сол өшпенділік ұлғая келе, бала өскенде әдейі басқа дінге өтіп, мәжбүрлеп үйретілген ислам немесе ата-анасына деген өшпенділігі ортаға шығады. Себебі баланың тәтті балалық шағы осы дінді күштеп, зорлықпен үйретумен өткендіктен, оның бойында дінге деген өшпенділік сезімі өрши түсетіні хақ. Осы сынды бірнеше мысалдар діни әлеуметтену мен діни конверсия арасында байланыс бар екенін көрсетеді. Діни әлеуметтену үдерісінің де кем болмауы не шамадан тыс артық болмауы – тұлғаның қалыптасуындағы аса маңызды факторлардың бірі.

Рационалды таңдау теориясы

Қазіргі жаһандану қоғамында дін мен экономиканың арақатынасын қайта қарастыру маңызды болып отыр. Дінге экономиканың тигізетін әсерін және дінге экономика көзқарасы тұрғысынан қарау мәселесінің де қазіргі қоғамда өзектілігі анық байқалады. Рационалды таңдау теориясы дін социологиясындағы жаңа парадигма болып табылады. Рационалды таңдау теориясы, ол дін адамдарға әлдебір пайда мен сауап беретіндіктен пайда мәселесін көбірек қарастырады. Рационалды таңдау теориясы бойынша адамдар ең көп материалдық (ақшалай) және рухани сый беретін діни ағымдарды таңдайтын болады. Адамдар азырақ сыйақы ұсынатын топтарға қарағанда, көбірек сыйақы ұсынатын және нақты профилі бар діни топтарға көп қолдау білдіреді [87, б. 214].

Дін әлеуметтану ғылымында есімі жиі аталатын, тіпті осы теориямен аталып кеткен ғалым Родни Старк (1934) дін туралы көп зерттеу жүргізді. Родни Старк «діни экономика» концепциясын да жасады. Діни экономика арқылы Старк тұрақты және әлеуетті тұтынушылары бар, діни сатылатын өнімдері бар, сұранысқа ие сатушы ретінде әрекет ететін діни ұйымдарды зерттеуге тырысады [88, б. 296]. Мұндай ағымдар қоғамда белсенді түрде жұмыс істейді. Капиталистік қоғамда өмір сүргендіктен, діндар бизнесмендер де кездесуі бек мүмкін. Қаржы жағынан көтерілуіне әлдебір дәрежеде олардың діни көзқарасы немесе діни топ мүшелерінің қатысы болуы мүмкін немесе өзі сол дінінің арқасында дәрежесінің көтерілгенін насихаттау арқылы басқа

кісілерді де осы топқа кіруге қызықтырады. Әсіресе қазақ қоғамында соңғы жылдары сәләфи бағытының өкілдері бизнес саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр. Бір-бірінің өнімдерін қолдану, сату, жарнамалау жағынан алдына жан салмайды. Сол себепті бұл көмекті алу, бұл көмекті пайдалану сияқты мүмкіндіктер адамдарды сол дінге жақындатуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Себебі қазір адамдар үшін дінмен қоса жақсы көлік міну, жақсы үйде тұру, шетелге шығу сияқты жеке қаржылық қалауларының бірінші орынға шыққанын байқауға болады.

РТТ (Рационалды таңдау теориясы) діни конверсия оқиғаларында адамға пайдасы бар ұтымды таңдаулар жасаған кезде жүзеге асады. Көп адам өміріндегі мәселелерді шешу үшін де дінді таңдауы мүмкін. Қазақ қоғамындағы бірнеше әнші шоу бизнестегі қиындықтары мен жеке өміріндегі ажырасу, жақынынан айырылу сынды депрессияға апаратын қиындықтарын дінге келу арқылы шешіп жатады. Қиындықтарды еңсергеннен кейін кейбірі бұрынғы өмір сүру салтын қайта бастайды, ал енді кейбірі дінді ары қарай ұстап қалуға тырысады. Мысалға айтар болсақ, басына қиын күн туғанда орамал тартып, қажылыққа барып, намаз оқыған кей әншілердің бар қиындық артта қалғаннан кейін орамалын шешіп, бұрынғы өмір сүру салтына қайтып оралған оқиғалары қазақ қоғамында жиі кездеседі. Сол себепті дінді өз пайдасы үшін таңдайды деген көзқараспен келіспеу қиынға соғады.

РТТ-ны қорытындылайтын ең жақсы мәлімдеме «Адамдарда таңдау құқы бар және таңдау керек болғанда олар алдымен ең жақсы әрекет деп санайтын нәрсені таңдайды». ЖДА (Жаңа діни ағымдар) көбейген тұста діни ағымдар коммерциялық фирмалармен және тұтынушы мүшелерімен салыстырылды, өйткені олар мүшелерді табу үшін өзара бәсекелеседі және мүшелерінің кейбір қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көп жұмыс істейді. Діни нарықтарға келетін тұтынушылар пайда немесе шығын сияқты талдау арқасында ең тартымды моральдық инвестиция нұсқасын таңдау арқылы ең жоғары моральдық пайда алуға тырысады [89, б. 149].

Рационалды таңдау теориясын қорғайтын Х.Гартрел мен Шамон дінін ауыстырған адамдар орын алған өзгерістерде белсенді рөл атқарады және өзінің ұтымды қалауына сәйкес әлдебір діни сенімге бет бұратынын айтады. Сонымен қатар қоғамда жаңа туындаған мәселелерге тап болған адамдар дәстүрлі діни топтарға жүгінбей, басқа дәстүрлі емес діни топтар мен ағымдарға бет бұру арқылы өзінің кейбір мәселелерін шешуге тырысады [90, б. 341].

Себебі кей жағдайда дәстүрлі діндер қазіргі жаһандану қоғамында болып жатқан мәселелерде қауқарсыз немесе немқұрайдылық танытуы мүмкін. Ал дәстүрлі емес діни ағымдар бұл мәселелерде белсенді болуы мүмкін. Кезіндегі Макс Вебердің зерттеуіндегідей дәстүрлі католиктерге қарағанда, протестанттардың қаржы, экономика мәселелерінде өте белсенді болғанын мысал ретінде көрсетуге болады.

Мән-мағына іздеу және атрибуция теориясы

Мағынаны іздеу теориясы феноменологиялық, интерпретациялық және конструктивистік әлеуметтанулық перспективалармен көбірек байланысты. Бұл теория адам дінінің әлеуметтік ортақ мағыналар жиынтығын ұсынатынын

білдіреді. Дінге қатысты әлеуметтанулық теориялардың көпшілігі діннің, дүниенің мәні, өмірдің мәні, оның басы мен соңы, өлім мен өмір, зұлымдық сияқты негізгі экзистенциалды және интеллектуалды мәселелерді түсіндіруде әлеуметтік ортақ мағыналардың жиынтығын ұсынатынын атап көрсетеді. Сондықтан ол өз өмірінде кездесетін барлық оқиғаларға (жақсы болсын, жаман болсын) түсініктеме беруге тырысады. Ол өзі өмір сүріп жатқан әлемді түсіну үшін өмір сүреді. Бұл ретте адамзаттың басына түсетін үлкен апат, соның ішінде орынсыз азаптар, өлім және т.б. адам өміріндегі маңызды оқиғалар адамға әсер еткен кезде олар өмірдің мәнін іздей бастайды. Өмірінде қиындық туып, келеңсіз жағдай орын алса, өзіне «Не үшін? Неге мен?» деген сияқты сұрақтар қойып, іштей ойлана бастайды.

Макс Вебер дін қоғамның тұрақтылығына емес адамның мәнді іздеуімен байланысты деп топшылайды. Шындығында Макс Вебер діннің өмірде ғылым тұрғысынан шешімін таппай келе жатқан шайтан, зұлымдық сынды мәселелері мен өлім сияқты түсініксіз аспектілерін түсінгісі келетінімен байланысты екенін алға тартты [91, б. 51].

Бұл теория адами себептерді қоса алғанда, негізінен адам өмірінде аяқасты болатын оқыс оқиғалар, жаман аурулар, баласының немесе жақынының кемтар боп туылуы, кедейлік сынды сан алуан қиындықтардың әсерінен туындайды.

Эмиль Дюркгеймнің пікірінше, дін мен қоғам – бір-бірімен астасып жатқан шындық. Оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Адамның дүниені және өзін түсінетін алғашқы мағыналы пайым жүйесі діннің негізі саналады. Сондықтан өмірдің мәнін діннен іздеуге болады. Питер Людвиг Бергерде (1929-2017) «Қасиетті Қолшатыр» атты еңбегінде әлеуметтік шындық орнату мен жалғастыру ісінде діннің алатын маңызды рөлін сипаттайды. П.Бергердің пікірінше, дін сан ғасырлардағы тарих қойнауынан бері маңызды мағынаның өзегі болған әрі әлем құрылымын сипаттау мен түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Дін адам өмірінде кездесетін аномия қорқынышына қарсы қорған болатын түпкілікті қалқан жасады [92, б. 247].

Осындай сәтте көп адам санасында «Өмірдің мәні неде, мен қайдан келдім, қайда барамын, мен кіммін, не үшін келдім, ол не үшін? Біз не үшін өмір сүреміз?» деген сияқты көп сұрақтың жауабын іздейді. Негізінде, адам баласы басқа тіршілік иелерінен тіршілік ету әрекеті жағынан ерекшеленеді. Адам баласы «Неге?» деген сұраққа жауап іздейді. Ол болмысты, уақыт пен кеңістікті танып, түсіну қажеттілігінен туындайды. Бұл үдеріс барысында адамдар осы циклден өзін құтқарудың және өміріне мән берудің жолдарын іздейді. Көбіне бұл сұрақтарына жауапты діннен табады. Бұл тұста қандай дін екені маңызды емес. Ең маңыздысы сауалына жауап іздеп, аласұрған қиын сәтте өз сұрағына жауап таба алатындай дін болуы керек. Ол ислам, будда не христиан болуы да мүмкін.

Егер адам өзінің экзистенциалды сұрақтарына қанағаттанарлық жауап таба алмаса, бұл жағдай адамға өте ауыр тиеді. Бұл үдерісті дұрыс жолмен жүріп өтпеген адам кейде психологиялық мәселелерге тап болуы мүмкін. Мұның соңы депрессия, ішімдікке салыну, өз-өзіне қол жұмсау сынды келеңсіз жағдайлармен аяқталуы да мүмкін.

Өмірдің мәнін іздеудегі адамның әмбебап қажеттілігі атрибуциялар теориясының негізіне жатады. Атрибуция теориясы – адамдардың өздері өмір сүріп жатқан қоғам мен қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларды қалай түсіндіріп, қалай түсінетініне қатысты теориялардың бірі. Бұл ретте дін мен атрибуция теориясының атқаратын функциясы бір-біріне ұқсайды. Дін бізге жеке немесе қоғамда болып жатқан оқиғаларды қалай түсіндіруге болатыны туралы дайын жауап ұсынса, ал атрибуциялар бізге қауіпсіз әлемді орнату мен заттардың неге осылай болатынына қатысты түсініктер мен мағыналар арқылы белгісіздікті жойып, оны басқаруға күш береді [93, б. 360].

Басқа салалармен қатар атрибуция теориясы да діни конверсия тақырыптарын зерттеу жұмыстарында біраз уақыттан бері қолданылып келеді. Атрибуция теориясына сәйкес адамдар өздерінің тәжірибелерін діни түсініктемелерге жатқызады. Бұл теория бойынша дін ауыстыруды басынан өткергендердің көбі осы өзгерісті сипаттау үшін өздерінің ерік-жігерін жоққа шығаратын Құдайдың рақымы, Құдайдың мейірімділігі сияқты атрибуцияларға сілтеме жасайтын көп мысалды кездестіреміз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, адам өмірінде болып жатқан көп құбылыстың мәні мен мағынасын іздеген кезде оның жауабын таппауы мүмкін. Сол кезде санасындағы сан сауалға діни кітаптар мен Құдай сөздерінен жауап тауып қанағаттанады. Себебі адам өмірінде болатын түс көру, аян беру, зұлымдық көру, апатқа ұшырау сынды түсініксіз құбылыстардың себебін ғылым анықтап, ашып айтып бере алмайды. Көбіне осындай ойдың жетегінде жүрген адамдар дінге жүгінген кезде діни конверсия үдерісі басталады. Діни конверсияға себепші осындай өмірлік оқиғалар осы теория негізінде жүзеге асады. Сол себепті бұл теорияның да діни конверсиямен байланысы бар екенін байқап отырмыз.

Постколониялық теория

Постколониялық теория – отарлаушы мемлекеттермен тығыз байланысты теория. Колониялық кезеңде Еуропаның көптеген мықты елі теңіздің арғы жағындағы елдерде түрлі мақсатта (экономикалық пайда табу, Христиан дінін тарату, өркениетке жетекшілік ету, беделге ие болу, жаңа құнарлы жерлерді алу) әртүрлі себеппен көптеген елді отарлап алған болатын. Мемлекеттің отарлаудан кейінгі кезеңін түсіну үшін әуелі отаршылдықты түсініп алған жөн. Постколониялық (Отаршылдықтан кейінгі) теория сонымен қатар Африка, Азия және Латын Америкасындағы миллиондаған адамның империализм мен отаршылдық тәжірибесін зерттейді. Әскери, экономикалық және мәдени күштердің басым болуы дүние жүзіндегі отарланған халықтардың ұқсас үдерістерді басынан өткеріп, жергілікті халықтардың субъективтілігін жоғалтқан жаңа қоғамдық құрылымды тудырды. Нақты басып алу, абсолютті саяси үстемдік соны жалғастыратын білім құрылымдарының пайда болуына алып келді. Бұл теория бойынша әртүрлі әлемдік діндерге (әсіресе Христиан) өту саяси және мәдени бақылаудың бір бөлігі ретінде қарастырылып, дін ауыстыру қалыптасқан мәдени вакуумның табиғи салдары ретінде басқарылатын халықтардың санасы мен жан дүниесін отарлау деп түсіндіріледі.

Постколониалдық (Отаршылдықтан кейінгі) теория – бұл дін ауыстыру үдерісінде, әсіресе миссионерлік қызмет контекстінде жаңа түсініктерді ұсынатын жаңа перспектива саналады. Постколониалдық теория отаршылдықтың дін ауыстыруға тигізген немесе тигізетін әсерін қарастырады. Тәуелсіздігінен айырылған халық жоғары саяси биліктің мәдени ықпалында болады. Бұл кейде күш қолдану арқылы, кейде алдау арқылы жүзеге асады. Еуропа елдері христиандандыру саясатын бірінші кезекте Африка елдеріне өздерінің миссионерлерін жіберу жұмыстарынан бастады. Осыған ұқсас тәжірибелердің бірі Орыс патшалығының Орталық Азия мұсылмандарына православиелікті күштеп енгізу әрекетінен көрініс тапты [94, б. 122].

Сонымен қатар постколониалдық теорияда дін ауыстырудың диалектикалық табиғатының динамикасына да мән беріледі. Кей жағдайда отаршылдыққа ұшырап, дінін өзгерткен ұлт өзін қанаушы ұлттың болмысына да әсер етеді. Бірақ көбіне күші басым, басқыншы патшалықтың қатты әсер ететінін байқаймыз. Сол басқыншы тараптың мәдениеті басым түседі. Көп жағдайда басқыншы күштің бастаған қанау үдерісі кезінде жергілікті халық әуелі тілінен, кейін дінінен, ұлтынан айырылады. Әсіресе тілдің жоғалуы мәдени амнезияның алғашқы бастамасы саналады. Өйткені тілін жоғалтқан дін тілі мен діни символикасынан да айырылады.

Адамның дінді ауыстыруы үшін өзі өмір сүріп отырған қоғамда діни әртүрліліктің немесе мәдени нұсқалардың болуы өте маңызды. Яғни ол тұрған елде діни плюрализм, көпмәдениеттілік болуы керек. Отаршыл Африка мен Орталық Азияның көп елінде діни плюрализм, көпмәдениеттілік және ұлттардың әртүрлілігі сияқты элементтер болған. Олар тіпті жалпы ауызекі тіл ретінде қанаушы мемлекеттің тілін (Африкадағы француз және ағылшын тілдері, Орталық Азиядағы орыс тілі) таңдады. Бұл жағдай қаналған халықтың қаржылық жетіспеушілік, әлеуметтік кедейлік пен мәдени (тіл, дін) күйзелістерін қамтитын күресінен тұрады [95, б. 55].

Негізінде дін ауыстырған адам кей жағдайда дінін ауыстыруына себепші болған адамды да өзгертеді. Сондай-ақ әлемдік дін мен жергілікті діннің синкретизмі кейде жанды және жаратушы жаңа, тәуелсіз бір діни көзқарасты тудырады. Осылайша дін ауыстыру тек қана пассивті және мойынсұнғыш емес, сонымен қатар төзімді және жаңашыл болып табылады. Демек, отаршылдықпен қоса жаңа діни бірегейлік әрқашан басып алушы мемлекеттің діни бірегейлігі бола бермейді, ескі мен жаңа арасында жаңа діни композициялар мен түсініктемелерді де кездестіруге болады [96, б. 205].

Қорытындылай келе, саяси тұрғыдан алғанда, колония кезінде діни конверсия көбіне күшпен немесе алдау арқылы арнайы тапсырмамен жүзеге асады. Мысал ретінде келтірген Африка және Орта Азия мемлекеттерінде мектептер ашу, оқыту барысында дін үйрету сынды әдістер арқылы жүргізілсе, кейбір аймақтарда күштеп жүргізілді. Бұндай діни конверсия кейде нәтижелі болғанымен, кей жағдайда нәтижесіз болды. Мысалы, Африка аймағында бұл өз нәтижесін берді. Себебі қазіргі таңда Африка құрлығының бірнеше мемлекеті христиан дінін ұстанады. Тіпті Эфиопия, Судан сынды бірқатар мемлекеттердің жартысы мұсылман болса, жартысы христиан дінін ұстанады.

Тұратын халқының ұлты бір болғанымен, екі дін ұстанатын мемлекеттер де бар. Бұл мемлекеттердің діндері әртүрлі болғандықтан, бірегейліктерінде де айырмашылықтар бар. Діни бірегейліктері екі түрлі болған соң ұлттық бірегейліктерінде де айырмашылықтар болады. Өйткені діни дәстүрлерінде айырмашылықтар болғандықтан, орындалатын рәсімдерінде де айырмашылықтар кездеседі. Бұл тұста дін біріктіруші емес, керісінше екі жікке ажыратушы міндетін атқарып отыр. Әрине Батыс мемлекеттері үшін бұл өте тиімді. Саяси астары болуы да мүмкін.

Діни конверсия теориялары тақырыбын қорытындылай келе, діни конверсия үдерісіне бір ғана теорияның немесе фактордың әсер етпейтінін байқап отырмыз. Діни конверсия теорияларының әртүрлілігі бұл құбылыстың күрделі әрі көпқырлы сипатын танытады. Теориялар діни конверсия үдерісінің әлеуметтік, психологиялық, мәдени және экономикалық аспектілерін қамтып, оның нақты себептері мен салдарын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. Әрбір теорияның өзіне тән ерекшеліктері мен зерттеу әдістері бар. Сондықтан діни конверсияны бір теория аясында ғана қарастырмаған жөн деп ойлаймыз. Жоғарыда көрсетілген теорияның бәрі – діни конверсия оқиғалары мен зерттеулерінде жиі кездесетін теориялар. Сондықтан осы теориялар таңдалынып алынды. Әйтпесе діни конверсия феноменіне әсер ететін теориялар өте көп. Тек біздің қоғамға ғана лайықты және көп ғалымның еңбектерінде жиі кездесетін осы теорияларды таңдап алған болатынбыз. Бұлардан басқа да әсер ететін жанама теориялар болуы мүмкін. Діни конверсия құбылысы өте ауқымды және күрделі құбылыс болғандықтан, тек санаулы теориялармен шектеуге болмайды. Бұл теориялар діни конверсияның себептері мен салдарын зерттеп қана қоймай, діни плюрализм, миссионерлік қызмет және діни бостандық сияқты мәселелерді шешу кезінде де қолданылуы мүмкін.

Діни конверсия теориялары адамның жеке, әлеуметтік, мәдени және психологиялық қажеттіліктерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл теориялардың көптүрлілігінен діни конверсия феноменінің күрделі және көпқырлы сипатын көруге болады. Әр теория өз алдына маңызды, бірақ діни конверсияны толық түсіну үшін олардың өзара байланысын зерттеген жөн.

Жоғарыда қарастырылған теориялар қазақ қоғамындағы діни құбылыстарды талдауға да мүмкіндік береді. Қазақстанның мәдени және діни ерекшеліктерін ескере отырып, бұл теорияларды жергілікті әлеуметтік және мәдени контексте қолдану маңызды. Мәселен, постколониялық теория қазақ қоғамындағы тарихи дін өзгерістерін түсіндіруге көмектессе, әлеуметтену теориясы қазіргі қоғамдағы діннің рөлін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар діни конверсияның себептерін ғана емес, оның салдарын да қарастырған абзал. Бұл қоғамдағы діни плюрализмді басқаруға, діни бостандықты қорғауға және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Осылайша діни конверсия феномені тек діни зерттеулерде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік саясатты дамытуда да маңызды орын алады. Жалпы, діни конверсия құбылысын терең түсіну үшін әртүрлі теорияларды бірге қарастырып, олардың өзара байланысын зерттеу маңызды. Бұл қоғамда болып жатқан дін ауыстыру үдерістерін

толықтай ұғынуға және оларды реттеудің тиімді әдістерін табуға мүмкіндік береді.

1.3 Діни конверсия және діни бірегейліктің өзара ықпалдастығы

Діни конверсия ұғымын зерттеген кезде діни бірегейлік ұғымына да тоқтала кеткенді жөн көрдік. Біз сөз еткелі отырған бірегейлік ұғымы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласында ең көп қарастырылатын тақырыптар қатарына жатады. Атап айтар болсақ, әлеуметтану, психология, философия, саясаттану, әдебиет және дінтану сынды ғылым салаларында талқыланып жүрген ұғымдардың бірі. Психологтар бірегейлікті адамның тұлғалығын, өзін, басқалардан ерекшелігін қарастырады. Мысалы, психологтар адамның жеке басын анықтап, талдауға тырысады. Ал, әлеуметтанушылар болса, әлеуметтік бірегейлік ретінде қоғамдағы жынысы мен таптық ерекшеліктеріне мән береді. Яғни адамның әлеуметтік жағдайына да көп көңіл бөледі. Философия ғылымы бірегейлік мәселесін кең және ауқымды тұрғыдан қарастырады. Яғни адам бірегейлігінің ішінде оның болмыстық, гносеологиялық, этика және эстетикалық мәселелерін қоса қарастырады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бірегейлік ұғымы алғашында адамға қатысты, яғни жеке субъектіні зерттеу барысында ғана көрініс тапса, XX ғасырдың ортасында бұл ұғым топтық әрі әлеуметтік бірегейлік мәселелеріне қатысты зерттеуден көріне бастады. Осы жағдайдан кейін бірегейлік термині психоанализ және психология ғылымымен ғана шектелмей, гуманитарлық ғылым салаларының маңызды бөлшегіне айналды. Еуропа мемлекеттерінде ұлттық сана бірегейлігінің, қоғамдағы бірегейліктің көптүрлілігіне өту барысында қалыптасқан жаңа бірегейліктердің сипаты мен мәнін тану тұрғысынан зерттеле бастады. Яғни мультимәдениет бағытының негізінде орын алған әртүрлі тұжырымдарды зерттеу алаңына айналуы, адамның ондағы алатын орны, отарлық жүйенің құлдырау кезінде жаңа ұлттардың қалыптасу үдерістері, жаһандану дәуіріндегі мәдени өзгерістердің мәнін философия тұрғысынан түсіну мәселелері қарастырылды [97, б. 450].

Тарихшы ғалым, профессор Филипп Глисонның пікірінше, «Бірегейлік» (identity) ұғымы әлеуметтік ғылымдарда негізгі іргелі ұғымдардың біріне жатады. 1950 жылдары жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас жайлы қарастырған кезде осы ұғым міндетті түрде қолданылады [98, б. 67].

Бірегейлік түсінігінің ауқымы өте кең және әр ғылым саласы бұл ұғымды өзіне тиесілі тақырып аясына қатысты қарастырады. Сол себепті нақты бір анықтама беру де қиын. Қазіргі ағылшын тіліндегі «identity» «бірдей» деген ұғымның бастауы болатын «idem» ұғымынан пайда болған. Ғалымдар қазақ тілінде де түрлі аудармаларды ұсынып жүр. «Ағылшын тіліндегі осы «identity» түсінігінен алшақтамай, «Айдентика» деп алайық» деген пікір білдіргендер де бар. Бірақ бұрыннан «бірегейлік» деп қолданылып келе жатқан соң әрі біраз еңбектер мен ғылыми мақалаларда көбіне солай жазылып жүргеннен кейін ұғым атауын өзгертпей, сол күйінде қолданған дұрыс деп шештік.

Жалпы бірегейлік – «Мен кімін?» және «Мен қайда тиесілімін?» деген сұрақтарға қатысты ұғым. Адам өзінің кім екенін және қайда тиесілі екені жайлы ойлана бастаса, демек өзінің бірегейлігін анықтай бастады деген сөз. Атақты әлеуметтанушы ғалым Зигмунт Бауман «бірегейлік» – ол «айқынсыздықтан құтылу» деген анықтама береді [99, б. 92].

Себебі адам өз бірегейлігін тапқан кезде өзінің кім екенін де айқындайды. Қай қоғамға тиесілі екенін түсінеді. Мысалы, ұлттық бірегейлікте «Қазақ» немесе басқа ұлт екенін таба алады. Жалпы бірегейліктің түрі өте көп. Мысалы, жоғарыда айтылған ұлттық бірегейлік, әлеуметтік бірегейлік, тұлғалық бірегейлік, діни бірегейлік және тағысын тағы деп тізе беруге болады. Зигмунт Бауманның тұжырымдамасы бойынша постмодернизм қоғамында адамдардың бірегейліктері, әсіресе, ұлттық бірегейлігі біршама әлсірейді. Ұлттық сезімдері әлсірейді. Постмодернизм қоғамында ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрдің адам өміріне деген ықпалының әлсіреуі де – ұлттық немесе рухани бірегейліктің әлсіреуіне әкеп соқтыратын факторлардың бірі.

Постмодернизм қоғамында пайда болған мәселелер салдарынан адамдардың жеке басын түсіну үшін дінге қарай бет бұрғаны байқалады. «Постмодернизмнің айрықша белгілерінің бірі – адамның дінге қайта оралуына мүмкіндік жасау. Әсіресе посткеңестік мемлекеттерде бұл қатты байқалады. Кейбір ойшылдар дінді қазіргі заман талқандап, нәзік етіп жіберген әлеуметтік шындықты қалпына келтірудің шешімі ретінде қарастырады [100, б. 56].

Демек, дін мәдениет ретіндегі тұлғаны анықтайтын өлшемге ие. Әсіресе Еуропа мемлекеттерінде бірегейлігінен айырылған кейбір христиан дінін ұстанушылардың исламға келгені байқалады. Сол себепті ислам діні мәдениет ретінде тұлға қалыптастыруға да үлкен үлес қосып отыр. Сонымен исламның тұлға қалыптастыруға қосқан мәдени және рухани үлесіне бүгінгі таңда батыс зиялылары да назар аударып отыр. Ағылшын ғалымы Ернест Геллнер бүгінгі күні бәсекелестікте тұрған үш негізгі ағым туралы айтады. Бұлар, әсіресе, ислам дінін бейнелейтін ислам ағымдары, постмодернизмде бейнеленген релятивизм және модернизмде көрініс тапқан ағартушылық рационализм [101, б. 26].

Ғалымдардың пайымдауынша, соңғы уақытта Батыс мемлекеттерде ислам дінінің қарқынды дамып, таралып жатқаны айқын байқалады. Діни немесе ұлттық бірегейлігінен айырылған кейбір христиан дінін ұстанатын елдер ислам дінінің таралуына жол ашып отыр. Бұл ислам дінін қабылдаған христиандарды зерттеген ғалымдардың еңбектерінде байқалады. Әсіресе Али Көсенің зерттеуіндегі ислам дінін қабылдаған ағылшындардың тәжірибелерінен көруге болады. Сонымен қатар посткеңестік мемлекеттерде христианға қарағанда ислам дінінің қарқынды дамығанын байқауға болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, комунистік және атеистік режимді басынан өткен ұлттардың көбі бірегейліктерін жоғалтқан. Осы режим кезінде әсіресе ұлттық және діни бірегейліктер қатты әлсіреді. Сол себепті қазақ ұлты өз бірегейліктерін ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін жаңғырту арқылы, сондай-ақ қоғамда ислам дінін жандандыру арқылы бірегейліктерін анықтап отыр. Ал қазақ қоғамында қазақтардан басқа ұлттар өз бірегейлігін

калыптастыра алды ма? Әрине олардың да бұл бағытта ізденгені анық. Сол ізденістердің нәтижесінде дінге келуі де мүмкін. Комунистік және атеистік режимнен зардап шеккен христиан дінінің қазақ қоғамында қаншалықты дамығанын дөп басып айту қиын. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары исламның жандануының, исламдық білім беретін медреселер мен университеттердің ашылуы мен шетел университеттерінен исламдық терең білім алып келген ұстаздардың арқасында исламдық білім беру институттары қарқынды дамыды деп айта аламыз. Бұл өз кезегінде мұсылмандардың бірегейліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Ал қазақ қоғамындағы христиан діні ше? Христиан дінін ұстанатын ұлттар өз ізденістеріне жауап бере ала ма? Әрине жауап бере алады деп айту қиын.

Қазақ қоғамындағы басқа ұлттар алдымен өз дінімен таныспай жатып, діни тұрғыдан немесе мәдени тұрғыдан дамып жатқан ислам дініне кезігуі де әбден мүмкін. Сондықтан бірегейлік тақырыбында діни бірегейліктің де маңызы өте зор. Енді осы діни бірегейлікке тоқталып өтсек.

Әлеуметтану білімінде діни сәйкестендіру механизмін әрқилы түсіндіретін екі теориялық дәстүр қалыптасқан. Бірінші дәстүр М.Веберден бастау алады [102, б. 334-339].

Бұл дәстүрге сәйкес дін ең алдымен адамдардың әрекеттері арқылы танылады. Дюркгеймдік деп аталатын екінші дәстүр бойынша дін адамға Құдайдың жазасына, қаһарына ілікпеу үшін көптеген әрекеттерді орындау, нақты ережелерді сақтау міндетін жүктейді. Егер қандай да бір діни норма бұзылса, оның айыбын өтеу үшін адам әлдебір әрекетке баруға мәжбүр болады.

Діни бірегейлік феноменін қарастыру белгілі бір конфессияға жататындығы туралы мәселені шешуді міндеттейді. Діни бірегейлік және конфессиялық ұғымдар мазмұнының әртүрлі екенін айта кеткен жөн. М.Мчедлова бірінші ұғымды «белгілі бір діни ілімге қатысты адамның немесе адамдар тобының өзін-өзі тану нәтижесі» деп анықтайды [103, б. 130-136].

Автор діндарлықты жалпы сенім құбылысы саналатын ішкі діндарлық және діни тәжірибелерде, рәсімдерде және т.б. көрініс табатын сыртқы діндарлық деп екі нұсқада қарастырады.

Діни бірегейлік белгілі бір конфессиямен байланысты емес діни топқа тиесілі болу санатын анықтайды. Біз мұны адамның табиғаттан тыс күштермен қарым-қатынас орнататын және бірнеше формада жүзеге асырылатын кей жан-жақты әлеуметтік жүйеге сай жеке адамның өзін-өзі тануы деп түсінеміз.

Конфессиялық бірегейлік – бұл ауызша жеткізілген немесе жазбаша түрде жазылған ережелер, талаптар, қағидалар, догмалар жүйесін реттейтін белгілі бір дінмен өзін сәйкестендіру. Жеке адамды белгілі бір нақты дінмен сәйкестендіру көбіне тиісті аумақты, этностық топты және өмір салтын сәйкестендіруді анықтайды. Бұл зерттеу жұмысында конверсия арқылы жеке адам дүниетанымының өзгеруін зерттеуге сәйкес келетін «діни бірегейлік» ұғымы қолданылады. Тэдждфелдің пікірінше, әлдебір топқа саналы түрде тиесіліктің қалыптасуы бірізді үдерістерді әлеуметтік категориялау, әлеуметтік сәйкестендіру және әлеуметтік салыстыру, әлеуметтік кемсітушілік схемасы арқылы жүреді. Дж. Тернер бұл үдерістерді былайша анықтайды:

1. Әлеуметтік категориялау – бұл өзара әрекеттесуге қатысушының рөлдік ұстанымына сүйене отырып, адамға қоршаған орта туралы ақпаратты жүйелеу мен ұйымдастыруға мүмкіндік беретін когнитивтік үдеріс.

2. Әлеуметтік сәйкестендіру адамның эмоциялық және бағалау құндылығымен сипатталатын әлдебір әлеуметтік топпен өзін-өзі ұқсастыру үдерісі болып табылады.

3. Әлеуметтік салыстыру – бұл ин-топтар мен аут-топтарды салыстыру үдерісі, оның негізінде әлеуметтік тиесілік сезімі мен топтар арасындағы кемсітушілік құбылысы қалыптасады.

4. Әлеуметтік кемсітушілік аут-топтық дұшпандықпен бірдей.

Г.Тэдджфел мен Дж.Тэрнер өз тұжырымдамаларында әлеуметтік категориялау үдерісінің нәтижесі ретіндегі әлеуметтік бірегейліктің кейбір жалпы ережелерге негізделетінін, соның ішінде жеке адам позитивті «Мен-тұжырымдамаға» ұмтылатынын алға тартады. Бұл оның өзіндік бағасын сақтап қалуға немесе көтеруге деген ұмтылысынан туындайды деген тұжырымды негізге алғанын айтады [104, б. 8]. Әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыруға қатысатын белгілі бір топтарды бағалау арқылы позитивті және негативті бірегейліктің бар екені туралы айтуға болады. Белгілі бір қауымдастыққа тиесілік, топқа мүшелікке өту және топтың өзі позитивті немесе негативті құндылықтармен байланысты. Адам ин-топты бағалаған кезде оның маңызды қасиеттерін әлеуметтік салыстыру арқылы басқа топтармен байланыстырады [105, б. 149].

Г.Тэдджфелдің айтуынша, топқа үйренісу сезімінің күшеюі аут-топтар тарапынан ин-топтың кемсітушілік сезімінің артуымен байланысты. Егер жеке адам кемсітушілікке тап болған, төмен мәртебелі топтарға қосылса, онда негативті әлеуметтік бірегейлік қалыптасуы мүмкін. Мұндай жағдайда адам өз тобынан кету және жоғары мәртебеге ие болу немесе өз тобы үшін позитивті бейне жасау арқылы позитивті бірегейлікке қол жеткізуге тырысады [105, б. 150].

Тұжырымдама авторлары жеке тұлғаның «Мен-тұжырымдамасында» бір әлеуметтік бірегейліктің басқаларына үстемдік етуі үшін екі шарт қажет деп санайды:

1) топ ішіндегі айырмашылықтарға қарағанда, топтар арасындағы айырмашылықтар анығырақ болуы керек;

2) объективті топаралық айырмашылықтар осы топтардың күткен нормативтік мінездемелеріне сәйкес келеді.

Канада зерттеушілері әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. Атап айтсақ, олар: С.Е. Эмиот пен Дж. Терри. Бұл модель әлеуметтік категориялау теориясына негізделген әлеуметтік топқа тиесілік сезімін қалыптастыру үдерісін көрсетеді. Әлеуметтік бірегейліктің дамуы төрт кезеңге сәйкес келеді [105, б. 178].

Бірінші кезең бастапқы категориялау деп аталады, бұл кезде бірегейліктің интеграциялық үдерісі іске қосылады. Бұл кезең жаңа әлеуметтік топқа мүше болғанға дейін және адамның әлеуметтік бірегейлігін қайта қарау сәтінде өте маңызды өмірлік өзгерістермен бетпе-бет келгенге дейін көрінеді. Бірегейлікті

калыптастырудың бірінші кезеңі адам өміріндегі күтпеген өзгерістерге байланысты болмауы мүмкін. Жаңа әлеуметтік топқа өз қасиеттерін көшіру бастапқы категориялаудың ерекше белгісі саналады. Соның нәтижесінде жаңа қоғамдастыққа тиесілігі туралы алғашқы саналы түсінігі қалыптасады.

Категориялау кезеңі жеке адамның өз өмірін трансформациялайтын жағдайлармен бетпе-бет келген кезде іске қосылады, бұл – әлеуметтік бірегейлікті қалыптастырудың екінші кезеңі. Сонымен қатар адам жаңа топтың мүшесі ретінде әрекет етеді. Соның арқасында топтық бірегейліктер мен топтар арасындағы айырмашылықтардың қақтығысуына байланысты адамның жаңа топпен ұқсастығы артады. Бір уақытта бірнеше қауымдастықпен сәйкестендірілу әзірше қиын. Категориялау кезінде әлеуметтік бірегейлік құрылымында жаңа топтық бірегейлік басым болады, ал бірегейлік компоненттері бір-бірінен оқшауланып, өзі туралы тұтас көрініске, адамның өзін-өзі анықтауындағы біртұтас бейнені қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Үшінші – оқшаулау кезеңі жаңа топ өкілдері арасындағы неғұрлым қарқынды байланыстармен сипатталады, осылайша әлеуметтік бірегейліктің әртүрлі аспектілерін өзектендіруге жағдай жасалады. Тұлға өзінің бірнеше ескі және жаңа қауымдастыққа жататынын түсінеді, сонымен бірге бір-біріне сәйкес келетін бірегейліктің көп екенін біледі. Оқшаулану сатысы бірегейліктердің қиылысатынын, олардың арасындағы байланыстардың артатынын білдіреді, бірақ бірегейлік компоненттері арасындағы ықтимал қайшылықтарды жеке адам сезіне алмайды.

Соңғы кезең – интеграция кезеңі. Бұл кезеңде адам бір-бірімен өзара байланысты көп бірегейліктің тең маңыздылығын түсінеді. Олардың арасындағы қайшылықтарды болдырмау мен шешу үшін бірегейліктерді біртұтас әлеуметтік бірегейлікке біріктірудің интеграцияланған үдерісі жүреді.

Америкалық әлеуметтанушы Х.Мол діни сезімге бірегейлікті «сакралдандыру» функциясы тиесілі дейді. Х.Молдың пікірінше, сакралдандыру – бұл «қасиетті атану немесе қасиетке ие болу үдерісі» [106, б. 47].

Автор діннің жеке және әлеуметтік бірегейлікті қалай сакралды ететінін көрсетеді. Тұлғалық және әлеуметтік бірегейліктің діни сезімнің, өнердің немесе шығармашылықтың арқасында күшті әрі тұрақты сипатқа ие болатынын алға тартады. Соған сәйкес діни сезімнің сапалық өзгерісі жаңа бірегейлік қалыптастыра алады. Бірегейліктің өзгеруі адамның өзіне, өзінің мінез-құлқына, адамдармен қарым-қатынасына деген көзқарасын өзгертуді қамтиды. Бұл дінге сенім білдірушінің өз өміріне және айналасындағыларға қатысты белсенді ұстанымын жақсы көрсетеді.

Діни және әлеуметтік бірегейліктің арақатынасын С.Роккас пен М.Брюердің күрделі әлеуметтік бірегейлік теориясы арқылы суреттеуге болады. Бұл ғалымдар ол әлеуметтік бірегейліктің тұжырымдамасын алға тартады [106, б. 120]. Авторлар бірегейліктің әртүрлі үйлесімділігі мен олардың арасындағы байланыс сипатына сүйене отырып, бірегейлік элементтерінің бір мезгілде байқалатын төрт типін ажыратады [107, б. 18-22].

1) *Қиылысу* (in-tersection) – жеке адамда оны бірнеше бірегейлікке ие адамдардың бір тобымен байланыстыратын элементтердің болуы. Мысалы, зерттеушілер мұсылмандықты жақында қабылдап, мұсылман болған орыс әйелдің әлеуметтік бірегейлігін зерделей келе, оның бойынан маңызды гендерлік, діни және азаматтық бірегейлікті танытатын дәлелдер табады және бірегейліктер қиылысқан кезде ол өзін мұсылман дініндегі орыс ұлтының әйелдер тобымен, яғни осы үш бірегейлікке де ие топ мүшелермен байланыстырады. Бұл жағдайда әйел өзін әр топпен бөлек байланыстыра алмайды;

2) *Басымдық* (dominan-ce) – жеке адам үшін бірнеше бірегейлік маңызды болған кезде бірі екіншісінен үстем тұратын бірегейлік арасындағы қатынас түрі. Орыс мұсылман әйеліне қатысты мысалға оралайық, ол, ең алдымен, өзін әйелдер тобымен сәйкестендіреді, содан кейін ғана өзін ислам дінінің жолын қуушы ретінде сезінеді, гендерлік бірегейлік діни бірегейліктен басым болады;

3) *Ұсақтау* (compartmentalization) бірегейліктердің қатар өмір сүруінің түрі ретінде бірегейліктердің дербес жұмысын айқындайды, олардың әрқайсы өздеріне сәйкес келетін жағдайда өзектілендіріледі. Бұл түр өзі үшін маңызды көптік бірегейліктері бар жеке адамға сәйкес келеді.

4) *Біріктіру* кезінде (merger) жеке адам өзінің бірегейліктерінің әрқайсының маңызы бірдей деп санайды, бұл әлеуметтік бірегейлік элементтерінің біртұтас жүйесінің көрсеткішіне жатады. Сонымен қатар мұндай үйлесімділікті мүмкін ететін біріктіруші когнитивтік белгінің болуы шарт.

Бірегейліктерді зерттеудің теориялық негізін қарастыра келе, діни сәйкестендірудің екі компоненті бар деуге болады: 1) негізгі құрамдас бөлік – «трансценденттік» болмыстың және Құдайдың бар екенін жалпы мойындаудан көрінеді; 2) конфессиялық бөлігі – адамның өзін әлдебір конфессиямен сәйкестендіруінен байқалады. Адамды әлдебір қауымдастықпен сәйкестендіру ахуалдық сипатта болады әрі әлеуметтенудің дамуы мен жаңа тәжірибе жинауына сәйкес өзгеріп отырады. Әлдебір топпен сәйкестендіру дәрежесі мен оның маңыздылығы ахуалдық сипат алады әрі өмір бойы үздіксіз өзгереді. Өртүрлі жағдайлар, әлеуметтік-мәдени өзгеріс салдарынан әлеуметтік сәйкестіліктің жекелеген компоненттері өзектендірілуі немесе ығысуы мүмкін.

Әлеуметтік бірегейлік дегеніміз – әлеуметтену кезінде қалыптасқан және әртүрлі әлеуметтік топтарға мүше болу мен тиесілі болу сезімінен туындаған сәйкестендіру қасиеттерінің жиынтығы. Питер Бергер мен Томас Лукманның пікірінше, бірегейлік дегеніміз – бұл топтың барлық мүшесінің қолдауына ие болған әрі үнемі жаңа тұрғыдан түсіндіру мен түрлендіруге дайын символдық әлеуметтік мағыналардың белгілі бір жиынтығы. Әлеуметтік бірегейлік категориясы әлеуметтік рөл, әлеуметтік мәртебе, әлеуметтік мінез-құлық ұғымдары арқылы ашылады.

Діни конверсия үдерісін бірнеше негізгі ұғымдар арқылы түсіндіруге болады. Мұндай ұғымдар ретінде діни конверсия, жеке тұлғаның елеулі өзгерістерге ұшырауы, діндарлық, діни сана, діни бірегейлік, діни тәжірибе, діни әлеуметтену, дінге жаңа келген адам (конвертит), ислам сынды бірнеше

ұғымды атап өтуге болады. Діндарлық категориясы дінге келушінің тиісті жеке жағдайына байланысты болып табылатын діни, конфессиялық, әлеуметтік сәйкестілік және діни тәжірибе ұғымдары арқылы анықталады. Бұл ұғымдар діни және әлеуметтік бірегейліктің өзгеру факторы ретінде конверсия үдерісін зерттеу кезінде маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік рөл – бұл адамның мәртебесіне қарай одан күтілетін мінез-құлық. Бұл – белгілі бір мәртебеге бағдарланған мінез-құлық моделі, белгілі бір мәртебе үшін белгіленген құқықтар мен міндеттерді орындауға бағытталған мінез-құлықтың үлгі ретіндегі түрі (Р.Линтонның пікірі бойынша).

Әлеуметтік мәртебе – белгілі бір белгілері (этностық, кәсіби және т.б.) бойынша анықталатын әлеуметтік жүйедегі жеке тұлғаның ұстанымы (жай-күйі). Бір адамға тиесілі барлық мәртебе жиынтығы мәртебелер жиынтығы деп аталады. Әдетте әр мәртебе бірнеше рөлдің орындалуын қамтиды (Р.Линтонның пікірі бойынша).

Әлеуметтік мінез-құлық – жеке адамның әлдебір әлеуметтік рөлді жүзеге асыру мақсатында орындайтын өзара тығыз байланысты әрекеттерінің жүйесі. Қоғамдағы жеке тұлғаның мінез-құлқы бірінші, уәжделген жағдайда, екінші, басқа адамдардың мінез-құлқына бағытталған жағдайда әлеуметтік деп танылады (М.Вебер).

Діни конверсия үдерісі кезінде адамның мінез-құлқы да өзгереді. Әрине тұлғаның өзіне және қабылдап жатқан дініне байланысты бұл өзгерістер әртүрлі формада жүзеге асады. Мысалы, діни конверсия үдерісі алғаш басталған кезде адам көбіне ой мен ізденіс үстінде жүрсе, уақыт өте келе, адам өзінің іздегенін тапқандай күй кешіп, көңілі көтеріліп, жаны жадырауы мүмкін. Осы сынды бірнеше күйді бастан өткереді. Ақыр соңында діни конверсиядан кейін адам толықтай басқа тұлғаға айналады.

С.Эмиот пен Д.Терридің әлеуметтік бірегейлікті дамыту моделі бірегейліктің жаңа компонентін қалыптастыру немесе қолданыстағы бірегейліктің бірін өзгерту арқылы тұлғалық бірегейліктің түрлену үдерісін егжей-тегжейлі көрсетеді. Өйткені бірегейлік пен діни конверсия тақырыбы – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Осы жұмысымызда зерттелінген діни конверсия құбылысы конвертиттің діни бірегейлігін өзгертеді немесе оны қайта қарастырады, тіпті конверсия оқиғасы деңгейіне дейін қалыптасады. Бұл көбіне адамның әлсіз діндарлығына негізделеді.

Негізінен дінді өзгерту дегеннің өзі – бұл бірегейлікті өзгерту деп айтуға толық негіз бар. Себебі дінін ауыстырған адамдардың өмірінде үлкен өзгеріс болады. Діни бірегейліктері толық өзгеріске ұшырайды. Бұрынғы діни бірегейлігінің орнына жаңа діни бірегейлік қалыптасады. Ол басқа қоғамға тиесілі бірегейлік болуы мүмкін. Зерттеушілердің діни конверсия бұл үлкен өзгеріс әкелетін үдеріс деп жататыны да – сол. Тарихқа үңілсек, Осман империясы кезінде мұсылмандықты қабылдаған Янычарларды (христиан дінін ұстанатын ұлттардың балаларын ислам ережелеріне сай тәрбиелеп өсіріп, жасақталған Осман әскерлері) мысалға келтіруге болады. Әрине бұл жерден дінді күштеп ауыстыру оқиғасы болмаса да, дінін ауыстыру арқылы басқа діни бірегейлікті қалыптастырып, басқа мәдениетке қызмет ету, өзін басқа

мәдениеттің өкілі ретінде қабылдау сезімін көруге болады. Қоғамның исламды қабылдаған мұндай өкілдері өздерін толықтай Османлы сезінетіні анықталды. Османлы сезіну, өзін мұсылман сезінумен бірдей. Екеуі – синоним тәріздес.

Орыс патшалығы тұсында жүзеге асырылған шоқындыру саясатын да дінді күштеп өзгертудің жарқын үлгісі деуге болады. Осы шоқындыру саясаты ауыр тиген ұлттардың бірі – татар ұлты. «Шоқынған Татарлар» атымен танылған бұл қауым соңында христиан және орыс мәдениетіне толықтай сіңіп кетті. Христиан бірегейлігі мен орыс ұлттық бірегейлігін толық қабылдап, өздерін сол мәдениет өкіліміз деп сезінді. Бұл тұста татар ұлтының шоқынған кейбір қауымын мысалға келтіруге болады. Бұл қауым өздерін толығымен христиан бірегейлігіне тиесілі қауымбыз деп санайды. Осы мысалдан көріп, діни конверсия мен бірегейлік арасында тығыз байланыстың бар екеніне тағы көзіміз жетіп отыр. Жаңа дін жаңа бірегейлікті қалыптастырады. Дін ауыстыру – бұл бірегейлік ауыстыру деген сөз. Бірегейлік ұғымы мен діни конверсия арасындағы байланыс – әлеуметтік, мәдени және рухани аспектілерді терең зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Бірегейлік адамның өзін-өзі тану және қоғамдағы орнын анықтау үдерісі ретінде қарастырылады, ал діни конверсия бұл үдерістің жаңа бірегейліктің қалыптасуына әкелетін ерекше түрі саналады [108, б. 809].

Діни конверсия – жеке тұлғаның діни сенімі мен тәжірибесінің өзгеруі нәтижесінде оның өмірінде түбегейлі өзгерістердің тууына себеп болатын үдеріс. Бұл өзгерістер жаңа діни бірегейлікті қалыптастырып, адамның мәдени, әлеуметтік және жеке құндылықтарын қайта қарауына әкеледі. Діни бірегейліктің өзгеруі жеке тұлға деңгейінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және этникалық деңгейлерде де маңызды әсер туғызады. Жаңа дінге бет бұрған адам жаңа әлеуметтік топтың немесе мәдениеттің бір бөлігіне айналып, өзін сол қауымдастықпен сәйкестендіреді. Бірегейлік ұғымы адамның жеке және әлеуметтік өзін-өзі тануымен тығыз байланысты. Бұл үдеріс қоғамдағы түрлі мәдени, әлеуметтік және діни факторлармен ұштасып, адамның рухани және психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Діни конверсия – бұл бірегейліктің жаңа қырларын қалыптастыруға әкелетін маңызды феномен. Оның нәтижесінде адамның өмірге, қоғамға және өзіне деген көзқарасы түбегейлі өзгереді. Діни конверсияны зерттеу барысында оны бірнеше қырынан қарастыруға болады.

Діни конверсияның психологиялық аспектілері тұлғаның жаңа құндылықтар мен ережелерді қабылдауы арқылы өзін-өзі қайта анықтауымен сипатталады. Бұл өзгеріс адамға жаңа рухани бағдар береді, сонымен қатар оның бұрынғы көзқарастарымен байланысқан ішкі қақтығыстарды жеңуге көмектеседі. Конверсия барысында адамдар көбінесе ішкі тыныштық пен мағыналы өмірге ұмтылады, бұл оларға жаңа бірегейлікті тез қабылдауға мүмкіндік береді.

Діни конверсия әлеуметтік байланыстарға тікелей әсер етеді. Конвертит жаңа діни қауымдастықтың мүшесіне айналып, өзіне жаңа әлеуметтік рөлдер мен мәртебелерді қабылдайды. Бұл үдеріс адамның бұрынғы ортадан алшақтап, жаңа қоғаммен араласуына түрткі болады. Конверсияның әлеуметтік

аспектілері діни ұйымдардың қолдауымен және олардың адамдарға рухани орта қалыптастырудағы рөлімен тығыз байланысты.

Дін – мәдениет элементтерінің бірі ретінде тұлғаның жаңа өмірлік нормалар мен құндылықтарды қабылдауына ықпал етеді. Жаңа дінді қабылдаған адам жаңа мәдени тәжірибелерді игеріп, бұрынғы салт-дәстүр мен өмір салтына сын көзбен қарай бастайды. Бұл үдеріс әсіресе жаһандану заманында анық байқалады, себебі мәдениеттер мен діндердің бір-бірімен өзара ықпалдастығы қарқынды дамып келеді.

Қазіргі демократиялық қоғамдарда діни конверсия үдерісі ерікті түрде жүзеге асқанымен, ол әлі де күрделі және көпқырлы құбылысқа жатады. Әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторлар бұл үдерістің негізгі қозғаушы күштері ретінде маңызды рөл атқарады. Жаңа дін қабылдау жаңа діни, әлеуметтік және мәдени бірегейліктің қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның өзіндік түсінігі мен қоғамдағы орнын анықтауына әсер етеді.

Қорыта айтқанда, діни конверсия мен бірегейлік – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Дін ауыстыру – тек сенімнің өзгеруі емес, сонымен қатар жаңа бірегейлікті қалыптастырудың күрделі үдерісі. Бұл мәселені тереңірек зерттеу діни конверсияның жеке тұлғаға және қоғамға әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, бірегейлік пен діни конверсияны зерттеу олардың өзара байланысын терең ашып, қазіргі замандағы рухани-мәдени өзгерістерді түсінуге жол ашады. Қазіргі жаһандану дәуірінде бірегейлік пен діни конверсия мәселесі ерекше маңызды орын алады. Діни конверсия адамның өміріндегі күрделі рухани, мәдени және әлеуметтік өзгерістерге әкеліп, оның жаңа бірегейлігін қалыптастырады. Бұл үдеріс арқылы адам өзін жаңа құндылықтар мен өмір салтына сәйкестендіріп, қоғамдағы орнын қайта анықтайды.

Діни конверсия мен бірегейліктің өзара байланысын зерттеу қазіргі заманның мәдени, әлеуметтік және рухани өзгерістерін түсінуге көмектеседі. Конверсия – тек жеке тұлғаның өзгеруі ғана емес, сонымен қатар қоғамның мәдени және діни құрылымындағы трансформациялық үдерістердің айқын көрінісі. Бүгінде бұл тақырып өте өзекті тақырыпқа айналып отыр. Бұл іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Осы тақырыпқа қатысты зерделі зерттеу жүргізіп, тұщымды тұжырым жасау – болашақтың еншісінде.

Зерттеу жұмысымыздың алғашқы тарауында діни конверсия ұғымы, оның зерттелу тарихы мен теориялық негіздерін жан-жақты қарастыруға тырыстық. Жалпы, діни конверсия ұғымы туралы сөз еткенде исламға конверсиялану мәселесіне де тоқтала кеткен абзал. Исламға конверсиялану – жіті зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып. Батыс пен шығыс елдеріндегі исламға конверсиялану көріністерін жұмысымыздың екінші тарауында ұсынамыз.

2 ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ИСЛАМҒА КОНВЕРСИЯЛАНУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

2.1 Ислам дінінің таралуы және арабтар мен түркі халықтарының ислам дінін қабылдау тарихы

Ислам дінінің пайда болуы VII ғасырда Араб түбегінде Мұхаммед пайғамбардың пайғамбарлық миссиясымен тікелей байланысты. Ол қоғамдағы әділетсіздіктер мен жаман әдеттерге қарсы тұрып, адамгершілік пен теңдікке негізделген жаңа сенім жүйесін ұсынды.

Мұсылмандыққа ең алғашқы конверсиялану әрине ислам дінінің араб жеріне келуінен басталды. Ислам діні бәрімізге мәлім болғандай, ең алғаш араб түбегінен Мұхаммед пайғамбардың шығуымен тығыз байланысты. Ең алғаш ислам дініне конверсияланғандар ретінде араб халқын айтамыз. Яғни ең алғашқы мұсылмандар. Осы кезеңдерде болған исламға конверсияланудың алғашқы тәжірибелері туралы тарихи деректер негізінде ғана айта аламыз. Осы кезеңдегі діни конверсия туралы түсінік қалыптасу үшін ислам тарихындағы оқиғаларға қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Ислам дінінің араб халықтарына келуінің де өз ерекшеліктері бар. Ислам ғалымдарының көбі исламның араб жеріне келуін арабтардың азғындалуымен байланыстырады. Ислам тарихшылары исламға дейінгі алғашқы кезеңді Жаһилия кезеңі деп атайды. Жаһилия кезеңінде ішімдік ішу, құмар ойындар мен әлсіздерге зорлық-зомбылық көрсету кең тараған. Әсіресе әйел адамдарға аяусыз зорлық көрсетілді. Әйелдерге көбіне күң немесе зат ретінде қарады. Қалаған уақыттарында пайдаланып, сатып жіберу сияқты оқиғалар көп кездесетін. Қыз бала туса жамандық, бақытсыздық әкеледі деген түсінік болған. Сол себепті кейбір арабтар өз қыздарын туылғанда тірідей көміп тастайтын. Жоғарыда айтқанымыздай, жаман қасиеттер мен дәстүрлердің көбеюі қоғамды ретке келтіретін бір жүйенің келуін талап етті. Ол жүйе ислам діні еді.

Исламға дейін арабтарда дін болмады деп айта алмаймыз. Арабтарда да діни түсініктер болған. Тек бір сенім болды деп айта алмаймыз. Себебі бірнеше тайпа өмір сүргеннен кейін бірнеше діни сенім болатыны хақ. Тек бір құдайға сенетін, Ибраһим пайғамбардың сеніміне негізделген «ханиф» діні, пұтқа табынушылар, Яхуди не христиан дінін ұстанатын арабтар жамағаттары да болған. Сондай-ақ сол тұстағы қоғамда дінге сенбейтін атеистер, жұлдыз жорамалдарға сенетін балгерлер мен сиқыршылар да белсенді еді.

Арабтардың исламға конверсиялануында ерекше рөл ойнаған тұлға – Мұхаммед пайғамбар. Пайғамбарды есепке алмағанда, ең алғашқы ислам дінін қабылдағандардың бірі – ол пайғамбардың жан жары. Содан кейін басқа адамдар да біртіндеп ислам дінін қабылдай бастады. Ислам дінін алғаш қабылдаған санаулы адамдар қатарында әлі он жасқа толмаған Али ибн Әбу Тәліп, Әбу Бәкір әс-Сыддық, пайғамбардың азат еткен құлы Зайд ибн Хариса, Осман ибн Аффан, Зубайр ибн Аууам, Абдурахман ибн Ауф пен Сағд ибн Әбу Уаққастар да болды [109, б. 12]. Ислам дінін көбіне әйелдер қауымы жақсы қабылдады. Себебі Жаһилия қоғамында құқын аяқасты етіп, ешкім адам ретінде санамаған әйелдерге ислам діні үлкен мәртебе берді. Сондай-ақ ислам дінін

қабылдағандар қатарында кедейлер мен құлдардың да саны басым болды. Өйткені ислам діні кедейлер мен әлсіз, мұқтаж адамдарға көмек қолын созуды насихаттайтын діндер қатарына жатады.

Ислам дініне шақыруға қарсы болғандар да жетіп-артылды. Олардың ішіндегі ең атақты және белсенділері – әлеуметтік статусы жоғары, Мекке қаласында үлкен құрметке ие беделді отбасылардан шыққан жастар болды. Бұл топтың ең атақты өкілі – Халид ибн Сайд ибн әл-Ас. Бұлар – өте танымал отбасылардың ұрпақтары болды әрі пайғамбарға қарсылық көрсеткендер де – осылар.

Исламды насихаттау ісі үш жыл жасырын жүргізілді. Кейін пайғамбарға дінге шақыруды ашық жүргізу туралы уахи келеді. Дін ашық түрде насихаттала бастағаннан-ақ пайғамбар мен ислам дініне конверсияланған мұсылмандар өмірінде қиындықтар пайда бола бастады. Дұшпандары көбейіп, түрлі азапқа тап болды. Мұхаммед пайғамбар мұсылмандардың әбден қиналғанын көріп, мұсылмандарға Хабаһстанға көшу туралы ұсыныс жасайды. Осыған байланысты мұсылмандардан 83 ер адам және 18 әйел адам Нәжәши патшаның еліне қоныс аударады [109, б. 26].

Уақыт өте келе, мұсылмандар Меккеде күшейе түседі. Омар ибн әл-Хаттабтың мұсылман болуымен ислам діні күшейе түседі. Себебі Омар қоғамға әсері көп адам болатын. Сол келгеннен кейін басқа тайпалар да ислам дінін қабылдай бастады. Пайғамбар Меккеде 13 жыл исламды насихаттап, қаншама адамның исламға келуіне себепші болды. Содан кейін Мәдина қаласына барып, дін тарату ісін әрі қарай жалғастырады. Ол жақта мешіт салынып, Мәдина Конституциясы қабылданады.

Мұхаммед пайғамбар осылайша ислам дінінің ұстындарын бекітті. Ол соңғы демі үзілгенше адам құқы мен теңдігін, әділет жолын насихаттап өтті. Пайғамбар араб халқын ислам дініне шақыру жолында көп қиындықты басынан кешірді. Қаншама соғысқа қатысып, жеңіс пен жеңілістің дәмін татты. Бұл соғыстар пайғамбар өмірден өткеннен кейін де тоқтады деп айта алмаймыз. Дін үшін болған соғыс жалғасын тауып жатты. Пайғамбар өмірден озғаннан кейін біздің тақырыбымызға жақын бір оқиға болды. Ол – ридда соғыстары. Яғни жоғарыда талдап өткеніміздей, «ридда» ұғымымен байланысты діннен шығу соғыстары. Әбу Бәкірдің аз уақытқа созылған билігімен көзге түскен оқиғалардың бірі діннен шығу оқиғаларының басталуы еді. Яғни діни конверсия оқиғалары десек те болады. Адам өмірінде тек бір ғана діни конверсия оқиғасы болады деген шарт жоқ. Қазіргі қоғамда екі немесе одан да көп діни конверсия оқиғаларын басынан өткергендер жетерлік. Олардың дені асығыс шешім қабылдаған жастар екенін де айта кеткен жөн. Ал ридда соғыстарына қайта оралар болсақ, Араб түбегіндегі өзгерістер нәтижесінде пайда болған тайпа көтерілістері «Ридда соғысы» немесе «Ислам дінінен шығу» деп аталған.

Пайғамбар орталық аймақтың бәрінде тайпаға-руға бөлінушілікті тоқтатып, ислам дінінің аясында біріктіруге бағытталған үлкен бір институт құра білді. Бірақ орталықтан алыс, шалғай аймақтарда саяси әрі діни құрылымдар толық қалыптаспағандықтан, ол аймақтарда діндарлықтан гөрі ру

мен тайпаға деген сезімі жоғары болған мұсылмандар қауымы қалыптасқан болатын. Пайғамбар өмірден өткеннен кейін бұл аймақтарда көтерілістер басталады. Әбу Бәкірге зекет беруден бас тартып шу шығарды. Әрине мұның бәрі тайпаға бөлінушілікпен, трайбализм оқиғаларымен байланысты болды. Сондай-ақ арабтардың діннен шығуына сыртқы факторлар да әсер етті. Иран және Византия сынды сыртқы патшалықтардың да әсері болды. Бұл ридда соғысы деп аталған соғыста тек сенім тұрғысында ғана қарсылық көрсетілмеді, саяси және экономикалық мәселелерге де қарсылық білдіргендер болды.

Ридда қозғалыстары Араб түбегінен бастап басқа аймақтарға да тарады. Бахрейн, Оман және Йемен аймақтарына дейін жалғасын тапты. Сол кезде билікте болған Әбу Бәкір осы сынды мәселелерді шешуге тиіс болды. Сол себепті осы көтерілістерді басу үшін дереу әскер жасақтап, әрекет ете бастады. Осылайша Әбу Бәкір әскерімен ридда соғысын тоқтатып, Мәдинаның өзге аймақтарын қайта қалпына келтірді. Қысқаша айтқанда, ең алғашқы исламға конверсиялану тәжірибелері осындай қызық оқиғаларға толы болды. Бұл тәжірибелерде соғыс өте көп болды. Әр діни конверсия оқиғаларында адамның ішкі соғыстарынан бөлек қару-жарақ қолданып, соғысқан оқиғалар да өте көп. Алғашқы діни конверсия оқиғаларының қазіргі діни конверсиялардан ерекшеліктерінің бірі де – осында, қантөгістің көп болуында жатыр. Осылайша соғысы мен насихаты қатар жүрген исламды тарату, исламға конверсиялау оқиғалары уақыт келе, өз конвертиттерін көбейтіп, жер көлемін де ұлғайта бастады. Сонау Андалусияға дейін жетті. Иран, Орта Азияға дейін келді.

Біздің қоғам үшін маңызды оқиғалардың бірі – Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың ислам дінін қабылдауы. Бұл да ислам әлемі мен ислам тарихы үшін маңызды оқиғалардың бірі болды. Әрине Түркі халықтары ислам дінін бір күнде немесе бір жылда қабылдай салған жоқ. Түркі халықтарының ислам дініне конверсиялану үдерісі ғасырларға ұласты. Бұл үдерістерге бір емес бірнеше фактордың әсер еткенін атап өткен жөн.

Еш жаңашылдық қоғамның негізгі қажеттіліктеріне жауап бермей, оған саналы түрде әсер ете алмайды. Бұл тұста Түркі халықтарының исламды қабылдау үдерісі, ең алдымен, осы діннің бір Тәңірге негізделген дәстүрлі түрік наным-сенімдеріне ұқсас болғаны өз әсерін тигізді. Сондай-ақ ислам елдерімен әлеуметтік және экономикалық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін мәдени ортаның болғаны да өз әсерін тигізді деп айта аламыз [110, б. 262].

Түркі халықтарының исламды қабылдауы – бір сәтте бола қоймады, бұл бірнеше ғасырға созылған тарихи үдеріс. Бұл үдеріс X ғасырда қарқынды сипат алып, XIV ғасырға дейін жалғасты. Түркілердің исламға конверсиялануында басты бірнеше фактор ерекше рөл атқарды. Түркілердің дәстүрлі Тәңіршілдік сенімі мен исламның монотеистік сипаты арасындағы ұқсастықтар ислам дінін қабылдауды жеңілдетті. Екі сенім жүйесінде де бір құдайға сену, табиғатпен үйлесімділік және әділеттілік идеялары басым болды. Кең байтақ жерімізде Исламға дейінгі кезеңдерде ғұмыр кешкен арғы аталарымыз – түркі тайпаларының да өзіндік мәдениеті, әдет-ғұрпы, дәстүрі, мәдени ошақтары болған. Қазақстан жерінде исламның таралуы бірнеше ғасырға созылды. Қазақ тайпалары арасындағы әдет-ғұрып нормалары ұзақ уақыт бойы қоғамда бірден-

бір заң реттегіш рөлін атқарды. Оның да өзіндік себебі бар. Қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты өзгелерден бөлек өмір сүрді. Сол себепті де қазақтың өзіне ғана тән өзіндік әдет-ғұрыптарды басшылыққа алды. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормалары тек ақсүйектерге ғана емес, жалпы қазақ қоғамына ортақ сипатқа ие болды. Қазақ даласына ислам дінінің алғаш келуі Арабтардың сол кездегі қолбасшысы Кутейба ибн Мүсілімнің 714 жылы қуатты әскерімен оңтүстік Қазақстан жерін басып алуынан бастау алды. Араб әскерлерінің жеңісінен кейін жергілікті халық ислам дінін қабылдап, әуелгі сенімдерінен бет бұрып, бұрынғы табынатын пұттар талқандалып, оның орнына мешіттер салына бастады. Кутейба «Мешіттерге келген әрбір адамға екі дирһам береді» деп жар салып шақыртады. Исламды насихаттау, тарату үшін әр жерге дінді уағыздаушылар ағылды. Олар көшпенді халыққа күштемей-ақ ислам дінін енгізу жағын қарастырды. Арабтардың ұстанған діні қазіргі қазақ халқын құраған тайпалар ұстанған дәстүр мен сенімге көп жағынан кереғар емес боп көрінді. Әйтсе де ислам діні түркі тайпаларының сан жылдар бойы қалыптасқан ежелгі әдет-ғұрыптарын бірден ығыстыра алмады. Қайта олармен санасуларына тура келді. Өз ата-бабасының дәстүрін көбірек ұстанған кейбір түркі тайпаларын дінсіздер деп атады. Оған дәлел ретінде X ғасырда Сыр бойына келген ибн Фадлан түркілердің «басын көкке созып, «бір Тәңірі» деп мінәжат ететінін» айтады. Сонымен қатар кейбір түркі тайпаларының ұстанған діни сенімінің басқа болғаны туралы да айтып өтті. Ол өзінің Әл-Идриси «Нузхат әл-муштақ фи-ихтирақ әл- афақ» атты еңбегінде Орталық Қазақстанда орналасқан Лалан қаласындағы халықтың пұтқа табытатынын, Қимақ тайпаларының мәжуси дінін ұстанатынын, Хақан қимақтарының күнге, Азкиш түркілері сәуле шығаратын барлық затқа сенетінін, Түргеш тайпалары отқа табынатынын атап көрсетеді.

IX ғасырда Қарлұқ қағанаты ыдырағаннан кейін Қарахан мемлекеті келді. 942 жылы Сатұқ Боғра хан өзін жоғары қаған деп жариялағаннан кейін 955 жылдан бастап Ислам дінін қабылдап, өзінің атын мұсылманша «Әбулқәрім» деп ауыстырғанын жариялады. «Қарахандар шежіресінде» Боғра ханның діншілдігі, білімсүйгіштігі және әр жұма сайын білімділерді жинағандығы жайлы деректер келтірілген. Сондай-ақ ол өзіне «Тәңірі жіберген құлы» деп айтылып, солай жазылу керегін құптайтын. 960 жылы Харун Мұса қаған (Боғра ханнан кейін) Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Бұл түркі тайпаларының ішінде дінді ең алғаш мемлекет деңгейінде қабылдаған мемлекет ретінде тарихта қалды. Ата-бабаларымыздың Исламды жатсынбай қабылдаған себебі – түркілердің байырғы Тәңірлік сенімі монотеистік наным болатын. X ғасырда ибн Фадлан түркілердің арасында болғанында тәңірлік сенім мен Ислам дінінің ұқсастығына таңғалғанын жазған болатын. Мәшһүр Жүсіп дерегіндегі түркілердің «Озған пайғамбардың үмбетіміз» деп, Хақ Елшісінің бұл сенімді теріске шығармағаны ата-бабаларымыздың ханиф (таза) сенімінде болғанын көрсетеді. Яғни арғы бабаларымыздың ұстанған Тәңірлік сенімі – Хақ дінге (исламға) шүбәсіз сеніп, тез қабылдауына игі әсер етті. Орталық Азия халқы «әһлі суннаның» рационалистік бағыты саналатын (шариғатта) Ханафи және (ақидада) Матуруди мәзһабын ұстанады. X ғасырдың соңында ислам

Жетісу мен Сырдария өзендерінің отырықшы елдерінде таратыла бастады. Сөйтіп VIII ғасырдың орта тұсында қарлұқтардың Ислам дінін қабылдауымен басталған илаһи үдеріс, XVI-XVII ғасырда Керей мен Найман тайпаларының Хақ дінді қабылдауымен толықтай аяқталды. Оған дейін Керейлер мен Наймандар христиан дінін ұстанған. XV ғасырдың орта шенінде Қазақ хандығы құрылар кезеңде Орталық Азия мен Дешті Қыпшақта Ислам дінін насихаттаған негізінен Яссауи және Нақшбанди тариқаттары (сопылық мектептер) болды. Яссауи тариқаты көшпелілердің дәстүрлі кодификациясы – Шыңғыс ханның «Ұлы Ясасы» мен шариғат заңдарын қатар ұстанып, дәстүр мен дінді ұштастыра білсе, Нақшбанди тариқаты шариғаттың фундаментальды қағидаларын қатаң ұстануымен ерекшеленген. Қазақ хандығы құрылған шақта (1465 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас аймақтарында негізін салды) бұл мемлекеттің ресми діні – Ислам діні болды әрі мұсылмандық құқықтық нормаларға жүгінді. Ислам дінін ұстанған түркі тайпалары Қазақ хандығына мүшелікке өтті. Ал Ислам дінін қабылдамаған тайпалар «қазақ» бола алған жоқ. Яғни Қазақ халқын бір кеңістікте өмір сүрген діни сенім- нанымы, салт-дәстүрі, саяси мүддесі бір түркі тайпалары құрды. XIV ғасырда өмір сүрген тарихшы Муғин әд-дин Натанзи «Ескендір анонимі» еңбегінде Жәнібек хан туралы «Оның әділдігі Ануширван (парсы патшасы) әділдігінен кем түспейтінін, ол өзбек ұлысын тұтас Исламға бағындырғанын, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырғанын, Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларын жақсартуға баса назар аударғанын айтып өтті. Жан-жақтан неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай жаппай ағылды, елдегі әмірлердің ұлдары білімін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды. Есейе келе, олар өз заманының озық ойлы азаматтарына айналды.

Түркі халқы өздерінің өмір сүру салтына қайшы болғандықтан, Исламнан басқа діндерге (будда, зороастризм, манихейлік) сіңісе алмады. Ал басқа дінде қалған түркі тілдес халықтардың көбі түркілік дәстүрлерінен қол үзіп қалды. Мысалы, Молдовадағы Гагауыз түріктері, Венгриядағы түркі тілдес халықтар сияқты бірнеше халық түркілік дәстүрлерінен айырылды. Түркілердің ислам дінін қабылдауында Түркі халықтарының мәдениеті мен ислам діні арасында көптеген ұқсастық түркілердің ислам дінін қабылдауын жеңілдете түсті. Түркілердің исламды қабылдауының салдары:

Түркілер ислам дінін қабылдағаннан кейін әлеуметтік теңдік пен әділеттілік қағидалары қоғамда кеңінен орнықты.

Исламды қабылдау арқылы түркі халықтары араб-парсы мәдениетімен жақындасып, оның ғылыми және мәдени жетістіктерін өз игілігіне пайдаланды.

Түркілер исламды қабылдағаннан кейін ислам әлемінің саяси құрылымына белсене қатысып, бірнеше ірі мұсылман мемлекетін құрды (Қарахан мемлекеті, Селжұқтар, Осман империясы).

Діни конверсия оқиғаларында жиі кездесетін пікірталас дін ауыстырушы адамның миссионерлермен кездескеннен кейін дін ауыстырады ма әлде кездеспей тұрып дін ауыстыру үдерісі басталады ма? деген қызу талқыланған сұрақтардың төңірегінде өрбиді. Мысалы, Лютер Герлах пен Вирджиния Хейн

діни конверсия жасаушылардың басым бөлігі белсенді миссионермен байланысқа түскеннен кейін діни конверсия үдерісі басталатынын алға тартады [52, б. 264]. Осы тұрғыдан алғанда, түрік қоғамының үлкен бір бөлігінің солтүстіктен емес, оңтүстіктен қоныс аударып, арабтармен кездесуі түріктердің исламды қабылдауына әсер еткені сөзсіз. Бірақ түркі халықтары сол кезде тек арабтармен кездесіп қана қойған жоқ, солтүстіктегі кейбір түрік қауымдары Хазар мемлекетіндегідей иудаизм дінін қабылдады, сонымен қатар шығыстағы Ұйғыр мемлекеті манихейлік дінді, ал Дунай Батыстағы болгарлар ресми дін ретінде христиан дінін таңдады. Арабтар мен түріктер географиялық көрші болмағандықтан, олардың исламға дейін бір-бірімен тікелей қатынасы болмаған еді.

Көк түрік мемлекеті ыдыраған кезде түріктер ирандықтармен бірге Омейядтар мемлекетін талқандаған шапқыншылықтарға қатысып, анағұрлым әділ әрі теңдік саясат ұстанған Аббасидтер мемлекетін құруға қол жеткізгеннен кейін исламға қызығушылық таныта бастады. Мұның тағы бір себебі, бұл оқиғалар батыста орын алып жатқанда Қытайдың шығыстан Орта Азияға қарай экспансиясы түріктер үшін қысымшылық жағдай болды. Сондықтан 751 жылғы Талас шайқасында Аббасидтер жағына шығу арқылы түріктер соғыстың нәтижесін ғана емес, тарихтың бағытын да өзгертті. Осылайша түріктер мен арабтардың өзара қарым-қатынасы басталды.

Мұсылман араб әскерлерінің Түркі халықтарының шекарасына келуімен басталған түрік-араб қарым-қатынастары әсіресе Омейядтардың қате саясатының салдарынан түркі халықтары ұзақ уақыт теріс көзқарас танытқаны шындық. Осы сияқты түсініспеушіліктер мен қанды соғыстар түркі халықтарының Исламды қабылдауын баяулатты. Енді осы екі державаның Талас шайқасында қытайларға қарсы бірігуі түрік-араб қарым-қатынасының болашағы үшін маңызды бетбұрыс болды. Тіпті Талас шайқасы түрік тарихына бағыт-бағдар берді деп айта аламыз. Негізінде, осы күннен бастап мұсылман арабтар мен түркі халықтары арасында бейбітшілік пен достық қарым-қатынас кезеңі басталады. Соның нәтижесінде түркілер бірте-бірте Ислам мемлекетіне қызмет етіп, Исламды қабылдау қарқынды түрде арта түсті. Талас шайқасының ең маңызды нәтижесі – оның осындай дамуға жол ашқаны. Лю Эн-Лин «Егер соғыста түркі халықтары арабтарға қарсы соғысқанда, Исламға тиген соққыны қалпына келтіру өте қиын болар еді. Тіпті «Орталық Азияда тұратын түркі халықтарының көпшілігі, тіпті барлығы буддизмді қабылдауға мәжбүр болар еді» деген тұжырымдаманы айтады. Сол себепті Талас шайқасының түрік және дүниежүзілік тарих үшін қаншалықты маңызды екенін көруге болады [111, б. 200].

Орта Азиядағы түркі халықтарының Исламды, мұсылмандықты қабылдауы X ғасырда басталғанымен, түркі халықтарының көп бөлігі бұл кезеңнің өзінде әлі де ислам шеңберінен тыс жатқан еді. Негізінде осы ғасырдан бастап қалың бұқараның ислам дінін қабылдау қозғалысы мен үдерісі түркі халықтарының арасында кездескенімен, түркі халықтарының басым көпшілігінің мұсылман болғанын көру үшін XIV ғасырды күту қажет болады. Оның үстіне түркілердің исламды қабылдау үдерісі одан кейінгі ғасырларда да өз жалғасын тапты. Түркі

халықтарының ислам дінін қабылдауы мың жылдан астам уақытты қамтитын тарихи үдерісте болған. Бұл ұзақ үдерісте бірқатар тізбектерді ажыратуға болады. Кейбір зерттеушілер Х ғасырға дейінгі және кейінгі кезең деп екіге бөліп қарастырады. Х ғасыр түркі халықтарының ислам дінін жаппай қабылдай бастағанын ғана емес, сонымен қатар ондағы түркі халықтарының тәуелсіз мемлекеттер ретіндегі саяси үстемдігінің де сол ғасырда басталғанын көрсетеді [112, б. 124]. Осылайша түркі халықтарының ислам дініне конверсиялануы бірнеше ғасырға созылды деуге болады. Бір діннен екінші дінге көшу тек діни өмірге ғана емес, бүкіл қоғам өміріне де әсер етеді. Қоғамның дінге жаппай ауысуы сол қоғамдағы діни өзгерістермен қатар әлеуметтік және мәдени өзгерістерге де әкеледі. Түркі халықтарының діни өзгерістерімен қатар әлеуметтік және мәдени өзгерістерге де ұшырағанын байқаймыз. Түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейін исламға қарама-қайшы келетін кейбір әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен бас тартты. Исламға қайшы емес өздерінің басқа әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін қалдырып немесе исламдық түрге айналдырып өмірін жалғастырды. Осылайша бірнеше ғасыр мен мың жылдыққа жалғасқан ислам дінін қабылдау тәжірибелері Орта Азия халықтарының мәдениеті мен өмір сүру салтына қатты ықпал етті. Тіпті Орта Азия мемлекетінің түркі мұсылман мәдениеті Бабыр әулеті арқылы Үндістан аймағына да тарап, ол жақтағы халықтардың мұсылманға конверсиялануына өз әсерін тигізген болатын. Орыстың отарлау саясатының тұсында мұсылман мәдениеті де біраз қиындыққа тап болды. В.В.Бартольд суфизм туралы өз зерттеуінде «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушы)» және оған қарама-қарсы «мүрид» мағынасында қолданылған» десе, онан әрі ««ишан» – Орта Азиядағы суфизм жетекшілеріне берілетін атақ, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отырды» деген пікір білдіреді. XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан жерін отарлай бастаған Ресей империясының Ислам дініне деген қарым-қатынасы да қазақтардың исламдану үдерісінде шешуші рөл атқарды. XVII ғасырда Ресей үкіметі көшпелі халық арасына христиан дінін тарата бастады. Патша үкіметі христиан дінін тықпалаумен қатар Ислам дінін әлсірету саясатын ұстанды. І Петр патша 1725 жылы қабылдаған аса құпия өсиетнамасында: «Мұсылмандарды шоқындырып құртыңдар, угро-фин, түркі, моңғол-манжур сияқты жұрттарды ассимиляцияға ұшыратыңдар...» деп тапсырма берген. [113, б. 18] Сонымен қатар қазақтардың шығыс елінде мәселен, Түркияда оқуына тыйым салды. Молдалардың қызметіне үкімет тарапынан қатаң бақылау орнатылды. Әр болыста бір ғана молда болды. Көшпелілер арасында молда Ресей империясына шын берілген қазақ болуы тиіс деді. Мешіт салу үшін генерал-губернатор рұқсаты керек болды. Молдалардың, жергілікті тұрғындардың сауатын ашу үшін уезд басшысының рұқсаты талап етілді. Дегенмен, қоғамдағы дін ықпалының қаншалықты күшті екенінің негізгі көрсеткішін ғибадатханалар мен діни білім беру жүйелерінің көптігінен көруге болады. XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістан қаласында 20-ға жуық мешіт, 2 медресе болған. Ал, 1917 жылы Қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе аймағында 200-дей, Жетісу өлкесінде – 269, Бөкей ордасында – 78, Әулие ата қаласында – 15 мешіт болған. Зерттеулер орыс

отарлауына дейін Түркістан өлкесінде білім берудің негізгі түрі –дәстүрлі мектептер мен медреселер болғанын көрсетеді. Кейбір зерттеулерде XX ғасыр басында 5892 мектеп пен 353 медресе болғаны жайлы ақпарат берілген. Бұлардың басым бөлігі «заңнан тыс» ашылғандар еді. Жалпы отарлау саясатының көздеген мақсаты не? дегенге келер болсақ, патшалық Ресей тұсында жазылған мына еңбекте «Орыс отарлаушылары өзгелер сияқты отарлаған жеріне мәдениет пен білім-ғылым әкелмеді. Тіпті ондай мақсаттары да болмады. Олардың жоспары – өздерінің баюы мен жергілікті халықтың мал-мүлкін тартып алу болды» – делінген [114, б. 8]. Ресей отарлаушылары Қазақ даласын отарлауда басты қарсылық Ислам діні тарапынан болатынын жақсы білді. Қазақ халқының қанына әбден сіңіп, дәстүр болып қалыптасқан наным-сенімінен айыру оларға қиындық тудырды. Бір жағынан, халықты әдет-ғұрпы мен дінінен алшақтатса, оларды еркін билеп-төстеп алатынына сенімді болды. Сол үшін отарлаушы тарап:

1. Ислам дінін әлсірету жолын қарастырды;
2. Түркі тілдес халықтарды бір-бірінен алшақтатып, олардың арасында өзара түсініспеушілік тудыруға тырысты. (Қазақ жеріне татар молдаларын әкеліп дін үйретудегі, өзбектерден алшақтатудағы, Түркияға барып білім алуға тыйым салудағы басты көздеген мақсаты да сол болған)

Татар молдаларын қазақ жеріне жіберу патшайым II Екатеринаның 1785 жылы 25 қарашада шығарған жарлығы еді. Ол құжатта: «...қырғыздардың (қазақтардың) арасына Қазан татарларынан іріктеп, бізге шын берілген, сенімді молдаларды жолдау қажет. Олар қазақтарды патшаға берілген рухта тәрбие жүргізсін! Бұл молдалардың шығынын мемлекет көтеріп, үздік міндет атқарғандарына сый-сияпат беріп тұрсын!» делінген.

Ислам діні бойына сіңген қазақтарды ата-баба дінінен алыстату үшін бүкіл бір патшалық күресті. 1917 жылғы 25 қазанда Ресейде Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, Уақытша үкімет жеңілді. Дала өлкесінде және Түркістанда Кеңестер құрыла бастады. Төңкерістен кейін жаңа кеңестік идеологияның авторлары В.И.Ленин мен И.В.Сталин бастаған коммунистер исламтанушылардан бастапқыда «әлемді өзгерту жолында тілектестік және қолдаушылық күтеміз» деп жар салды. 1917 жылы 3 желтоқсанда Джугашвили-Сталин (Ұлттар ісі бойынша халық комиссары) және В.И.Ульянов (Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы) қол қойған: «Барлық Шығыс және Ресей мұсылмандарына! Ресей Мұсылмандары, Поволжья мен Қырым татарлары, Сібір және Түркістан қырғыздары мен сарттары, Закавказья түріктері мен татарлары, Кавказ тау халықтары мен шешендер, патшалық Ресейде мешіттері мен ғибадатханалары қиратылып, бұзылғандар, наным-сенімдері мен әдет- ғұрыптары басылып, тапталғандар, бұдан былай сіздердің әдет- ғұрыптарыңыз бен наным-сенімдеріңіз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз ерікті және дербес деп жариялаймыз. Ұлттық өмірлеріңізді еркін әрі кедергісіз ұйымдастыруларыңызға ешкім тыйым салмайды. Ресей Мұсылмандары! Шығыс халқының Мұсылмандары! Жаңа қоғам құру жолында сіздерді кеңес өкіметі толық қорғайды! Әлемді өзгерту жолында біз сіздерден тілектестік және қолдаушылық күтеміз! [115, б. 17-19]. – делінген.

Билік қолына тиген большевиктер «Бітім туралы», «Жер туралы» декреттер қабылдап, осыған сәйкес монастырь, шіркеудің барлық жерлері бар мүлкімен болыстық жер комитеттері мен шаруа депутаттарының уездік Кеңестері қарауына берді. Яғни декретке сәйкес жерге жеке меншік құқық жойылып, жер халық игілігі деп жарияланып, кез келген діни ұйым жер иелену мүмкіндігінен айырылды. Ондағы Кеңес өкіметінің саясаты алдымен халықтың көңілінен шығып, шіркеу мен діни қоғамдарды бар құқынан айыру болды. Осылайша Кеңес өкіметі дінді халықтан алшақтата бастаса, мұсылман молдалары Қазақстан мен Орта Азия халықтарын опасыздық жасап, ақ патшаға қарсы шығып күнәға батпауға, «кәпірлермен» бірікпеуге шақырғаны белгілі. Қабылданған жаңа заң дін қызметкерлерінің ашуын туғызды. Халықты діннен бөліп тастау саясатын түбегейлі қолдамады. Сан ғасырлар бойы халықтың әдет-ғұрпымен етене сіңісіп кеткен, күнделікті тіршілікте салт-жоралғыларда ерекше дәріптелетін кейбір діни үрдістерден халықтың ажырап қалуын қаламады. Ұлттық тәрбие, наным-сенім жүйесі осы исламмен байланысты болғандықтан, бұл қабылданған заң ұлттың тамырына балта шабу екені айдан-анық болды. Дегенмен озбыр саясатқа ешкім тосқауыл бола алмады.

Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін ислам дінінің қайтадан жанданғанын көріп отырмыз.

Қорытындылай келе, Ислам дінінің жандануы Қазақстанда тұратын басқа ұлт немесе басқа дін өкілдеріне де әсер етіп, олардың дін ауыстыруларына өз септігін тигізіп отыр. Ислам дінінің келуі араб және түркі халықтарының рухани, мәдени және әлеуметтік дамуына зор ықпал етті. Арабтардың мұсылмандыққа конверсиялануы ислам дінінің негізін қалап, оны жаһандық дінге айналдырса, түркі халықтарының исламды қабылдауы ислам әлемін жаңа мәдени және саяси мүмкіндіктермен байытты.

Ислам дінінің таралуы тек діни сенімнің өзгеруі ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және саяси құрылымдардың қайта құрылуына әкелді. Арабтар мен түркілердің исламды қабылдау тәжірибелері бұл діннің икемділігі мен бейімделгіштігін, сондай-ақ оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін айқын көрсетеді. Осы тарихи үдерістер қазіргі заман қоғамдарының діни және мәдени құрылымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2.2 Модернизация және секуляризация үдерістерінің Қазақстандағы діни конверсияға ықпалы

XIX соңы мен XX басында орын алған тарихи-әлеуметтік оқиғалар діни конверсия үдерістеріне де зор ықпал етті. Бұл бөлімде біз Ресей империясы мен Кеңестер Одағының дін саласындағы ұстанған саясатының еліміздегі діни конверсия үдерістеріне тигізген әсеріне талдау жасаймыз. Православиелік христиандықты өзінің рухани тұғыры әрі мемлекеттік идеологиясының ажырамас бөлігі деп қарастырған Ресей империясы қоластындағы бодан халықтарды православиелікке конверсиялауға талпынғаны жасырын емес. Еділ жағалауы елдерінде жүргізген миссионерлік саясатын Ресей отаршыл

әкімшілігі Қазақстан аймағына да таратуға талпынды. Қоғам қайраткері, жазушы-публицист М.Ақынжанов Ресей империясының қазақ даласындағы миссионерлік саясаты жайлы: «Ильминскийдің алдына қойған мақсаты – аз ұлттар арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізген бола отырып, ол елдердің ішінде христиан дінін тарату болды, сол дін арқылы ұсақ ұлттарды орыстандыру болды», – деп жазды [116]. Алайда Ресей империясының бұл саясаты қазақ даласында өз жемісті болмады.

Қазан төңкерісі нәтижесінде билікке келген большевиктер қазақ даласында дінсіздендіру, яғни қоғамдық санаға секуляризацияның шектен тыс нұсқасы – озбыр атеизм идеологиясын сіңіруге талпынды. Бұл «Құдайсыздар ұйымы», Қазақстандағы комсомол жастардың «Қызыл отау» тәрізді атеистік дүниетанымды насихаттайтын ұйымдары мен қозғалыстары арқылы жүзеге асырылды. Қазақстандағы атеистік насихат пен идеология қазір де толық жан-жақты, жүйелі зерттеуді талап етеді.

КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан соң ғалымдардың діни тақырыпқа деген қызығушылығы артты. Дін ісімен айналысқан Кеңестің негізгі қызметі мен тарихтағы орны жайындағы шынайы деректер зерттеушілерге соңғы жылдары ғана ашылған мұрағат құжаттары арқылы белгілі бола бастады. Бұл құжаттар арқылы діни ұйымдардың саны, кадр мәселесі, оқыту мәселесі, діни мерекелердің аталуы, шіркеулердің табысы, діни жәдігерлердің сақталуы, жалпы дін қызметкерлерінің тұрмысы мен көп жұмысы туралы мағлұматтар белгілі болды. Бұл бөлімде архив деректеріне сүйене отырып, Қазақстандағы діни конверсияның тарихи алғышарттары мен оның нәтижелері қарастырылды.

Бүгінде өз тарихымызды жан-жақты білу және зерделеу, тәлімінен үйрену, одан сабақ алудың келешек үшін маңызы зор болып отыр. Әсіресе, модернизация (жаңғыру) және секуляризация (діннің қоғамдағы рөлінің төмендеуі) үдерістері аясында діни конверсия (түрлендіру) мәселесі өзекті зерттеу тақырыбына айналды. Қазақ қауымы ерте заманнан мұсылман дінін ұстанды. Көшпелі өмір кешкенімен халық арасындағы ислам дінінің орны мен ықпаллы айтарлықтай еді. Орасан зор далалық аумақтарда көшіп-қонып, елдің үлкен бөлігі мұсылманшылықтың барлық шартын түгел орындамаса да, әр қазақ өзін кәміл мұсылманмын деп есептейтін. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда миссионерлік қызметтің белсенді жүргізілуі қоғамдағы діни өзгерістерге айтарлықтай ықпал етті. Христиандықтың Қазақстан аумағына таралуы патша өкіметінің жергілікті халықты өздерінің ата қонысынан ығыстырып, орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру отарлау саясатымен байланысты болды. Орта Азиядағы Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі әскери басып-жаншудан тыс қазақ өлкесін қалыптасқан дәстүрлі басқару үлгісінен бас тартқызу арқылы да жүргізілді. Патша үкіметі өз қарамағындағы халықтарды христиандыққа тарту барысында айтарлықтай тәжірибе жинақтады. Православиелік дінбасылар мен миссионерлер Ресей империясының шеткері аймақтарында өзге дін өкілдерін шоқындыру ісін ұйымдастырып, бұл тәжірибені қазақ жерін отарлау кезеңінде де қолдана бастады. Осы мақсатта мұсылмандықтың ықпалын шектеп, православиелік дінді қабылдауға ынталандыратын тиімді құқықтық шаралар жасалды,

заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілді. Миссионерлер, сонымен қатар, көшпелі қазақтардың күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларын пайдаланып, христиандықтың артықшылықтарын насихаттауға бағытталған түрлі әдістер қолданды. Бұл кезеңде шіркеу миссионерлік қызметті жергілікті халық өкілдерінің қатысуымен жүргізуге ерекше назар аударды. Себебі жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін және тұрмыс ерекшеліктерін жетік білетін шоқынған қазақтар орыс миссионерлеріне қарағанда тиімді әрі пайдалы деп есептелді. Осы мақсатта, миссионерлік қызметке, әдетте, қазақ жетім балалары тартылды. Мұндай балаларды жергілікті қазақтардан орыс казактары мен көпестері сатып алатын болған. Өз ата-анасынан айырылған жетім балалар басқа мәдени ортаға түсіп, орыс халқының әдет-ғұрпы мен діни нанымдарын бойына сіңіріп өсті. Бұл үрдіске Ресей императоры І Александрдың 1808 жылғы 26 мамырда қабылдаған жоғары мәртебелі бұйрығы ресми негіз болды. Бұл бұйрықта Ресей азаматтарына әртүрлі әлеуметтік тап өкілдеріне қазақ балаларын сатып алуға немесе айырбастауға рұқсат етілетіні көрсетілді. Алғашқы тұрақты православтық шіркеу 1847 жылы Сырдария облысының Райм бекінісінде тұрғызылды. Үш жылдан кейін, 1850 жылы алғашқы ғибадатхана салынды. Православиелік діндарлар өздерінің арнаулы миссияларын құрмай тұрып-ақ қазақтарды шоқындырумен белсенді түрде айналысты, олардың қызметі туралы мәліметті Тобыл епархиясының қысқаша очеркінен кездестіруге болады, онда арнаулы миссияның болмағанына қарамастан шоқындыру жүргізілгені жазылған: 1860-1865 жылдары Тобыл епархиясының мәліметтері бойынша, арнайы миссиясыз-ақ 149 адам шоқындырылған. 1863 жылы Ресейдегі бұрынғы екі миссионерлік қоғамға қосымша жаңа ұйым – «Общество для распространения Священного писания в России» құрылды. Мысалы, қазақ халқын христиандыққа тартуға бағытталған жүйелі әрекеттері 1868 жылы құрылған «Қоныс аудару комитетінің» миссионерлік әрекеті «Қазақ даласын әкімшілік тұрғыдан қайта құрумен қатар өлке жұртшылығын ассимиляциялау және орыстандыру бағытындағы миссионерлік – отаршылдық жұмыстарын жоспарлы түрде жолға қою» сияқты заңдармен қамтылды. 1869 жылы Москвада арнайы ұйым – миссионерлік қоғам құрылды. Оның алдына «жабайы халықтарды христиан дініне көшіру» міндеті қойылды. Патша өкіметі қазақтарды православиеге тарту барысында орыс православие шіркеулерінің жұмыстарына қолдау көрсетіп, оларды ынталандыру саясатына көшті. Патша үкіметі Қазақстандағы исламға қарсы «шоқындыру» саясатын ислам дінін әлсірету және оны ұстанушы халықтар арасына іріткі салу арқылы да жүргізе бастады. Қазақ қоғамының этникалық біртұтастығының жойылуы отаршылдық патша үкіменің ең маңызды мәселесі болып күн тәртібіне қойыла бастады. Православиелік шіркеу империяның шеткері ұлттық аймақтардың халықтарын орыс мәдениетіне икемдеу бағытында рухани-дүниетанымдық аккумуляцияға маңыз берілді. Осы кезеңде православиелік миссионерлердің басты нысаны қазақтың көшпелі тұрғындарын өз ықпалына түсіру еді. Өйткені, діні бір өзге ұлт өкілдері дін жолында бас біріктіретіні анық еді. Тарих ғылымдарының докторы Серік Мәшімбаев орыстардың қазақтарды діни отарлау саясатын зерттеп, мынадай тұжырым жасады: «Отарлаушылар ислам діні ұлттық

тұтастықты ұстап тұратын қуатты күш екенін түсінді. Міне, осыдан Ресейдің орыстандыру мен шоқындыру саясатын қалыптастырудың басты мақсатқа айналуына осы себеп болды».

а) Патша үкіметінің «шоқындыру» саясатының бірнеше сатысын атап өтсек:

б) Миссионерлік бағыттағы жұмыстарды күшейту;

в) Христиан дінін насихаттау мақсатында арнайы кітаптар шығару;

г) Христиан дінін үгіттеуге қазақ тілмаштарды пайдалану;

д) Қазақ даласына қоныс аударған әрбір орыс шаруасын христиан дінін насихаттауға міндеттеу;

е) Халық арасындағы беделді адамдарды христиан дініне тарту;

ж) Христиан дінін қазақтар өз еркімен қабылдап жатқандай көрініс тудыру.

з) Христиан дінін насихаттауды күш қолданбай, бейбіт түрде жүргізу;

Осылайша Патша үкіметі Қазақ даласында «шоқындыру» саясатын күшейтіп, тіпті, патша үкіметінің саяси идеологиясын арқалаған арнайы татар молдалар мен «указный молдалар» арқылы өз мүдделерін іске асыра бастады. Кейбір өңірлерде «шоқындыру» ісінде әскери күш қолданылды. Қазақстандағы жергілікті халықты, мемлекет қызметкерлерін кең көлемде христиан дініне көшіру саясатының теориялық-идеологиялық негізінің іргетасы қалыптасты. [117, б. 92]

1871 жылы Қасиетті Синодтың жарлығымен, Ресей императорының бекітуімен Түркістандық епархия құрылды. 1872 жылы «Православное обозрение» журналында шіркеу қызметшісі И.Сотников миссионерлік саясатты жүргізудің мүмкіндігі туралы: «миссионерлік мекемелерді мұсылман діні әлсіздеу тараған жерлерде орналастыру қажет» деп жазды. Сонымен қатар шіркеу қызметкерлеріне – христиан дінін жаңадан қабылдағандар үшін жаңа жерге орналастыру, олардың атына бірнеше десятина жер бекітуді қарастырады. Бұл мәлімдемелердің барлығы іс жүзінде қазақтарды інжілдікке көшірудің жарияланбаған бағдарламасы болып табылды. 1875 жылдың 21 қарашасында Орынбор православиелік миссионерлік қоғамының епархиялық комитеті құрылды. Ол Орал және Торғай облыстарының аймақтарында жұмыс істеді. 1881 жылы ашылған Қырғыз діни миссиясының құрылымы архимандрит шеніндегі басқарушыдан, 4 бекет пен 11 қызметкерден тұрған, 1883 жылы қазақ жерінде 14 миссионерлік бекет құрылып, оларда қазақ балалары үшін 17 миссионерлік мектептер ашылған. Алайда Қырғыз діни миссиясының жұмысы онша табысты болмай, қазақтарды шоқындыру өте баяу жүрген, 1890 жылға дейін Қырғыз діни миссиясы жергілікті қазақтарды христиандандыруға дайындық жұмыстармен айналысқан [118, б. 39-45].

1889 жылы Қазан қаласында Бүкілресейлік миссионерлік курстар ашылып, православие шіркеуінің шоқындыру қызметін жетілдіруге бағытталған нақты міндеттер белгіленді. Бұл курстар бұратана халықтардың тарихы, мәдениеті, этнографиясы және діни ұстанымдары бойынша терең білім беруге және сол халықтар арасында діни пікірталас жүргізуге қабілетті священниктер даярлауға арналған еді. Курстың түлектері кіші приходтарды басқаруға қабілетті ауылдық

және селолық священниктер ретінде даярланып, алған білімдерін тәжірибеде бекіту үшін бұратана халықтар мекендейтін аймақтарға жіберілді.

1882 жылы Томск епархиясында Семей облысы үшін Қырғыз миссиясы, 1894 жылы Синод жарлығымен Тобыл епархиясының Қырғыз миссиясы, 1895 жылы Омбы епархиясы құрылды. Осы барлық Қырғыз миссиялары біріктіріліп Омбы епархиясына бағындырылып, резиденциясы Семей қаласында белгіленді. Және осы 15 «Қырғыз рухани миссиясының» стандартының қарамағынан қазақ балалары үшін 17 миссионерлік мектеп ашылды. Аталған миссионерлік стандарт мен шіркеу қызметкерлерінің іс-әрекеті дала халқын орыстандыруға, православиеге кіргізуге бағыттталып, орыс халқымен біріктіріп жіберу мақсатын ұстанды. Орталық епархиялық органдар қалалар мен ауылдардағы миссионерлердің қызметкерлеріне жан жақты нұсқаулар беріп отырумен айналысты. Мысалы: жыл сайынғы «шоқынған» қазақ ауылдарына көшіп келген миссионерлер үшін үйлер тұрғызып, шаруашылықтарының аяққа тұрып кетуін қадағалау, «шоқынғандардың» жұмыстарын бақылап отыру үшін староста сайлау, кіріс-шығыс кітабын жүргізіп отыру, жыл аяғында облыстық миссионерге құжатталған есеп беру... ж. т.б. Миссионерлер діни қызмет атқарумен қатар, христиан дінін уағыздау үшін ел арасына шығып тұрды. Мысалы, Солтүстік облыстық миссионер Ф. Соколов Қостанай облысына 14 рет шығып, миссионерлік сапар барысында 153 күн жүргенін, ат үстінде 8 557 шақырым, темір жол көлігімен 2 989 шақырым жол жүріп өткенін, ал Н.Сейфуллин 120 күн ішінде 1280 шақырымға дейінгі қашықтықты жаяу жүріп өткені туралы есеп берген. Сапар барысында қазақ даласындағы орыс хуторларын аралай жүріп, дін таратушылар қазақ ауылдарына тоқтап, алғысы келетіндерге діни кітаптар мен кітапшалар таратып отырған. Әрбір сапарынан кейін облыстық Епархиялық миссионерлік комитетке не істегенін баяндап: миссиялық жұмыстары туралы, шіркеу мектептеріндегі миссионерлік ұйым бойынша жартыжылдық және жылдық есеп дайындап отырды. Мәселен, 1900 жылы жазғы демалыс кезеңінде осы курстың алғашқы миссионерлері И.Хохлов Торғай және Орынбор облыстарына, 1902 жылы Н. Краморенко Бөкей Ордасына, В. Андреевский мен И. Савичев Астрахань губерниясына жіберілген [119].

Миссионерлер қызметі үшін жылына 300-ден 100 рубльге дейін ақша алып отырған. Ал, христиан дінін жаңадан қабылдағандар үшін жазылған заңда міндетті түрде олардың артықшылықтарын көрсетуді, оларға сұлтан, би, старшындық сайлауға түсуге құқық беруді атап көрсеткен. Және Христос ілімін уағыздай жүріп, қазақтарды шоқындыру үшін марапаттар, және шоқынғандарға жер телімін беру, жергілікті отарлық әкімшілік жұмысына тарту сынды әртүрлі тәсілдерді жүзеге асырды.

XX ғасырдың басынан шіркеу мектептерінде қазақтарды орыс оқуы арқылы православие дініне тәрбиелеуге, орыс оқуы арқылы өздерінің дәстүрлері мен дүниетанымымен таныстырып, орыстармен біріктіру міндеті де қойылды. Әсіресе ауылдық миссионерлік мектептерге ерекше көңіл аударып отырды. Жергілікті жағдайға байланысты қолдануға болатын, шіркеу мектептері ұйымының исламмен күресінің жобасы жасалынды. Десек те, 1906

жылы мәлімет бойынша шоқынған бұратана саны тек 19 адам, оның тек 8-і ғана қазақ болған. Ресейдің «Речь» газеті бұл туралы әрбір шоқынған адам Қырғыз діни миссиясына қымбатқа түскенін келтірген: «стоил более 700 рублей» [120, б. 31]. Христиан дінін таратушыларды мұсылмандарға қарсы күреске біріктіру үшін Қасиетті Синод 1910 жылы Орынбор епархиясында мұсылмандыққа қарсы миссионерлердің жалпы епархиалдық ерекше лауазымын бекітті. Бұл лауазымға 1910 жылдың 21 қыркүйегінде Қазан рухани академиясының мұсылмандыққа қарсы миссионерлер бөлімі курсы аяқтаған К.Меркурьев бекітілді. Осылайша қазақтар арасында жүргізілген шоқындыру саясаты барысында бүтін бір ауылдың христиан дінін қабылдап, орыс селоларымен сіңісіп кеткен жағдайлар да орын ала бастады. Қазақ зерттеушісі Қ. Кемеңгеров «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде «...Дүниеге қызығып шоқынған орыс қалаларындағы қазақ жұмыскерлерден, ашаршылық жылдарда өлім халіне жеткендерден, рудан пана таба алмай тығылған ғашық жарлардан бірен – саран шоқынғандар болды», – деп жазды.

Православие шіркеуі қазақтар арасындағы жақтастарын көбейтуге айрықша назар аударды. Бұл орайда жергілікті халық өкілдерін тартудың маңыздылығын түсінген шіркеу әйелдерге ерекше мән берді. Қазақ әйелінің қоғамдағы беделді орны мен әлеуметтік белсенділігі миссионерлер үшін пайдалы болды. Мұндай жақтастардың бірі ретінде Орал өңірінен шыққан, 1877 жылы христиан дінін қабылдап, Мария Кабанова есімін алған қазақ әйелі белгілі. Оның этникалық тегі туралы деректер болмаса да, христиан дінін қабылдағаннан кейін ол миссионерлер жұмысына белсене қатысқан. Оның қызметін Москвадағы Миссионерлік қоғамның Православие бөлімшесі жоғары бағалап, қазақтарды шоқындыруға рұқсат беретін куәлік тапсырған. Осы құжаттың негізінде М. Кабанова миссионерлік қызмет үшін тұрақты жалақы алып отырған. Осылайша шоқынған қазақ әйелдері орыс миссионерлерінің қазақ қоғамына ықпал ету ісінде маңызды рөл атқарып, дәстүрлі қазақ мәдениетін, моральдық-рухани құндылықтар мен отбасы институтын әлсіретуге ықпал етті. Миссионерлер көшпелі қазақтарды шоқындыру үшін неше түрлі айла-амалдарға барған. Шоқынды санын көбейту үшін қазақтарды арақ ішуге үйрету ұсынылды. Орыс-қазақ отбасыларын құру, қазақ жігіттерін орыс қыздарына үйлендіріп, араққа үйретіп шоқындыру көзделді. Мұндай аралас некеден туғандар міндетті түрде православиені қабылдауы тиіс болды.

1910 жылы 22 қаңтарда қазақтың әйгілі палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов Орынбор мұсылмандық діни жиналысына өтініш жазып, бұрын католик дінінде болған поляк қызы Анастасия Щапковскаямен неке қиюға рұқсат сұраған. Сол жылы 28 қаңтарда Орынбор мұсылмандық діни жиналысы оның өтінішін қарап, Анастасия Щапковская исламды қабылдаған жағдайда ғана үйленуге рұқсат берген. Миссионерлер шоқындыру үшін өз жұмысында ауру адамдарды да көзден таса қылмады. Мысалы, «истерикалық-эпилепсиямен ауыратын» қазақ әйелін есін білмейтін жағдайында шоқындырып, православие шіркеуі аясына алған [121]. Кейде ойлануға уақыт бермей, 2-3 күнде ес жидырмай шоқындыру фактілері болған, мысалы, Айша Кульджебекова деген қазақ әйелін шоқындыру рәсіміне дайындаған. Қазан айында осы әйел, өзін еріксіз, алдаумен

шоқындырғаны жөнінде Жетісу облыстық Прокурорына арыз берген. Осылайша сотта оның мұсылмандықты тастап православиеге өтуі бірнеше күн бойы арақ беріп, мас қылу арқылы заңсыз жолмен жүргізілгені анықталған, «крещена была обманом, будучи спиваема в течение нескольких дней водкой» [122] Дегенмен мұндай құбылыс тым сирек кездесетін. Православиеге өтіп, орыстануға ұшыраған ауыл азаматтары аты-жөнін өзгертіп, орыс фамилияларын қабылдаса да, қазақ салтын тастамай, інішара өз діндерін ұстанып келген. Оларға орыстың әдет-ғұрпы мен салты және тілі толық сіңе алмады. Христиан дінін қабылдаған кейбір қазақтар уақыт өте келе, өз діндеріне келіп, қазақ ауылдарына оралып та жатты. Алайда қазақтарды шоқындыру миссионерлерге оңай болмады. Шоқынғандардың өздері мұсылмандықтан толық бас тартпады. Керісінше, біраз уақыт өткеннен кейін немесе қартайған шағында исламға қайта оралуға арыз беріп, ата-баба салтынан қол үзе алмайтынын мәлімдеді. Мысалы, қазақ әйелі Сүйменде Алпысова шоқынғаннан соң Пелагея Петровна боп, 70 жасында қайтадан мұсылмандыққа өтуге арыз берген. Бұл әйел шоқынуды жүрегімен қаламағанын, тек әкесі шалға күйеуге беретін болғасын, амалсыздан христиан дінін қабылдағанын айтып, сотқа жүгінген. Оған священниктің христиандықтан бас тартпау туралы ақыл-кеңесі де, тоқтау салуы да әсер етпеген, мұсылмандыққа қайту шешімін жүрекпен қабылдағанын жеткізген [123].

1914 жылы шоқынған қазақтардың Семей губернаторына осындай 30 арызы жолданған. Көп жағдайда олар шоқыну себептерін әртүрлі қиын тұрмыстық жағдайлар есебінен түсіндірген, христиандықтан күйзеліске ұшырап, қиналғандарын айтқан. Мұндай ауыр жүктен құтылып, өкіметтен бұрынғы дініне қайтуға рұқсат сұраған. Шоқынған қазақтардың өзі христиандық сенім туралы еш түсінігі болмаған, кейде шоқынған қазақ өзінің христиандық атын да ұмытып, қазақша атымен өмір сүрген [124]. Осылай XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман даласына миссионерлік әрекеттер тікелей немесе жанама түрде ықпал етіп жатты.

Әрине, «шоқындыру» саясатына қарсы әрекет жасаған тұлғалар жоқ емес. Солардың бірі – атақты Бұқара медресесінің түлегі Наурызбай Таласов (Науан хазірет) пен оның шәкірті Шаймерден Қосшығұлов (Шәйке молда) болды. Алайда осы әрекеттерінен кейін Патша үкіметі бұл адамдардың діни қызмет атқаруына тыйым салды.

Сонымен қатар Ресей империясының қоластындағы аймақтарда жүргізілген діни саясат кейде күтпеген нәтижелерге әкеліп отырды. Ресей империясы мұсылмандықтың таралуын шектеуге тырысқанымен, бұл саясат әрдайым сәтті бола қойған жоқ. Соның бірі – орыс қоныстанушыларының өз еріктерімен ислам дінін қабылдау үдерісі. Кейбір қоныстанушылар жаңа жерге орнығу мақсатында жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынас орнатудың қажеттілігін түсініп, сол себепті жергілікті халықтың діни наным-сенімдерін қабылдап, ислам дініне өтті. Бұл жағдай отарлық әкімшілік пен миссионерлік мекемелер үшін күтпеген құбылыс болды. Осыған байланысты жергілікті отарлық билік орындары орыс қоныстанушыларының ислам ықпалына түсуін болдырмау мақсатында олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту

шараларын іске асырды. Заманауи дереккөздер бұл құбылысты орыстардың мәжбүрлеусіз мұсылмандыққа өткенін растайды. Өз діндерін ауыстырған шаруалар мұндай шешімдерін қазақ даласында православиелік рухани мекемелердің жеткіліксіздігімен немесе мұсылмандық өмір салтының тартымдылығымен түсіндірген. Кей жағдайларда исламға өту жастардың үйлену немесе отбасы құру тәрізді әлеуметтік мәселелерімен де тығыз байланысты болған. Православие миссионерлері тарапынан христиандықты тарату әрекеттеріне қарамастан, мұсылмандықтың нығаю үрдісі де байқалды. Ресей архив құжаттары бойынша Торғай облысында миссионер Соколов орыс қоныстанушыларының бірқатары ислам дінін қабылдағанын жазады [4]. Қазақ даласында қоныстанушы орыс шаруалары мен казак орыстар арасында керісінше, мұсылмандықты қабылдау фактілері де кездеседі. Олар жаңа жерге икемделу үшін әуелі тіл үйреніп, исламды, қазақтың әдет-ғұрпын, өмір салтын қабылдаған. 1892 жылы жаз мезгілінде Торғай облысы маңындағы қазақ ауылдарымен көршілес отырған орыс селоларында болған миссионер Соколов мұндағы орыстардың христиандық ғұрыптарды орындамайтына қынжылыс білдірген: («... в Бестюбе по 20 лет не исполняют христианского долга исповеди. У крестьянина Егора Зюрикова дети говорят по-киргизски и плохо знают русский язык. Его сын Иван (15 лет) обучался в ауле у муллы» [125].

Семей облыстық басқармасының мәліметтеріне сәйкес, 1910 жылы 27 орыс азаматы дінін ауыстырса, оның 13-і исламға өткен. 1914 жылы Омбы Діни Консистериясының архивінде Толстиков Осип Михайлович есімді орыс мұсылмандыққа өту үшін өтінішін білдіргенімен, ол қабылданбаған. Кейін бұлар белгілі ғалым, шығыстанушы ретінде қазақтар туралы этнографиялық зерттеулердің авторлары болды. 1914 жылдың наурызында Далалық генерал-губернаторға Томск губерниясы, Барнаул уезі, Чернокурьянск болысының тумасы Толстиков Осип Михайлович православиe дінінен шығып, мұсылмандыққа өту туралы арыз берді. Ол осы мәселемен бірнеше жыл бұрын, 1911 жылы тамызда, Омбы Діни Консистериясына да арызданған. Облыстық діни ұйым оның арызын қабылдамады, онымен түсінік жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, арызданушы райынан қайтпаған. Оның бұл әрекетінен ата-анасының да бас тартқыза алмағаны байқалады. Әке-шешесінің талабымен ол Томск монастрінде үш жыл бойы тыңдаушы ретінде білім алғанымен, ақырында ислам дінін қабылдауға шешім қабылдаған. 1904 жылы ол Павлодар уезіне қарасты Урук болысындағы көшпелі қазақтар арасына қоныс аударып, қазақ және араб тілдерін меңгеріп, мұсылмандықты қабылдаған. Алайда Толстиковтің ислам дінін қабылдауына байланысты «Абдулла Адамов» деген жаңа есім мен тегін алу жөніндегі өтініші қабылданбады. Бұған себеп – Сенаттың 1905 жылдың 17 сәуіріндегі Атаулы Жоғары Бұйрығының үшінші пункті бойынша, христиандықтан өзге дінге өту туралы өтініш тек арыз берушінің тегінде мұсылмандық болған жағдайда ғана қанағаттандырылатын. Осы заң талабына сәйкес, Толстиковтің өзінде және ата-анасында ислам дініне қатыстылықтың болмауына байланысты, оның христиандықтан мұсылман дініне өту жөніндегі өтініші орындалмаған [126]. Ислам дінін христиандармен қатар басқа конфессия өкілдері де қабылдағанын

отарлық әкімшілік басқару органдарының құжаттары айғақтайды. 1910 жылы Семей облысында 27 орыс христиандықтан бас тартып, оның 13-і исламға өткен, қалғандары баптизм, иудаизм, және басқа діндерге кірген. Мұсылмандық қабылдаған орыстар қазақи өмірді саналы түрде қалаған. Осындай бір құжатта Түркістан өлкесінің генерал- губернаторы атына 1911 жылы Зумер деген еврейдің мұсылмандыққа өту туралы берген өтініші кездеседі, келесі бір өтініш Сырдария басқару мекемесіне орыс шаруасы Никифор Слободиннен түскен, онда бұл отбасының барлық мүшелері – 7 адам мұсылмандыққа өтуге ұсыныс берген [127]. Мұсылмандыққа өткен кезде орыс шаруалары өз таңдауын Орыс императорының 1905 жылғы 17 сәуірдегі бұйрығындағы «сенім еркіндігі» құқығына сүйенсе де, бұрынғы заңнамалық құжаттарда ақырғы сөз шенеуніктерде боп, рұқсат алу өте қиын болған [128]. Осылайша қазақ даласындағы Ресейдің отарлық әкімшілік басқару органдары қазақтар мен бұратана халықтарды шоқындыруды оларды ассимиляциялаудың, яғни орыстандырудың бастапқы қадамы ретінде қарастырды. Қазақтарды христиандандыру үшін олардың ұстанатын діні туралы мәліметтер жинады. Орыс әкімшілігі қазақтардың шынайы мұсылмандығына, діни сенімдеріне күдікпен қарап, оларды шоқындыруға басты маңыз берді және оның нәтижелі болатынына сенді. Ресей бұратаналарын шоқындыруда үлкен тәжірибе жинақтаған православие діндарлары қазақтарды шоқындыруда үлкен қиындықтарға тап болды.

1920 жылдардағы дін мәселесі және ислами саясат большевиктердің үгіт насихатында және партиялық қалыптастыру жүйесінде басты рөл атқарды. Тараптардың үгіт-насихаты Қазан төңкерісін тек қана «пролетариаттың құтқарушысы ретінде ғана емес, сондай-ақ патшалық Ресейдің барлық езілген халықтарының азат етушісі» ретінде бейнеленді. Дін мәселесі бойынша большевиктік ұрандар «ұлттық коммунизм» деп аталды және КСРО-ның ресейлік емес республикалар мен өңірлерінде үнсіздікке негізделді. Партия басшылары «ұлттық коммунизм» саясатынан бас тартып, 1930-шы жылдардың басында халықты насихаттауда, ислам мәселесі бойынша ресми мобилизациялық үгіт-насихат Қазақстанда мемлекеттік және партиялық құрылысқа, сондай-ақ кеңес билігіне жатпайтын орыс халқының мәдени жетістіктеріне ауысты. «Халықтар достығы» мен «кеңестік патриотизмнің» интернационалды сипаты туралы ұрандар одақтас республикаларда ұлттық саясаттағы артықшылықтар туралы «буржуазиялық-ұлтшылдық» диверсия деп қарастырылды. 1921 жылдан кейін коммунистік партия мен мемлекеттік құрылыс ұлттық мүдделерді сынып ретінде бір дәрежеде қорғауға тырысты. Е.Ярославский мен П.Н. Поспелов кеңестік ұлт-азаттық желісін Одақтық республикаларда белең алған «буржуаздық ұлтшылдардың қауіп-қатерімен» бірікті [129]. Дінге қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар комсомолдық және партиялық ұйымдардың негізгі және тұрақты жұмысының біріне айналды. Партиялық қызметкерлер мұсылмандардың діни сезіміне ескерусіз қол сұққан кезде халық арасында наразылықтар пайда болып, кейбір жағдайларда үлкен қантөгіске ұласатын. Мәселен, Өскемен, Семей, Шымкент және Талдықорған қалаларына атеистік көзқарасты насихаттау үшін казармаға келген партиялық

қызметкерлерге қарсы зорлық-зомбылық оқиғалары тіркелген. Атеизм идеяларын жаппай ұстануға «Жауыққан Құдайсыздар одағы» шақырған. Қазақстанның барлық өнеркәсіптік қалаларында бұл ұйым белсенді жұмыс атқарды. Атап айтқанда, дінге қарсы кештер ауыр өнеркәсіп ұжымдары тарапынан ұйымдастырылды, онда дін «адамзат тарихындағы құбыжық» ретінде дәріптелді, ал кешке қатысушы бір дінсіз адам өзінің қалай «құдайсыз» болғанын ықыласпен лекция түрінде айтып беретін [129]. Жалпы, 1930-1950 жылдары коммунистердің үгіт-насихаттық әдістеріне негізделген дінге қарсы саясаты халықтың мінез-құлқына сіңген мұсылмандық дәстүрі жасырын түрде болса да қорғалып келді. Қоғамдағы діни сана кейбір салт-дәстүрлер деңгейінде сақталды. Бірақ, жаңа социалистік қоғамдағы өмір сүру тәсілі, халықтың әдеті, ауысым кестесі, қатаң бақылау мұсылмандық қағидаттарды көбіне ұстанымына айналдырды.

Большевиктер жеңіске қол жеткізгеннен кейін коммунистік идеология мен үдемелі индустриализация еліміздің қатарынан екі ашаршылық кезеңіне тап түсірді. Кеңестік идеология «жұмысшы тап өкілдерін біріктіру» ұранымен көптеген халықтарды зорлықпен Қазақстанға қоныс аудартты. Нәтижесінде этникалық топтарды араластырып, орыс мәдениетімен ұластырып жіберді. Кеңес билігінің үгіт-насихаттық саясаты «дінсіздікке» негізделгеніне қарамастан елімізде «шырмауықтанған» идеялық жүйе қалыптасты, ол коммунистік идеология құрсауындағы исламдық дәстүрлі қоғамның өміршеңдігі;

1932 жылдың 15 мамырында И.В.Сталин үкіметі қол қойған «Құдайсыз бес жылдық жоспары» жарияланды, ол белгілі бір мақсат қойды: 1937 жылдың 1 мамырына қарай «елде Жаратушының есімі ұмытылуы керек» деген. Осылайша, кеңестік атеизм саясаты дінді заңды шектерден тыс қалдырды. Бірақ ислам қоғам ішінен жоғалып кетпеді, ол жеке адамның кеңістігіне көшті. Қазақстандағы мұсылмандардың жеке өмірлерінде немесе өзіндік автономиясындағы исламды алып тастау жағдайы жаңа бір құбылыс іспетті болмады. Кеңестік құрылыстағы исламның автономизациясының тарихы ішкі саяси жағдайдың ерекшелігіне байланысты өтті. Осылайша коммунистік идеология мұсылмандарды қысымға біртіндеп алу мәселесі керісінше әсер етіп, жеріміздегі мұсылмандардың оқшаулануына әкеп соқтырды, оның ішкі өмірі дәстүрлі ислам нормаларына сәйкес жалғаса берді.

Қазақстанда секуляризация үдерістері діни конверсияға айтарлықтай ықпал етіп отыр. Әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер нәтижесінде қоғамда діни сенімдерге деген көзқарас өзгеріп, кейбір азаматтар дәстүрлі діндерден басқа діни ағымдарға өтуге бейім. Бұл үдеріс әсіресе жастар арасында байқалады, олар жаңа діни қозғалыстарға қызығушылық танытып, кейде дәстүрлі емес діни топтарға қосылды. Мұндай конверсиялардың себептеріне діни сауаттылықтың төмендігі, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар және рухани ізденістер кіреді. Сонымен қатар білім беру жүйесінде дінтанулық білімнің жеткіліксіздігі де діни конверсияға әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында дін туралы білімнің болмауы немесе жеткіліксіздігі жастардың діни

мәселелерде дұрыс бағыт алуына кедергі келтіреді. Бұл жағдай діни ағымдардың жастарды өз қатарларына тартуға мүмкіндік береді. Осы мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесінде дінтанулық білімді енгізу және діни сауаттылықты арттыру маңызды болып табылады. Бұл жастардың діни мәселелерде саналы таңдау жасауына және радикалды діни ағымдардың ықпалына түспеуіне септігін тигізеді. Қорытындылай келе, Қазақстандағы секуляризация мен модернизация үдерістері діни конверсияға елеулі ықпал етіп отыр. Кеңестік кезеңдегі атеистік саясаттан кейін, тәуелсіздік жылдарында діннің қоғамдағы рөлі қайта қарастырылды. Тарихи тұрғыдан алғанда, отаршылдық кезеңінде қазақтарды христиандыққа өткізу саясаты жүйелі түрде жүргізілгенімен, бұл үдеріс айтарлықтай нәтижеге қол жеткізе алмады. Керісінше, ислам діні өзінің позициясын сақтап қалды, ал кейбір орыс қоныстанушылары исламды қабылдады. Қазіргі уақытта Қазақстанда діни конверсия үдерісі әсіресе жастар арасында байқалады. Діни сауатсыздық, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, рухани ізденістер адамдарды дәстүрлі емес діни қозғалыстарға жетелейді. Бұл үдерісті бақылауда ұстау және діни сауаттылықты арттыру үшін білім беру жүйесінде дінтанулық пәндерді енгізу маңызды. Осылайша азаматтар өз сенімдеріне саналы түрде қарайтын болады және радикалды ағымдардың ықпалынан сақтана алады.

Кеңестік дәуірде атеистік идеологияның кең таралғанына қарамастан қазақ халқының санасында ислам құндылықтарының өміршеңдігін сақтап қалды. Ресми идеология деңгейінде атеистік насихат пен тәрбие қабылданғанымен, күнделікті тұрмыс деңгейінде салт-дәстүр мен рәсім-жоралғыларда діни элементтер, соның ішінде ислам дәстүрі өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Еліміз егемендігін жариялап, тәуелсіздігін алған соң қоғамдық болмыс пен сананың шетіне ығыстырылған діни құндылықтар қайта жанданып, дінге қайта бет бұру қарқынды орын алды.

2.3 Қазіргі жаһандану контексіндегі Еуропа мен Корея елдеріндегі діни конверсия үдерістері

Жоғарыда атап өткеніміздей, әлемнің барлық жерінде діни конверсия феномені байқалады. Бір мемлекеттерде баяу жүрсе, кейбір мемлекетте діндер тез таралды. Исламофобиялық көзқарастары ең жоғары деген Еуропа мемлекеттерінде соңғы кездері исламға конверсиялану үдерістері байқалып жүр. Бұл үдерістердің болуында бір ғана емес бірнеше себептерді айтуға болады. Әсіресе кезінде өздері отарлаған мемлекеттерден келген мигранттардың әсерін де жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, Англияға келген Үндістан мен Пәкістан мұсылмандары ағылшындарға әсер етпеді деп айту қиын. Сол сияқты Франция мемлекетіне келген арабтардың өзі Франциядағы исламға конверсиялану үдерісіне өз септігін тигізіп отыр. Германияның өзінде Түрік мұсылмандарының ықпалы бар. Одан бөлек те әсер еткен бірнеше факторларды көрсетуге болады. Еуропадағы рухани құлдыраулар мен жаһандық үрдістердің жастарға кері әсерін тигізіп жатқанын көрсетуге болады.

Еуропа елдерінде мұсылмандар ең көп шоғырланған мемлекет – Франция мемлекеті. Америкалық Pew зерттеу орталығының берген статистикасы бойынша Францияда 5,7 млн-ға жуық мұсылман, Германияда 4,9 млн., Англияда 4,3 млн. мұсылман тұрады. Еуропадағы барлық мұсылмандар саны шамамен 26-27 млн.

Марракеш – Globe Eye News хабарлауынша, Израильдің Газаға шабуыл бастағаннан бері Еуропада исламды қабылдайтын адамдардың дінге келу деңгейі таңғаларлықтай өскенін айтады. Шабуыл басталғаннан бері әлеуметтік медиа платформаларында батыстықтардың Палестина халқының төзімділігінің сырын түсіну үшін Құран оқуға қызығушылық танытқан көп бейне роликтер таратылып жатыр [130].

Зерттеушілер Пьер Ростан мен Александра Ростан 2019 жылы «Еуропалық мұсылман халықтары қашан және қай елде басым болады?» атты зерттеуінде ең ықтимал сценарий бойынша мұсылмандар шамамен 100 жылдан кейін Швецияда, Францияда және Грецияда көпшілікке айналады деп болжайды [131, б. 10]. Германияның Конституцияны қорғау федералды басқармасының бұрынғы басшысы Ханс-Георг Маасен Австрияның Экспресс газетіне берген сұхбатында бұл болжамдарды қайталады. Францияның Статистика және экономикалық зерттеулер институтының 2023 жылдың маусым айында жүргізген зерттеуіне сәйкес, француздардың 10%-ы өздерін мұсылманмын деп жариялайды, ал басқа деректер бұл көрсеткіш 15%-ға дейін жетуі мүмкін деп болжайды.

Еуропа, Ресей және Еуразиялық зерттеулер институтының ғалымы Гүльназ Сибгатуллина Еуропадағылардың исламға конверсияланудың басқа да себептерін атап көрсетеді. Ол өзінің «Political Conversion to Islam Among the European Right» деген зерттеуінде исламға конверсияланудың саяси жақтарына кеңірек тоқталады. «Мен зерттеуді бастаған кезде мен маргиналды қозғалыс табамын деп күткенмін, бірақ ол мен ойлағаннан әлдеқайда басқаша болып шықты», – дейді зерттеуші Г.Сибгатуллина [132]. Оның зерттеуі бойынша Еуропалықтардың исламды қабылдауы осы соңғы жылдары болып жатқан құбылыс емес, алғашқы исламға келушілер дінге 1960 жылдары келгенін айтады. Олардың отбасы қазір екінші ұрпақ мұсылман болып өмір сүріп жатыр. Сондай-ақ зерттеуші Еуропадағы ислам құқын қорғаушылардың күннен-күнге беделі артып келе жатқанын айта отырып, бұл саяси партиялар арасында да ислам дінін жақтаушылардан дауыс жинау мақсатында қолданылатынын айтады. Мысалы, Орам ван Клаверен, Гирт Вилдерстің бұрынғы оң қолы Голландияның Бостандық партиясы (Partij voor de Vrijheid, PVV) саяси партияда жұмыс жасаған кезде исламды қатты сынаған болатын. Одан кейін өзі 2018 жылы ислам дінін қабылдайды. Сибгатуллинаның айтуынша, кезінде барлық БАҚ оны исламға қарсы және нәсілшіл деп көрсетті, енді ол аяқасты мұсылман болды. Г.Сибгатуллина зерттей келе, консервативті, оңшыл идеологияның жиі исламға жақындығына себеп болатынын анықтады. «Бір қарағанда, бұл маған парадокс болып көрінді: бұл шын мәнінде мәдениеттердің араласуын қаламайтын адамдар; еуропалық өркениеттің артықшылығын жақтаған. Маған олардың Исламды таңдауы қисынсыз болып көрінді», – дейді

ғалым. Сол себепті де зерттеуші Г.Сибгатуллина саяси мақсатта, мұсылмандардың даусын алу үшін мұсылман болуы мүмкін деген күдікпен қарайды. Бұл құбылысқа мән беріп қарайтын болсақ, болашақта саяси себептермен діни конверсия жасаушылардың да саны артуы мүмкін. Әлемдегі босқындардың да басқа мемлекетте қалуы үшін сол елдің дінін қабылдауы сияқты саяси себептердің әсері болашақта күшеюі ықтимал.

Зерттеуші Г.Сибгатуллина Нидерланды мемлекеті сынды Еуропаның кейбір мемлекеттерінде Ислам дініне конверсияланудың тағы бір себептерінің бірі ол – экономика саласы дейді. Батыс қоғамындағы банк жүйесі үлкен күшке ие. Осыған байланысты халықтың арасында кейбір наразылықтардың бірі ол Батыстың экономикалық жүйесі байлықты пайдалану мен әділетсіз бөлудің алдын алу үшін осы исламдық принципті қабылдауы керек деп санайды. Әйтпесе банк жүйесіндегі әділетсіздіктерді тоқтатудың мүмкін емес екендігін айтады [132]. Соңғы жылдары әлемде болып жатқан дағдарыстардың кесірінен халықтың арасында банк жүйелеріне, әсіресе пайыздық мөлшері өте жоғары банктерге деген наразылықтар көбейді. Осы наразылықтардың арқасында ислам қаржы жүйесіне деген қызығушылықтың сәл де болса артқаны байқалады. Бұл қызығушылық исламды зерттеуге әкеледі. Исламды зерттеушілердің исламды қабылдағанына қатысты тарихта дәлелдер өте көп. Сол себепті аз болса да, бұл құбылыстардың да исламға конверсиялану мәселелерімен байланысты екенін атап өткен абзал. Оны жоғарыдағы Г.Сибгатуллинаның зерттеулерінен де байқап отырмыз.

Г.Сибгатуллинаның айтуынша, исламды қабылдаған Еуропалықтар исламның Еуропалық нұсқасын табуға тырысады. Яғни олар исламды еуропалық мәдениетке, өмір салты мен құндылықтарына енгізуге тырысып бақты. Сондай-ақ барлық исламды қабылдаған еуропалықтарды бір топқа жатқызуға болмайды. «ДАИШ-ті қабылдаған және оған қосылған еуропалықтар толығымен басқа топты құрайды: олар көбінесе экономикалық және әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтардан шыққандар. Ал, Г.Сибгатуллина зерттеп отырған топ – шын мәнінде жоғарғы орта тапқа жататындар.

Сонымен қатар Г.Сибгатуллина қазіргі кезде қоғамда болып жатқан көп пікірталастың бірі ол – «мұсылмандардың Еуропамен түк байланысы жоқ, олар әлі күнге дейін Таяу Шығыспен рухани байланыста» деуінде болып отыр дейді. Ислам дінін қабылдағандар мұсылмандардың Еуропада көп тарихы бар екенін, сонымен қатар оның дамуына үлес қосқанын айтып та, жазып та жүр. Басқа себептермен қатар, олардың пікірлері көбірек жетеді, өйткені олар – еуропалық келбеті бар батыс адамдары. Г.Сибгатуллина Еуропадағы ислам туралы пікірталастың баяу болса да өзгеріп жатқанын айтады. Бұл еуропалық мұсылмандардың, әсіресе исламды қабылдаған еуропалықтардың маңызды әлеуметтік және саяси мәселелер бойынша қоғамдық пікірталастарға көбірек қатысатындығынан дейді.

Негізінен Еуропа мемлекеттеріне жақсы өмір аңсап немесе өз еліндегі саяси және әлеуметтік, экономикалық сынды қиындықтардан қашқан мұсылмандардың заңсыз миграциясы көп жылдан бері үлкен мәселелердің біріне айналып отыр. Мұндай мәселелердің туындауына көбіне дамымаған

мұсылман мемлекеттерінен барған мигранттар себепші болды. Мигранттардың басым бөлігін Ауғанстан, Сирия, Ирак, Палестина және Африка аймағынан келген мұсылмандар құрайды. Бұл мұсылмандар тобы – Еуропадағы ең кедей әрі білім деңгейі төмен топтардың санатына жататындар. Жаппай мұсылман миграциясы Еуропа түрмелерінде тіркелген мұсылмандар санының артуына әкелді. Мысалы, 2007-2019 жылдар аралығында Англия мен Уэльсте тұтқын мұсылмандар саны 47%-ға өсті: 2007 жылғы 8864-тен 2019 жылы 13 008-ге артты [133]. Қысқасы, еуропа түрмелеріндегі мұсылмандар, әсіресе мұсылман еркектер айтарлықтай артып келе жатыр. Енді бір қызығы Еуропа түрмелерінде жатқандар арасында исламға конверсиялану жоғары деңгейде жүріп жатыр. Осыған байланысты зерттеу ақпараттарына сүйенетін болсақ, Еуропадағы түрмелерде жатқандар арасында шамамен 30%-ы ислам дінін қабылдап, конверсия жасағандар қатарына еніп отыр [134]. Түрме сыртында ислам дініне конверсиялануға қарағанда, түрме ішінде исламға конверсиялану айтарлықтай көп екені байқалып отыр. Әрине бұл жақсы құбылыс емес. Себебі Еуропа халықтарының исламға деген фобиясы осы сияқты факторлармен әлі күнге дейін өршіп тұр. Мұсылмандар шоғырланған көп мемлекеттегі соғыстың немесе дағдарыстардың кесірінен сауаты төмен, зәбір көрген, комплекстері бар әрі өте кедей отбасыдан шыққан босқындар жаппай Еуропаға қарай ағылады. Әсіресе Африка мемлекеттерін қоса алғанда, Сирия, Палестина, Иран, Ауғанстан, Пәкістан сынды мемлекеттерден барған босқындар Еуропада мұсылмандар туралы жағымсыз көзқарастың қалыптасуына себепші болып отыр. Заңсыз кірген мұсылмандардың түрмеге түсуі түрмедегі мұсылмандардың санын көбейтуге өз әсерін тигізіп отыр.

Еуропа түрмелеріндегі исламға конверсиялану феноменінің ең негізгі себептерінің бірі – ол түрмеге түскендердің өкініш, іштей қиналу, қайта аяққа тұру, болашақты ойлау сынды ішкі жан күйзелісін дін арқылы шешу. Көбіне ислам діні арқылы шешуге тырысады. Түрмедегі мұсылмандардың көп әрі беделді болуы да түрмедегі исламға конверсиялану тәжірибесіне өз әсерін тигізіп отыр. Мұсылман болу кейде түрмеде отырғандарға артықшылық беруі де мүмкін. Жұма кезінде намазға шығу, басқа мұсылмандармен араласу, олардан көмек алу сынды пайдалары да бар. Ислам арқылы өз өкініштерін жеңіп, оңалып жатқан сотталушылар да бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ зерттеушілер бұл жерде оңалтумен қатар агрессивті терроризммен сотталған мұсылмандар қатарына қосылып, мемлекетіне қарсы шығып кету қаупі де бар екенін де айтады [135, б. 162]. Көріп отырғанымыздай, Еуропа мемлекеттеріндегі, әсіресе Франция мен Англия мемлекеттерінде исламға конверсиялану тәжірибелері – түрмеде де болып жатқан маңызды құбылыстардың бірі. Ғалымдардың айтуынша, исламды қабылдаған еуропалықтар бостандықта жүргендерге қарағанда, түрмеде жүргендер арасында жиі кездеседі.

Англия мемлекетінде жүргізілген үлкен зерттеулердің бірін дін психологы Әли Көсе «Исламға конверсия» атты докторлық диссертация зерттеуінде жасады. Жалпы автордың айтуынша, ағылшындардың ең алғаш мұсылмандармен тығыз байланысы Үндістанды қоластына алған кезде

шамамен XVIII ғасырдың орталарында басталған. Содан кейін жоғарыда атап өткеніміздей, бұл мемлекеттен ағылшындардың жеріне көшкен үндістермен бірге олардың діндері де бірге ағылшын жеріне келе бастайды. Негізінде барлық Еуропа еліндегі мұсылмандардың тарихы осыған ұқсас империализммен тығыз байланысты [136, б. 28].

Жұмысшы кемелермен Африка елдерінен де мұсылмандар Ағылшын жеріне қоныс аударып жатты. Бірақ сандары айтарлықтай көп емес еді. Бұл статистика екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тағы да өзгерді. Себебі ағылшын қыздарына үйленген мұсылман отбасылар пайда бола бастады. Кейбір ағылшын қыздары мұсылмандықты қабылдаса, кейбіреулері қабылдамай, ары қарай өмір сүре берді. Бірақ мұсылман мәдениетіне деген құрметі үшін үй ішінде халал тамақтар жасайтын [137, б. 192]. Осылайша ағылшындар жеріне Африка, Үндістан, Пәкістан, Бангладеш сияқты аймақтардан мұсылмандар қоныстанды. Көбіне мұсылмандар өндірістік қалаларда жұмысшы таптардың қатарында болды. Сол себепті ірі қалаларда шоғырланған. Бұл да мұсылмандықты насихаттау үшін өте тиімді еді.

Ал қазіргі уақытта Англия мемлекетінде өмір сүріп жатқан мұсылмандарды бірнеше түрге бөлуге болады. Олар: жоғарыда айтқанымыздай, отарлаушы елден келген мұсылмандар, қазіргі кезде жұмыс жасауға келген жұмыскерлер, мұсылман мемлекеттерінен келген студенттер, әлдебір мамандық бойынша арнайы шақыртумен келіп, жұмыс істеп жүрген мұсылмандар, Мұсылман елдерінен келген дипломаттар мен жеке кәсіпкерлер және ислам дінін қабылдаған ағылшын мұсылмандары. Мұсылмандардың басым бөлігі Үндістан мен Пәкістан сынды мемлекеттерден келгендіктен, араларында диобанттық мектеп өкілдері басымырақ. Сондай-ақ сәлефилік, уахабилик бағытты ұстанатындар баршылық. Сопылық бағытты ұстанатындар да жиі кездеседі. Тек аз ғана кездесетін бағыттың бірі Шиита мен Ахмадия жамағаттары [138, б. 210].

Дін психологы Әли Көсе «Исламға конверсия» атты докторлық диссертация зерттеуінде ислам дінін қабылдаған 70-ке жуық ағылшын азаматынан тереңдетілген сұхбат алған болатын. Діни конверсия тақырыбындағы көптеген зерттеулерде бірінші кезекте дін ауыстырғандардың балалық шағына аса қатты көңіл бөлінеді. Балалық шағының жақсы өтуі, дұрыс әлеуметтену алуы сынды мәселелер қарастырылады. Зерттеуші Әли Көсе де осы мақсатта дін ауыстырған ағылшындардың балалық шағына байланысты бірнеше ақпараттарды анықтаған болатын. Солардың бірі – балалық шағының бақытты өтуі мәселесі. Жалпы алғанда, зерттеуге қатысқан ағылшындардың басым бөлігінде 70%-да өте жақсы және орташа өтсе, тек 30%-да нашар өткені анықталған. Сол себепті мұсылман болған ағылшындардың исламға келуінде балалық шақтарының қиын өткендігінен деп айту қиын [138, б. 143].

Дін ауыстырғандардың жас ерекшеліктеріне келер болсақ, зерттеуге қатысқандардың 89%-ға жуығы 45 жасқа дейінгілер болса, тек 11%-ға жуығы ғана 45 жастан асқандар. Бұл зерттеуде де көріп отырғанымыздай, жастар мен орта жасқа дейінгілердің саны басымырақ. Үлкен жастағы дін

ауыстырғандардың саны салыстырмалы түрде айтарлықтай төмен екенін көруге болады.

Дін ауыстырған ағылшындардың бұрынғы діндері бойынша көрсеткіштер мынадай: 51%-ы – Англикан шіркеуінің өкілдері, 12%-ы – Католиктер, 4% Иудаизм дінінде болса, 3%-ы – Методистер сенімінде болғандар. Әрине бұлардың бәрі діндар болды деп айту қиын. Бұлардың арасында 83%-ы Құдайға сенгендігін айтса, қалғандары күмәнмен қарағандар қатарында.

Жалпы, зерттеуге қатысқандардың білім деңгейі жоғары деп айтуға болады. Яғни 60%-ы жуығы – жоғарғы білімі барлар. Тіпті олардың арасында 5 ғылым докторы және 9 магистр дәрежесін алғандар бар. Экономикалық жағына тоқталатын болсақ, дін ауыстырғандардың ішінен жоғарғы тап өкілдерін кездестіру қиын. Басым бөлігі орта тап – 66%, жұмысшы таптар саны болса 34% құрап отыр. Бай ауқатты ағылшындар арасында исламға конверсиялану тәжірибелері аса қатты байқалмайды.

Ал діни конверсия жасауларына әсер еткен негізгі факторларының бірі ретінде өмірінде болған қиындықтар мен травмалық оқиғаларды атап өтуге болады. Себебі исламды қабылдаған ағылшындардың 60%-ға жуығы өмірінде қатты науқастанып қалу, әке-шешесінің ажырасуы, жақындарынан айырылу, түрмеге жабылғандар, ажырасу сынды қиындықтарды бастан өткергендер. Адам өмірінде болатын бір қиындықтың өзі адамның сенімін, ойлау жүйесін өзгертуі мүмкін [139, б. 88].

Жоғарыда атап өткеніміздей, қиындықтардан кейін өмірден мән іздеп, интеллектуалдық ізденіске түсіп, дін ауыстырғандардың саны 71%-ды құрап отыр. Ислам дінінің өз сұрақтарына жауап беруінде ақылға қонымды болғанын айтады. Сондай-ақ ислам дінін қабылдауға өте қатты әсер еткен факторлардың бір – ол неке мәселесі. Әсіресе бұл феномен әйелдер арасында өте жиі кездеседі. Әйелдердің 90%-ы мұсылманмен некелескені анықталып отыр. Көбі мұсылманмен неке қиғаннан кейін немесе некелесу үшін мұсылман болғандар. Ер адамдар арасында бұл көрсеткіш 56%-ды құрап отыр. Сол себепті мұсылмандармен танысқаннан кейін ислам дінін жақынырақ тани алған ағылшындардың ислам дінін қабылдауын жылдамдатқан болатын.

Қорыта айтқанда, ағылшындардың ислам дінін қабылдауларына бірнеше фактор әсер еткенін көріп отырмыз. Өмірлік травмалар, мұсылмандармен танысу, ислам дінін тану үшін интеллектуалдық ізденіс сияқтылардың себепші болғанын көруге болады.

Еуропадағы ислам дінін қабылдаушылар туралы зерттеулердің әртүрлі болғанына байланысты кейбір зерттеулерді салыстыруға келмейді. Мысалы, түрмедегі діни конверсия жасаушылар мен қоғамда немесе жоғарыда мысалға келтірілген саяси мақсатта діни конверсия жасаушылардың дін ауыстыру мақсаттары бір-біріне ұқсамайды. Сол себепті бұл бөлімді тек әлемде болып жатқан исламға конверсиялану құбылысы және ақпарат ретінде беріп отырмыз.

Оңтүстік Корея мемлекетінде ислам діні – жаңадан таралып жатқан діндердің бірі. Ислам діні ертеректе араб саудагерлерімен келді десек те, қалыптасып орнықтаған болатын. 1950 жылдары болған соғыс кезінде түрік әскерлерімен бірге олардың сенімі де келген еді. Осы кезде Оңтүстік Корея

азаматтары екінші рет мұсылмандармен жақыннан таныс бола бастады. Осы соғыстан кейін ислам мемлекеттерінен көп көмек пен дін таратушылар келе бастады. Нәтижесінде 1970 жылдары 1000 жуық кісі ислам дінін қабылдаса, 1980 жылдары жылына шамамен 250-ге жуық адам дін қабылдайтын еді [140, б. 54].

Кореяда 56%-ға жуық атеистердің тұратыны және исламофобияның ең жоғарғы деңгейде екенін ескерсек те [141, б. 829], бұл жақта жылдан-жылға исламды қабылдаушылар баяу болса да артып келе жатыр. Мысалы, Корея мұсылман федерациясының ақпараты бойынша 1995 жылы мұсылмандар саны 40 мыңға жуық және мешіттер саны 5 болса [50, б. 103], қазіргі уақытта мұсылмандар саны шамамен 200 мыңға жуықтаған. Ал мешіттер саны 15 және 60-қа жуық намазханалар ашылған болатын. Оңтүстік Кореядағы мұсылмандар санының өсуі тек қана кәріс халықының ислам дінін қабылдауы есебінен ғана емес, сондай-ақ сырт елден көшіп келгендердің санымен де артып келеді. Әсіресе Бангладеш, Пәкістан, Малайзия сынды елдерден жұмысқа келген мигранттар да бұл елдегі мұсылмандардың қатарын көбейтті. Ислам дінін насихаттау ісінде Сеул орталық мешітінің жоғары белсенділік танытқанын атап көрсеткен абзал. Осы мешіттің бас имамы Абдурахман Ли Кореядағы орта мектептер мен университет студенттеріне ислам мәдениетінен сабақ береді. Итаевон Мұсылман көшесі деп аталатын арнайы көшелері де бар. Осы сынды іс-шаралар болашақта корейлердің мұсылмандарға деген немқұрайлы көзқарасын жоюға өз септігін тигізуі мүмкін. Итаевондағы мешіт мұсылмандарды ғибадат орнымен қамтамасыз етумен қатар исламға қызығушылық танытқан корейлермен де қарым-қатынас орнатуда да маңызды рөл атқарады.

Орталық мешіт басшылығы демалыс күндері мұсылмандар мен мұсылман еместерге араб тілі және исламтану курстарын ұсынады. Корей мұсылмандары студенттер қауымдастығымен әртүрлі мұсылман отбасыларының балалары үшін іс-шаралар мен кездесулер ұйымдастырылады.

Соңғы жылдары Кореяда исламды қабылдаған мұсылман блогерлер феномені байқалып отыр. Осы блогерлер мұсылман кәрістердің өмірінен ақпарат беріп, ислам дінімен жақынырақ танысуға үлкен мүмкіндік ашып отыр. Солардың бірі – Бора Сонг есімді блогер. Бора Сонгтың Instagram (<https://www.instagram.com/olaborasong/>) аккаунтында 188 мың жазылушысы бар. Бора Сонг Сеул орталық мешітінде араб тілінен сабақ береді және ислам дініне қатысты ақпараттық іс-шараларды жүргізеді. Сонымен қатар мұсылман елдеріне жанашырлық танытатын немесе мұсылман елдерімен ынтымақтастықта және қолдауда онлайн, әлеуметтік желілер арқылы бөлісетін корейлер де, корей қоғамының Исламға және мұсылмандарға қарсы көзқарасты жоюға маңызды үлес қосып келеді. Ким Чо Вон өзінің «Чомад» лақап атымен танылған блогер Таяу Шығыстағы және басқа да мұсылман елдеріндегі саяхаттары мен жағымды тәжірибелерімен әлеуметтік желілер арқылы бөлісуде. Instagram-да 717 мың және Youtube (<https://bit.ly/3qPxbcm>) 771 мың қараушысы бар. Ким Чо Вонның 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Кәрістер Сауд Арабиясындағы жергілікті базарға барады» атты бейнеролик үш миллионнан

астам қаралым мен он алты миллионнан астам пікір алғанын көруге болады. Блогерлердің де дінді насихаттау ісінде өз орны бар екенін бұл жерде атап өткеніміз жөн. Жаһандану қоғамында өмір сүріп жатқандықтан әлеуметтік желіні қолдану, әлеуметтік желіде блог жүргізудің де діни конверсиямен байланысы бар екендігін көруге болады. Қазір дінді де әлеуметтік желі арқылы таратып, белсенді болып жүрген блогер миссионерлердің бар екендігін де ескеру қажет. Енді осы елдегі діни конверсияға қатысты зерттеулер туралы айта кеткен жөн.

PhD ғалым Хион Ким Пенсильваниядағы Шығыс Строудсбург университетінің діндерді зерттеу кафедрасының ұстазы, Эль Азхар университетінің түлегі, Түркияның Мармара университетінде магистрлік диссертация қорғаса, Америкадағы Темпл университетінде докторлық диссертация қорғаған.

Хион Кимнің «Діни конверсияланудың интеллектуалдық негізі (Оңтүстік Корея мұсылмандарын зерттеу)» атты еңбегі – Оңтүстік Кореядағы исламға конверсиялану тақырыбы бойынша жазылған бірегей құнды еңбек. Себебі Корея мемлекетінде мұсылман болғандарды зерттеген зерттеулер аса көп емес. Санаулы әрі сапалы болғандықтан осы зерттеудің тәжірибесімен бөлісуді жөн көріп отырмыз.

Зерттеуде діни конверсия феноменіне дін психологиясы тұрғысынан зерттеліп, талдау жасалған. Ғалым Оңтүстік Корея мемлекетіндегі ислам дінін қабылдаушыларға әсер еткен негізгі факторларды анықтауға тырысады. Зерттеуші Хион Ким исламды қабылдаған 27 респонденттен тереңдетілген сұхбат алу арқылы осы мәселені жан-жақты зерттейді. Зерттеуге қатысқандардың жынысына қатысты ақпарат төмендегі кестеде көрсетіліп отыр.

Кесте 1

Жынысы

Жынысы	Адам саны	%
Ер адамдар	20	74%
Әйел адамдар	7	26%
Барлығы	27	100%

Зерттеуге қатысқан 27 адамның 20-сы (74%) ерлер және 7-уі (26%) әйелдер. Ерлерге қарағанда, әйелдер көрсеткіші төмен болуының себебі Сеул орталық мешітінде жұма намаздан кейін алынған сұхбат бойынша жасалған. Негізінен жұма намазына қатысушылармен жүргізілген бұл зерттеуде әйелдер санының аз болатыны – заңдылық. Ислам діні әйелдерге жұма намазына қатысуды парыз етпегендіктен, аз болатыны да – түсінікті. Автор осы себептерге байланысты әйел кісілерден сұхбат алу мүмкіндігі болмағанын өз еңбегінде айтып өткен. Сондай-ақ зерттеуші ер адам болғандықтан, діндар мұсылман әйелден сұхбат алу жағы да қиындық тудыруы мүмкін.

Зерттеуге қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына келер болсақ, Оңтүстік Кореядағы әлеуметтік таптық жүйеге сәйкес дінге бет бұрғандардың жағдайы орташа деп баға беруге болады. 25-і (92,5%) өздерін

орта тап өкілі деп санаса, ал 2 (7,4%) жұмысшы тап ретінде санайды. Ислам дінін қабылдаған корейліктердің кәсіптеріне байланысты ақпаратты келесі кестеде беріп отырмыз.

Кесте 2

Кәсіптері

Кәсіптері	Адам саны	%
Жеке кәсіпкер сауда	11	40,7%
Студент	5	18,5%
Үй шаруасындағы әйелдер	3	11,1%
Фармацевт	1	3,7%
Жеке шаруашылық	1	3,7%
Жалдамалы жұмыста	4	14,8%
Жұмыссыз	2	7,4%
Барлығы	27	100%

Кестеден көріп отырғанымыздай, респонденттердің басым бөлігі шағын кәсіппен айналысатындар 11-і (40,7%) яғни саудамен айналысады; 5-і (18,5%) – студенттер; 3-і (11,1%) – үй шаруасындағы әйелдер; 1-і (3,7%) – фармацевт; 1-і (3,7%) – жеке шаруашылықпен айналысатын кәсіпкер. Жалдамалы жұмыс істейтін 4 адам (14,8%), 2 адам (7,4%) жұмыссыз екенін мәлімдеді.

Білімі: Білімі бойынша дінге бет бұрғандардың 17-сі (62,9%) – ЖОО түлектері. 7-і (25,9%) – орта немесе орта мектепте оқитындар. 2-і (7,4%) – магистр немесе одан жоғары дәрежесі бар адамдар. Жалпы қарағанда дін ауыстырған кәрістердің білім деңгейлері жоғары деңгейде екені анықталған.

Ал енді исламды қабылдамастан бұрын ұстанған діни сенімдеріне байланысты ақпарат төмендегі кестеде беріліп отыр.

Кесте 3

Бұрынғы діні

Бұрынғы діні	Адам саны	%
Протестант	16	59,2%
Дінсіз	6	22,2%
Католик	2	7,4%
Буддизм	2	7,4%
Конфуций	1	3,7%
Барлығы	27	100%

Зерттеуге қатысқан мұсылман кәрістердің 16-сы (59,2%) протестант дінін ұстанған; 2 (7,4%) католицизмнен; 6 (22,2%) дінсіз; Буддизмнен 2 (7,4%) және 1-і (3,7%) конфуцийшіліктен келіп ислам дінін қабылдаған болатын. Көріп отырғанымыздай конвертиттердің басым бөлігі – христиан дінінен келгендер. Корея қоғамы үшін дәстүрлі болған буддизмнен және конфуций сенімінен исламға келгендердің саны өте аз (7,4%). Екінші жағынан, протестантизмді қабылдағандар ең үлкен топты (59,2%) құрайды. Бұл исламмен христиандықтың қасиетті кітап, Құдай сынды түсініктерінің ұқсас болуына

байланысты болуы мүмкін. Буддизмде құдай түсінігі аса қатты қарастырылмайды. Христиан дінінен келгендердің көпшілігі – Құдайға деген сенімдерін қайта қарап, христиан дінін исламмен салыстыру арқылы діндерін өзгерткендер. Буддизмнен келгендер болса, Құдайға сену түсінігін іздегендер және оны ислам дінінен тауып дін ауыстырған болатын. Ал дінсіздер болса, көбі – ешбір дінді ұстанбаса да, ізденіс үстінде болған ізденушілер. Мысалы, 29 жасында дінді қабылдаған азаматтардың бірі Чо мырза, ол жағдайды былайша түсіндіреді: *«Шындығында мен ешбір дінді ұстанған емеспін. Бірақ бұл менің атеист екенімді білдірмейді. Сіз Құдайға сенесіз, бірақ ешқандай ұстанатын дінді таба алмайсыз. Сосын өзіңізге лайықты дінді іздеп жүресіз».*

Исламмен алғашқы байланыс: Корейліктердің исламмен алғашқы байланысы негізінен достары арқылы болған. Ислам дінімен алғаш достары арқылы танысқандардың көрсеткіші 33,3%-ды құрайды. Олар корей мұсылмандарымен ғана емес, корей емес мұсылмандармен де жақсы қарым-қарым қатынаста болған. Ислам дінін қабылдағандардың басым бөлігі көбінесе Кореяда жұмыс жасауға келген мұсылмандармен танысып, сосын сол мұсылмандармен достасқандар. Мұсылман достарынан Ислам туралы сұрастырып немесе мұсылмандардың мінез-құлқына қызығып, зерттей отырып, ақырында исламды қабылдауға бел буған. Олармен кездесіп, ислам дінімен танысқаннан кейін әртүрлі мотивтер пайда болған, оны төменде көруге болады. Ислам дінін қабылдағандардың барлығы – 70-ші жылдары Сауд Арабиясында жұмысшы ретінде болғандар. Жазбаша басылымдар арқылы Исламмен танысқандардың көрсеткіші басқа зерттеулерге қарағанда, салыстырмалы түрде айтарлықтай төмен екені байқалады. Себебі Кореядағы ислам туралы корей тілінде жазылған басылымдар өте аз.

Мешітке бару үшін шешімді қалай қабылдадыңыз? деген сұраққа: Исламды қабылдаған корейліктердің басым бөлігі мешітті көргеннен кейін оның не екенін түсіну үшін барғанын айтқан болатын. Кейбіреулері ислам дініне мәдениетіне қызығып барған. Мысалы, христиан дінінен ислам дініне өткен Мун мырза Исламмен алғаш танысуын былай мәлімдейді: *«Мен діндерге қатты қызығатын адаммын. Шіркеуде әрқашан ислам туралы теріс пікірлер айтылатын еді. Содан бір күні бұл рас па екен деген оймен мешітке барып сұрай бастадым. Мешітте көп нәрсе үйрендім. Осылайша мен мешітке келу арқылы исламға келдім».*

Сондай-ақ исламға достары арқылы келгендер де бар. Мұсылман студенттерінің жыл сайынғы лагеріне қатысып ислам туралы естіп, біліп сосын ислам дініне келгендер және ислам дінімен университетте араб тілі курстары немесе Араб бөлімінде араб мәдениеті, Құран т.б. сабақтарға қатысып исламмен танысқандар. Негізін Кореяда ислам туралы түсінік немесе жағымсыз пікірлерді естіп, оны осы исламды ұстанушылардың өз аузынан есту үшін танысып, дұрыс исламды естігеннен кейін мұсылман болғандар жетерлік.

Діни конверсия жасаған корейліктердің орташа жасы 28,7 және басым бөлігі 21-40 жас тобына жататындарды құрап отыр. XX ғасырдың басында жасалған зерттеулердің көбінде дін ауыстырғандардың жасы көбіне жасөспірім жастағылар болатын. Дегенмен, еуропалық және америкалық исламды

қабылдағандардың орташа көрсеткіші – 31, ал британдықтардың дінге келуінің орташа жасы – 29 жасты құрайды [142, б. 102].

Жалпы барлық ғалымдардың көзқарастары бойынша діни конверсия жасайтындардың басым бөлігі жастар мен орта жастағы адамдар екені бір ауыздан анықталған. Қарттық жасқа келгендердің дін ауыстыру оқиғалары – өте сирек кездесетін құбылыстардың бірі.

Ал енді діни конверсия мотивтеріне келетін болсақ, Кореяда дін ауыстырғандардың діни конверсия жасауларының негізі ретінде көпшілігінің (70,3%) интеллектуалдық себептермен дінін өзгерткені анықталған. Одан кейін эмоциялық (33,3%); эксперименттік (25,9%) және мистикалық (11,1%) мотивтер анықталған. Мәжбүрлеу немесе күштеп дін ауыстырту мотивтері анықталмаған.

Интеллектуалдық себептермен исламды қабылдағандардың басым көпшілігінде дінге қатысты көптеген сұрақтары болған. Мысалы, әлемнің жаратылысы, адам болмысы, Құдайды тану сынды сұрақтарына жауап іздеу мақсатында интеллектуалдық ізденіс үстінде болған. Ол ізденістерінің нәтижесінде ақылға қонымды жауапты исламнан тапқан. Сол себепті ислам дініне кірулерінің алғашқы себептерінің бірі осы интеллектуалдық мотив екені анықталып отыр.

Бірнеше дінді ұстанушысы бар Оңтүстік Корея қоғамында исламға конверсиялану тәжірибесін қорытындылайтын болсақ, бұл мемлекетте аз да болса, ислам дінін қабылдап жатқан жастардың бар екенін көріп отырмыз. Жоғарыда талдап өткеніміздей, Кореяда жасалған зерттеу негізгі дереккөз ретінде Дж.Лофланд пен Н.Сконовд [143, б. 435] ұсынған алты мотивті пайдалана отырып, корейліктердің исламға кіру мотивтерін анықтауды көздейді. Зерттеуші Хион Ким осы зерттеудің қорытындысы ретінде ислам дінін қабылдаған корейліктер негізінен интеллектуалды мотивтермен дінді қабылдаған деген қорытынды жасайды. Қысқасы, исламның сан алуан ілімі мен өмір философиясы корейліктерді қызықтырған болатын. Тиісінше корейліктердің Құран мен ислам кітаптарын оқу арқылы немесе мұсылмандармен сөйлесу арқылы өз діндерімен салыстыра отырып, нәтижесінде саналы түрде мұсылман болғандарын көрсетіп отыр.

Жоғарыда талдаған еңбектің авторы Хион Ким зерттеуін қорытындылай келе, діни конверсия құбылысын немесе үдерісін зерттеу кезінде тек бір ғана фактордың әсер етпейтінін тағы да атап көрсетеді. Ол зерттеуінде діни конверсия жасаушылардың тек бір ғана себебін тауып, бұл үдерістің негізін түсіндіруге тырысқанын айтады. Барлық корейлердің діни конверсия тәжірибелерін, құбылысын және үдерістерін ашу үшін әртүрлі тәсілдер қажет екенін атап өтеді [50, б. 184].

Қазіргі таңда Оңтүстік Корея мемлекетінде өмір сүріп жатқан шамамен 200-250 мыңға жуық мұсылмандарға өз діндерін ұстануға толық мүмкіндік жасалмаған. Мұсылмандық салтпен өмір сүру үшін кедергі болатын бірнеше мәселелер бар. Олардың бірі халал азық-түліктердің шектеулі болуы, Медреселердің болмауы сынды мәселелер де өз елінде ислами білім алуда бірнеше қиындық тудырып отыр. Тағы бір өзекті мәселелердің бірі – мұсылман зиратының болмауы. Кореялықтардың мәдениетіне сай адамды өртеу дәстүрі

болғандықтан, зират жасау заңдық жағынан біраз қиындық тудырып отыр. Дегенмен, Қатар, Саудия, Біріккен Әмірліктер, Малайзия сынды мұсылман мемлекеттері Оңтүстік Корея басшылығымен келіссөздер жүргізіп, халал азық-түлік тасымалы және мұсылман зираты үшін жерді жалға алу сынды мәселелерді шешу жолында жұмыстар атқарып жатқаны байқалады [144, б. 315].

Сонымен қортындылай келе, Оңтүстік Корея азаматтарының исламға конверсиялануының төмендегідей алғышарттары мен себептерін атап өтуге болады: интеллектуалдық себептермен исламды қабылдағандардың басым көпшілігінде, дінге қатысты көп сұрағы болған. Мысалы, әлемнің жаратылысы, адам болмысы, Құдайды тану сынды сұрақтарына жауап іздеу мақсатында интеллектуалдық ізденіс үстінде болған. Ол ізденістерінің нәтижесінде ақылға қонымды жауапты исламнан тапқан. Сол себепті ислам дініне кірулерінің алғашқы себептерінің бірі осы интеллектуалдық мотив екені анықталып отыр.

Қазақстандағы ислам дініне конверсия үдерісі салыстырмалы түрде баяу қарқынмен жүзеге асып, оның әлеуметтік ауқымы мен әсер ету деңгейі шектеулі болып табылады. Біріншіден, тарихи-мәдени факторлардың маңыздылығы айқын аңғарылады. Қазақстандағы ислам діні ғасырлар бойы ұлттық болмыспен сабақтасып, мәдениет пен дүниетанымның іргелі құрамдас бөлігіне айналған. Соның нәтижесінде халықтың басым бөлігі исламды мұрагерлік жолмен қабылдайтын дәстүрлі сенім жүйесі ретінде ұстанады. Бұл жағдай исламға діни конверсияны қажетті қадам ретінде емес, ата-баба дінін жалғастырудың табиғи көрінісі ретінде қабылдауға негіз болады.

Екіншіден, әлеуметтік факторлар да айтарлықтай әсер етеді және олар Қазақстан қоғамындағы бейбіт қатар өмір сүру мен дінаралық төзімділік қағидаттарымен тығыз байланысты. Елде діни алауыздыққа себеп болатын немесе радикалды сипаттағы конверсиялық қозғалыстардың кеңінен таралмауы – дәстүрлі діни институттардың орнықтылығы мен қоғамдағы әлеуметтік келісімнің жоғары деңгейін айғақтайды.

Үшіншіден, діни конверсияға ықпал ететін саяси факторлардың да маңызы зор. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде дін мен мемлекет істерін ажырату қағидатына сүйене отырып, дін саласында бейтарап ұстанымды ұстанады. Діни сенім бостандығы Ата заңмен және өзге де нормативті-құқықтық актілермен қамтамасыз етілгенімен, шетелдік миссионерлік ұйымдардың қызметіне қатысты әлдебір шектеулердің енгізілуі – мемлекет пен діни институттар арасындағы қарым-қатынасты үйлесімді деңгейде сақтау қажеттігінен туындаған шара ретінде қарастырылады.

Төртіншіден, экономикалық факторлар исламға діни конверсия үдерісіне айтарлықтай әсер етпейді. Еуропа немесе Оңтүстік Корея сияқты аймақтармен салыстырғанда, ислам қаржы жүйесіне деген қызығушылықтың төмен болуы, экономикалық мотивациялардың Қазақстандағы діни тандауларға шешуші ықпал етпейтінін көрсетеді. Елдегі діни конверсия, негізінен, протестанттық конфессияларға өту немесе исламның дәстүрлі емес ағымдарына бет бұру түрінде байқалады. Алайда мұндай үдерістер шектеулі сипатқа ие болып,

мемлекеттің заңнамалық және әкімшілік бақылау тетіктерінің аясында жүзеге асырылады [145, б. 45-62].

Қазақстан, Еуропа және Оңтүстік Кореядағы исламға діни конверсия үдерістерінің салыстырмалы талдауы:

Факторлар	Еуропа	Оңтүстік Корея	Қазақстан
Негізгі себептері	Миграция, рухани ізденіс, саяси факторлар	Интеллектуалды ізденіс, миграция, экономикалық факторлар	Діни ізденіс, миссионерлік қызмет
Ислам таралуының негізгі жолдары	Отбасылық байланыстар, түрмелер, қоғамдық пікірталастар	Мұсылман елдерімен байланыс, білім беру	Дәстүрлі ислам институттары, жергілікті діни қауымдастықтар
Мемлекеттің дінге қатысты ұстанымы	Дін бостандығы, алайда исламофобия байқалады	Нейтралитет, исламофобиялық тенденциялар бар	Зайырлы мемлекет, дін бостандығы сақталған

Қорыта айтқанда, Еуропа мен Оңтүстік Кореядағы исламға конверсиялану үрдістері –күрделі және көпфакторлы құбылыс. Қазақстанда бұл үрдіс салыстырмалы түрде баяу дамиды, бірақ оны жан-жақты зерттеу діни саясаттың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және мәдениетаралық байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді. Діни конверсия феноменінің практикалық маңыздылығы – оның әлеуетті салдарын түсіну және діндер арасындағы келісімді сақтау арқылы Қазақстан қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл тарауда Оңтүстік Корея еліндегі конверсиялануға қатысты мысалдар негізінде Еуропа мен Оңтүстік Кореядағы исламға конверсиялану үрдісі қарастырдық. Ал Қазақстандағы исламға конверсиялану үрдісін Алматы қаласы мен Алматы облысы мысалдары негізінде зерттеу жұмысының үшінші тарауында кеңірек тоқталамыз.

3 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ИСЛАМҒА КОНВЕРСИЯЛАНУ ҮДЕРІСІНЕ ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

3.1 Ислам дінін ұстанушылардың мінез-құлықтық және әлеуметтік бейнесі

Қазақстан халқының этникалық және діни құрамын саралау – діни конверсия үдерісін зерттеудегі маңызды факторлардың бірі. 2021 жылғы ұлттық халық санағы деректеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының халқы 19 186 015 адамды құрады, бұл 2009 жылғы санақпен салыстырғанда, 19,8%-ға өскенін білдіреді. Қала халқының үлесі 61,2%-ға жетіп, урбанизация деңгейінің артқанын көрсетті. Діни конверсия үдерісін зерттеуде халықтың діни құрамын талдау маңызды. 2021 жылғы ұлттық санақ нәтижелері бойынша Қазақстан халқының көпшілігі ислам дінін ұстанатыны анықталды. Мұсылмандардың үлесі еліміздегі ең үлкен діни топ болып саналады. Сонымен қатар діни бірегейліктің өзгеру тенденциялары да байқалады. Санақ барысында азаматтардың өзін-өзі діни сәйкестендіруі бойынша мәліметтер жиналды, бұл діни конверсия үдерісін талдауға мүмкіндік береді. [146]

Бұл бөлімде елімізде дін ауыстырған, яғни мұсылмандықты қабылдаған азаматтармен сұхбаттасу әдісі арқылы алынған ақпараттарға талдау жасалады. Қазақстан қоғамында исламға өткен басқа дін өкілдерін зерттеу жұмысы негізінен Алматы қаласы және Алматы облысы аумағында жүргізілді. Негізінен дін ауыстырған респонденттерді қалалық мешіттер мен мешіт имамдарынан және таныстардан сұрау арқылы сұхбат алуға көндірген болатынбыз. Зерттеуімізге 18 жастан асқан, өзін мұсылманмын деп есептейтін, бұрын басқа дінде болған 26 респондент қатысты. Осы конвертиттердің дін ауыстыру тарихы зерттеуіміздің объективті тәжірибелік негізін құрайды. Олардың басынан кешкен рухани ізденістері мен толғаныстары, діни таңдаулары мен осы таңдаудың себептері мен туындаған салдарлары еліміздегі діни конвертация үдерісін (біздің жағдайымызда исламды қабылдауды) жан-жақты зерделеп, оның өзіндік ерекшеліктерін, логикасын, себеп-салдарлары мен алғышарттарын, факторларын анықтауға, тенденциялары мен перспективаларын бағамдауға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Жалпы дін ауыстыру немесе конверсиялану ол бір күнде шешім қабылдай салатын мәселе емес. Бұл бірнеше ай немесе жылдарға созылатын үдеріс (процесс) [147, б. 119].

Адам дін ауыстыру үшін белгілі бір уақыт ойлану, шешім қабылдау немесе ізденіс үстінде болатын үдерістерді бастан өткереді. Келесі бөлімшеде осы үдерістерді бастан өткергендер туралы негізгі ақпараттармен танысамыз.

Діни конверсиялану үдерісін басынан өткергендерді зерттеу үшін діни конверсия жасаған конвертиттер туралы толық ақпараттармен танысып алған дұрыс. Олардың жынысы, туып-өскен ортасы, жасы мен білімі т.б. мәселелер біздің бұл тақырыпты тереңірек зерттеуімізге көмектеседі. Діни конверсия тақырыбында алғаш зерттеу жасаған ғалымдардың көбі діни конверсия жасауларына әсер еткен факторларды анықтап, тұлғаны толық тану үшін оның балалық шағынан бастап жаңа дінді қабылдағанға дейінгі өмірімен толық

танысуға тырысады. Осы алғашқы зерттеулерде қолданылған бұл әдіс қазіргі таңда зерттеп жүрген әлеуметтанушы, дінтанушы және антрополог ғалымдар да бұл үрдісті жалғастырып келе жатыр. Сол себепті біз де дін ауыстырған респонденттерімізге қойылған алғашқы сұрақтарымыз тұлғаны тануға бағытталған сұрақтар болатын.

Әйел адамдар көп дін ауыстырады ма әлде ер адамдар көп дін ауыстырады ма? деген сұрақты алға тартқан зерттеушілер де кездесіп жатады. Сол себепті Қазақстанда исламға конверсия жасап жатқандардың жыныстық ерекшеліктерін анықтауға тырыстық. Зерттеуімізге қатысушылардың жынысы туралы ақпарат төмендегі диаграммада көрсетілген.

Диаграмма 1- Жынысы




Диаграмма 1-де көріп отырғанымыздай, зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің 50%-ы – ер адам болса, қалған 50%-ы – әйел адамдар. Жалпы, дін ауыстырғандардың басым бөлігі ер адам немесе әйел кісілер деп нақты айту қиын. Тек осы тақырыпта жасалған зерттеулерге сүйеніп және салыстыра отырып қана болжамдар жасауға болады. Діни конверсия тақырыбында зерттеу жасап жүрген отандық ғалым PhD Қалиев Қасқырбектің христиан болған қазақтар туралы зерттеуі бойынша 60%ға жуығы әйел адамдардың басым екені көрсетілген. Шіркеуде жүргізілген бақылауларында да әйел адамдардың басымдылығы байқалған [148, б. 123].

Біздің жүргізген зерттеуімізде мешітке бұндай бақылау жүргізу қиын екенін айта кету керек. Себебі мешітке көбіне ер адамдар баратындықтан, ислам дінінде жұма намазы әйел адамға парыз болмағандықтан, әйел затының мешіттерде көп жүрмейтінін ескере келе, біздің бұл зерттеуімізде нақты статистика беру қиындау екенін айта кеткен жөн.

Қанша жастағы адам діни конверсиялану үдерісінен өтеді? Жастар ма әлде кәрілер ме? Бұл мәселені де көп ғалымдар зерттеу үшін маңызды деп шешкен.

Жалпы, Қазақстан қоғамында көбіне дін жолына жастар келіп жатқанын отандық ғалымдар айтып жүр. Ал ислам дінін қабылдап жатқан басқа ұлттар қай жасында исламға келіп жатыр деген мәселені зерттеуімізде қарастырған болатынбыз. Зерттеуімізге қатысушылардың жас ерекшеліктері төмендегі диаграммада көрсетілген.

Диаграмма 2- Жас ерекшеліктері



Зерттеуімізге қатысқан ең жас респонденттердің жасы 18-де, ал ең үлкені – 47 жаста. Жалпы, ислам дінін қабылдап жатқандардың басым бөлігі 69,23% – жастық шақты артқа тастап, кемелдену кезеңіне келген азаматтар және 19,23%-ы жастардан құралады. Орта жастан асқандардың саны 11,54%-ды құрайды. Ислам дінін қабылдаушылардың орташа жасы – 29,9 жас. Бұл дегеніміз – жастық шақты артқа тастап, ақыл тоқтатқан кезең. Сол себепті ислам дініне балалықпен асығыс шешім қабылдап келді деп айту қиын. Қарттық кезеңге аяқ басқандар арасында дін ауыстырғандар байқалмайды. Бұл – қарттық кезеңдегілердің дінге аса қатты жақын емесінің белгісі. Оған әрине жастық шақтарының Кеңесттік атеистік жүйеде өтуімен байланыстыруға да болатын шығар. Жалпы, егде адамдардың дін ауыстыруы сирек кездесетін феномен десек те болады.

Кореяда ислам дінін қабылдаған кәрістерді зерттеген ғалым Хьен Чоул Кимнің зерттеуі бойынша да 57%-дан астамы – 22-40 жас аралығындағылар [148, б. 69]. Бұл – біздің зерттеуімізге жақын келетін көрсеткіштің бірі. Қазақстанда ислам жолына түсіп жатқан діндарлардың да көбі – осы жасқа жақын жастағылар. Сондықтан ең көп ислам дініне келетіндердің жасы 22-40 жас аралығы деп айтуға болады.

Диаграмма 3-Отбасылық жағдайы



Жоғарыдағы Диаграмма 3-тен көріп отырғанымыздай, ислам дінін қабылдағандардың басым бөлігі – 76,92%-ы – отбасын құрған азаматтар. Олардың кейбіреулері дін ауыстырғаннан кейін отбасын құрғандар немесе діни конверсия жасамас бұрын некелескен азаматтар. Бірақ үйленген немесе тұрмыс құрғандардың барлығының жұбайы – мұсылмандар. Кейбіреулері жұбайымен бірге дін ауыстырса, кейбіреулері мұсылманмен отбасын құрғандар. Бойдақтар саны 11,54%-ды құрайды. Ислам діні «үйленіндер, көбейіндер» деп насихаттағандықтан болар ислам дінін қабылдаған діндарларымыздың арасында бойдақтар аз және олардың да отбасын құруға асығып жүргендері байқалады.

Діни конверсия тақырыбындағы зерттеулерде «ажырасу немесе сәтсіз неке факторы адамдарды қиындыққа душар еткізіп, травма алуына себепкер болады және бұл қиындықтан шығу жолы ретінде дін ауыстыру, жаңа ортаға бейімделу, жаңа өмір бастау сияқты өзгерістерге алып келеді» дейді ғалымдар. Біздің зерттеуімізге қатысқандардың тек қана 11,54%-ы – ғана ажырасқандар. Бір респондентіміздің ажырасуына ислам дінін қабылдауы себепші болған. Ислам дінін қабылдағанына қарсы болған жұбайы ажырасуды талап еткен және соның кесірінен екеуінің арасындағы неке бұзылған. Әрине бұл жерде ислам дінін қабылдағаннан кейін ажырасқандықтан, бұл ажырасу факторын дін ауыстыруына әсер етті деп айта алмаймыз. Сол себепті бұл зерттеуде ажырасу факторының діни конверсиялану үдерісіне аса қатты әсері болды дей алмаймыз.

Адамның туып-өскен жері де болашақ өміріне әсер етпей қоймайды. Ауылда немесе қалада өсуі де әлдебір дәрежеде әлеуметтену немесе әлеуметтік өзгерістерге ұшырауына әсер етеді. Қалада өскендер дін ауыстыруға жақын келе ме әлде ауылда өскендер дін ауыстырады ма? осы сұраққа қатысты мәліметтер төменгі кестеде берілген.

Диаграмма 4-Туып-өскен жері





Диаграмма 4-тен көргеніміздей, ислам дінін қабылдағандар санының ауылдан қалаға көшкен сайын артқаны байқалады. Исламды қабылдаушылардың басым бөлігі 73,08%-ы – қалалық жерде туып-өскендер. Жалпы, қала күйбең тіршіліктің ортасы және әртүрлі дін өкілдерінің тұратын жері мен әсем мешіттердің орналасқан жері болғандықтан, қалада діні ауысқандарды кездестіру көбірек кездеседі. Әдемі зәулім мешіттің жай ғана ішін көру үшін де мешітке кіріп исламға деген қызығушылық артуы мүмкін. Кейбір ауылдық жерлерде мешіт – жоқтың қасы, болған күннің өзінде ескі кішкентай мешіттер. Сол себепті ауылға қарағанда, қалалық жерде дін ауыстыруға және діни білім, арабша әріп танып, құран оқуға мүмкіндік көп. Ауылда туып-өскендер 7,69%-ды ғана құрайды. Аудандық жерлерде болса 15,38%-ды құрайды. Ауылдан қалаға көшкен сайын дін ауыстырғандардың саны көбейгенін байқауға болады. Қасқырбектің христиан болған қазақтар туралы зерттеуі бойынша да 56%-ға жуығы қалалық жерде туып-өскен қазақтарды құрап отыр [148, б. 130].

Ислам дінін қабылдағандардың ішінде бір ғана кісі (3,85%) шетелде туғанын айтқан болатын. Ол – Ресейде туған орыс ұлтының азаматы.

Ұлт демекші, ислам дінін қабылдаушылардың ұлттық ерекшеліктерін де айта кеткеніміз жөн болар. Ұлттық ерекшеліктеріне байланысты ақпарат төмендегі кестеде берілген.

Диаграмма 5- Ұлты



Зерттеуімізге қатысқан ислам дінін қабылдағандардың басым бөлігі 65,38%-ы – орыс ұлтының азаматтары. Қазақстанда орыс ұлтының қазақтардан кейінгі басым ұлттардың бірі болғанын да ескеру керек. Дін ауыстырған орыс ұлты өкілдерінің басым бөлігі – әйел кісілер. Көбіне тұрмысқа шыққан соң күйеуінің дініне өткен немесе күйеуі исламды қабылдаған соң бұл кісілер де исламды қабылдағандар.


Ұлттық ерекшеліктеріне қатысты зерттеуіміз нәтижесінде анықталғандай кәріс ұлты азаматтарының ислам дінін қабылдап жатқаны байқалады. Көбіне кәріс ұлты ер-азаматтарының дінге келіп жатқанын көруге болады. Жалпы кәріс ұлтының дінге жақын ұлт екенін айта кету керек. Еліміздегі христиан миссионерлігінде де кәріс ұлтының еңбегі орасан зор. Елімізде бірнеше діни бірлестіктерді кәріс азаматтары басқарып отырғаны мәлім. Әлемге әйгілі діни ағымдардың бірі ретінде танылған Мун ағымы немесе Бірігу шіркеуінің де негізін салған да – Сан Мен Мун деген кәріс азаматы. Жалпы, кәріс ұлтының діни конверсиялануы – үлкен бір тақырып. Жаппай ұлтымен дін ауыстырған мемлекет деп те айтсақ болады. Будда немесе өздерінің ескі наным-сенімінен айырылып, христиан дінін қабылдаған осы Оңтүстік Корея мемлекеті еді. Қабылдап қана қоймай, мықты миссионерлер дайындап, әлемнің түкпір-түкпіріне христиан дінін таратып жатқан ұлт ретінде танылған. Енді кәріс ұлтының кейбір аймақтарында ислам дінін қабылдап жатқан феномен де байқалады. Осыған байланысты мұсылман болған кәрістер туралы зерттеу жасаған дін психологы Хьен Чоул Кимнің деген ғалымның зерттеуін айтуға болады.

Осы зерттеуді бастаған кезде Алматы мешіттерінен де исламды қабылдаған кәріс азаматтарын байқаған болатынбыз. Жалпы, Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда, кәрістер Алматы қаласы мен Алматы облысында ең көп шоғырланған. Статистика агенттігінің жаңадан жасаған статистикасы бойынша Қазақстандағы барлық кәрістердің 60%-ға жуығы осы Алматы өңірінде шоғырланған. Зерттеуімізге қатысқандардың ішінде 30,77%-ы – кәріс

азаматтары. Зерттеуіміздің ең аз көрсеткішін 3,85%-ын неміс азаматтары құрайды.

Кейде таңдаған кәсіптің ерекшеліктеріне байланысты өміріңізде көп өзгерістер болуы мүмкін. Кәсібіңіздегі кейбір қиындықтар өміріңізді түбегейлі өзгертуі де мүмкін. Жұмыс орныңыздағы әріптестеріңіздің де өміріңізде маңызды орын алуы мүмкін. Өміріміздің 60%-ға жуығының жұмыста өтетінін ескерер болсақ, жұмыстың да адам өміріне қатты әсер ететінін байқауға болады. Сол себепті ислам дінін қабылдаған респонденттерден кәсібі, жұмыс орны туралы сұраған болатынбыз.

Диаграмма 6- Кәсібі




Жоғарыдағы кесте 6-дан көріп отырғанымыздай, респонденттеріміздің басым бөлігін – 46,15%-ын жұмыссыздар құрайды. Олардың көбі – әйел кісілер. Жұмыссыз отыруларының көптеген себептері бар. Бірі баламен үйде отырса, кейбірінің жақсы жұмысқа кіре алмауы да орамал тартқаны себепші болып отыр. Қазақстанда хиджаб кигендер үшін де мамандығы бойынша жұмыс істеу әлі де қиынға соғып отырғаны қоғамда жиі байқалады. Тіпті кейбір әйелдердің жұмыс істеуіне күйеулерінің рұқсат етпейтіні анықталды. Қалған 30,77%-ы болса әр түрлі салада мұғалім болып жұмыс істейді. Бірі тіл курсына сабақ берсе, енді бірі – мектепте мұғалім. Жеке кәсіппен айналысатындар саны 15,38%-ды құрайды. Ислам дінін қабылдағандардың арасында студенттер саны 7,69%-ды құрайды. Дін ауыстыру көбіне жастар арасында жүзеге асатынын ескеретін болсақ, исламды қабылдаған жастардың болуы аса таңғалатын оқиға емес. Тәуелсіздіктен кейінгі ислам дінінің дамуы, қазақ жастарының исламға келуі, өзімен қатар басқа ұлт жастарына да әсер ететіні анық. Әсіресе спортшы жастар арасында исламға келу үрдісі қатты байқалады.

Дін мен экономика байланысы – соңғы кезде көп көтеріліп жүрген тақырыптардың бірі. Қазіргі капиталистік қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, ондай мәселелердің өзекті болуы да – заңдылық. Жалпы, бай адамдар дін ауыстыра ма әлде кедей адамдар дін ауыстыра ма? деген сұрақтарды да білу

үшін зерттеуімізге қатысқандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты сұрақтар қойып көрген едік. Осы мәселеге байланысты ақпарат төменгі кестеде көрсетілген.

Диаграмма 7- Әлеуметтік жағдайы



Жоғарыдағы диаграммада көрсетілгендей, ислам дінін қабылдағандардың әлеуметтік жағдайлары өте жақсы деп айта алмаймыз. Әлеуметтік жағдайын жоғары деп есептейтіндердің көрсеткіштер тек 7,69%-ды ғана құрайды. Жалпы, зерттеуімізге қатысқандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын орташа деп бағалауға болады. Себебі экономикалық жағдайын орташа деп көрсеткендердің саны 42,31%-ды құрап отыр. Жағдайы орташадан төмен деп көрсеткен респонденттеріміз де аз емес. Олардың саны – 34,62%. Төрт респондентіміз бұл сұрақтың жеке мәселе екенін айтып, сұраққа жауап беруден бас тартты. Сұраққа жауап беруден бас тартқандардың пайыздық мөлшері 15,38%-ды құрайды. Қ.Қалиевтің зерттеуі бойынша да христиан дінін қабылдаған қазақтардың 52%-ға жуығының әлеуметтік жағдайының төмен екені көрсетілген. Тіпті дін ауыстыруына белгілі бір дәрежеде осы әлеуметтік жағдайының төмен болуы әсер еткенін айтады. Рационалды таңдау теориясы бойынша белгілі бір пайда табу үшін де дін ауыстыруы мүмкін екені көрсетілген. Сондықтан дін таңдауда рационалды таңдау теориясының да әсер бар [149,б. 258]. Немесе депривация теориясы бойынша да қиындық көрген адам жоғары күштен үміт күтіп, қиналып, басқа діннен өз өмірінің мәнін тауып жатады. Сол себепті әлеуметтік жағдайдың төмен болуы да діни конверсияланудың бір факторы болуы әбден мүмкін. Ислам дінін қабылдағандардың әлеуметтік-психологиялық портретін құру үшін олардың жынысы, жасы, отбасылық жағдайы, туып-өскен ортасы, ұлты, кәсібі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескерілді. Нәтижелер көрсеткендей, дін ауыстыру көбінесе кемелденген жастағы адамдар арасында кездеседі, олардың


көпшілігі қалалық жерлерде тұрып, орташа әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүріп жатыр. Бұл зерттеу діни конверсия феноменінің көпқырлылығын және оған әсер ететін әртүрлі факторларды анықтап береді. Бұл бөлімде сұхбат кезінде алынған респонденттер мәліметтеріне сүйене отырып, ислам дінін ұстанушылардың мінез-құлықтық және әлеуметтік бейнесін ашуға тырыстық. Ал исламды қабылдағанға дейінгі конвертиттердің жеке және қоғамдық өмірін келесі бөлімде кеңірек қарастырамыз.

3.2. Исламды қабылдағанға дейінгі конвертиттердің жеке және қоғамдық өмірі

Жалпы, діни конверсия тақырыптарын зерттеп жүрген ғалымдардың айтуынша, адамдардың дінге дейінгі өмірі де зерттеу үшін маңызды. Тіпті әлеуметтанушылар мен психологтар өз зерттеулерінде дін ауыстырған кісілердің балалық шағының қалай өткені, балалық шақтағы стресс пен травмалары туралы да тереңнен зерттеу керек екенін айтады. Батыста жасалған зерттеулерге көз жүгіртсек, мұсылман болған ағылшындарды зерттеген Али Көсенің еңбегінде исламды қабылдас бұрын ағылшын жастарының басым бөлігінде есірткі мен алкогольді сусындарға тәуелді болғанын және өз орнын таба алмаған кісілердің өмірдің мәнін іздеу арқылы осы дінге келгені анықталған [150, б. 56]. Сол себепті исламға дейінгі өміріне де қысқаша көз жүгіртуді пайдалы деп шештік.

Бұл бөлімде исламға дейінгі діни сауаты, христиан дінімен болған байланысы, ата-анасының діні, травмалық қиындықтардың болуы сияқты тақырыптар қарастырылатын болады. Ең алғашқы талқылайтын сұрағымыз ол ислам дінін қабылдас бұрын өз діндерін қаншалықты меңгергені, яғни дін сауаттылығына қатысты сұрақтар.

Диаграмма 8-Ислам дініне дейінгі діни сауаты



Мұсылман болмас бұрын жалпы дін сауаты туралы сұрақ қойғанымызда кестеде көрсетілгендей, зерттеуімізге қатысқандар ішінде төрт кісі ғана (15,38%) діни сауатымыздың деңгейі орташа болған деп жауап берді.

«Діни сауатым орташа деңгейде болған» деп сөз бастаған Роман мырза дінге деген қызығушылықтан деп сөзін былай жалғастырды:

Роман: Діни сауатым орташа деңгейде болды. Әр жексенбі шіркеуге барып тұратынмын. Інжілді де бір оқып шыққаным бар. Бірақ көп нәрселерін түсінбейтінмін. Көбіне сол күмән басым болатын. Христиан дінін дұрыс түсіндірмеді ме әйтеуір іштей күмәнданып жүретінмін. Қайшылықтар кездесіп тұратын. Мүмкін содан да болар, дін туралы кішкене оқып-білгенім бар еді. Басқа дінге де қызығушылығым содан басталды ма кім білсін әйтеуір дін туралы оқығым келіп тұратын. Жалпы, исламға дейін діни сауатым орташа деңгейде болды деп айта аламын.

Зерттеуімізге қатысқандардың пікірінше, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары халықтың діни сауаттылығы айтарлықтай төмен деңгейде болған. Әрине өткен тарихымыз бұған себеп болған. Кеңестік басқару жүйесі екені айтылып жүр. Бұл тек қазақ ұлтының ғана емес Ресей боданында болған басқа да ұлттардың да діни сауаты біздің қоғаммен шамалас.

Мұсылмандықты қабылдаған ағылшындарды зерттеген Түрік ғалымы Әли Көсенің зерттеуінде де 52%-ның діни сауаты өте төмен деңгейде болған [150, б. 112].

Христиан болған қазақтарды зерттеген Қалиев Қасқырбектің зерттеуінде де діни сауатының деңгейі (92%) өте төмен болғаны анықталған [148, б. 141].

Отбасында діни білімі бар адамның болмағанын, дінді үйрену мүмкіндігінің өте төмен болғанын айтқан Сайд Бин Амин мырза сөзін деп былай жалғастырды:

Шыны керек біздің отбасыда дін туралы әңгіме қозғалмайтын. Тіпті қозғай алатын адам да жоқ. Әкем де, шешем де дін туралы ештеңе білмейтін. Тек әжем тірісінде шіркеуге баратын. Кейде мен де сонымен еріп шіркеуге баратынмын. Шіркеуде көрген-білгендерім болмаса, дін туралы қатты білем деп айта алмаймын. Жалпы, Қазақстанда ислам дінін үйрететін медресе сияқты христиан дінін үйрететін оқу орындары өте аз, жоқ деп айтсақ та болады. Сондықтан діни сауатымды ашуға шыны керек мүмкіндігім болмады.

Настя: *Дін туралы тек шамалы ғана білетінмін. Шіркеуде естігендерім, шіркеу әкесінен естігендерім ғана болмаса, аса қатты білімім болған жоқ. Анам да кейде пасха мерекесі кезінде шамалы білгенін айтып отыратын. Жалпы, Інжілді терең білемін деп те айта алмаймын. Бірақ исламды қабылдағаннан кейін исламға қатысты көп кітап оқып ислам туралы біраз ақпарат үйрендім.*

Алайда діни конверсияға ұшырағанның барлығының діни сауаты төмен болғандықтан, дін ауыстырады деп асығыс қорытынды жасамау керек. Әрине бұл фактор да әлдебір дәрежеде әсер етуі мүмкін. Бірақ басқа да зерттеулерді қарастыру маңызды. Мысалы, Түркияда немесе Араб, Пәкістан сияқты ислам дінін терең білетін мемлекеттерде исламды тастап, басқа дінге өткендер де бар. Сол себепті дін ауыстыратын адамдарға тек бір фактор әсер етті деп дөп басып

айту қиын. Құранды немесе Библияны жатқа білетін адам да діни конверсияға ұшырауы мүмкін. Қаншама шіркеу әкелерінің исламға өткені туралы ақпараттарды да көріп жүрміз.

Дін ауыстыру тақырыптарындағы келесі маңызды сұрақтардың бірі – ол өзінің бұрынғы ұстанған дінімен байланысы. Яғни қаншалықты бұрынғы дінімен байланыста болғаны, ол дінді қаншалықты ұстанғаны, діндарлығы туралы ақпаратты анықтау. Респонденттеріміздің бәрі (26 кісі) христиан дінінде немесе сол дінді ұстанатын отбасында дүниеге келген. Басым бөлігі орыс ұлтының азаматтары болғаннан кейін көбі – христиан дінінің православие бағытындағы болған кісілер. Осы мәселеге қатысты берілген жауаптар төмендегі диаграмма 9-да беріп отырмыз.

Диаграмма 9-Христиан дінімен болған байланысы



Зерттеуімізге қатысқандардың жауаптарын қарасақ, бұрынғы діндерімен болған байланыстарының өте төмен болғанын байқауға болады. Тек қана бір кісі өзін христиан дінін ұстанып жүрген кезде өте қатты діндар болғанын айтты. Пайыздық мөлшерде 3,85%-ды ғана құрап отыр.

Өте қатты діндар болғанын түсіндірген Роман мырза сөзін былай деп жалғастырды:

Шынымды айтсам өзімді діндар болдым деп айта аламын. Себебі әр ісімде діннің үкімі қандай? деген сұрақты ойлап тұратынмын. Діни сауатым жоғары болмаса да, орташа деңгейде еді. Бірақ дінге берік едім. Жексенбілік шіркеуден ешқашан қалмайтын едім. Інжілді де толық оқып жүретінмін. Рас басында христиан діні тек тура жол деп ойлайтынмын. Дін ауыстырам деп ойламағанмын.

Содан не болды? Христиан дінінде не ұнамай қалды?

Роман: Христиан дініндегі кітаптарды оқыған сайын ішімде бір күмән пайда бола бастады. Ол күмәнға жауап таппай тыным таппайтынмын. Шыны керек христиан дінінде қайшылықтар көп екенін түсіне бастадым. Сол жағы маза бермей жүрді.

Нақты қандай мәселелер еді?

Мәселе көп еді. Інжілдің түрлерінің көп болуы, Исаның Құдайдың ұлы болуы, үштік Құдай түсінігі тағы басқа да мәселелер бар еді. Бұл мәселелер бойынша шіркеу әкелерінен сұрағанымда ақылға қонымды дұрыс жауап ала алмайтынмын. Тіпті христиан дініне деген көңілім, қызығушылығым азайып кетті. Әйтпесе бастапқы кезде дінді ұстануым, діндарлығым жақсы болатын. Күмән көбейген сайын діндарлығың да әлсірейді екен.

Роман мырзаның әңгімесінен көріп отырғанымыздай, қатты діндар болғанын, дінді үйреніп білген сайын діндарлығының азайғанын көріп отырмыз. Жалпы, дін ауыстырушылардың көпшілігінде бұрынғы өз дініне деген күмәннің көбеюі немесе өз дінінен жалығуы басқа діндерге деген ізденісін немесе қызығушылығын оятып, дін ауыстыруына әкеп соқтыруы мүмкін.

Христиан дінінде болдым дегенім, жай аты ғана, әйтпесе аса қатты діндар емес едім деп сөз бастаушылар саны 53,85%-ды құрап отыр. Бұл дегеніміз – респонденттеріміздің жартысынан көбі (14 кісі) осылай жауап берді деген сөз. Кеңес үкіметін басынан өткерген көп мемлекетте қазір осыған ұқсас бір діндарлық феноменін көруге болады. Мысалы, өзін мұсылман немесе христиан деп санайды, Құдайға сенеді тек кейбір ғана діни дәстүрлерді орындайды, бірақ діни сауаты немесе аса қатты діндарлығы жоқ кісілер бар. Діни парыздың барлығын орындамайтын, бірақ өзін әлдебір діннің өкілі санайтын діндарлық деп атауға болатын шығар. Өзін осы адамдар қатарына жатқызған Амина (мұсылман есімі) есімді ханым бұл мәселені былай түсіндірді:

Христиан отбасындағылардың көбі шыны керек қатты діндар емес. Шіркеуге аптасына бір рет барады да, өздерін христиан санап жүре береді. Нақты діни сұрақ қойсаң, дұрыс жауап бере алмайды. Дінді бір қатты түсініп, ұстанып жүрген жоқ. Жай ғана аты ғана христиан болып жүргендер. Мен де солардың қатарында едім. Христианмын деп санайтынмын. Кейде шіркеуге барып, май шам жағып қайтатынмын. Пасха мерекесінде түрлі рәсімдер өткізетінбіз. Көбіне не үшін екенін түсінбейтінмін. Отбасым жасаған соң мен де солармен бірге жасайтынмын. Отбасымның да түсініп жасап жүргені шамалы. Дәстүр қалпына өтіп кеткен. Христиан болған соң солай істеуге міндеттіміз деп ойлайтынбыз.

Ал, Қазір қалай?

Қазір жағдай басқаша ғой. Исламда дінді дұрыс білмесең, харам нәрселерге ұрынып қалуың мүмкін. Ислам дінін қабылдаған соң көп нәрсе үйрендім. Іздендім, оқыдым, сұрадым дегендей. Альхамдулилла ислам туралы білімім бар. Аллах менің зейінімді ашты. Соған шүкір етемін.

Николай мырза: *Шыны керек христиан кезімде адамға діннің не үшін керек екенін түсінбеймін. Ислам дініне келген соң көп нәрсеге басқаша қарайтын болдым. Христиан кезімде тек атым ғана христиан болған ғой. Әйтпесе христиан болып көп нәрсе білмегенмін.*

Ислам дінін қабылдағандардың ішінде бұл сұраққа 42,31%-ы бұрынғы дінімен ешқандай байланысы болмағанын айтқан болатын. Діни конверсиялану

зерттеулерінде көбіне өз дініне еш қатысы жоқтардың дін ауыстыруға жақын болатыны анықталатын [151, б. 381-396].

Әрине қоғамға сай өзгеріп отырады. Бұл деген өз дінінде діндар болғандар дін ауыстырмайды дегенге келмейді. Сол себепті қоғамына байланысты зерттеулер жасап, қорытынды шығару керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ресейден бөлінген мемлекеттерде әлі де діндерін толық меңгермеген қоғам бар екенін ұмытпауымыз керек. Мемлекеттің зайырлық режимдері де халықты тез арада өз діндерін үйренуін толықтай қолдап отырған жоқ. Кейбір тұстарда тежеп те отыр. Сол себепті бұндай қоғамда халықтың өз дінін үйренулері баяу жүруде.

Байқағанымыздай, діндарлықтың екінші түрі ретінде өзін дінмен байланысы жоқ, бірақ атеист те емес, діндар да емес бір топтың бар екенін айтуға болады. Бұл топтың қатарында болған Антон мырза ойын былай жеткізді:


Ол кезде жас болдық. Өмірімізде діннің еш рөлі жоқ еді. Бірақ әрине өзімнің христиан екенімді білетінмін. Жалпы, дін туралы көп ойланбайтынмын. Шіркеуге де бармайтынмын. Кейде крест тағып жүретінім болмаса, дінмен бір байланысым жоқ еді. Әкемнің машинасында иконалар болатын. Дінге қатты бір қатысымыз жоқ еді. Аса қатты бас ауыртпайтынбыз. Туысқандарымыз да, достарымыз да сондай болатын. Дін көбіне кісі қайтыс болғанда немесе басқа да іс-шараларды өткізген кезде өмірімізде байқалатын. Әйтпесе аса қатты бір байланысымыз жоқ болатын.

Алена: Менің бір қатты христиан дініммен байланысым болмайтын. Әйтеуір христиан екенімді білетінмін. Басқа бір қатты шіркеуге барып, құлшылық жасағаным есімде емес. Ешқандай байланысым болмады деп жауап бергенім дұрыс шығар.

Жоғарыда исламды қабылдағандардың әңгімелерінен түсінгеніміздей, Антон мен Алена сияқты ешқандай дінмен байланысы болмағандарға басқа біреу дінді насихаттап, миссионерлік жасайтын болса, діни конверсиялануға дайын тұрған бір конвертиттер екенін айтуға болады. Дінмен байланысы жоқ кісілерді басқа дінге шақыру оңайырақ дегенді айтқымыз келеді. Бос ыдысты толтыру оңай болған сияқты, дінге қатысы жоқ, бірақ Құдайға сенетін адамдарды дінге тарту оңайырақ болатыны анық.

Діни конверсиялану үдерісін бастан өткергендердің ата-анасы қандай дінде болған әлде дінге сенбейтін атеист болған ба немесе ата-анасы дін ауыстырып балаларын діни конверсия жасауға итермелеген бе? деген қызықты сұрақтар туындайды. Осы сұрақтарға байланысты жауапты төменгі кестеде беріп отырмыз.

Диаграмма 10- Ата-ананың діні



Жоғарыдағы диаграммадан көріп отырғанымыздай, мұсылмандықты қабылдағандардың 80,77%-ға жуығының ата-анасының діні – христиан діні екені мәлім болып отыр. Зерттеуімізге қатысқандардың басым бөлігі орыс ұлтының азаматы болғандықтан, олардың христиан дінінде болуы түсінікті жағдай. Респонденттеріміздің 7,69%-ы (2 кісі) ата-анасының мұсылман екенін айтып қалды. Маргаританың айтуынша, ата-анасы өзінен бұрын дінге бет бұрған екен:

Иә, анам исламға менен бұрын келген. Мешітте араб тілі курсын оқыған. Курсқа барған сайын орамал тағып баратын. Мен де соны көріп өстім. Сырттай таң қалатынмын. Кішкентай болған соң шығар. Анам мешітте арабша үйренді. Құран курстарына баратын. Анам кішкена араб тілін және құран оқуды біледі.

Ислам дінін қабылдауға анаңыз күштеді ме?

Жоқ, себебі исламда дінге күштеу жоқ. Қателеспесем Бақара сүресінде жазылған. Сол себепті ешкім-ешкімді қинамады. Меніңше, қинап қабылдаған дінмен адам ұзаққа бармайды. Дінге әр адам жүрек қалауымен, жақсы ниетпен келуі керек.

Көріп отырғанымыздай, аз болса да Ислам дінін қабылдаған ата-аналардың бар екені және олардың балаларынан бұрын ислам дініне келгені анықталып отыр. Бұл ата-аналар тікелей болмаса да, балаларының да дін ауыстыруларына жанама түрде әсер етуі мүмкін. Исламды жақсы жағынан көрсетіп, дін туралы жағымды ой қалыптастыруы, дін туралы ойлануларына себепкер болуы мүмкін.


Зерттеуге қатысқандардың 11,54%-ның ата-аналарының атеист немесе сол бағытқа жақын болғаны мәлім болды. Евгений мырза әкем дін туралы айтқанды жақтырмайды деп әңгімесін бастап кетті:

Әкем дін туралы әңгімені аса қатты жақтырмайтын. Көп жерде «діндеріңді қойыңдаршы» деп әңгімені басқа жаққа бұрып жіберетін. Ана өмірге ешкім барып келген жоқ қой. Дәлелдерің жоқ деп әңгімені жауып тастайтын. Бірақ ең қатты сыйлайтын себебім әкем дінді жақтырмаса да,

қатты айғайлап ұрыспайтын. Жай айтып-айтып қоятын. Қатты ашуланып, ұрысқанын көрмедім. Сол жағынан аса қатты қиын болмады.

Көріп отырғанымыздай, аз болса да зерттеуімізге қатысқандардың ата-аналарының арасында атеист кісілер бар. Діндарлық сияқты атеизмнің де өз деңгейлері бар. Мысалы, Евгений мырзаның ата-анасының енжар атеистердің қатарында екенін түсінуге болады. Өзі Құдайға сенбесе де, басқа кісілерді атеизмге үгіттеп, Құдайға сенушілерге қатты ашуланбауы оның бір радикал атеист емес екенін көрсетеді. Жалпы, Қазақстандағы атеистердің басым бөлігі осындай типтес болып келеді. Еуропадағы радикал атеистер сияқты емес. Бірақ болашақта Қазақстанда исламафобия күшейетін болса, атеистердің де радикалдануын күтуге болады. Өзірге еліміздегі атеистердің басым бөлігі атеизмді қатты насихаттап, Құдайсыздықты дәлелдеу үшін ізденіс үстінде жүргендер деп айта алмаймыз. Дін ауыстыруда әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ол өмірінде бастан кешкен травмалық депрессиялар. Адам өмірінде болатын қиындық болашақ өміріне қатты әсер ететінін психологтар өз зерттеулерінде көрсеткен. Сол себепті дін ауыстырғандардың өмірінде болған травмалық қиындықтары туралы ақпаратты төмендегі кестеде беріп отырмыз.

Диаграмма 11-Психологиялық депрессия сияқты қиындықтардың болуы



«Өміріңізде депрессия сияқты өмірлік қиындықтар болды ма?» сұрағына мұсылман болғандардың 7,69%-ы «иә» деп жауап берген болатын. 80,77%-ы «жоқ» деп жауап қайтарса, 11,54%-ның жауап беруге қиналғаны анықталып отыр. Мұсылман болған ағылшындарды зерттеген Али Көсенің зерттеуінде 60%-ға жуығы нашақорлық, ажырасу, жетім өсу сияқты қиындықтарды басынан өткергендер екені анықталған [150].

Қазақстандағы христиан болған мұсылмандарды зерттеген Қ.Қалиевтің зерттеуі бойынша да христиан болған қазақтардың 70%-дан астамы – өмірінде психологиялық қиындықтар болған кісілер [148, б. 141]. Аталған зерттеулердің біздің зерттеуімізге қатты ұқсас емес екені байқалады. Жалпы, діни конверсиялану тақырыбы әралуан және қоғамы мен дініне қарай өзгеріп отыратын тақырып екенін айта кету керек. Сол себепті әр дінде дін ауыстыруға

әсер ететін әртүрлі бірнеше факторлар мен оқиғалар болатынын ескеруіміз керек.

Өміріне әсер еткен травмалық қиындықтары туралы бөліскен Чин Евгени әңгімесін былай бастады:

Иә, балалық кезде біраз қиындықтар болды. Көбіне әлеуметтік жағдайдың қиындықтарынан туындаған проблемалар. Одан кейін өмірімде болған ажырасу және баламның кемтар боп туылуы сияқты қиындықтар мені қатты уайымдатты. Әрине мұндай қиындықтарды еңсеру оңай болмады. Бұл қиындықтарды жеңуге маған ислам қатты көмектесті. Аллаға шүкір қазір дұғаларымыз бар. Исламда әр қиындықтың артында бір жеңілдік бар айтады ғой. Иншаллах, қиындықтар өтеді, кетеді, бітеді.

Травмалық қиындықтар тақырыбын көбі ашып айтқысы келмейді. Тіпті қатты қиындықтар көрсе де, оны травмалық деп санамайтын кісілер де бар. Сол қиындықтарды тізбектейтін болсақ, кедейшілік, ата-анасы немесе өзінің отбасындағы кикілжіңдер мен ажырасулар, денсаулықтың болмауы, айықпас ауыр дертке шалдығу, арақ-шарапқа әуес болу сынды адам өміріне әртүрлі әсер ететін травма сыйлайтын қиындықтардың болатыны мәлім. Бұл қиындықтар көбіне адам өмірінің мәнін табуға әкеп соқтырады. Адам өмірдің мәнін діннен іздеп жатады. Сол себепті адам өміріне әсер ететін травмалық қиындықтар да — діни конверсиялануға әкеп соқтыратын факторлардың бірі. Бірақ біздің зерттеуімізде бұл фактор аса қатты байқалмады. Мысалы, Англияда мұсылман болғандарды зерттеген Түрік ғалымы Али Көсенің зерттеуінде 60%-ға жуығы дін ауыстырмас бұрын әртүрлі өмірлік травмаларды басынан өткерген. Қазақстанда христиан болған қазақтарды зерттеген Қасқырбектің еңбегінде 70%-дан астамында өміріне әсер еткен травмалық қиындықтар болғаны анықталған.

«Өмірімізде ешқандай травма болған жоқ» деп жауап бергендер саны 80,77%-ды құрап отыр. Зерттеуімізге қатысқан ең жас мұсылман болған Маргарита ханым бұрынғы өмірінің жақсы болғанын былайша түсіндірді:

Шыны керек, менің өмірімде аса қатты қиындық болды деп айта алмаймын. Кейбір таныстарым «Исламға дейін өмірім жаман, нашар болды, сосын Алла маған жақсы өмірді нәсіп етті» деп те жатады. Менің ондай оқиғам жоқ. Бұрынғы өмірім де жақсы болатын. Тек тура жолды тапқаным үшін қуаныштымын. Басымдағы кейбір сұрақтарға жауап таптым. Басқа бір үлкен шытырман оқиғам жоқ менің.

Ярослав: Қандай травма? Сұрақты қайталап түсіндіріп жібересіз бе?

Өміріңізге қатты әсер еткен қиындықтар, түрлі айықпас дерт, стрессер мен депрессиялар сынды оқиғаларды бастан өткердіңіз бе?

Ярослав: Ааа, енді ондай қатты қиындық болды деп айта алмаймын. Бірақ өмірде әртүрлі қиындықтар болып тұрады ғой. Бірақ есімді адастырып, уайымдататындай қиындықтарды басымнан өткермедім. Травмам бар деп айта алмаймын. Сол себепті жоқ деп жауап беремін.

Жоғарыда зерттеуімізге қатысқандардың жауаптарынан травмалық қиындықтар болмағанын аңғаруға болады. Жартысынан көбі «жоқ болмады», «Құдай сақтасын ондай қиындықтардан» деп жауап қайтарған болатын.

Зерттеуімізге қатысқандардың 11,54%-ы ғана, яғни 3 кісі бұл сұраққа «жауап беруге қиналамын» немесе «бұл сұрақты қоймаңызшы», «жауап бермесем бола ма?» деген сынды жауап берген болатын. Әрине қиын сәттері еске түсіп, көңіл-күйлері түсіп кететінін білді ме әлде бөлісуден ұялатындай бір жағдай болды ма екен әйтеуір жауап бермеді. Біз де респонденттерімізді қатты қинамадық. Біздің мақсатымыз ешкімді ренжітпей, қинамай өз зерттеуімізге рұқсат берген мәліметтерін ғана алып жазуды ұйғардық.

Қорытындылай келе, Алматы аумағында ислам дінін қабылдаған азаматтардың басым бөлігінде дін ауыстыру шешімі травмалық қиындықтардан туындамағанын байқауға болады. Бұл зерттеу дін ауыстырудың күрделі және көпқырлы үдеріс екенін, оған бір ғана фактордың әсер етпейтінін дәлелдейді. Жеке тұлғаның дінге қатысты өмірлік жолын түсінуде оның алдыңғы діни тәжірибесі, отбасындағы діни мәдениеті және әлеуметтік ортада қалыптасқан діни сауатының деңгейі маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар зерттеу деректері бойынша кеңестік дәуірден кейінгі Қазақстандағы діни сауаттылықтың төмен болуы көп респонденттеріміздің алдыңғы діндерімен байланысының әлсіз болуына себеп болған. Осыған қарамастан, бұл діни сауатсыздық немесе төмен деңгейдегі діндарлық әрқашан дін ауыстыруға әкелмейтіні белгілі болды. Әрбір жеке тұлғаның өмірінде исламды қабылдауға алып келген жеке және сан түрлі себептер бар.


Жоғарыда айтып өткеніміздей, діни конверсия, дін ауыстыру ол бір-екі күнде қабылданатын шешім емес. Ол – бірнеше ай немесе жыл бойы адам өмірінде болатын үдеріс. Әрине бұл үдерістер дінді қабылдамастан бұрын басталады және шешім қабылдағанға дейін жалғасады. Конверсиялану үдерістері деп дінді қабылдауға жақын қалған кезде бастан өткерген сезімдері, ойлары сияқты үдерістерді айтамыз [52, б. 259].

Бұл бөлімде бұрынғы дініне деген күмәні, басқа дінге немесе жалпы дінге деген діни ізденістері, исламмен алғаш танысуы және исламды қабылдауға әсер еткен негізгі факторлары туралы мәселелерді қарастыратын боламыз.

Адамның өзгеруі сияқты үдеріс ең әуелі адамның санасындағы ой мен күмәннан басталады. Адам ойына келген күмән адамның ақиқатқа жетпейінше маза бермеуі мүмкін. Сол себепті күмәнін сейілту үшін адам үлкен ізденіске түсуі мүмкін. Діни конверсия үдерістерінде бұндай құбылыстар жиі кездеседі. Көбіне күмән бұрынғы дініне қатысты болады. Өзінің ойлаған ойларымен сәйкес келмеуі мүмкін немесе адамның логикасына сыймайтын, тек сеніммен ғана қабылдау керек мәселелер адам бойында күмән тудырады. Көбіне Құдайдың үштігі, Исаның Құдай болуы, Құдай бола тұра айқышқа өлуі сынды мәселелер – христиан әлемінде көбіне адамдар арасында күмән тудыратын мәселелердің бірі.

Сол себепті бұл бөлімдегі ең алғашқы сұрағымыз исламға дейінгі отбасында ұстанған немесе тәрбиеленген діні туралы күмәнның болған/болмағанына қатысты. Осы сияқты сұрақтардың жауабы төмендегі Диаграмма 12-де беріліп отыр.

Диаграмма 12-Бұрынғы дініне деген күмән



«Бұрынғы дініңізге деген күмәніңіз бар ма еді?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі – 65,38%-ы «иә күмәнім бар еді» деп жауап берген болатын. Алғашқы сұхбат алушымыз Сайд Бин Амин мырза күмәні туралы әңгімесін былай бастады:

Исламды қабылдағанға дейін христиан дінін ұстандым. Христиан дініне деген күмәнім бар еді. Жалпы, христиан діні де – Аллаһ тарапынан адамдарға түскен тура дін, тек адамдар оны өзгертіп жіберген сол жағы қиындау. Ал, ислам болса, өзгертілмей тура сақталып қалған.

Қай жерін өзгертіп жіберген?

Жалпы, дін тірегінің бірі – ол қасиетті кітаптары екенін білетін шығарсыз. Ал христиан дінінің қасиетті кітабы Інжілдің бірнеше нұсқасы бар. Неге бірнеше нұсқасы бар, себебі адамдар кейбір жерлерін өздері жазып өзгертіп жіберген. Сол себепті түрлі нұсқалары бір-бірімен сәйкес келмейді. Нақты түсірілген аяттарын сақтап қала алмаған. Сол себепті қасиетті кітап – Інжілге күмәнім бар.

Ал ислам дінінде ше?

Ислам дінінде Аллаһ қасиетті Құранды жаттауды бұйырды. Сол арқылы мұсылмандар жаттап нақты түпнұсқасындағы аяттарды сақтап қалды. Сол себепті Аллаһ басқа дінді түсірмей, Мұхаммед пайғамбарды соңғы пайғамбар ретінде қалдырды.

Амина: *Егер шынымды айтсам, христиан дінінде көп сұраққа жауап таба алмайсың. Жауап тапсаң да, ақылға сыймайды. Ал, ислам дінінде бәріне ортақ ақылға қонымды жауаптар бар. Сол себепті христиан дініне деген күмәнім өмірге байланысты сұрақтарға нақты ақылға қонымды жауап ала алмағаным бұл дінге деген күмәнімді арттырды.*

Қандай мәселеге байланысты күмән? Мысал келтіре аласыз ба?

Иә, мысалы Құдайға байланысты. Үштік Құдай, бірақ бір Құдайлық дін дейді Христиан дінін. Құдайдың баласы – Иса дейді. Осы сияқты мәселелер күмән келтіреді.

Николай: *Мен христиан дініндегі Құдай туралы түсініктеріне күмәндандым. Құдай үштігі, Иса Құдайдың ұлы тағы басқа Құдайға қатысты түсініктері мен үшін күмәнді болып көрінді. Сол себепті менің күмәнім Құдайға қатысты.*

Никита: *Менің күмәнім шіркеу әкелері арқылы тазаруға қатысты болды. Бір адамның күнәсі үшін неге басқа біреу тазартады? Немесе былай қоялық сұрақты адам өз күнәсін өзі неге тазартпайды? Басқа адам біреудің күнәсін тазартатындай өзі күнәсіз ба? деген сияқты сұрақтар мазалады.*

Сонда шіркеу әкелері таза емес дегіңіз келіп тұр ма?

Тазалары бар шығар. Бірақ бәрін күнәдан пәк деп айта алмаймыз. Күнәсіз адам жоқ қой. Күнәсіз пайғамбарлар ғана шығар. Біз періште емеспіз. Христиан дінінде адам күнаһар болып туады дейді. Осыған сенетін болсақ. Шіркеу әкелері қалай таза болуы мүмкін. Таза екенін қалай дәлелдейді? Сол себепті осы мәселе күмәнді еді.

Сіз осы мәселе туралы қалай ойлайсыз?

Бұл мәселе туралы көп ойландым. Исламның берген жауаптары ақылға қонымды келді. Себебі исламда адам таза парақ сияқты күнәдан таза болып туады. Өсе келе, өтірік айту, алдау, зина, арақ ішу тағы басқа күнәлар жасайды. Сосын сол күнәлары үшін кешірім сұрайды. Дұға етеді. Күнәсі үшін өкініп кешірім сұраса, кешірілуі мүмкін. Менің ойым да осындай. Әр адам өз күнәсі үшін кешірім сұрауы керек. Біреу арқылы емес. Шіркеу әкелері тазартады дегенге сенбеймін. Бұлай тазартамыз дегендері маған алаяқтық сияқты болып көрінеді.

Галина: *Христиан дініне деген күмән көбіне ислам діні туралы оқи бастаған кезде басталды. Ислам дінінде Исаны пайғамбар деп айтады. Христиан дінінде олай емес. Тағы қызық бір мәселе Ислам дінінде Исаны, Мұсаны бәрін мойындайды. Бірақ христиандар неге Мұхаммедті мойындамайды екен деген ой келді. Сосын сол туралы іздей бастадым. Сол сұрақ пен күмән маған тыныштық бермеді. Иса шынымен Құдай немесе Құдайдың ұлы тағы басқа емес ол пайғамбар болғаны, дінді тарату үшін туылғаны бәрі исламда жазылған. Мен үшін ақиқаты әрі ақылға қонымды сол болды.*

Неге ондай екі түрлі көзқарас бар деп ойлайсыз?

Біріншіден, христиан діні түскен кезде оны толықтай жинақтап нақты нүктесі қойылмап еді. Иса діннің барлық сенім жүйесі, ғибадат жүйесі туралы мәліметтерді толық беріп кетпеді.

Исламда ше?

Ислам діні – толық дін. Мұхаммед пайғамбар өз өлімімен өлген. Дінді толық түсіндіріп кеткен. Сенім жүйесіне нақты нүкте қойылған. Алладан басқа жаратушы жоқ, Мұхаммед оның елшісі. Ғибадат жүйесі де толық. 5 уақыт намаз парыз етілген. Қажылық, сауап және күнә, үйлену, ажырасу тағы басқа барлық мәселелердің қалай шешілетіні айтылады. Сол себепті бұл

дін – алдыңғы діндерді толықтыру үшін және адамзаттың соңғы діні ретінде келген дін. Бұдан кейін пайғамбарлар да, дін де, қасиетті кітап та келмейді. Исламның осы жағы қатты ұнайды. Сол себепті де осы дінді таңдадым. Христиан діні толығып үлгермеген.

Неге олай болды деп ойлайсыз? Құдай неге тек бір дінді толық етіп жібермеді?

Бұл өмір сынақ қой. Сынау үшін тағдырымызға көп сынақ жіберіледі. Сол себепті Алла жақсырақ білуші. Бәріміз – Алланың құлымыз. Кейбір нәрселерге ақылымыз жетпейді. Алла біледі.

Жалпы, бұрынғы дінге қатысты күмәнінің басым бөлігі христиан теологиясына қатысты мәселелер екені сұхбат берушілердің жауаптарынан түсінікті болып отыр. 21 кісінің бәрінің жауабы осыған ұқсас. Христиан дінін терең білмейтіні де білініп тұрды. Көбіне Құдайға байланысты сұрақтар туындағанда шіркеу немесе христиан ғалымдарының жауаптарын алу қиын болғаны мәлім болды. Жалпы, Қазақстанда осы сияқты мәселені көтеріп, жазып-сызып жүрген христиан ғалымдарының аз екені байқалады. Ислам діні бойынша көптеген кітаптар мен ғалымдардың пікірлері Қазақстанда христиан дініне қарағанда, қолжетімді әрі көп айтылатын, талқыланатын мәселе екені анықталды. Қазақстанда ғылыми тұрғыда ислам дінін зерттеу және ислам тақырыптары көп талқыланады. Ал, христиан діні бойынша ғылыми талқылаулар, ғалымдардың шығуы сияқты феномен қатты байқалмайды. Христиан ағымдары өз қатарларына тартуды ғылыми тұрғыда емес, миссионерлік жасау, дін туралы білмейтін кісілерді өз қатарларына тарту немесе әлеуметтік жағдайлары төмен отбасыларды өз қатарына қосу сияқты әдістерді қолдану арқылы жасайтынын қоғамда көріп жүрміз.

Христиан діні туралы ешқандай күмәнім болмады дегендер саны 11,54%-ды құрап отыр. Бұрынғы діндерінен еш күмәні болмағандардың әңгімесін тыңдап көрейік.

Анюта: *Христиан діні немесе басқа да діндер туралы күмәнданып, ол дінді жек көру сияқты сезім менде болған емес. Әр діннің өз шындығы бар ғой. Әр діннің догмалары – өздері үшін ақиқат, шындық. Сол себепті менде басқа дінге деген сыйластық бар.*

Жоқ, сіз сұрақты түсінбеген сияқтысыз. Ислам дінін қабылдайтын кезде христиан діні туралы күмәныңыз туралы айтып берсеңіз?

Дін туралы күмәндану үшін ол дін туралы білу керек деп ойлаймын. Мен дін туралы көп ақпарат білмейтінмін. Діннің менің өмірімде аса қатты орыны жоқ еді. Тек ислам дініне деген қызығушылығым жақсы болды. Өзіммен қатарлас жастардың дін ұстануы, өмірлерінде діннің маңызды орны бар екеніне қатты қызықтым. Өз дініме күмәнданудан бұрын Исламға деген қызығушылығым басым болды деп жауап берсек болады.

Амина: *Мен бұл сұраққа қысқа жауап берейін. Христиан дініне деген күмән болмады. Тек күйеуіме және оның таңдауына сендім. Күйеуім ислам дінін қабылдады, маған ұсынды, мен де ұсынысты қабылдадым.*


Еш ізденбестен қабылдай салдыңыз ба?

Жоқ, күйеуім түсіндірді және өзім де бір-екі кітаптарды оқыдым. Бірақ көп ойландым деп айта алмаймын. Исламды қабылдағаннан кейін ізденістерім басталды.

Бұрынғы діндеріне деген күмәны болмағандардың өміріне қарайтын болсақ, жалпы байқағанымыздай, момын, сабырлы жандар екені байқалып тұр. Әрине діни конверсиялану адамның мінез-құлқына да байланысты болатын үдеріс екенін айта кету керек. Бұл үдерісті біреу салқынқанды, сабырмен қабылдаса, кейбір сезімтал кісілер эмоциямен қабылдап жатады. Адам сезімі бар бір болмыс екенін ескеретін болсақ, адамдардың басым бөлігі дінді қабылдауда эмоциясына ерік беріп, іс-әрекеттерінде өзгерістер болуы мүмкін. Бұл эмоциялар уақыт өте келе басылады. Қорыта айтқанда, діни конверсияланғандардың басым бөлігінде бұрынғы дініне деген күмәны бар екені анықталды. Өз дініне деген күмән және сенбеушілік, ішкі қақтығыстары басқа дінге өтулерінде негізгі факторлардың бірі болуы мүмкін.

Өз дініне деген күмәннен кейін адам ойы өзгеріп, басқа діндерге деген қызығушылығы артуы мүмкін. Осындай жағдайлардан кейін адамда діни ізденіс пайда болады немесе діндар болмаған адамдарда өмірден шаршаған кезде немесе өмірдегі түрлі қиындықтардан кейін осындай діни ізденіске түсу мәселелері дін психологтары тарапынан дәлелденген. Алматы аймағында исламды қабылдағандардың діни ізденіс үстінде болғаны немесе болмағаны сияқты мәселе бойынша ақпараттарды төмендегі диаграммада беріп отырмыз.

Диаграмма 13-Діни ізденісте болу



Діни немесе рухани ізденісте болдыңыз ба? деген сұраққа зерттеуімізге қатысқандардың 69,23%-ы (18 кісі) «иә» деп жауап берген болатын. Діни ізденісте болдым дегендердің жауаптарына назар аударатын болсақ:

Карина: *Иә, әрине діни ізденісте болдым. Дінсіз өмір сүре алмайтынымды түсіндім. Дін адамған керек екенін түсіну үшін рухани бір ізденісте болдым.*

Неге христиан дінінен іздемедіңіз?

Ислам дінін ұстанушылармен танысқаннан кейін менде дінге деген қызығушылық арта бастады. Исламнан рухани тазалықты көргендей болдым. Христиан кісілерден ондайды сезбедім, байқамадым. Сондықтан мен діни ізденістерімді Ислам дінінен бастадым.

Сонда қалай және қайдан іздедіңіз? Нені іздедіңіз?

Біріншісі – Құдай туралы ізденіс. Құдайды іздедім. Аллаһ туралы исламда нақты ақылға қонымды жауаптар бар. Екінші тазалық пен сабырлылықты іздедім. Исламға қатысты діни кітаптарды оқыдым. Сосын әрине исламның негізгі қасиетті кітабы Құран мен пайғамбарымыз (с.ғ.с) хадистерін оқыдым. Мұсылман кісілермен көп сөйлесе бастадым.

Абдурахман: Иә, дін туралы іздендім. Ол туралы кітаптарды оқыдым. Құран, хадис, ислам тарихы туралы кітаптарды оқып шықтым. Керек жауаптарды алдым.

Қандай сұрақ мазалап жүр еді?

Проблема көп жерде сұрақ та көп қой (ақырын ғана күліп айтты). Өмірдің мәні, осы өмірде не жасап, не жасамауымыз керек, қиындықтар туғанда не істеуіміз керек деген сияқты мәселелер. Маған мұсылмандар осындай мәселелерді қалай шешеді екен деген ой келді. Шыны керек, ислам діні – салмақты, барлық жағын қамтыған дін. Басқа діндердегі көп адамдар діндар емес, тек сенушілер сияқты. Ал, исламда басым бөлігі – діндарлар. Өмірлерінде діннің рөлі басым. Нені істеу керек? Нені істемеу керек нақты көрсетілген. Адамзатқа харам және халал болған заттар мен іс-әрекет нақты айтылған және намаз оқитын мұсылмандар соны ұстануға тырысады. Христиан дініндегілер бұларға аса қатты мән бермейді. Қиындық туса, ішімдік ішіп ұмытқысы келеді. Әрине ол тек уақытша ғана ұмытатынын өздері де жақсы біледі. Ішімдік ішіп керісінше проблемаларын көбейтіп алады. Сосын өмірлері тіптен қиындайды. Ал, исламда нақты ішімдіктердің харам екені айтылған.

Ішімдікті қазақтар да ішеді ғой?

Оларға христиандар үйреткен ғой (күліп). Бір қазақ досым бізге арақ ішуді үйреткен – сендер, орыстар деп ренжуші еді, сол есіме түсіп кетті. Иә, қазақтар да ішеді ғой, бірақ намаз оқитын қазақтар ішпейді ғой. Ал, христианда шіркеуге баратындар да іше береді.

Басқа діндерден іздеп көрмедіңіз бе?

Жоқ іздемедім. Қазақстанда ислам дінін ұстанушылар көп қой. Алматыда соңғы уақытта орамал тағып, сақал өсіргендер де көбейіп келе жатыр. Қоғамда көзге көп түседі. Басында ол кісілерден қорқатынымын. Терроризмді сақал мен хиджаппен байланыстырып тастады ғой. Содан оқып, үйрене келе бәрін түсіндім. Мұсылман кісілермен араласа келе, олардың өте керемет жандар екенін түсіндім. Сол себепті іздену керек, дін туралы оқу керек. Мен әлі күнге дейін исламды оқып жүрмін.

Ярослав: Мен дін туралы біраз іздендім. Көбіне мешіт имамдарынан қандай кітап оқу керек, қандай уағыз тыңдау керек деп сұрап отырдым. Себебі білесіз ғой қазір дінді де түрлі түсіндіретіндер көп. Сол басқа бағытқа кетіп

қалмас үшін мешіт имамдарынан сұрап отырамын. Мешітте құран оқу үшін арабша үйрендім.

Қазір Құран оқи аласыз ба?

Иә, таджуид қой. Араб тілінде оқи аламын, бірақ мағынасын аудармасынан оқимын. Интернеттен де ақпараттар қараймын.

Қай сайттардан?

Көбіне орыс тіліндегі сайттарды қараймын. Муфтиятты да қараймын, бірақ ақпарат аздау. Ресейлік Шамиль Аляутдиновты оқимын. Кітаптарын оқып шықтым. Солардың ittta.ru деген сайты бар, сол сайтты қарап отырамын. Жалпы орыс тілінде ақпараттар көп қой, соларды оқимын. Ютубта тіпті видео уағыздар бар соларды тыңдаймын. Жалпы ізденемін деген кісіге ақпарат көп қой, негізі.

Алена: Біздің үйімізде үлкен кітапхана болатын. Кітап оқығанды жақсы көретін едім. Бір күні «1001 түн» кітабын көріп оқи бастадым. Кітаптың сыртқы суреттерінде шығыс мұсылман мәдениетіне тән суреттер болатын. Кітапты оқи келе, мұсылмандар туралы көп ақпарат ала бастадым. Тағы қызығы Аллаһ туралы көп айтатын. Содан Аллаһ туралы, жалпы ислам туралы іздене бастадым. Ислам туралы оқығандарымның бәрі дұрыс және тура жолда сияқты сезіне бастадым. Ішім соны қалап тұратын. Жаным тынышталатын. Содан бір күні таңертең тұрып мешітке бардым. Іші сондай әдемі екен. Таңғалып тұрып қалдым. Күзетші келіп имамның бөлмесін көрсетті. Имам сақалды кісі екен. Исламды қабылдағым келетінін айттым. Имам маған асықпай ізденіп, ислам туралы оқып, сосын барып шешім қабылдауға кеңес берді. Оқуға кеңес берген кітаптарын оқып, қосымша тағы кітаптар оқып, сосын барып исламды қабылдаймын деп шешім қабылдадым.

Діни ізденіс тақырыптарындағы зерттеулерде діни ізденісті эмоциялық діни ізденіс және интеллектуалды діни ізденістер деп екіге бөледі. Діни эмоцияға қатысты теорияларда адам бойындағы басым түрлі эмоцияларға көбірек мән береді.

Эмоция (emotion) сөзі латын тілінен аударғанда «қозғалу, әрекет ету» деген мағынаны білдіреді [152, б. 312]. Эмоциялар – адамдарды әрекетке итермелейтін үдерістер және ол әртүрлі бейнеде көрінеді. Адамның мінез-құлықтарынан көрінеді және әртүрлі эмоциялық күйлердің қалыптасуына негіз дайындайды. Эмоциялық діни ізденістердің қайнар көзі ретінде адам бойында болатын мынадай эмоциялық күйлерді айтуға болады. Олар: қорқыныш, бағыныштылық, берілгендік, махаббат, таңдану, алғыс, қызығушылық.

Діни конверсиялану үдерістерінде адамның эмоциялық діни ізденістері көрініп жатады. Бұл зерттеуімізде эмоциялық діни ізденіске қарағанда, интеллектуалды діни ізденістердің басым екенін аңғаруға болады. Интеллектуалды діни ізденіс дегеніміз – дін туралы әртүрлі кітаптарды оқып, дін туралы білімін жетілдіру үшін жасалатын ізденісті айтамыз. Түрлі түс көріп, аян алып немесе біреудің қорқытуы, уағызын тыңдау арқылы дінге келуі, ол көбіне эмоциялық ізденістерге жақын. Діни ізденісте болғандардың басым бөлігі кем дегенде Құран мен хадистерді және бірнеше кітапты оқып шыққанын айтады. Бұл дегеніміз діни ізденістерінің интеллектуалды ізденістерге жақын

екенін білдіреді. Мысалы, жоғарыда Алена есімді қыздың ең бірінші ішкі сезімі исламды қалап, эмоциялық ізденістермен мешітке барып, имамның кеңесі арқылы берген кітаптарын оқи келе, интеллектуалды ізденіске түскенін көруге болады. Кейбір адамдарда осы сияқты екі ізденіс де болуы мүмкін немесе тек қана эмоциялық діни ізденісте болғандарды да арасында кездестіруге болады. Бірақ басым бөлігінің діни ізденістері – интеллектуалдыға жақын ізденістер.

«Жоқ ешқандай діни ізденістерім болмады» деп жауап бергендердің саны 26,92%-ды құрап отыр. Діни ізденісте болмағандардың жауаптарына назар аударар болсақ:

Юрии: *дінге қатысты қатты бір ізденісім болмады. Өзім спортпен айналысамын. Спортпен шұғылданғаннан кейін жарыстарға көп баратынымын. Сол жарыста спортшылардың көбі дін жолына түсіп, намаз оқып жататын. Сырттай қарап қызық көріп жүрдім.*

Спорттың қай түрі?

Күреспен айналысамын. Жалпы, күреспен айналысатындар арасында намаз оқитындары өте көп. Көбі – жастар. Күреспен айналысып, бір залда жаттығатын болған соң сол жігіттермен араласамыз ғой. Сол жігіттермен араласып, ислам дінін қабылдадым ғой. Бірақ бір қатты ізденіп, күндіз-түні ойланып, кітап оқып, зерттеу дегендей болмады.

Сонда ислам дінін еш зерттемей, білмей қабылдай салдыңыз ба?

Жоқ, көбіне дін туралы сол балалармен сөйлесетінбіз. Олар маған түсіндіретін. Сол жігіттермен жүріп бір күні жұма намазына барып бастап кеттім ғой. Енді білесіз ғой спортшылар көп кітап оқымайды. Спортшылар көбіне жарыста басқа қалаларда, одан қалды, шет мемлекеттерде көп жүреміз. Кітап оқуға уақыт та жоқ. Кітап оқысақ, ішіміз пысып, ұйқымыз келіп кетеді ғой (күліп).

Антон: *Дінді іздеп, үлкен ізденісте болдым деп айта алмаймын. Ислам діні туралы кейбір видеоларды интернет желісінен көретінмін. Кейбір сайттарды қарадым. Ал, былай үлкен зерттеу жасап, том-том кітап оқымадым. Құран кітабын бір қарап шықтым. Таныстарым ислам туралы көп айтатын, солармен сөйлесетінмін. Көбіне солар оқып ізденіп жүретін. Өзім жалпы кітап оқып іздену, зерттеу дегенге жақын емеспін. Мектепте де жақсы оқымағанмын.*

Жоғарыдағы респонденттердің жауаптарынан көріп отырғанымыздай, ешқандай діни ізденісте болмағандардың аз болса да кездесетіні байқалады. Бірақ зерттеуімізге қатысқандардың басым бөлігі діни ізденісте болғандарын мойындап отыр. Діни конверсиялану тақырыптарындағы зерттеулерге көз жүгіртсек, христиан дініне бет бұрғандардың басым бөлігінде діни ізденістер көп кездеспейді.

Мысалы, Қ.Қалиевтің зерттеуінде 68%-ның діни ізденісі болмағаны айтылады. Христиандықты қабылдаушылардың басым бөлігі миссионерліктің құрбаны болғаны байқалады [148].

Ал, мұсылман болғандар туралы зерттеулерге үңілетін болсақ, оларда діни ізденістің басым екені анықталған. Мысалы, Түрік ғалымы Али Көсенің мұсылман болған ағылшындар туралы зерттеуінде 57%-ның діни ізденісте

болғаны [50, б. 141], Оңтүстік Кореяда мұсылман болған кәрістерді зерттеген Хион Чоул Кимнің зерттеуінде кәрістердің 75%-ның діни ізденіс арқылы исламға келгені, оның ішінде интеллектуалды ізденістердің басым екені көрсетілген [149]. Біздің зерттеуімізде де діни конверсияланғандардың діни ізденісте болғандығы, оның ішінде интеллектуалды ізденістердің басым екені анықталып отыр. Жалпы, зерттеу нәтижелері бойынша айтатын болсақ, ислам дініне конверсияланғандардың көбі – дінді оқып, зерттеп дінге келіп жатқандар.

Жоғарыда талдағанымыздай, діни конверсиялану үдерістері кезінде ойлану, діни ізденіс немесе өмірдің мәнін іздеу, дін туралы аян немесе түс көру, достары мен жақындарынан кеңес сұрау, қасиетті кітаптарды оқу сияқты көптеген оқиғалар болатынын көріп отырмыз. Бұл үдерістерден кейін шешім қабылдайтын уақыт келеді. Дін ауыстыру шешімі қабылданады. Әрине бұл қаншама үдерістерді бастан өткергеннен кейін шешім қабылдауға әсер еткен нақты факторлар болуы керек. Сол дін ауыстыруға әсер еткен негізгі себептер мен шешім қабылдау мәселесін талдап көрелік. Ислам дінін қабылдаудағы басты себеп туралы ақпарат төмендегі Диаграмма 14-те берілген.

Диаграмма 14-Дін ауыстырудағы басты себеп және шешім қабылдау сәті



Диаграммадан көріп отырғанымыздай, діни конверсияланудағы басты себептері туралы сұраққа респонденттердің 46,15%-ы «Құдайды тану және қасиетті Құран мен хадистерді оқығаннан кейін» шешім қабылдадым деген жауаптарды берген болатын. Бұл туралы зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің әңгімелері былай өрбіген болатын:

Андрей: *Иә, Құдайды тану өмірде өте маңызды. Қаншама жыл Құдайымызды танымай жүрдік. Христиан дініндегі Құдай түсінігі көп ойландырды. Әсіресе Құдай үштігі. Құдай әке, Құдайдың ұлы және Қасиетті рух. Шіркеу әкелерінің түсіндіргені ақылыма қонбады. Осы мәселе туралы көп ойландым. Сосын зерттей бастадым. Ислам дінін оқу үшін Қасиетті кітап – Құранды қолыма алғанымда барып бәрін түсінген болатынымын.*

Нені түсіндіңіз?

Құранның бірінші сүресінің аяттарын оқып қалған кезімде «Бисмиләһи рахмани рахим» деп басталады ғой. «Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын» деген сөз ғой. Ешқандай үш құдай жоқ. Тек бір Аллаға табыну керек екенін түсіндім. Исламның ең ауыр күнәлары Құдайға серік қосу екенін оқыдым. Ең әсерлі болған «Лә иләһә илләллаһ Мұхаммәдүр расулуллаһ» Яғни «Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед (с.а.с) Аллаһтың елшісі» Кәлимә шәһәдәт деп аталатын куәлік сөзді оқығанымда, тіптен денем дірілдеп, Құдайымды тапқандай ерекше бір сезімде болдым. Менің іздегенім де осы еді ғой. Шынымен, Құдайдың үштігіне байланысты түсініктерім маған маза бермей, дәлел іздеп жүргенде Ислам діні оны жақсы ақылға қонымды қылып, діннің негізгі тірегі ретінде санап тұрғаны мен үшін ерекше жағдай болды. Көп діндерде Құдай туралы түсініктері дұрыс емес. Қасиетті кітаптары мен дін басшыларынан естіп, сеніп жүрсең де, іштей оның бір қате немесе дұрыс емес сияқты болып тұрғанын сезесің. Менде сондай сезім болды. Бірақ мен Құдайды іздеп, оны Құраннан таптым. Альхамдулилла мұсылман болғанымға шүкір!

«Менің оқиғам аса қатты қызық емес шығар» деп күліп әңгімесін бастаған Николай мырза да әңгімесін бастап кетті:

«Менің үйім мешітке жақын болатын. Күнде азанның дауысын еститінмін. Басында шыны керек қорқатынмын. Азан дауысы қатты шыққан кезде шошып кететінмін. Сосын уақыт өте келе, оған да үйрене бастадым. Үйренгенім соншалық, азан құлағымға жағымды бола бастады. Тіпті азан басталған кезде ыңылдап, азанмен қосылып азан айтатынды шығардым. Сосын осы ислам дінімен неге танысып көрмеске деген ой келді. Осы ой үйден шығып жұмысқа бара жатқанда мешітті көргенде, азанның дауысы шыққан кезде қайта-қайта ойыма түсіп кете берді. Содан бір күні Құран сатып алдым. Әрине орысша аудармасын. Ақырын оқи бастадым. Кей жерін түсінбедім. Сосын хадис кітаптарын оқыдым. Солай исламмен танысып, осы дінді қабылдауға бет бұрдым. Мешіт те – үйдің жанында. Кәлима айтып, ислам дінін қабылдағанда ерекше бір сезімде болдым. Тұлабойым қалтырап, уайымдап кеттім. Исламды қабылдаған кезім әлі есімде. Осылай Құран мен хадисті оқығаннан кейін ислам дініне ауысқан болатынмын. Менің қысқаша қызықсыз оқиғам осындай» деп күлімсіреп әңгімесін аяқтады Николай мырза.

Никита: Біздің отбасы – Құдайға сенуші бір отбасы. Сол отбасында өстім. Жалпы Кәріс ұлты – бір дінге жақын ұлт. Кәрістердің көп шіркеу ашқанын да білетін шығарсыз. Қазақстанда да бірнеше христиан шіркеулерінің басшысы – кәріс азаматтары. Біз отбасымызбен сол кәрістер баратын шіркеуге барып жүрдік. Менің құдай туралы түсінігім басқаша болатын. Құдай туралы христиан тармақтарында әртүрлі көзқарастар бар. Соларды түсінбейтінмін. Біреулері үштік құдай десе, біреулері сол құдай бейнесі иконалардағы адамдардың бейнесі арқылы әсер етеді деп сенетін. Бірақ менің түсінігімде құдайды суреттеп, адамға ұқсату ол дұрыс емес деген түсік болатын. Қазақстан көп ұлтты және көп дінді мемлекеттердің бірі ғой білесіз. Басқа діндегі таныстарыммен сөйлесіп қаламыз. Кейде мұсылман қазақтармен де кездесіп қалғанда дін туралы әңгімелер болып қалғанда осы

құдай мәселесін сұрайтынмын. Олар маған Алла жалғыз және оны суреттеуге немесе Иса сияқты адамға ұқсатуға болмайды деп айтатын. Дәл мен ойлағандай құдай ислам дінінде екен. Содан құдайымды исламнан іздедім және оны ислам дінінен таптым. Ислам дінінде Алладан басқа құдай жоқ Мұхаммед оның елшісі деп нақты айтылған. Ешқандай үштік құдай немесе Мұхаммед құдайдың баласы тағы басқа деп адамды шатастырмайды. Ислам діні нақты кімнің кім екенін, олардың міндеті мен функцияларын нақты атап көрсеткен. Осы өмірдің мәні мен мағынасын, не істеп не істемеу керегін айтқан. Сол себепті мен ислам дінін қабылдауға бет бұрдым. Мен Құдайды ислам дінінен таптым және таныдым. Шаһадат айтып, мешітте ислам дінін қабылдадым.

Роман: Христиан болып жүрген кезімде қатты діндар болмасам да, кейде Інжіл кітабын оқып тұратын едім. Бір қызығы, Інжіл кітабының тек бір нұсқасы жоқ. Қанишама нұсқасы бар. Сол нұсқаларын салыстырғанымда, бір-біріне қарама қайшылықтар кездеседі. Сол мәселе кішкене алаңдататын. Содан басқа діндердің қасиетті кітаптарын оқып көрейін деп шештім. Енді Қазақстанда тұрғаннан кейін осы елдің халқының басым көпшілігі ұстанатын ислам дінінің қасиетті кітабы – Құран Кәрімді оқып көруге бел будым. Себебі мұсылман таныстарым көп және ислам дінін ұстанатын атақты кісілер немесе спортшылар да шығып жүр ғой. Сол себепті шынымен осы діннің кітабы не дейді екен деген қызығушылық басым болды. Содан Құранның аудармасын алып оқып көрдім. Әрине барлығын жүз пайыз түсіндім деп айта алмаймын. Бірақ өзіме керек әрі пайдалы біраз нәрсе алдым. Қатты таңғалғаным Інжілде оқыған кейбір оқиғаларды Құранда да көрдім. Құранның сондай мағыналы жазылғанын көріп бұл кітаптағы сөздерді адам жазуы қиын екенін түсіндім. Бұрын Құранды Мұхаммед пайғамбар жазды деп ойлайтынмын. Мұхаммед пайғамбар мүлдем жазу-сызу білмеген екен ғой. Білсе де, бұндай кітапты адамның жазуы өте қиын. Бір жоғарғы күштен келген кітап екенін ішім сезді. Кейбір түсінбеген аяттарды іздеп түсінуге тырыстым. Көп нәрсесі ақылға қонымды болды. Інжілде болса, оқыған сайын қайшылықтар шығатын еді. Інжілге тек сену керек деп үйрететін. Бірақ түсінбеген, ақылға қонымсыз нәрселерге қалай сенеміз? Ақылға салып сараптау керек емес пе? Ақыл адамға не үшін берілді егер оны қолданбасақ. Құранда адамдарды – ақыл иелері деп көп айтады. Сол жағы қатты ұнады. Ислам дінін қабылдауыма осы қасиетті Құранды оқуым себеп болды деп айтуға болады. Құранды оқығаннан кейін дін ауыстыруға шешім қабылдадым десек қателеспейміз.

Карина: Исламмен Эмиратқа барғанда таныстым. Ол жақта көп таныстарым ислам дінінде болды. Жалпы, бұл мемлекет мұсылман мемлекеті ғой білесіздер. Сол арқылы исламмен таныстым. Ол жақта мұсылмандарға барлық жағдай жасалған. Ал, Қазақстанда ислам дұрыс деу қиын. Шыны керек мен эгоистік түсінікпен келдім. Өлімнен қорықтым. Сол үшін Құраннан табасың деп ұсынды. Сосын Құран оқып таныстым. Исламды солай біліп танысып, исламды таңдадым. 29 жасымда исламды қабылдадым. Дайын болмадым. Эмиратта үйрететін орталық бар. Сол жерде үйренсең, Меккеге баруға құжат береді. Иса Құдай ұлы емес. Адамның Құдайы дегенге

сенбеймін. Дін ол қалай өмір сүру керек соны үйретеді. Адамдарды тыңдадым. Сосын діни кітаптарды оқыдым. Бірақ исламды қабылдағаннан кейін терең оқып үйрендім. Өкінішке орай, исламды орыс ұлтының көбі күйеулері үшін қабылдайды.

Көріп отырғандығымыздай, зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің басым бөлігіне ислам дінін қабылдауларына себеп болған жағдайлардың бірі – ол құдайды тану және христиан дініндегі құдай мен інжілдер арасындағы айырмашылықтар. Соның бірі Андрей мырзаның христиан дініндегі Құдай үштігі туралы түсінікті дұрыс қабылдамауы және ислам дініндегі жалғыз құдай түсінігінің оның ойымен тура келуі бұл жерде маңызды фактор болып отыр. Христиан діні бойынша осы Құдай үштігі туралы мәселе монотеистік түсініктегі адамдардың дінді қабылдауында біраз қиындықтар туғызады. Бұл туралы Еуропадағы мұсылман дінін қабылдап жатқан христиандардың оқиғалары да жетерлік. Әрине Құдайды тану арқылы ислам дініне келдім дегендердің бәрі Алланы Құран кітабын оқу арқылы танығанын айтады. Олай болса, Алланы Құран кітабы арқылы тану, Құранды оқу арқылы ислам дінін қабылдауы екеуі – бір мағына.

Жалпы, Құранды оқу арқылы ислам дініне конверсияланған адамдардың оқиғаларын интернет желісінде де көп көруге болады. Мысалы, 2001 жылғы Америкада болған терактіден кейін Америкалықтар мен Еуропалықтарда исламға деген жеккөрінушілік немесе исламафобия белең алса, Бразилия сынды Америкаға қарсы Латын Америкалықтарда Құранға деген қызығушылық арта түскен. Тіпті Құранға тапсырыс беру осы мемлекеттерде белең алып, Құранды оқыған кейбір Бразилиялықтар ислам дінін қабылдаған болатын. Сол себепті Алланы тану немесе Құран кітабы арқылы дін ауыстыру исламға конверсияланғандар арасында бір феномен деп айтсақ қателеспейміз.

Христиан дініне өткен қазақтардың ішінде де аз болса да Інжілді оқығаннан кейін христиан болғандар кездеседі. Мысалы, Қ.Қалиевтің зерттеуінде 24%-ы Киелі кітап деп аталатын Інжілді оқығаннан кейін дін ауыстырдық деп жауап берген. Әрине христиан дініне өткен қазақтардың діни сауаты төмен әрі Құранды оқымағанын да айта кеткеніміз жөн. Мұсылман болғандармен салыстырсақ, біздің зерттеуімізге қатысқан кісілер – екі діннің де қасиетті кітаптарын оқып барып, ислам дінін қабылдауға шешім қабылдағандар. Ислам дініне конверсияланғандардың христиан дініндегі негізгі теологиялық бірнеше мәселелерді түсінбегенін және осы мәселелердің ислам дінін зерттеуге немесе оқуға итермелегенін байқауға болады. Ол мәселелер:

- Әке Құдай, Құдайдың ұлы және қасиетті Рух деп аталатын Құдай үштігі туралы мәселе;
- Інжілдердің бір-бірімен сәйкес келмеуі және ондағы қайшылықтар;
- Исаның адамзаттың күнәсі үшін дарға асылып өлу мәселесі;
- Исаның дене етін жеу, қанын ішу деп аталатын нан жеп вино ішу (Евхаристия) рәсімі мәселесі;
- Шіркеу әкелерінің сенің күнәң үшін ақша алып, сен үшін Құдайдан тілеу мәселесі.

Дін ауыстырудағы негізгі маңызды себептердің бірі – ол үйлену немесе достарының ықпалы арқылы діни конверсияға ұшырау. Яғни қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген әсерін айтамыз. Оны әлеуметтану ғылымында «әлеуметтік әсер» деп атайды. Бір қоғамда өмір сүріп жатқан жақындары, достары, көршілілері сияқты адамдардың әсері діни конверсиялану үдерісін тездетуде және шешім қабылдауда басты рөл ойнауы мүмкін. Сол себепті мұсылмандармен болған жақын байланыстары дін ауыстыруда негізгі фактор болуы да әбден мүмкін жағдай.

Респонденттеріміздің 42,31%-ы ислам дінін қабылдаудағы негізгі себептері ретінде «үйлену және достарымның әсері» деп жауап берген болатын. Некелесу барысында немесе отбасын құрғаннан кейін күйеуінің мұсылманды қабылдауынан кейін бұл кісілер де дін ауыстырғанын мәлімдеген. Жастар көбіне ортасына қарай дамитынын немесе еліктейтінін білеміз. Кейбір конвертиттердің ішінде мұсылман достарына еліктеп дін ауыстырған жастар да кездеседі. Ендігі кезекте осы үйлену арқылы немесе достарының әсері арқылы ислам дініне өткен респонденттердің әңгімесін талдап көрейік.

Амина: *Бұрын христиан кезімізде ешқандай догмаларды ұстанбадық қой. Сосын исламды қабылдадым. Енді, исламды қабылдауыма күйеуім әсер етті десем болады. Себебі күйеуім арқылы исламмен таныстым. Ол өзі де көп білмейтін. Сосын қалғанын өзім оқып алдым. 21 жасымда ислам дінін қабылдадым. Шамамен 2008 жылы. Исламды қабылдаған кезде өзіме сенімді болдым. Сондай жақсы бір сезімде болдым. Ислам – соңғы ақиқат діні. Алланың жіберген діні. Хадис оқыдым. Құран аудармасын оқыдым. Хадистері туралы кітаптарды оқыдым. Ислам қазіргі қоғамға сай келеді және болашақта да сай келуін тоқтатпайды. Ислам – бейбітшілік діні. Сол үшін қызығады.*

Күйеуіңіз арқылы қабылдадым дедіңіз. Осы туралы нақтылап айтсаңыз?

Иә, ең алғаш ислам діні туралы күйеуім айтты. Ол өзінің исламға қызығып жүргенін және сол дінді қабылдағысы келетінін айтқан болатын. Өзінің аз білетін ақпараттарымен бөлісті. Сосын ислам дінін қабылдады. Күйеуімнің артынан мен де ислам дініне өттім. Осылайша екеуіміз бір дінде болып, білмегенімізді іздей бастадық. Күйеуім ислам діні туралы айтпаса, мүмкін ислам дініне өтпес пе едім?! Ол енді бір Аллаға аян! Бірақ бұрын ислам дініне өтемін деген ой мүлдем болмайтын. Сондықтан ислам дініне өтуіме себепкер болған күйеуім деп айтсақ болады.

Галина: *Менің исламға өтуім отбасы құруыммен байланысты. Себебі мен қазақ ұлтына келін болып түстім. Басында күйеуім мұсылман болса да, ислам дініне өтемін деген ой болмаған. Бірақ білесіздер қазақ ұлтының салт-дәстүрі ислам дінімен байланысты. Сол үйге келін болғаннан кейін қазақ ұлтының салт-дәстүрлерін орындап, оған сыйластықпен қарау керек. Сол себепті мен де күйеуімнің дініне өтуім керек деп шештім. Ислам дініне өту үшін мешітке барып, кәлима айтып мұсылман болдым. Күйеуімнің фамилиясына өттім. Сонымен толық мұсылман қазақ келіні болдым.*

Алена: Мен исламмен алғаш болашақ күйеуіммен араласып жүргенде таныстым. Ол мұсылман болатын. Сол арқылы мен де мұсылман болдым. Мұсылмандықты үйретті десем де болады. Исламды мешітке барып, шаһадат айтып қабылдадым. Қабылдаған кезде ішкі жан дүниемде тыныштық орнады. Өз-өзіме сенімді болдым. Қабылдап жатқан шешіміме еш өкінбедім. Себебі ислам дінінде барлық сұраққа жауап бар. Алла жүректерді ашушы. Менің де жүрегімді ашты. Қазір бәрі жақсы, сүйікті әйел, екі баланың анасымын. Осы өміріме ризамын.

Анастасия: Ислам дінін ең бірінші анам қабылдаған. Менің ислам дінімен танысуыма сол кісі себепкер болды. Анам ислам туралы көп айтатын. Ес білгесін өзім де жеке қарап, кітаптарды оқып көрдім. Бірақ мұсылман болуыма анамның еңбегі зор. Ислам дінін 15 жасымда қабылдадым. 2 жылдай ойланып зерттедім.

Әкеңіз ше?

Әкем жоқ. Ол кісі туралы көп әңгіме айтқым келмейді.

Маргарита: Әкем – ислам дінін қабылдаған адам. Негізі орыс ұлтынанбыз. Әкем үйде дауыстап құран оқитын. Сол қатты ұнайтын. Содан өсе келе, ислам туралы көп сұрайтынмын. Әкем қуана-қуана айтып беретін. Сол әкемнің арқасында исламмен танысып, сол дінге өттім. Негізі анам – христиан, бірақ аса қатты ұстанбайды. Ислам дініне де өтпеді. Бірақ ішінен ойлайтыны анық. Біз әкеміз екеуіміз исламға өттік. Иншалла, ол кісі де өтіп қалар.

Евгений: Исламға дейін іштім, шектім. Былай айтқанда құдым. Исламға келуім ініммен байланысты. Інім Түркияда оқыған. Ол сол жақта жүріп, ислам дінін қабылдады. Тіпті сол жақтан медресе де оқып келді. Сол келіп, мені дінге шақырды. Ислам туралы айтты. Түсіндірді. Үгіттеді. Исламды қабылдағаннан кейін тынышталдым. Жаным тынышталды.

Юрий: Исламмен алғаш 2014 жылы таныстым. 15-16 жас кезімде болды. Мен өзім спортшымын. Сол спорт жарысында мұсылманның намаз оқып жатқанын көрдім. Сол кезде менде қызық сезім болды. Бір жағынан қызықтым. Көкейімде христиан діні туралы да көп сұрақ туындап жүрген. Мысалы, христианда күнә жасасаң, шіркеуге барып әкеден көмек сұрайсың, ал исламда өзің тек Алладан көмек сұрайсың. Маған осы жері қызық болатын. Осы мәселе ойландырды. Шіркеу әкесі өзі таза ма әлде күнәһар ма білмейміз зой. Христиан дінін қатты ұстанбадым. Картинкаға сыйыну дұрыс емес деп білем. Дос қызым исламды қабылдады. 3 ай бұрын қабылдады. Спорттағы қазақ достарым да дін туралы айта бастады. Сосын терең ислам туралы оқи бастадым. Хадистер мен Құранды оқыдым. 7-8 ай дайындалдым. Өзіме керек сұрақтарға жауап таптым. Сосын мешітке бардым. Қабылдадым. Исламды қабылдағанда ішкі сезімдерім қызық болды. Жеңілдеп қалдым. Достарым да намазға барған болатын. Сауд Арабияның Усман деген имамының инстаграмм парақшасына жазылғанмын. Соны тыңдаймын. Адамдар дінге әртүрлі жолмен келеді. Алла кімнің жүрегін ашады, сол адам дінге келеді.

Ярослав: Шоқынған христиан едім. Мойнымда крест болатын. Болды, христианның басқа ритуалдарын білмейтін едім. Ешқандай құлшылық

жасамайтынмын. Ең өкініштісі, мен жаман жолда жүрдім. Арақ-шарап, нашақорлық, жаман қыздармен қарым-қатынас. Солардың бәрін бастан өткеріп, 25 жыл Құдайсыз жүрдім. Құдай туралы тіпті ойламадым да. Тіпті бұлай жүре берсем түрмеге де кетіп қалуым мүмкін еді.

Сосын осы жаман жолдан қалай құтылдыңыз?

Солай жүрген кезімде ескі досымды кездестірдім. Сол досымның өзгергенін көрдім. Әйелімен жүр екен. Әйелі де – сондай әдемі. Ұзын көйлек, басында орамалы бар. Досымның мұсылман болғанын түсіндім. Сол досым маған ислам дінімен танысып көруді ұсынды. Мен де көрейін деп шештім. Досыммен араласа бастадым. Досым кітаптар берді, соны оқыдым. Осылайша менің де өмірім дұрыстала бастады. Мені жаман өмірден құтқарды десем де болады. Бірақ әйелім менің мұсылман болғанымды қаламады. Сол себепті онымен ажырасып кеттім. Қазір екінші рет үйленгенмін. Ол келіншегім де – орыс ұлтының азаматы, бірақ исламды қабылдаған. Мұсылманиша аты – Фатима. 3 ұлымыз бар. Әйелім – өте жақсы адам. Менен кейін ағам мен қарындасым да ислам дінін қабылдады. Мен оларға үйретпедім. Менің дұрысталғанымды көріп, олар да қызықса керек. Сол себепті ислам өмірімізге шаттық пен бақыт әкелді. Исламмен таныстырған досыма рақмет айтамын!

Дін ауыстыру үйлену факторымен тікелей байланысты [153,б.223].

Әсіресе ислам дініне өткендерде бұл жағдай көп кездесіп жатады. Мысалы, Еуропаға барған мұсылмандарға күйеуге шыққан Еуропалық қыздардың көпшілігі ислам дініне өткен. Ал, христиан қыздармен салыстырғанда, мұсылман қыздардың ішінде басқа дін өкілдеріне күйеуге шыққандары аз. Себебі ислам дінінің шарифаты бойынша мұсылман қызының басқа дін өкілдеріне тұрмысқа шығуына рұқсат бермейді. Тек ол адам ислам дінін қабылдаса ғана рұқсат етілген. Бұл шарифат үкімі де басқа дін өкілдерін мұсылман қызға үйленуі үшін исламды қабылдауына үгіттеп тұр. Сол себепті басқа дін өкілдерінің мұсылманмен некелесуі ислам дініне өтуімен аяқталып жатады. Франция мемлекетінде араб қыздарға үйлену үшін кейбір француздар исламды қабылдауға мәжбүр болып, исламды үйреніп жүрген факторлар да кездеседі. Әрине бірі шын ниетпен үйренсе, кейбірі өтірік исламды қабылдап жатады. Үйлену мәселесінің исламды қабылдауында басты рөл алатынын біздің зерттеуімізге қатысқандардан да көріп отырмыз.

Зерттеуімізге қатысқан әйелдердің 80%-ға жуығы күйеуінің немесе болашақ жарының ықпалы арқылы ислам дініне келгені анықталып отыр. Арасында үйленгеннен кейін, күйеуі мұсылмандықты қабылдап, сосын өзі де дін ауыстырған. Галина ханымның мысалы да осы тақырыпта және болашақта маңызды бола беретін мысал ретінде қарастыруға болады. Себебі Галина ханым қазақ ұлтына келін болып түсіп, исламға өткен. Қазақ халқының Қазақстанда басым халық екенін ескеретін болсақ, болашақта қазақ ұлтына келін болатын басқа ұлттардың арасынан да осындай дін ауыстырулар кездесетін болады. Сол себепті қазақ қоғамында дін ауыстыру осымен тоқталмайтыны анық. Тіпті исламға бет бұру феномені күшейген сайын исламға діни конверсиялану да көбейетін болады. Галина ханымның қазақ дәстүрі мен ислам дінінің

байланысы туралы айтқан сөздерінің де жаны бар. Себебі Кеңес үкіметі кезінде қазақ қоғамы ислам дінін осы дәстүрі арқылы сақтап қалған болатын. Қазақ дәстүрі мен исламның байланысының күшті екенін осы Галина ханымның мысалынан көруге болады. Галинаның мүлдем дін ауыстыру туралы ойы болмаса да, қазақ күйеуінің діндар болмағанына қарамастан, дәстүрдің ықпалы арқылы дінге келу оқиғасы маңызды бір мысал болып отыр. Дәстүр арқылы дінге келу бұл діни конверсияда сирек кездесетін оқиға. Сол себепті ислам діні және қазақ дәстүрінің бір-бірімен тығыз байланыста екенін жоққа шығара алмаймыз. Әрине бұл жерде Галинаның қазаққа діндар болмаса да бір мұсылман ұлтына үйленудің осы дін ауыстыруына себепкер болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Діни конверсиялану тақырыптарында әлеуметтік ортаның да маңызды екенін айта кеткеніміз жөн. Себебі ешқандай мұсылмандар жоқ қоғамда дін ауыстыру өте қиын. Сол себепті дін ауыстыру оқиғалары көбіне мұсылмандардың басым бөлігі шоғырланған аймақтарда көп кездесетіндігін ескергеніміз жөн. Себебі бір қоғамда өмір сүргендіктен әлеуметтік әсер ету деген теориясының осы жерде жұмыс жасайтынын көруге болады. Жалпы, Қазақстанның 70%-ға жуығы мұсылман қоғамы екенін ескеретін болсақ, бұл қоғамда міндетті түрде мұсылмандыққа өтетіндердің болуы шарт. Біз өмір сүріп жатқан ортада адамдар бір-біріне әсер етпей қоймайды. Оны Юрий мен Ярославтың мұсылман достары арқылы исламға келу мысалынан көруге болады.

Юрий мырза спортпен айналыса жүріп, сол спортшы достарының намаз оқығанын көріп, ислам дініне деген қызығушылығы оянғанын айтқан болатын. Достары да Михаилдің мұсылман болғанын қалап, исламды насихаттауда өз үлестерін қосқаны анық. Сол себепті бұл жерде жанындағы достарының әсерін атап айтқанымыз жөн. Араласатын ортаның да адамға дінге деген қызығушылығын оятуда маңызды рөлге ие екенін көріп отырмыз. Тағы бір соңғы жылдары қазақ қоғамында болып жатқан ерекше феномендердің бірі ол спорттағы діннің рөлі. Қазақ спортында, оның ішінде күрес спортында діндарлардың көбейіп келе жатқаны белең алды. Әрине оған ислам дінінің спортқа қатысты оң көзқараста болуы өз әсерін тигізіп отыр. Мысалы, «Күшті мұсылман *әлсіз мұсылманға* қарағанда, жақсырақ» деген хадистердің кездесуі, күрес спортының пайғамбардың сүннеті болуының да осы спорттағы діндарлықтың дамуына әсер етеді. Юрий мырзаның да күреспен айналысуы, оның пайғамбардың сүннетіне сай келуі оны исламға қызықтыруы мүмкін және бұл кісінің ислам дініне өтуіне әсер еткен спортшы достары екенін тағы да қайталап өткеніміз жөн. Араласатын ортаның адамның діндарлығына да әсер ететіні анық екеніне тағы бір дәлел болып отыр.

Дінді қабылдайтындардың ішінде тылсым әлеммен бір байланысқа түстім деп сезімге қатты берілетіндер де кездесіп жатады. Бұл көбіне сезімтал адамдар мен көп қиындық көрген адамдарда кездеседі. Зерттеуімізге қатысқандардың ішінде аз болса да 3,85%-ы ислам дініне келуін бір мұғжиза екенін айтқан болатын. Себебі ислам дінін қабылдас бұрын түстер көргенін, Алладан аян

алғанын және сол себепті ислам дінін қабылдағандығын айтқан Чин мырза әңгімесін былай жалғады:

Енді жас кезімізден әдет болып қалған кішкене ішімдікке әуестігім бар еді. Сол мерекелерде ішіп, басым ауырып бір-екі күн жатып қалатын едім. Кейде 5 күнге дейін ауырып жататыным да болған. Таныстарым мені емдеу үшін біраз жерлерге апаратын. Бірақ нәтиже болмайтын. Бір күні туысқанымның досы бар екен. Өзі мұсылман дінін практикалық түрде ұстанады және сол кісі мені емдеу мақсатында дұғалар оқып бір нәрсе жасады. Содан енді ішпейсіз сізге тезірек ислам дініне келу керек деген болатын. Осы мәселені ойланып, сол түні біразға дейін ұйықтай алмай жаттым. Сол түні түсіме аян келді. Тезірек исламмен танысып, дінге келуім керек екенін айтты.

Кім айтты?

Кім екенін білмеймін. Тек түсімде аян келді. Дауыс естілді. Содан көп уақыт өз-өзіме келе алмай жүрдім. Содан исламға қатысты ақпарат іздей бастадым. Түнде ұйықтар алдында қорқатын болдым. Біраз уақыт ұйықтай алмай уайымдайтынды шығардым. Содан мешітке барып исламды қабылдағым келетінін айттым. Содан имамдар ислам шарттарын түсіндіріп, тілімді калимаға келтіріп, исламды қабылдап, намазға жығылдым. Ең алғашқы намазымды дірілдеп тұрып әрең оқығаным әлі есімде. Содан кейін жан дүнием тынышталды. Сол түстен кейін мүлдем арақты аузыма алмадым. Аллаға шүкір қазір бәрі жақсы.

Көріп отырғанымыздай, Чин мырзаның алкогольмен тығыз байланыста болғаны және оған деген бағыныштылық сияқты қиындықтарды бастан өткерген. Тіпті осы мәселемен біраз емханаларды аралағанын да айтылып қалды. Бұл жағдайлардың барлығы адам психикасына әсер етпей қоймайды. Сол себепті Чин мырзадағы қиындықтармен психологиялық травмалары және ішкі қорқыныштары діндар адаммен кездескеннен кейін тіптен уайымға салынғандығын көрсетіп отыр. Әрине іштей Чин мырза жасап жүрген әрекеттерінің дұрыс еместігін сезетін. Сол үшін уайымдайтын. Осы уайымның әсерінен түс көріп, сол түсті аянға жорып шынымен Құдайдан келді деп ойлау арқылы дінге бет бұруы мүмкін. Діннен алыс адамдар дінмен кезіккен кезде ішіндегі уайым қорқыныштары күшейтіні мәлім. Сол ішкі уайымдары түс көруіне, түсі де дінге бет бұруына себепші болып отыр. Ол кісінің кездескен діндар адамның мұсылман болуы – бұл жерде өте маңызды фактор. Оның орнында бір Буддист болатын болса, мүмкін ол Будда дініне бет бұрып кетер ме еді?! Атақты дін психологының «Тотем және Табу» кітабында көрсеткендей, адамның күнәлары ішкі қақтығыстар тудырып, ол бір невроз күйге айналады. Сол ішкі өкініштері арқылы адамды дінге әкеледі [154, б. 76]. Сезімтал адамдар қиындықтар мен депрессия кездерінде түрлі түстер мен аяндар көруі мүмкін. Бұл түстер мен аяндарды қатты қабылдайтын кісілердің өмірінде өзгерістер болады. Көріп отырғанымыздай, тіпті дінді ауыстыру сияқты өзгерістерге де әкеп соқтыруы мүмкін.

Адамдар өміріндегі түрлі жағдайларға байланысты дін ауыстырып жатады. Жоғарыда талқылағанымыздай, көпшілігінде кездесетін факторлар олар

Құдайды тану, Қасиетті кітаптарды оқу немесе түс пен аян көру сынды оқиғалардан кейін дін ауыстырып жатады. Зерттеуімізде бұл оқиғалардан басқа да себептермен дін ауыстырғандар бар. Оларды «Басқа» себептермен дін ауыстырғандар қатарына жатқызған болатынбыз. Олардың саны шамамен 7,69%-ды құрап отыр. Енді сол кісілердің оқиғаларына бір көз жүгіртіп өтелік:

Оксана ханым: *Исламға келуіме себепкер болған – екінші балам. Ол кемтар боп туылды. Докторлар адам болмайды деп емдеуден бас тартты. Содан бүкіл емішілерге апардым ағузубиллах. Шіркеуге де апардым. Пайда болмады. Содан кейін амалсыз мешітке бардым. Мешіттегілер жақында рамазан айы, ораза ұстау керек деді. Мен қалай? Маған бола ма? деп едім әрине болады, Құдай жалғыз деді. Содан имам болады деді. Мен ұзын көйлек алып ораза ұстадым. Құран алып оқыдым. Орысша әрине. Сосын имам бес уақыт құлшылық жасау керек деді. Содан намаз оқуды үйрендім. Ораза кезінде ұзын киініп, ораза ұстай бастадым.*

Содан жай мешітке барып исламды қабылдай салдыңыз ба?

Жоқ мен жай мешітке келіп дінге келе салатын адам емеспін. Сол үшін исламды үйреніп жылап тұрып дұға тіледім. Тек Алладан ғана тіледім. Себебі ешкім көмектесе алмады. Содан Аллаға ғана аян. Бір күні Алланың күшімен 6 жылдан кейін балам тұрып жүрді. Алла менің жүрегімді ашты. Мен сол күні дәрет алып, мешітке барып, 2012 жылы исламды қабылдадым. Содан имамдар менің өміріммен танысып azan.kz сайтына салуды өтінді. Мен де рұқсат бердім. Қазір араб тілін үйреніп жүрмін. Ислам әлеміне терең үңіле бастадым. Құран оқуды үйрендім. Сестралармен таныстым. Бұрын ораза кезінде ғана киген хиджабымды енді шешпейтін болдым. Анам қарсы болып мені мынау балалармен террорист жарады деп айғай шығарды. Бірақ мен бұрын жартылай жалаңаш жүрсем, қазір жабық жүрем. Тек күйеуімнің алдында ғана ашамын. Исламға келгеннен кейін көп нәрсе түсіндім. Бұрын неге маған кемтар бала берді т.б. деген сұрақтар маза бермейтін. Қазір бәрі жақсы. Балам 16-ға толды. Әрине әлі де емделіп жүрміз. Бірақ мен енді исламнан бас тартпаймын. Себебі исламды өзім түсініп іздеп қалап келдім. Алхамдулиллах.

Екатерина: *Мен бірінші күйеуіммен ажырасқанмын. Содан екі баламды өзім жалғыз асырауға тура келді. Әрине оңай болмады. Көп еңбек еттім. Көп қиналдым. Солай қиналып жүргенде денсаулығым да құрыды. Жаман ауруға душар болдым. Бұрын өзім Інжілден сабақ беретінмін. Орыс Православ шіркеуінде Інжіл мектебін бітіргенмін. Сол денсаулығым болмай ауруханаларды аралап жүргенімде бір мұсылман дәрігермен таныстым. Қызық қой тағдыр деген. Дін туралы ұзақ әңгімелесетінбіз. Мен де Інжілді жақсы білгенім үшін дін туралы айтарым бар еді. Бірақ ол кісі ислам туралы көп ақпарат беріп, мені исламмен таныстырумен болды. Сөйтіп жүргенде ол кісімен дос болып кеттік. Менің денсаулығым да жақсарып қалды. Ол кісінің ислам туралы айтқандары көкейіме қона берді. Жазылған соң мешітке бардым. Сөйтсем, мешітке дәл намаз уақытында келіппін. Маған намаз оқыған адамдардың жүздері нұрланып, айналаға әлдебір шуақ шашып тұрғандай көрінді. Сондай жақсы сезімде болдым. Намазда оқылған аяттар*

құлағымға өте жағымды естілді. Тіпті жанарымға жас үйірілді. Соңында ислам дінін қабылдауға шешім қабылдадым. Әрине таныстарым менің бұл әрекетімді жақсы қабылдамады. Әке-шешем ұрсып тастады. Ең жақын деген ата-анамнан ұрыс есту маған ауыр тиді. Бірақ уақыт өте келе мені түсінді. Содан олар да үйренді. Мен орамал тағып, хиджаб кие бастадым. Содан жаңа өмір бастағандай болдым. Содан бір мұсылман жігітке тұрмысқа шықтым. Ол менің балаларымды өз баласындай қабылдады. Қазір жақсы отбасы болып өмір сүріп отырмыз.

Оксана мен Екатерина ханымдардың мысалында көріп отырғанымыздай, ауыр дертке шалдығу оқиғасы дін ауыстыруларында маңызды фактор болып отыр. Адам ауыр дертке шалдыққан кезде немесе жақындары сондай дертке душар болғанда жоғарғы күштен көмек іздейді. Үмітін үзгісі келмейді. Жақынын қимайды. Жоғарғы күштен дұға тілеп құтқарып алғысы келеді. Оксана ханымның баласы ауырғанда барлық емді қабылдап, енді үміт жоқ дегенде мешітке барып, ораза ұстап, жылап тұрып дұға тілеуі – осыған дәлел. Адам қиналған кезде дінге келеді деген теория осы жерде жұмыс істеп тұрғандай. Әрине бұл барлық адамдарда болады деп айта алмаймыз. Бірақ кейбір оқиғаларда осылай дін ауыстыру немесе діндар болып кетуіне әкеп соқтырады. Осындай қиналып жүрген кезінде алдыңнан бір мұсылманның шығуы және ол адамның демеу болуы тіптен дін ауыстыру үдерісін тездетіп жібереді. Екатерина мысалындағы мұсылман дәрігерінің жолығуы және ислам туралы жақсы пікір қалыптастыруын айтсақ болады. Діни конверсия тақырыптарындағы зерттеулерде осындай ауыр дертке шалдығып, қиналып жүріп басқа діннен демеу табатын оқиғалар жетерлік. Отандық ғалым Қ.Қалиевтің зерттеуінде де осыған ұқсас мысалдар жеткілікті. Әсіресе христиан дініне өтетіндердің көбінде осыған ұқсас кейстер кездеседі. Себебі Исаның емшілік мұғжизасының болуы христианға өтіп, Исадан шипа тілеулері ауыр дертте жүргендерге жаңа үміт сыйлайды. Дінді ауыр дерттен құтылудың соңғы жолы ретінде көреді және оған сенуден басқа амалдары қалмайды. Сол себепті діни конверсия тақырыптарында ауыр дерттің де дін ауыстыруда әлдебір дәрежеде әсері бар екенін көріп отырмыз.

3.3 Ислам дініне конверсиялану үдерісі және постконверсиялық өмір салты

Бұл бөлімде мұсылман болғандардың ислам дінін қабылдағаннан кейінгі өмірлері туралы ақпараттарды талдайтын боламыз. Әрине дін ауыстырғаннан кейін өмірлерінде жай ғана өзгеріс емес, үлкен өзгеріс болатыны анық. Дін құлшылықтан ғана тұрмайды. Дін ол мәдениет пен дәстүрмен байланысты болғандықтан дін ауыстырғандарда тек діни өзгеріс емес, сондай-ақ мәдени өзгеріске де ұшырағаны анық. Сол себепті дін ауыстырғандардың діни-мәдени өзгерістерінің 70% мұсылмандар тұратын Қазақстан сияқты мемлекетте осы мұсылмандармен қарым-қатынастары немесе бірегейлігі туралы мәселені де

қарастыратын боламыз. Мұсылмандық бірегейлікті қалыптастыру үшін ислам дінін жақсы меңгеріп, исламдық мәдениетке сіңісуі керек.

Дін ауыстырған конвертиттердің мінез-құлықтары мен әдеттері де өзгеріп жатады. Әуелі өзгерістердің қандай және қалай болғанынан бастасақ. Ислам дінін қабылдаған адамдардың бірінші ауыстыратыны – ол есімі. Мұсылман дініне сай есім қолдануы шарт. Ислам дінінде бұған қатысты хадистер де жетерлік. Мысалы, «Есімнің мағынасы дінімізге қайшы болса, адамның, баланың намысына тисе немесе мазаққа себеп болса, онда оны ауыстыру қажет» [155]. Бұл хадистен көріп отырғанымыздай, басқа діннен келгендердің есімдері исламға қайшы болса, исламға сай мағыналы есім алғаны абзалырақ екенін көріп отырмыз.

Диаграмма 15- Есімін өзгерту



Ислам дінін қабылдағандарды зерттеген зерттеушілердің еңбектерінде есім ауыстыру көп кездеседі. Мысалы мұсылмандықты қабылдаған ағылшындарды зерттеген түрік ғалымы Али Көсенің еңбегінде 81%-ы есім ауыстырған [141, б. 136]. Ал, христиан дінін қабылдағандарда бұл феномен байқалмайды. Қ.Қалиевтің зерттеуінде ешкім есім ауыстырмағаны анықталған [148, б. 162]. Бұл христиан дінінде есім ауыстыру туралы шарттың болмауымен де байланысты.

Есім ауыстырған кәріс ұлтының азаматы Сайд Бин Амин мырзаның айтуынша, ол бұрынғы атын қазір қолданбайтын болыпты.

Иә, мен есімімді мұсылманиша есімге ауыстырдым. Бұрынғы атымды мүлдем айтпаймын. Сізге де айтқым келмейді (күліп).

Неге?

Айтқым келмейді. Осы есімім ұнайды. Нағыз мұсылманиша есім. Жұмыста да осы атыммен атайды. Бұрынғы есімім тек құжат жүзінде қалды. Оны да ауыстырғым келген. Тек құжат жағы қиындап кететін болды. Қазір мұсылман атыммен танысамын. Барлық таныстарым осы атыммен атайды. Өзім үйреніп қалдым. Мұсылман достарымның ортасында да осы атпен атаған ұнайды.

Михаил мырза: Мен де өзіме жақсы бір ат таңдадым. Жалпы, өзіңе өзің ат қойған қызық екен. Мен өзіме пайғамбарымыздың есімі болған (с.а.у.)

Мұхаммед есімін алдым. Ол кісідей болмасақ та, сүннетін ұстанғаннан кейін осы атақты есімді алдым. Жалпы, әлемде ең көп тараған есім осы есім екен. Мен оны одан сайын көбейттім (күліп). Әрине куәлігім бойынша Михаил есімімен жүремін. Мұсылман таныстарым құжат жағынан қиындықтар туындаса, ауыстырмасаңыз болады. Тек атағанда мұсылманиша есіміңізбен атаса жетеді деп еді. Сол себепті құжат жүзінде әлі Михаил болып жүрмін. Кейбір туыстарым әлі осы бұрынғы атыммен атайды. Мен оған көп ашуланбаймын. Ол кісілерді ренжіткім келмейді. Ислам бейбітшілік діні ғой. Исламды барынша жақсы жағынан көрсеткім келеді.


Никита: *Мен Абдурахман деген атты таңдадым. Өзіме осы ат жарасатын сияқты. Мұсылман атты таңдауыма мұсылман достарым көмектесті. Абдурахман деген жақсылық жасаушы құл деген мағына береді екен. Аса қатты есім ауыстырғым келмеді. Бірақ имам ауыстыру керек дегесін ауыстырдым. Аса қатты қиындық тудырды деп айта алмаймын.*

Амина: *Мен Амина есімін таңдадым. Себебі пайғамбардың анасының аты осы Амина болатын. Мен де ана болғандықтан, осы есімді таңдадым. Осы есімім маған қатты ұнайды. Жалпы, ислам діні жақсы есім қоюды бұйырады. Себебі адам есімі адам өміріне әсер етеді ғой. Сол себепті жақсы естілетін, жақсы мағына беретін есімдерді қою керек. Мен өз есімімді осылай атадым. Осы есімге үйреніп те қалдым. Осы есімге лайық болуға тырысып жүрмін.*

Дін ауыстырғаннан кейін бірінші кезекте есім ауыстырғандарын әңгімелеген респонденттер ауыстырған есімдерінің өздеріне ұнайтынын атап өтті. Тіпті мұсылман таныстарының қасында осы есіммен атағанын ұнататын Сайд Бин Амин мырза тіпті бұрынғы атын еске де алғысы келмейтінін айтты. Жалпы, мұсылман болғанын мақтан ететіндерін де байқағандай болдық. Бұрынғы аттарымен емес мұсылман аттарымен атаған ұнайтындай көрінді. Ер адамдар көбіне Мұхаммед есімін таңдаған. Ал, әйелдер жағы болса, Амина, Айша есімдерін таңдауда алда тұр. Бұл ислам тарихында белгілі орын алатын кісілердің есімі болғандықтан және әдемі естілетінін де ескерсе керек. Осылайша есім ауыстыру да маңызды бір өзгеріс екенін көрсетіп отыр. Есім ауыстырмаған кәріс азаматы Чин мырзаның исламдық есімінен гөрі кәрістік атында қалғанын дұрыс санаған екен. Әрине тек бір респондентіміз есім ауыстырмаған болатын. Келесі кісі болашақта мұсылман есімін алатынын айтты. Дін ауыстырушылардың ең бірінші өзгерісі осы есім ауыстырудан басталған. Мұсылмандық бірегейлік үшін мұсылманға сай есім болуы да маңызды. Әрине тек есім өзгерту мұсылмандық бірегейлікті қалыптастыра алмайды. Сол себепті ислам дініне өткендердің басқа да өзгерістерін қарастыруымыз қажет. Респонденттеріміздің басқа да өзгерістерін төмендегі кестеде беріп отырмыз.

Мұсылман болғаннан кейінгі өміріндегі өзгерістер туралы сұрағанымызда басым көпшілігі мінез-құлқы мен киімдерінің де өзгергенін айтқан болатын. Киім-киістерінде болған өзгерістер туралы ақпаратты төмендегі диаграммада беріп отырмыз.

Диаграмма 16-Киімге байланысты өзгерістердің болуы



Диаграммада көріп отырғанымыздай, «киіміңізге байланысты өзгерістер болды ма?» деген сұраққа ислам дінін қабылдағандардың 73,08%-ы «иә» деп жауап берген болатын. Ислам дініне өтушілердің, әсіресе әйел кісілердің көбінде киімге байланысты өзгерістер болғанын басқа зерттеулерден де байқаған болатынбыз. Біздің зерттеуімізде де әйел кісілердің түгелдей дерлік киім кию мәдениетінің өзгергенін көруге болады.

Амина: *Иә, әрине киімімде өзгерістер болды. Шкафымды толық ауыстырдым десем қателеспейтін шығармын. Себебі бұрынғы киімдерім өте қысқа әрі тар киімдер болатын. Ислам діні ондай киімдерді жақтырмайтындықтан ұзын киімдер кие бастадым.*

Ата-аналарыңыз қалай қарады?

Басында анам ашуланған, содан көздері де үйрене бастады. Тек қара түсті киімдер кимеуге тырысамын. Себебі ислам дініне деген қорқыныш болмасын деген оймен ашық түсті орамал тартамын. Мешіттегі қыздарға да қара кимеңіздер деп айтып отырамын. Асыл дінімізге күйе жағушыларға талқылайтын тақырып тауып бермейік деп. Киімге қатысты өзгерістер болды. Басында үйренбеген қызық болатын. Қазір үйреніп кеттік. Керісінше орамалсыз шықсаң, жалаңаш жүрген сияқты болып тұрасың.

Алена: *Басында тек мешітке барғанда ғана орамал тартушы ем. Содан кейін 5 уақыт намаз бастағаннан кейін толық хиджаб кие бастадым. Өзімді әйел ретінде сезіне бастадым. Жалпы, ислам дінінің әйел затына деген құрметі жоғары зой. Бұрын ораза кезінде ғана киген хиджабымды енді шешпейтін болдым. Анам қарсы болып, мені мынау террорист жарады деп айғай шығарды. Бірақ мен бұрын жартылай жалаңаш жүрсем, қазір жабық киініп жүрем. Тек болашақ күйеуіме ғана ашамын иншаллах дедім. Киімім және көзқарастарым өзгерді. Бұрын әрине, күшті көрінетінмін. Маникюр педикюр. Жігіттің бәрі қарайтын. Маған үйленуге ниет танытпайтын. Бірақ хиджаб кигеннен кейін күйеуге шық деп ұсынғандар көбейе бастады. Содан*

өзім түсінбедім. Содан ойлана келе, мұсылман болған орыс ұлтының азаматын кезіктірдім. Оған 2 бала туып бердім. Балаларымды да мұсылман қылып тәрбиелеймін. Бірақ күштемеймін.

Михаил: Ислам дінін қабылдап мешітке бара бастағаннан кейін кейбір киімдерімді лақтырып тастап басқа жаңа киімдер алдым.

Сонда қалай? Қандай киімдеріңізді лақтырып тастадыңыз?

Негізі мұсылманның өзіне сай киімі болу керек. Мен спортпен айналысқаннан кейін шорты сияқты спорт киімдерін киемін. Бірақ олар тізеден жоғары тұратын шортылар еді. Исламға келгеннен кейін ұзынырақ шорты алдым. Мешітке ыңғайлы киімдер алдым. Намаз оқу үшін тақия сияқты киімдерді де алған болатынымын. Бірақ көп кимедім. Тырысып тұратын киімдерді көп кимеуге тырысамын.

Мұсылман болғандардың киім-киісіндегі негізгі өзгешеліктер ол әйел кісілердің орамал тартуы мен ұзын көйлектер киюі сияқты өзгерістер болған. Ашық киінген әйелдер мен қыздар енді ұзынырақ кие бастаған. Әрине бұл – ислам дінінің шарты мен мұсылмандық әдебіне сай киіну үлгісін ұстанатындарының көрінісі. Ал, ер азаматтарда да киімге байланысты өзгерістер болғаны анықталып отыр. Қысқа емес. Ұзын, тізеден төмен түсіп тұратын шортылар кие бастаған. Ол шортылар намаз оқуларына да ыңғайлы болса керек. Әсіресе спортшы Михаил мырзаның айтуынша, байқағанымыз діндарлардың спортзалдарында тым қысқа шортылармен жүруге болмайтын жазылмаған бір шарт бар тәрізді көрінеді. Сол себепті тек қана әйелдерде ғана емес ер азаматтарда да киімге қатысты өзгерістердің болғанын байқап отырмыз.

Зерттеуімізге қатысқандардың 23,08%-ның киім киісі еш өзгермеген. Әрине бұлардың бәрі – ер-азаматтар. Киімінде еш өзгеріс болмаған Чин мырза былай дейді:

Менің киіміме байланысты еш өзгеріс болмады. Бұрын да бір өрескел, әдепке қарсы киімдер киінбейтінмін. Сол себепті еш өзгеріс болған жоқ. Ислам діні көбіне әйел затының киімдеріне көп мән береді. Сол себепті әйел кісілер киімге көп мән береді. Мысалы, менің әйелім көп киімін ауыстырды. Көп ақша кетті (күліп жіберді).

Андрей: Мен бұрын қалай киінсем, қазір де солай киінемін. Еш өзгермеді. Ислам дініне қайшы бір киім киемін деп айта алмаймын. Барлық адам сияқты заманға сай киінемін.

Киімдерінде еш өзгеріс болмағандардың бәрі – ер адамдар. Ислам діні ер адамдардың киіміне қатысты қатты бір талап қоймайтындықтан, оларда аса қатты өзгеріс болмағаны анық. Десе де, ер адамдардың 50%-ға жуығы шамалы болса да киім үлгісін өзгерткені жайлы айтып қалды. Мешіттің әдебіне сәйкес киінуге тырысатындар мен сүннет киімдерін киінуге еліктейтіндер де бар.

Галина: Жалпы, мен болашақта хиджаб кигім келеді. Бірақ қазір оған дайын емеспін. Жақындарым да оған әлі дайын емес. Исламды қабылдағанда сектаға кіріп кетті деп ойлап жүрген достарым да шошып кетуі мүмкін. Ата-анам да қарсы болады. Сол себепті әзірге хиджаб кимедім. Дайын болған кезде мен де киімдерімді өзгертпекшімін. Әзірге киімдерімді өзгертпедім, бірақ болашақта өзгерткім келеді.

«Киімімде өзгерістер болмады, бірақ өзгерткім келеді» деп жауап берген жалғыз кісіміз (3,85%) Галинаның әлі де жақындарының көңіліне қарайтынын байқадық. Әрине жылдам өзгеріп кету көп адамды алаңдатуы мүмкін. Қазақстан сияқты дінді енді үйреніп жатқан қоғамда, дінге әсіресе хиджабқа деген қорқыныштың әлі де бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Тіпті дін жолына бет бұрған қазақ қызының орамал тағуы отбасы үшін үлкен мәселе болып жатқанда, басқа дін өкілдерінің қызының бұндай қылығына шоши қарайтыны анық. Галина ханым жақындарын дайындап, өзінің де осы өзгерістерге дайындалып жүргенін байқауға болады. Жалпы айтқанда, әйелдердің басым бөлігінде киімге қатысты өзгерістердің болғанын нақ айтуға болады.

Мұсылмандыққа конверсияланғаннан кейін киімнен басқа да өзгерістер болатыны анық. Ендігі кезекте сол өзгерістерге көңіл бөлетін боламыз. Әр адамда әртүрлі өзгерістер болады. Біреуінің өмірге деген көзқарасы өзгерсе, біреудің жүріс-тұрысы немесе мінез-құлқы өзгеріп жатады. Тіпті ешқандай өзгерістер болмады деп айтатындар да кездеседі. Сондықтан осы зерттеуімізге қатысқандарға «Ислам дінін қабылдағаннан кейін өміріңізде қандай өзгерістер болды?» деген сұрақ қойған болатынбыз. Осы туралы ақпараттарды төменде талдайтын боламыз.

Диаграмма 17- Ислам дінін қабылдағаннан кейінгі өміріндегі өзгерістер



Христиан дінінен ислам дініне өткендердің мұсылмандық бірегейлікті қалыптастыруы үшін көп өзгерісті талап етеді. Сол өзгерістердің бірі ретінде адамның ислам дініне қайшы келетін әдеттерінен арылуы қажет. Жалпы, адамзаттың жаман әдеттерінен арылуы үшін көмектесетін ең жақсы құрал – ол дінге келуі. Христиан дінінде жүріп қатты діндар болмаған кісілер исламға келіп, жаман әдеттерімнен арылдым дегендер саны 73,08%-ды құрап отыр.

Ярослав: *Иә, жаңа айтып өткенімдей мен өкінішке орай жаман жолда жүрдім. Арақ-шарап, нашақорлық, жаман қыздармен қарым-қатынас.*

Солардың барлығын бастан өткеріп 25 жыл Құдайсыз жүрдім. Құдай туралы тіпті ойламадым да. Тіпті бұлай жүре берсем түрмеге де кетіп қалуым мүмкін еді. Ислам дінін қабылдағаннан кейін осы жаман әдеттерімнен арылдым. Жақсылық жасап, сауап жинауды үйрендім. Харам мен халалды ажырата алатын болдым.

Сонда исламға келмей тұрып осы жаман әдеттен құтылғыңыз келмеді ме?

Әрине құтылғым келді. Тіпті жақындарым көмектескісі келіп, біраз ақыл да айтты. Бірақ ислам діні ғана мені дұрыс жолға сала алды. Алланың қалауы шығар. Себебі өзім қаниша түзелгім келсе де, дұрыс жолға түсіп, түзеле алмай жүргенмін. Сол ислам діні мені тура жолға салды. Аллаға шүкір!

Андрей: Орыс ұлтының арақты жақсы көретінін білесіз ғой. Орыс ұлтын құртып жатқан осы арақ сияқты. Мен де демалыс бола қалса, достарыммен отырып алып, арақ, коньяк жалпы қай түрі болса, соның бәрін ішетінбіз. Сол арақтың кесірінен жақындарыма ауыр сөз айтып қалатынымын. Ренжісіп қалатынымын. Жалпы, жақсылық әкелмейтін. Исламды қабылдағаннан кейін сол жаман әдетімнен құтылдым. Тіпті қазір жек көремін. Сол жаман сусынның кесірінен қаниша ана мен бала жылап қалып жатыр емес пе? Тіпті арақ ішіп рөлге отырып біреудің немесе өз өмірін де жалмап жатқандар қанишама?! Денсаулыққа да, өмірге де еш пайдасы жоқ нәрсе. Құдай сақтасын. Ислам адам өміріне зиян нәрсенің бәрін харам еткен. Жоламаңдар деген. Өмірде айналысатын одан да қызықты көп нәрсе бар. Уақытты арақ ішіп, босқа өткізгенше, пайдалы нәрсемен айналысқан жөн. Соны кезінде қалай білмегенмін. Кейде ислам дінімен ертерек танысқанымда күнәларым да аз болар еді деген ой келеді. Бірақ қазір шүкір бәрі жақсы.

Анастасия: Шыны керек, исламға дейін жаман әдеттерім көп болды. Ол туралы көп ашып айтқым келмейді. Киімім де өте ашық болатын. Жастықпен немесе жаһилдікпен, білместікпен дұрыс емес нәрселер жасадық қой. Бірақ ол туралы нақты ашып айтқым келмейді. Күнәні жасыру керек дейді ғой исламда. Қазір шүкір бәрі жақсы, дұрыс жолдамын. Алла жаман жолға салмасын.

Жаман әдеттерден ислам дінін қабылдағаннан кейін құтылдым дегендердің барлығында бір өкініш бары байқалады. Тіпті арақты жек көріп кеткенін айтқан Андрейдің сөзінен діннің адамды қалай қатты өзгертетінін көруге болады. Бәрі өкінгенімен, соңында тәубеге келіп, қазіргі өміріне шүкір ететінін көруге болады. Жаман әдеттерінен арылтуға исламның үлкен әсері болғаны сезіліп тұр.

Ислам дінін қабылдағаннан кейін «мінезім өзгерді» дегендер саны 23,08%-ды құрап отыр. Дін адамның мінезіне де әсер етіп, өзгеруіне себеп болады. Зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің мінезі өзгергенін айтқан. Амина ханым әңгімесін «Мінезім өзгерді» деп бастады.

Амина: Мінезім өзгерді. Ислам дінін қабылдағаннан кейін өзгердім. Құлшылық жасай бастадым. Өзіме және мінезіме қарайтын болдым. Нәпсімді тыюға тырысамын. Өмірім жақсы жаққа өзгерді. Сабырлы болуға тырыстым. Біз кейде болмайтын нәрсеге ашуланып жатамыз ғой. Ашуды

ұстай алмасақ, оның түбі жамандыққа әкелуі мүмкін. Жамандыққа әкелмесе де денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін. Өмір болған соң келіспеушілік те болады. Бірақ оны айғаймен емес, сабырмен, ақылмен шешу керек. Исламнан кейін өзімді тәртіпке сала бастадым. Адамдарға жақсы көзбен қараймын. Отбасыма жақсы қарамадым. Әйел адам мұсылман болғаннан кейін басқаша болуы керек.

Настя: Исламнан кейін сабырлы болуға тырысамын. Тәрбиелі болуға тырысамын. Орыс ұлтында, бәрі болмаса да, басым бөлігінде қазір тәрбие жоқ. Мінездері дұрыс емес. Әсіресе жастарыда. Ал, ислам діні сабырлы болуға қатты үйретеді. Сол сабырлы болуды үйрендім әлі көп нәрсе үйреніп жүрмін.

Роман: Ислам керемет дін ғой. Тек дұрыс түсіну керек. Адамды өзгертіп жібереді. Бұрын менің мінезім қатал болатын. Адамдарға суық едім. Қазір мүлде олай емес. Қазір адамдарға көмектесіп тұрамын. Көбіне мұсылмандарға көмектесемін. Осындай адам болуыма, мінезімнің осылай жомарт болуына ислам діні әсер етті. Мінезі жақсы – адам мұсылман адам деп айтар едім негізі.

Мінезім өзгерді дегендердің көбінен «сабырлы бола бастадым» деген сөзді көп естідік. Иә, ислам діні сабырлы болуға көп мән береді. Оның да әсері болса керек. Сабырлы болуды тек исламда ғана емес, барлық дінде де үйретеді ғой. Тек бұл кісілер сабырдың қадірін исламға келіп түсінсе керек-ті. Бұл кісілердің өзгеруі мұсылмандық бірегейлігінің қалыптасуында үлкен рөл алатынын жоғарыда айтып өттік. Роман мырзаның «Көбіне мұсылмандарға көмектесемін» деген сөзінде үлкен мән жатыр. Өйткені мұсылмандық бірегейліктің маңыздысы – ол бірінші кезекте мұсылмандарды ойлауы, олармен бір болуында. Роман мырзада сол байқалады. Ислам діні оны мұсылмандарды бірінші кезекке қоятындай дәрежеге дейін өзгерткен. Бұл мұсылмандық бірегейлігінің қалыптасқанын көрсетеді.

Тек сенімім ғана өзгерді, басқа қатты өзгеріс болмады деген жалғыз респондентіміз Карина ханымның оқиғасын бір тыңдап көрелік:


Карина: Ислам қабылдаған соң көп нәрсе өзгермеді. Себебі мен исламға дейін өзімді өзгерттім. Қазір әлемде жақсы болу, өзіңді өзгерту сияқты нәрселер трендте болып жатыр ғой. Жалпы, өзім исламға дейін жаман адам болған емеспін. Әдебім, мәдениетім бәрі жоғарғы деңгейде болатын. Өзімді үнемі жетілдіріп отыратынмын. Исламды қабылдап жаман әдеттерімнен арылдым, дұрыс болдым деп айта алмаймын. Себебі мен оған дейін жаман адам болған емеспін. Исламды қабылдағаннан кейін тек сенімім және кішкене киімім өзгерді. Көп нәрсем өзгерді деп айта алмаймын. Әйтпесе мен өзім адамдарға көмектескенді ұнатамын. Тек Құдайға деген сенімім өзгерді.

Карина ханымның мысалынан «Еуропаға барып исламды көрдім, бірақ мұсылманды көрмедім» деген сөз есіме түсіп отыр. Карина ханым исламды қабылдамас бұрын бойында мұсылманға тән қасиеттер болғанын көруге болады. Ислам дінін қабылдағаннан кейін мінезінде немесе жаман әдеттері болмағасын аса қатты өзгерістер болмауы мүмкін. Бірақ сенімі мен киімі өзгергенін көруге болады. Өзгерістер көп болмаса да, өмірінде олардың

болғаны анық. Еш өзгермеймін десе де дін өзгерткендердің өмірлерінде өзгерістер болады. Ол – құтылмайтын бір заңдылық.

Мұсылмандық діни бірегейлік үшін тағы бір маңызды мәселе – ол ислам туралы діни білімінің болуы. Әр дін ұстанатын адамда мықты діни бірегейлік болуы үшін ол адамда өзі ұстанатын дін туралы толық ақпараты болуы керек. Осы мақсатта ислам дінін қабылдағандардың ислам діні туралы білімінің қаншалықты екенін сұраған болатынбыз. Бұл туралы ақпаратты төмендегі диаграммада беріп отырмыз.

Диаграмма 18-Ислам діні туралы білім деңгейі



Жоғарыдағы диаграммаға назар аударатын болсақ, ислам діні туралы білімінің қатты төмен емес екенін көруге болады. Зерттеуімізге қатысқандардың 38,46%-ы ислам дінін жоғары деңгейде білеміз десе, 50%-ға жуығы өз діндерін орташа деңгейде білетінін жеткізіп отыр. Ал, төменгі деңгейде білеміз дегендер 11,54%-ды құрап отыр. Ислам дінін жоғары деңгейде білеміз дегендерді тыңдап көрелік:

Абдурахман: *Ислам діні туралы білім деңгейім жоғары деп ойлаймын. Себебі бұрынғы дініме қарағанда, ислам дінін үйрену үшін көп кітап оқып, уағыздарды көп тыңдадым. Өзіме керекті тақырыптың бәрін қарап шықтым. Тіпті араб тіліне де барып, арабшаны да Құран оқитын дәрежеге дейін үйрендім. Ислам туралы дұрыс білмесек, оны қабылдамайтын едік қой. Көзімізді жеткізіп барып қабылдадық емес пе? Сол себепті өзімді ислам дінін жақсы білемін санаймын.*

Ярослав: *Енді оны қалай айтсақ болады. Ислам діні туралы ешқандай емтиханға кіріп көрмедік қой. Бірақ Құранды толық 3-4 рет оқып шықтым. Хадистер туралы кітаптарды да қарап шыққаным бар. Ислам тарихы туралы да кітаптарды оқыдым. Ислам діні туралы біраз ақпарат білемін деп айта аламын.*

Сайд Бин Амин: *Альхамдулилла өзіме жетерлік деңгейде исламды білемін. Құранды араб тілінде оқи аламын. Хадистер де білемін.*

Ислам діні туралы білімім жақсы деңгейде дегендердің көбі Құранды оқи алатынын, бірнеше сүрені жатқа білетінін, хадистер мен ислам тарихына

қатысты кітаптарды оқып шыққанын айтып отыр. Әрине бұларды оқып шыққанның бәрі исламды жоғары деңгейде біледі деп айту қиын. Бірақ өмірлеріне керекті дін тақырыптарын меңгергендігі көрініп тұр. Исламды орташа деңгейде білетіндерге тоқталар болсақ:

Амина: *Ислам дінін қатты білемін деп айта алмасам да, орташа деңгейде білемін деп айта аламын. Ислам дінінің әйел затына қатысты тақырыптарын білемін. Әйел болғаннан кейін қандай нәрселерге рұқсат берілгендігі немесе тыйым салынғаны туралы көп оқыдым. Жалпы, Құранның аудармасын аяғына дейін оқып шыққаным бар. Өзімді орташа деңгейде білемін деп айтуға болатын шығар.*

Карина: *Ислам дінін қабылдамас бұрын біраз іздендік қой. Кітаптарды ақпараттық дегендей. Ислам дінін орташа білетін шығармыз. Өте төмен немесе өте қатты білемін деп айтпай-ақ қояйын.*

Роман: *Құранның аудармасын оқып шықтық қой. Орыс тіліндегі ақпараттарды оқып отырамыз. Ислам діні туралы сайттарды қараймын. Уағыздарды тыңдаймын. Шамильдің кітаптарын оқып шықтым. Жалпы, орташа деңгейде деп ойлаймын. Жоспарымда әлі оқу керек деген көп кітап бар.*


Жалпы, зерттеуімізге қатысқандардың көбі өздерін «ислам діні туралы орташа деңгейде білеміз» деп көрсеткендер қатарына жатады. Негізгі керекті ақпараттармен таныс кісілер. Көбі – исламды қабылдар алдында көп ізденген кезде оқығандар. Басқалармен салыстырғанда, ислам дінін аз білеміз дегендер саны төмен.

Алена: *Ислам діні телегей теңіз сияқты ғой. Мен әлі көп нәрсе білмеймін. Бірақ үйренгім келеді. Білмейтін нәрсем әлі де көп. Тек өзіме керекті нәрселерді білемін. Өзімді әлі төмен деңгейде білемін деп санаймын. Көбіне күйеуімнен сұрай саламын. Ол маған қарағанда, жақсырақ біледі.*

Ислам діні туралы әлі оқу керек, білетініміз аз дегендердің дені – әйел кісілер. Бұл кісілер де күйеуіне арқа сүйеп, білмегендерін сол кісілерден сұрап отыратыны байқалады. Әрине қыздардың арасында да жақсы білетіндері бар. Бірақ ислам діні туралы аз білеміз деген 3 кісінің екеуі – әйел кісілер. Жалпы, орта есеппен алғанда, ислам діні туралы білімінің деңгейі өте төмен деп айта алмаймыз. Орташа деңгейде деген баға беруге болады. Себебі бәрі дерлік – Құранның аудармасын оқып, танысып шыққандар. Қазіргі таңда намаз оқып жүріп, Құранды толық оқып шықпаған мұсылмандарды ескеретін болсақ, бұл кісілердің ислам діні туралы деңгейі орташа деп бағалауға болады. Олар өздеріне керекті негізгі мәселелермен танысып, оқып шыққан.

Мұсылмандық бірегейлік үшін маңызды сұрақтардың бірі – ол «Болашақ жарыңыздың мұсылман болғаны маңызды ма?» Ислам діні бойынша мұсылман әйелдің жары міндетті түрде мұсылман болуы шарт. Ал, ер адамдарға ондай қатты шарт қойылмайды. Осы мәселеге қатысты сұрақтарды мұсылманға конверсияланғандарға қойып көрген болатынбыз.

Диаграмма 19- Жарының мұсылман болуының маңыздылығы



Респонденттеріміздің 92,31%-ы өмірлік жарының мұсылман болуы маңызды деген көзқарасты ұстанатынын айтты. Тек екі кісі 7,69%-ы мұсылман болуы маңызды емес жауап берген болатын. Өмірлік жарының мұсылман болуы маңызды дегендердің басым бөлігі – әйел кісілер. Мысалы, Карина ханым *«Күйеуім – мұсылман. Мен мұсылман емеске тұрмысқа шыға алмаймын. Шариғат рұқсат етпейді және өзім де қаламаймын»* деп жауап берген болатын. Отбасын әлі құрмаған респонденттеріміздің бірі Настя ханым болса, *«Болашақ күйеуімнің мұсылман болғанын қалаймын»* деп жауап берген болатын. Қалған қатысушылар да осыған ұқсас жауаптар берген еді. Жалпы, өмірлік жарының мұсылман болуының шарт екенін тағы да көрсетіп отыр. Әрине бұл мұсылман бірегейлігінің қалыптасқанын көрсетеді. Мұсылман болуы маңызды емес деген Чин мырза *«жарымның мұсылман болуы шарт деп айта алмаймын. Қаласа, ислам дінін қабылдасын, қаламаса қинамаймын. Дінде зорлық жоқ қой. Сол себепті дінді күштеп қабылдату дұрыс емес. Сол себепті ол сұраққа аса қатты бас ауыртпаймын»* деп жауап берген болатын. Ислам діні ер адамдарға мұсылман еместерге үйленуге еш тыйым салмайды. Сондықтан бұл мәселеде Чин мырза аса қатты уайымдамайтыны байқалады. Қорыта айтқанда, басым бөлігі өмірлік жарының өзі сияқты мұсылман болғанын қалайды.

Ислам дінінің қалыптасқан шариғи үкімдері бар. Ол әр діндар мұсылман үшін маңызды болып есептелінеді. Бірақ қазір қоғамда зайырлы қоғамда шариғаттың кейбір үкімдерін қайта қарау керек немесе бұл зайырлы қоғамға қайшы келеді, сол себептен келісе алмаймыз деген пікірталастың туғанын байқап жүрміз. Осыған байланысты мұсылман болғандардан *«Исламның (хиджаб кию, 4 әйел алу) шариғат үкімдеріне деген көзқарасыңыз қандай?»*

деген сұрақ қойған болатынбыз. Осы сұраққа қатысты жауаптарды төменде диаграмма түрінде беріп отырмыз.

Диаграмма 20- Ислам дінінің шариғи үкімдеріне деген көзқарасы



Ислам дінінің белгілеген шариғи үкімдеріне деген көзқарасы, нақты айтсақ, әйел кісілердің хиджаб киюі, ер адамның 4 әйел алуы сынды мәселелерге деген көзқарасын анықтау үшін қойылған сұрақ болатын. Осы зерттеуге қатысқандардың 96,15%-ы қолдайтынын көрсетіп, «иә, қолдаймын» деп жауап берген. Тек бір кісі ғана 3,85%-ы шариғаттың бұл үкімдерімен келіспейтінін айтты.

Амина: *Хиджаб кию және көп әйел алу туралы ислам дінінің шариғат үкімдерін мойындаймын және қолдаймын. Ол адамзаттың пайдасы үшін жасалған.*

Антон: *Иә, әрине ислам дінін қабылдағаннан кейін оның шариғи үкімдерін де қабылдаймын. Енді 4 әйел алмасақ та, бір әйел алғанда оның хиджаб кигенін қалаймын. Хиджабты да, төрт әйел алуды да қолдаймын.*

Көріп отырғанымыздай, респонденттеріміздің көбі ислам дініндегі шариғи үкімдерді, оның ішінде хиджаб кию мен 4 әйел алуды қолдайтынын білдіріп отыр. Антон мырза болашақта хиджаб киген қызға үйленгісі келетінін де жасырмады. Қалған кісілер де осыған ұқсас жауап берген болатын. Тек бір ғана кісі кейбір үкімдермен келіспейтінін айтып қалды.

Оксана ханым: *Шариғат үкімдерінің ішінде кейбір мәселелерді қолдамаймын. Мысалы, 4 әйел алуды. Мен неге күйеуімді басқа бөтен 3 әйелмен бөлісуім керек. Сол жағын әлі түсінбедім. Мен күйеуімді сүйемін, ол да мені сүйеді. Мен оны басқалармен бөлісуге міндетті емеспін. Сондай-ақ зайырлы мемлекетте көп әйел алуға рұқсат жоқ.*

Басқа шариғи үкімдерді қолдайсыз ба?

Иә, басқалары адам баласы үшін пайдалы ғой. Пайғамбардың кезінде жесір қалған әйелдерді алған ғой көбіне. Ол кезде де пайдалы болғаны үшін алса керек. Себебі күйеулері соғыста өлген көп әйел жесір қалды емес пе?! Ал қазір соғыс жоқ, бейбіт заманда оның аса қатты пайдасы жоқ.

Қарсы болған Оксана ханымның сөздеріне мән беретін болсақ, ол кісі өз күйеуін қатты жақсы көретінін және басқа біреумен бөліспейтінін айтты. Күйеуінен айырылып қалам ба деген қорқынышы барын көруге болады. Әйтпесе басқа шариғи үкімдерге қарсылығы жоқ екенін де айта кетті. Қорыта айтқанда, зерттеуімізге қатысқандардың басым бөлігінің ислам дінінің шариғатын қабылдайтыны және қолдайтыны анықталды.

Әлеуметтік бірегейлік үшін тағы бір маңызды мәселе – ол басқа да мұсылмандармен қарым-қатынас орнатып, олармен араласуы. Бұл діни әлеуметтенуі үшін де маңызды болып табылады. Яғни «діни әлеуметтену» бұл – адамның әлдебір дінге немесе діни ортаға, қоғамдағы діни өмірге бейімделу үдерісін түсіндіретін ұғым. Себебі адам өмірге келгенде әлдебір дінді ұстанып немесе діндар болып туылмайды, оның бәрін әлеуметтену арқылы, нақтырақ айтқанда, діни әлеуметтену арқылы қабылдайды. Осылайша «діни әлеуметтену» жалпы әлеуметтену үдерісінің ішінде жүреді [156, б. 76].

Дін ауыстырғаннан кейін ол адамның ортасы да ауыса бастайды. Бұрынғыдай емес ислам дінін ұстанушылармен жақынырақ танысып араласа бастайды. Себебі адамдарды ортақ мүдде біріктіреді. Бұл кісілерді біріктіретін ортақ нәрсе – ол ислам діні. Осы мақсатта «мұсылман дінін қабылдаған таныстарыңыз бар ма?» деген сұрақты қойған болатынбыз. Ол туралы ақпаратты төменде беріп отырмыз.

Диаграмма 21- Исламды дінін қабылдаған таныстарыңыз бар ма?



Жоғарыда көрсетілген ақпараттан көріп отырғанымыздай, «ислам дінін қабылдаған таныстарым бар» деп жауап бергендер саны 96,15%-ды құрап отыр. Яғни 26 адамның 25-де мұсылман таныстары бар.

Роман: *Иә, әрине мұсылман болған таныстарым бар. Кейбіреулерінің мұсылман болуына біздің де ықпалымыз тиді. Ал кейбір достарым менің мұсылман болуыма әсер етті. Онымен қоса Христиан достарым да бар. Бірақ мұсылман достарыммен көп араласамын. Мұсылмандар көп қалада тұрғым келеді. Мұсылмандардың өмір сүру салты біріктіреді. Сондай орта қалыптастырғым келеді.*

Амина: Мұсылман таныстарым өте көп. Ислам дінін қабылдаған орыстар немесе қазақ мұсылмандар тағы басқа мұсылман таныстарым бар. Көбіне мешітте танысқанбыз. Кейбір араб тілі курстары мен сауат ашу курстарында танысқан достарымыз да бар. Жиі кездесіп тұрамыз. Ислам туралы әңгімелесеміз. Ислам туралы әңгімелескен ұнайды. Өз тәжірибелерімізбен бөлісеміз.

Никита: Иә әрине өте көп. Менен бұрын інім ислам дінін қабылдады. Одан кейін мен. Енді әпкелерім де қабылдап жатыр. Әйелім де мұсылман болды. Енді достарымды айтсам, бір мешіт жиналатындай мұсылманбыз. Эльхамдулилла!

Достарыңыз қазақ па?

Қазақ та бар, татар да бар, кәріс те бар, орыс та бар, негізінен орыстілді кісілер.

Мұсылман болғандардың берген жауаптарын талдайтын болсақ, бұл кісілердің араласатын ортасының мұсылмандық бірегейлікке ие адамдар екенін көріп отырмыз. Сонымен қатар осы араласатын мұсылмандық орталары өздеріне ұнайтыны байқалады. Мысалы, Роман мырза мұсылмандар көп жерде тұрғысы келетінін де айтып қалды. Амина ханым болса достарымен ислам діні туралы әңгімелескен ұнайтынын да жасырмады. Бұрынғыдай емес араласатын ортасының мүлдем өзгергені немесе қасындағылардың да осы мұсылмандық ортаға бейімделіп, дін ауыстырғаны байқалады. Оны Никита мырзаның «інім, әпкем, әйелім де мұсылман болды» деп мақтанышпен айтқан әңгімесінен байқауға болады. Жалпы, исламға конверсияланғандардың мұсылмандық бірегейліктері қалыптасқан және болашақта өз ұлттарының дәстүріне емес мұсылмандық дәстүрге жақындап бара жатқанын көруге болады. Жалпы, Қазақстандағы мұсылмандықты екі түрге бөлуге болады. Олар: қазақтілді мұсылмандық және орыстілді мұсылмандық қоғам. Бұл кісілер осы орыстілді мұсылмандық ортадан екенін айта кеткіміз келеді.

Диаграмма 22-Дініңізді жасырасыз ба?



Келесі тағы бір маңызды мәселе ол өмір сүріп жатқан қоғамында дінін жасыра ма әлде дінін жасырмай, еш қиындықсыз өмір сүріп жатыр ма деген сұрақ туындаған болатын. Осы мәселеге қатысты ақпараттарды жоғарыдағы диаграммада беріп отырмыз.

Көріп отырғанымыздай, зерттеуімізге қатысқан ислам дінін қабылдағандардың 92,31%-ы өздерінің мұсылман болғанын жасырмайтыны анықталып отыр.

Амина: Жоқ, жасырмаймын. Бізде орыс ұлтында көбіне бәрін тіке айтамыз. 18 жасқа толғаннан кейін әр адам өз қалағанын жасайды. Ол өзі үшін жауап бере алатындықтан, өмірлік шешімдері үшін ұялып, қысылу деген жоқ. Жалпы, біздің отбасымыз сондай. Сол себепті мен дінімді жасырмадым.

Роман: Жоқ, жасырмаймын. Таныстарымның бәрі менің мұсылман екенімді біледі. Достарым мен туыстарым да біледі. Сондықтан жасырудың қажеті де жоқ.

Қазақ қоғамының 70% мұсылман қоғамы екенін ескеретін болсақ, бұл қоғамда мұсылман болу аса қатты қиындық тудырмайды. Бұл дегеніңіз қоғам тарапынан ешқандай қысымның жоқ екенін көрсетеді. Керісінше қазақ қоғамымен бірлесуі, қазақ қоғамына жақындауы бір тұтас болу үшін маңызды. Сол себепті мұсылман болғандардың көбі діндерін жасырмайды.

Зерттеуімізге қатысқандардың 7,69%-ы мұсылман екенін жасыратынын айтқан болатын. Олардың өскен немесе араласатын ортасында басқа діннің немесе ұлттың болуы ол кісілерді осындай жағдайға итермелеуі мүмкін. Бірақ салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, бұл кісілерді саны әлдеқайда аз.

Антон: Иә, кейде жасыруға тура келеді. Себебі мен туыстарыма мұсылман екенімді әлі айтпадым. Себебі денсаулығы нашар жақындарым бар еді. Бұл ол кісілер үшін үлкен соққы болуы мүмкін. Сол себепті мен әзірге дінімді туыстарымнан жасырамын.

Антон мырза дін ауыстырғанын өз отбасының амандығы үшін уақытша жасырып жүргенін айтты. Өмір болғасын жақындары өзгеріп жатқанда алаңдайтын отбасылар бар ғой. Сол үшін Антон мырзаның жасап жүргені де дұрыс шығар. Қала берді зайырлы қоғамда кейде дінін жасырудың да пайдасы тиіп жатады. Томос Лукман деген ғалымның «Көрінбейтін дін» деген еңбегінде секуляр қоғамда адамдар діндарлығын жасырады деген теория да белгілі бір дәрежеде маңызды рөлге ие [157, б. 52].

Мысалы, Қ.Қалиевтің зерттеуінде христиан болған қазақтардың 60%-ға жуығы діндерін жасыратынын айтқан [148, б. 176].

Қорыта айтқанда, мұсылман болғандардың Қазақстан қоғамында еш қиындықсыз және қысымсыз өз діндерін ұстанып жатқаны байқалады. Мұсылман болудың әлеуметтік бірегейліктеріне ерекше ықпал еткені анықталып отыр. Ислам дінін қабылдаған респонденттердің өмірінде діни, мәдени және әлеуметтік деңгейде елеулі өзгерістер болғаны анықталды. Дін тек құлшылық емес, мәдениетпен және күнделікті өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, респонденттер жаңа діни-мәдени нормаларды қабылдап, өмір сүру салтын бейімдеген. Мұндай өзгерістер олардың әлеуметтік бірегейлігін айқындауға да орасан ықпал етті. Респонденттердің басым бөлігі

мұсылмандыққа өткеннен кейін есімдерін ауыстырған. 81% есім ауыстыру феномені түрік ғалымы Али Көсенің зерттеуінен белгілі болса, біздің зерттеуде де бұл тенденция айқын байқалды. Мысалы, Сайд Бин Амин, Мұхаммед, Абдурахман сияқты есімдерді таңдап алған респонденттер мұсылмандық бірегейліктерін есім арқылы көрсеткен. Әйелдер арасында Амина, Айша есімдері танымал болған, бұл ислам тарихындағы маңызды тұлғаларға құрмет көрсету арқылы бірегейлікке ұмтылу ретінде түсіндіріледі. Дін ауыстырғаннан кейін мүлдем басқа адам болғаны мәлім болды. Сондықтан мұсылмандық бірегейліктері қалыптасып үлгерді деп айта аламыз. Бұл кісілер енді бұрынғыдай христиан бірегейлігіне емес, енді мұсылман бірегейлігіне иелік етеді. Ислам дініне конверсияланған респонденттердің өмірінде елеулі діни, мәдени, әлеуметтік және психологиялық өзгерістер болды. Олар мұсылмандық бірегейлікті қабылдап, жаңа орта мен құндылықтарға бейімделген. Бұл өзгерістер олардың қоғамдағы рөлін, отбасылық және әлеуметтік қарым-қатынастарын қайта қарастыруға алып келді. Зерттеу нәтижелері мұсылмандық бірегейліктің тек сыртқы факторларға ғана емес, ішкі рухани трансформацияға да байланысты екенін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дін саласындағы зерттеулер қазіргі Қазақстан қоғамында күрделі үдерістердің орын алып отырғанын көрсетеді. Соңғы отыз жылдан астам уақыт аралығында еліміздің конфессиональдық кеңістігі елеулі өзгеріске ұшырады. П. Бергер қазіргі әлемдегі діни серпіліс туралы айта отырып, оның қуатты екі тенденциясын атап көрсеткен болатын, оның біріншісі – исламның жаһандық деңгейдегі қайта жаңғыруымен байланысты болса, екіншісі – інжілдік протестанттықтың қарқынды таралуымен сипатталады. Қазақстан қоғамы да осы тенденциялардың ықпалын терең сезінді десек болады. Тәуелсіздіктің қарсаңы мен алғашқы жылдарында елімізге көптеген неопротестанттық ағымдар көптеп келіп, белсенді миссионерлік қызмет жүргізіп, алдарына Қазақстанды толықтай евангелизациялау мақсатын қойды. Соның салдарынан Қазақстандық азаматтар арасында неопротестанттыққа өткендердің қатары көбейді. Бұл қоғамда алаңдаушылықты тудырып, еліміздегі дәстүрлі конфессия болып танылған – ислам және православиелік христиандық өкілдері тарапынан да, қарапайым азаматтары тарапынан да наразылық тудырды. Бұл еліміздің дін саласын реттейтін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылдап, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге алып келгені белгілі.

Халқымыздың өзінің рухани тамырлары мен тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрін танып, қайта жаңғыртуға деген талпынысы ислам дініне деген қызығушылықты арттырып, оның қоғамдық сана мен болмыстағы орын мен рөлінің артуына алып келді. Исламның моральдық-этикалық құндылықтары мен әлеуметтілік әділеттілік принциптері қарапайым халықтың үміт-армандарымен үндестік тапты. Еліміздегі жаңа мешіт ғимараттарының бой көтеруі, исламның бес парызын, діни ілімінің негіздерін оқып-үйренуге деген сұраныс халыққа түсінікті қарапайым тілмен жазылған діни әдебиеттің таралуына жол ашты. Сонымен қатар экономикалық-әлеуметтік қиыншылықтар салдарынан кішігірім қалалар мен ауылдық жерлердегі кітапханалар, мәдениет үйлері, спорттық клубтары сияқты мекемелердің жабылуы мешіттерді халықтың рухани қажеттілігін атқаратын бірегей орынға айналдырды. Бірақ сонымен қатар осы жылдары исламның атын жамылған теріс ағымдардың да насихаты күшейіп, діни сауаты ашылмаған халықтың бір бөлігін өз соңынан ертіп әкеткені жасырын емес. Аталған үдерістер де азаматтарымыздың діни конверсиясына әр қырынан әсер етті.

Тәуелсіздіктен кейін орын алған деидеологизация мен адамға өзінің дүниетанымдық бағдарлары мен құндылықты ұстанымдарын анықтауда үлкен мүмкіндіктер беретін ашық плюралистік қоғамның қалыптасуы да еліміздегі діни конверсия үдерісіне зор ықпал етті. Адам санасын тұмшалап келген идеологиялық құрсаулардың алынып тасталуы, адамға өз болашағын айқындайтын рухани бағдарларды таңдау құқының берілуі әрбір азаматтың діни ізденісіне, кемелденуіне, бірегейлігін айқындауына және тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін жүзеге асыруына жол ашты.

Қазақстандағы діни конверсия үдерісін зерттеу қоғамның азаматтардың діни таңдауын жасауына түсіністікпен қарайтынын, алайда ұлттық мәдениет

пен болмыстың, руханилықтың іргелі негіздерін шайқалтатын агрессивті миссионерлік қызмет пен прозелитизмді қолдамайтынын аңғартады.

Діни конверсия концепцияларының теориялық-методологиялық негіздерін талдау бұл құбылысты зерттегенде бірқатар мәселелерді назарда ұстануды қажет ететінін байқатты. Біріншіден, діни конверсияның уақыт пен мекенге байланысты ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі. Тарихи тұрғыдан секулярлы және постсекулярлы қоғамда діни конверсияның факторлары мен себептері және алғы шарттарының өзіндік ерекшеліктері болады. Сонымен қатар, қоғамда қалыптасқан мәдени-әлеуметтік, саяси-құқықтық жағдайда діни конверсия үдерісіне үлкен ықпал етеді. Екіншіден, діни конверсия діннің доктриналдық қағидаттарымен де байланысты. Осыған орай ішкі конфессиялық және конфессия аралық конверсияның теологиялық аспектілеріндегі ерекшеліктер туралы айтуға болады.

Диссертациялық зерттеуде қазақ қоғамындағы исламға конверсияланудың ғылыми-теориялық мәселелерін және конвертиттердің таңдауын анықтайтын мәдени-әлеуметтік алғышарттары мен факторларын жан-жақты, кешенді және жүйелі құрылымдық талдау негізінде қорытынды түйіндер жасалды:

1. Діни конверсия жекеленген индивидтердің санасы мен жүріс-тұрыс моделінде, әлеуметтік коммуникацияларында және сондай-ақ әлеуметтік топтар мен институттардың құрылымында динамикалық өзгерістерді тудыратын күрделі құбылыс болып табылады. Сондықтан діни конверсия үдерісін зерттегенде әлеуметтік-мәдени, психологиялық-ментальдық өлшемдермен қатар, діндердің доктриналдық, құлшылық-ғибадаттық, әлеуметтік-құрылымдық қабаттарындағы ерекшеліктерінде назарда ұстау қажет.

2. Діни конверсия батыс ғалымдарының еуропалық әлеуметтік-мәдени контекстегі дін алмастыру немесе дінге келу үдерістерін зерттеудің негізінде тұжырымдалды, алайда исламға өту, исламды қабылдау үдерісін сипаттауда исламға тән діни ұғымдарды қолданудың қажеттілігін көрсетеді. Ислам дініне өтудің күрделі үдерісі әлеуметтік, мәдени және рухани деңгейлердегі өзгерістерді қамтиды. Ислам аясында қалыптасқан категориялар конвертиттердің бойындағы тұлғалық өзгерістердің психологиялық астарларын, әлеуметтік ортасымен байланысының терең қабаттарын дұрыс пайымдауға мүмкіндік береді.

3. Зерттеу нәтижелерінің негізінде исламды қабылдаған тұлғалардың жыныстық, жас ерекшеліктерін, білім деңгейі мен этникалық идентификациясын қамтитын әлеуметтік-психологиялық портреті жасалды. Ислам дінін қабылдаушылар арасында орта жасқа келген азаматтардың басым екені және олардың шешімдеріне жеке өмірдегі қиындықтар, рухани ізденістер мен әлеуметтік факторлардың әсері айқындалды. Сонымен қатар исламды қабылдаған конвертиттердің өз бойында орын алған өзгерістерді позитивті бағалайтыны және өмірлік перспективаларын дұрыс таңдалған діни сеніммен байланыстыратыны анықталды.

4. Діни конверсияның мәдени және әлеуметтік салдары зерттелді. Ислам дінін қабылдағандардың өмір салтында, мінез-құлқында, киім киюінде және дүниетанымында орын алған елеулі өзгерістердің конвертиттердің әлеуметтік

ахуалына ықпалы ашылды. Ер адамдарда есімін өзгертіп, жаңа есімге ие болуы, ал әйел адамдардың киім кию үлгісіндегі өзгерістер олардың мұсылмандық бірегейліктерін қалыптастырудағы маңызды кезең болып табылады.

5. Конвертиттердің діни білім деңгейі мен исламның шариғи үкімдеріне қатысты ұстанымдары мен көзқарастар талданды. Респонденттердің басым көпшілігі шариғат талаптарын қабылдайтынын және оның қоғамдағы рөлін қолдайтынын көрсетті. Зерттеу нәтижелері бірқатар конвертиттердің білім деңгейін жетілдіруде белгілі бір мәселелердің бар екенін байқатады, олардың басым бөлігі исламның шариғи талаптарын біршама білгенімен, ақидалық және фықһтық мәселелерді терең меңгермегені аңғарылады. Сонымен қатар конвертиттердің ислами білімдерді игеруге деген талпынысы мен қызығушылығының да бар екенін атап өтуіміз қажет.

6. Қоғаммен, жаңа ортамен әлеуметтік байланыстардың рөлі. Ислам конвертацияланған индивидтердің бұрынғы және жаңа әлеуметтік ортамен қарым-қатынасында конфликтілік ахуалдың орын алмауы Қазақстан қоғамының толеранттылық деңгейінің жоғары екенін және азаматтардың діни таңдауы мен наным-сенімдеріне құрметпен қарайтынын көрсетеді. Бұл еліміздің дін саласындағы саясатының дұрыс бағытта дамып отырғанының айғағы. Еліміздің басты конституциялық болып табылатын зайырлық принципі азаматтардың діни наным-сенім бостандығы мен құқықтарын толықтай жүзеге асыруына барлық мүмкіндіктерді қалыптастырады. Атап көрсетуді қажет ететін тағы бір жағдай исламға конвертациялану діни және этникалық бірегейліктер арасындағы сабақтастықтың үзілуіне әкелмей, конвертиттердің этникалық бірегейлігіне тән элементтердің сақталуымен де сипатталады.

Қазақстан қоғамындағы діни конверсияның ерекшеліктері. Мұсылмандықты қабылдағандардың көпшілігі жаңа өздерінің жаңа діни бірегейлінің қоғамның рухани құндылықтармен сабақтасатынын және жаңа бірегейліктің Қазақстанда қоғамында өз орын табуына кедергі келтірмейтінін атап көрсетеді. Біздің зерттеуімізде де діни конверсиялануға ықпал ететін бірнеше факторлар анықталды. Солардың бірі – азаматтардың діни-рухани ізденісі. Респонденттердің 69,23% ұзақ діни немесе рухани ізденістен кейін исламға конверсияланғандарын айтады. Сондықтан олардың исламды қабылдауын саналы еркін таңдаудың нәтижесі дей аламыз. Олар рухани ізденістерінің бастауы христиандықтың әртүрлі конфессияларымен байланысты болғанын да жасырмайды. Бірақ өздерін толғандырған аксиологиялық-дүниетанымдық, экзистенциалдық сұрақтарына христиандықтан жауап таппағандықтан немесе христиан теологиясына қанағаттанбағандықтан олар исламға бет бұрған. «Исламды қабылдауына нақты не әсер етті?» деген сұраққа респонденттердің 46,15% «Құдайды тану және қасиетті Құран мен хадистерді оқығаннан кейін шешім қабылдадым» деген жауаптарды берген болатын. Көріп отырғандығымыздай, зерттеуімізге қатысқан респонденттеріміздің басым бөлігінің ислам дінін қабылдауларына себеп болған жағдайлардың бірі – ислам мен христиандықтағы Құдай және Оның сипаттары туралы ілімнің айырмашылықтары. Христиан діні бойынша осы Құдай үштігі туралы мәселе монотеистік түсініктегі адамдардың дінді қабылдауында біраз қиындықтар

туғызады. Құдайды тану арқылы ислам дініне келдім дегендердің барлығы да Алланы Құран кітабын оқу арқылы танығандықтарын жеткізген. Сонымен бірге батыс әлемін қамтыған секуляризация үдерісі және христиандық конфессиялардың қоғамдағы өз позицияларын жоғалтуы, Еуропа тұрғындарының күнделікті тұрмысында христиандық моральдық-этикалық құндылықтарды басшылыққа ала бермеуі, яғни христиандықтан жаттануы да азаматтардың исламға конверсиялануына әсер еткен болуы ықтимал.

Конвертиттердің исламды қабылдауларына әсер еткен тағы бір фактор – некелесу. Респонденттеріміздің 42,31% ислам дінін қабылдаудағы негізгі себептердің бірі – «үйлену және достарымның әсері» деп жауап берген. Некелесу барысында немесе отбасын құрғаннан кейін жұбайларының мұсылмандықты қабылдауы әйелдерінің де дін ауыстыруына түрткі болған. Бұл құбылысты «әлеуметтік әсер» теориясымен түсіндіруге болады. Діни конверсиялануда әлеуметтік ортаның да маңызды фактор екенін айта кеткеніміз жөн. Қоғамда адамдар мен әлеуметтік топтар әрқашан бір-біріне әсер етіп отырады. Бастапқы әлеуметтік топтарды зерттеген американдық әлеуметтанушы Ч. Кули отбасындағы жұбайлардың тығыз эмоциялық байланыста болатынын және олардың бірінің пікірі мен құбылыстарды бағалауы екіншісіне де әсер ететінін, маңызды болатынын атап көрсетеді. Исламға конверсиялануда жұбайларының бірінің өзінің діни таңдауын дәйекті негіздей алуы және жаңа діннің құндылықтарының маңыздылығын өмірлік тәжірибе және көркем мінез арқылы жеткізе алуы маңыз рөл атқарғанын айтқан жөн. Бұл «дінде зорлық жоқ» деген Құран принципін күнделікті өмірде сабырмен жүзеге асыру және жаман әдеттерден тиылудың отбасылық өмірде де, достық қарым-қатынастарда да жемісті стратегия болатынын байқатады. Осы арқылы біз «ислам дінін қабылдауға әсер еткен негізгі факторлардың бірі қоғамдағы белсенді мұсылмандардың болуы» деген гипотезамыздың дұрыс екендігіне көз жеткіземіз. Себебі, мұсылман достары немесе мұсылмандармен некелесу арқылы ислам дінін қабылдағандардың саны айтарлықтай басым екендігі анықталды.

Діни конвертация нәтижесі – индивидтің жаңа діни бірегейлігінің қалыптасуы, орнығуы мен нығаюы. Исламды қабылдағандардың өмірін екі – конвертацияға дейінгі және одан кейінгі кезеңге бөліп қарастыру олардың конвертация нәтижелерін оң бағалайтынын және оның өзінің болашағына деген позитивті сенімі мен үмітіне жағымды әсер еткенін атап көрсетеді. Сонымен қатар олардың жаңа діни әлеуметтік ортадағы өзін қабылдауы мен бағалау деңгейінің өскендігі әлеуметтік позицияларына деген көзқарастың өзгергендігін де көрсетеді. Қазақстандағы қазақтардан өзге этникалық топ өкілдерінің исламға конвертациялануы қоғамдағы діни бірегейліктің баяу болса да маңыздылығының артып келе жатқанын аңғартады.

Респонденттеріміздің 92,31% өмірлік жарының мұсылман болуының маңызды екенін атап көрсетуі және ислам дінінің белгілеген шариғи үкімдерін қолдайтындығы діннің отбасылық институтындағы рөлінің де артық отырғанын айғақтайды. Қазіргі уақыттағы отбасының бұзылуы, ажырасу пайызының өсуі де секулярлы қоғамдағы дәстүрлі діни құндылықтарының маңыздылығының

төмендеуімен, тұтынушылық пен материалдық игіліктерге қол жеткізуді табысты болудың басты параметрі ретінде қабылдайтын дүниетанымдық ұстанымның үстемдік етуімен байланыстырылады. Отбасын құрған жұбайларға некенің сакральдылығын, Алла алдындағы аманаттылығын және жауапкершілігін дәйектеп, жүйелі жеткізетін діни ілімнің адам санасы мен психологиясына терең әсер ететіні белгілі. Осы тұрғыда исламға конвертацияланған индивидтер дінді отбасының сақталуының, оның беріктілігінің, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсінік пен құрметтің кепілі ретінде қарайтындығы байқалады. Дегенмен, діни құндылықтар мен мотивтердің отбасылық институтқа ықпалы көлемді әлеуметтанулық, психологиялық кешенді зерттеулерді талап етеді, ал диссертациялық зерттеудің отбасына қатысты бөлігі осы бағыттағы зерттеулерге мұрындық болады деп ойлаймыз.

Конвертиттердің мінез-құлқы мен жүріс-тұрысындағы исламды қабылдағанға дейінгі және одан кейінгі өзгерістерді талдау діни конверсияның олардың тұлғалық дамуына да оң ықпал еткенін көрсетеді. Зерттеу барысында конвертиттердің конверсиялануға дейінгі психологиялық күйінде іштей құлазу, өзімен келісімге келе алмау, «Мен» сезімінің екіге айырылуы түріндегі дағдарыстың бары анықталды. Сұхбат әдісімен алынған ақпаратқа сай жаңа діни құндылықтарды қабылдау олардың өз бойындағы жоғарыда аталған келеңсіз күйлерді жеңуіне, жаңа өмірлік перспективаларға ие болуына үлкен ықпал еткен. Бұл жерде жаңа діни құндылықтармен қатар, конвертиттердің жаңа әлеуметтік ортасы – діни қауымның да әсері болғанын атап айту керек. Қауым ішіндегі тығыз эмоциональдық қатынас, эмпатия мен мотивация тұлға бойындағы өмірлік қуат күшін оятып, жағымсыз эмоцияларан тазарып, өмірді қастерлеу, кез-келген сынаққа сабырлы болу сияқты сезімдерді қалыптастырады. Бұл әлеуметтік жан ретінде адам әрқашан ортаның қолдауы мен қамқорлығын қажетсінетінін және басына түскен қиындықтарды жеңу үшін өзін түсінетін жаңа ортаны іздейтінін көрсетеді. Яғни, адам әрқашан өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін жүзеге асыруға қолдау көрсететін әлеуметтік ортаны қалайды және соған сай жаңа бірегейлігін түзеді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы басқа ұлт өкілдерінің исламға конверсиялану үдерістерінің баяу қарқынмен болсада орын алып отырғанын көрсетті. Бұл бір жағынан, елімізде азаматтардың діни наным-сенім бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық нормалардың нақты әрекет етуімен және діни таңдауына ешкімнің қысым көрсетпеуіне жол бермейтінімен байланысты болса, екінші жағынан халықтың діни құндылықтарға бет бұруымен байланысты. Дін ауыстырғаннан кейін азаматтарымыз күнделікті тұрмысында ешқандай қиындықтарға ұшырамағаны зайырлы мемлекет пен плюралистік қоғамның үлкен жетістіктерінің бірі. Бұл қазақ қоғамы үшін маңызды, себебі 70% астам мұсылмандар тұратын бір мемлекетте орыс және кәріс ұлттарының мұсылмандармен арақатынасының жақсы болуы еліміздің тұрақтылығының кепілі. Бұл жерден діннің интеграциялық функциясының қоғамдық маңыздылығын көруге болады.

Ислам дініне конверсиялану – жеке тұлғаның өміріндегі рухани, мәдени және әлеуметтік өзгерістердің үйлесімді интеграциясын талап ететін үдеріс. Зерттеу нәтижелері діни конверсияның көп салалы күрделі құбылыс екенін және жеке тұлғалардың да, жалпы қоғамның да өмірінде маңызды рөл атқаратынын және жаңа діни-әлеуметтік бірегейліктердің қалыптасуына үлкен ықпал ететінін көрсетті. Осы тұрғыда діни және азаматтық бірегейліктің арақатынасын зерттеу, Қазақстан қоғамын біріктіріп, мемлекеттілігін нығайтатын бірегейлік формаларын қалыптастырып, оларды жаңа экзистенциальды мазмұндармен толықтырудың маңызы зор екенін атап өткіміз келеді. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер дінтану, әлеуметтану және психология салаларындағы теориялық және практикалық зерттеулерді дамытуға негіз бола алады. Диссертациялық зерттеу жұмысы діни конверсия үдерістерін тереңірек түсінуге, оның әлеуметтік және мәдени ықпалын бағалауға және Қазақстан қоғамындағы конфессиональдық қатынастардың үйлесімді моделін құруға үлесін қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Kuburiş Z. Is Conversion Result of Church Missionary Work or Proselytism? // Yugoslav Society for The Scientific Study of Religion Komren Sociological Encounters Punta Niš. – 2004. – P. 67-74.
- 2 Zhaxybayeva A., Kaliyev K., Zhaksybayev A. The impact of religious conversion on social identity in the Republic of Kazakhstan ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы. – 2022. -Т.31.- №3. –Р. – 45-52
- 3 Қалиев Қ. Астана қаласындағы діни конверсия феномені: әлеуметтанулық талдау // Адам әлемі. – 2023. – №1 (95). – 173-178 бет.
- 4 Соколовский К.Г. Религиозная безопасность и вопросы государственно-конфессиональных отношений (на примере Республики Казахстан) // Вестник РМАТ. – 2018. – №. 2. – С. 5-11.
- 5 Zhaxybayeva A., Zaton K., Zhaksybayev A. Factors influencing the process of religious conversion and related typology of religious conversion // Вестник КазНУ, Серия Религиоведение. – 2021. – Т. 28. – №. 4. – Р. 19-27.
- 6 The World's Muslims: Religion, Politics and Society [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.pewresearch.org/religion/2013/04/30/the-worlds-muslims-religion-politics-society-overview/> (жүгінген күні: 26.04.2021 ж).
- 7 James W. The varieties of religious experience: a study in human nature; being the Gifford lectures on natural religion delivered at Edinburgh in 1901-1902. – New York: Longmans, Green & Co., 1999. – 534 p.
- 8 Clark E.T. The psychology of religious awakening. – New York: Macmillan, 1929. – 256 p.
- 9 Kim Heon Choul. Din Değiştirmenin Entelektüel Arka Planı. – İstanbul: Kaynak Yayınları, 2003. – 44 s.
- 10 Heirich M. Change of heart: A test of some widely held theories about religious conversion //American journal of sociology. – 1977. – Т. 83. – №. 3. – P. 653-680.
- 11 Peker H. Din Değiştirme: Psiko-Sosyolojik Etkenler: Doktora Tezi. – Ankara: Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1979. – 250 s.
- 12 Köse A. Neden İslâm'ı seçiyorlar: Müslüman olan İngilizler üzerine psiko-sosyolojik bir inceleme 1997. – 320 s.
- 13 Sevinç B. Günümüz Türkiye'Sinde Hıristiyanlaşma ve Türk Misyonerler: Doktora Tezi. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 2005. – 300 s.
- 14 Zavalı Y.S. Türkiye'de Hıristiyan Olan Müslümanlar: Psiko-Sosyolojik Bir Araştırma (1990-2010): Doktora Tezi. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 2011. – 320 s.
- 15 Travisano R. V. Alternation and conversion as qualitatively different transformations // Social Psychology Through Symbolic Interaction. – Waltham: Ginn-Blaisdell, 1970. – 240 p.
- 16 Bainbridge W.S., Stark R. Sectarian tension // Review of Religious Research. – 1980. – P. 105-124.

- 17 Long T.E., Hadden J.K. Religious conversion and the concept of socialization: Integrating the brainwashing and drift models // Journal for the scientific study of religion. – 1983. – P. 1-14.
- 18 Lofland J., Skonovd N. Conversion motifs // Journal for the scientific study of religion. – 1981. – P. 373-385.
- 19 Snow D.A., Machalek R. The sociology of conversion // Annual review of sociology. – 1984. – P. 167-190.
- 20 Stark R. Conversion and Christian Growth // The Rise of Christianity: A Sociologist Reconsiders History / by Rodney Stark. – New Jersey: Princeton University Press, 1996. – P. 2-27.
- 21 Hadden J. K. (ed.). Religion in radical transition. – Transaction Publishers, 1973. – Т. 22. – 166 p.
- 22 Zürcher E. Chapter Six. "The Conversion Of The Barbarians", The Early History Of A Buddho-Daoist Conflict // The Buddhist Conquest of China. – Leiden: Brill, 2007. – P. 288-320.
- 23 Bromley D.G. A tale of two theories: Brainwashing and conversion as competing political narratives // Misunderstanding cults. – 2001. – P. 318-348.
- 24 Luckmann T. The religious situation in Europe: The background to contemporary conversions // Social compass. – 1999. – Т. 46. – №. 3. – P. 251-258.
- 25 Snow D.A., Machalek R. The convert as a social type // Sociological theory. – 1983. – P. 259-289.
- 26 Richardson J.T. The active vs. passive convert: Paradigm conflict in conversion/recruitment research // Journal for the Scientific Study of religion. – 1985. №. 2. – P. 163-179.
- 27 Straus R.A. Religious conversion as a personal and collective accomplishment // Sociological analysis. – 1979. – Т. 40. – №. 2. – P. 158-165.
- 28 Taylor B. Sociological factors in patterns of religious conversion and in their investigation: PhD Thesis. – Aberdeen: University of Aberdeen, 1976. – 250 p.
- 29 Paloutzian R.F., Richardson J.T., Rambo L.R. Religious conversion and personality change // Journal of personality. – 1999. – Т. 67. – №. 6. – P. 1047-1079.
- 30 Исаева В.Б. Социальный механизм религиозной конверсии: на примере петербургской буддийской мирской общины Карма Кагью: диссертация на соискание ученой степени канд. соц. наук : 22.00.06. – СПб., 2014. – 241 с.
- 31 Угринович Д.М. Психология религии. – М.: Политиздат, 1986. – 352 с.
- 32 Буланова И.С. Специфика религиозности в зависимости от типа религиозной конверсии // Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина. - 2014. - №1. - С. 147–149.
- 33 Ипатова Л.П. Типы религиозного обращения в православие женщин в современной России: автореф. дис. ... канд. соц. наук. - М., 2006. – 26 с. [Электронный ресурс]. – URL: [http:// www.isras.ru/files/File/Avtoreferat/avtoreferat_Ipatova.pdf](http://www.isras.ru/files/File/Avtoreferat/avtoreferat_Ipatova.pdf) (дата обращения: 07.07.2024)
- 34 Мартинович В.А. Проблема индикаторов конверсии // Религия и общество: актуальные проблемы современного религиоведения: сб. научных трудов / под общей редакцией В.В. Старостенко. – Могилев.: МГУ им. А.А. Кулешова, 2006. – С. 187 – 190.

- 35 Моравицкий Я.Б. Католическая община Петербурга: явление конверсии и трансформация властных отношений // Журнал социологии и социальной антропологии. – 2005. – Т. 8. – №. 4. – С. 102-119.
- 36 Шаукенова З.К., Бурова Е.Е., Бектенова М.К. Религиозные конверсии в постсекулярном обществе (опыт феноменологической реконструкции). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2017. – 431 с.
- 37 Kabidenova Z.D. et al. Religious conversion through the eyes of women on the example of the religious situation in Kazakhstan // European Journal of Science and Theology. – 2020. – Т. 16. – №. 2. – P. 27-37.
- 38 Жаксыбаева А.К., Затов К.А., Аманкул Т. Діни конверсияның әлеуметтік-мәдени алғышарттары // Адам әлемі. – 2023. – № 4 (98). – 167-179 бб.
- 39 Buckser A., Glazier S. D. The anthropology of religious conversion. – Lanham: Rowman & Littlefield, 2003. – 236 p.
- 40 Freud S. A religious experience // The Psychoanalytic Review (1913-1957). – 1933. – Т. 20. – 352 p.
- 41 Ullman C. The transformed self: The psychology of religious conversion. – New York: Cambridge University Press, 2013. – 232 p.
- 42 William James and the Varieties of Religious Experience / ed. by J.R. – London : Routledge, 2005. – 207 p.
- 43 Phillips A. " Loose Change": The Conversions of William James //Raritan. – 2017. – Т. 37. – №. 1. – С. 21-157.
- 44 Джеймс У. Многообразие религиозного опыта. – М.: Издание журнала «Русская мысль», 1910. – 518 с.
- 45 Дюркгейм Э. Социология. Ее предмет, метод, предназначение. – Издательство ЮРАЙТ, 2019.-с 307.
- 46 Kirman M. A. Küresel bir olgu olarak din değiştirme ve aile kurumuna etkisi //Dinî araştırmalar. – 2003. – Т. 6. – №. 17.
- 47 Neumueller, Caroline A. The 21st Century New Muslim Generation. Converts in Britain and Germany. – Saarbrücken: Scholars' Press, 2013. – P.604
- 48 Demir Z. Din Değiştirmede Cinsiyet Rolü: Belçika Örneği //Milel ve Nihal. – 2013. – Т. 10. – №. 1. – С. 157-186.
- 49 Kaliyev K., Aydinalp H. A Sociological Study of Conversions in Kazakhstan // Bulletin of Toraighyrov University. Humanities series = Вестник Торайгыров университета. – 2021. – Т. 2. – P. 94-101.
- 50 Kım H., Mehmedoğlu A., Koreliler'in Din Değiştirme Motifleri // Marmara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2001. - №20. - S. 175-191.
- 51 Singer M. The use of folklore in religious conversion: The Chassidic case // Review of Religious Research. – 1980. – P. 170-185.
- 52 Rambo L. R. Theories of conversion: Understanding and interpreting religious change //Social Compass. – 1999. – Т. 46. – – №. 3. – С. 259-271.
- 53 Hökelekli Hayatı. Din Psikolojisi. – Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayinlari, 1993. – 290 s.

- 54 Roy O. Religious revivals as a product and tool of globalization //Current issues in law and religion. – Routledge, 2017. – C. 3-16.
- 55 Schick İ. C. Tebdil-i Kıyafet, İrtidat ve İhtida //Acta Turcica. – 2012. – T. 4. – C. 2-1
- 56 Aslan H. TANZİMAT DÖNEMİNDE DİNİ DEĞİŞİM HALLERİ: İHTİDA-GİZLİ DİN-TANASSUR VE OSMANLI //Toplum Bilimleri Dergisi. – 2024. – №. 12. – C. 32-55.
- 57 Rağib el-İsfahani. Müfredat Kur'an Kavramları Sözlüğü / Çeviren ve Notlandıran Yusuf Türker, Pınar Yay. - İstanbul, 2007. – 609 s.
- 58 Анарбаев Н., Әкімханов А. Құран кәрім (қазақша түсіндірмелі аударма). – Алматы: Таным баспасы, 2020. – 666 б.
- 59 Hallaq W. B. Sharī'a: theory, practice, transformations. – Cambridge University Press, 2009.-P.598
- 60 Hallaq W.B. An introduction to Islamic law. – Cambridge: University Press, 2009. – 210 p
- 61 Hallaq W.B. The formation of Islamic law. – London: Routledge, 2016. – 464 p.
- 62 Griffel F. Toleration and Exclusion: al-Shafi'i and al-Ghazali on the Treatment of Apostates //Bulletin of the School of Oriental and African Studies. – 2001. – T. 64. – №. 3. – C. 339-354.
- 63 Turan M. İslam'da İrtidat Sorunu ve Yol Açabilecek Psiko-Sosyal Problemler (Takiyye-Nifak Örneği) // Kadim Akademi SBD. – 2018. – T. 2. – №. 1. – S. 1-11.
- 64 Pew Research Center [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.pewresearch.org> (жүгінген күні: 26.04.2021 ж).
- 65 Narin İ. Prof. Dr. Sahip Beroje, Farklı Bakış Açılılarıyla İrtidat Suçu ve Cezası. – Ankara: Fecr Yayınları, 1. Baskı, 2014. – 206 s.
- 66 Aydın Ş. Kur'an açısından dinden dönme (irtidat) ve cezası // Journal of International Social Research. – 2017. – T. 10. – №. 54. – S. 959-968.
- 67 Şahinalp H. Din Hürriyeti Bağlamında Din Değiştirme Hürriyeti: İrtidât //İnönü Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2013. – T. 4. – №. 2. – C. 101-125.
- 68 Richardson J. T. The active vs. passive convert: Paradigm conflict in conversion/recruitment research //Journal for the Scientific Study of religion. – 1985. – C. 163-179.
- 69 Lofland J., Stark R. On becoming a world-saver: A theory of conversion to a deviant perspective //Cults in Context. – Routledge, 2018. – C. 159-180.
- 70 Kaliyev K. et al. A Psycho-Sociological Study of Converted Kazakhs in Kazakhstan. – 2023. – T. 12, № 1. – P. 271-279.
- 71 Köse A., Loewenthal K. M. Conversion motifs among British converts to Islam //The International Journal for the Psychology of Religion. – 2000. – T. 10. – №. 2. – C. 101-110.
- 72 Ayten A. et al. Formation and Consequences of the Conversion Process: A Qualitative Study of Adult Converts //İlahiyat Studies. – 2019. – T. 10. – №. 2. – C. 141-181.

- 73 Ермасов Е. В. Психологический стресс в условиях изоляции // Развитие личности. – 2009. – №. 2. – С. 84-99.
- 74 Richardson J. T., Stewart M. Conversion process models and the Jesus movement // American Behavioral Scientist. – 1977. – Т. 20. – №. 6. – С. 819-838.
- 75 Sakallı Nuray. Sosyal Etkiler Kim Kimi Nasıl Etkiler. – Ankara: İmge Kitapevi, 2017. – 255 s.
- 76 Çayır C. Türkiye'de din değiştirip hristiyanlığa geçişin psiko-sosyal etkenleri. – 2008. 255 s
- 77 Charles Y. Glock. The Role of Deprivation in the Origin and Evolution of Religious Groups / ed. by Lome L. Dawson // Cults in Context: Readings in the Study of New Religious Movements. - Toronto: Canadian Scholars' Press, 1996. – P. 147-158.
- 78 Hans A. Bear. A Field Perspective of Religious Conversion: The Levites of Utah // RRR. – 1978. – Vol. 19. - No. 3, Spring. – 284 p.
- 79 Argyle M. et al. Dini davranış teorileri // Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. – 2004. – Т. 1. – №. 16. – С. 247-280.
- 80 Bainbridge W.S. The Sociology of Conversion: Handbook Of Religious Conversion. - Birmingham-Alabama: Religious Education Pres, 1965. – P. 178-191.
- 81 Zhaxybayeva A. et al. The phenomenon of religious conversion in Kazakhstan and its influence on personality formation. – 2024.
- 82 Антонов Андрей. Каков он мистер Трамп? [Электронный ресурс]. – URL: http://ruskline.ru/special_opinion/2016/dekabr/kakov_on_mister_tramp/ (дата обращения: 19.09.2017 г.)
- 83 Eddie Gibs. Conversion in Evangelistic Practice // Handook of Religious Conversion. – Oxford: University Press, 2008. – P. 286.
- 84 Низамутдинова С. М., Кудринская И. В. Процессы социализации, инкультурации, психологической адаптации личности на основе музыкального искусства в условиях специально организованной музыкально-педагогической среды // Современные тенденции образования в культуре и искусстве (характеристика, структура, развивающий потенциал). – 2021. – С. 158-165.
- 85 Kuyucuoglu İ. Batı'da din sosyolojisi: teori ve yöntem analizleri. – Eskiyei, 2008.146s
- 86 Пруцкова Е. В. Религиозная социализация: проблемы концептуализации и соотнесения микро-и макроуровней анализа // социология религии в обществе позднего модерна. – 2014. – С. 80-88.
- 87 Furseth I., Repstad P. An introduction to the sociology of religion: Classical and contemporary perspectives. – Routledge, 2023.
- 88 Cipriani R. Din Sosyolojisi, Tarih ve Teori. haz: Ali Coşkun //İstanbul: Rağbet Yayınları. – 2014. s.420.
- 89 Kirman M. A. DİNİN EKONOMİK MODELİ KÜRESELLEŞME SÜRECİNDE DİNE YENİ BİR YAKLAŞIM //Ondokuz Mayıs Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2005. – Т. 18. – №. 18. – С. 147-161.
- 90 Gooren H. Reassessing conventional approaches to conversion: Toward a new synthesis //Journal for the Scientific study of Religion. – 2007. – Т. 46. – №. 3. – С. 337-353.

- 91 Berger P. L. The sacred canopy: Elements of a sociological theory of religion. – Open Road Media, 2011.s 208
- 92 Argyle M. et al. Dini davranış teorileri //Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. – 2004. – T. 1. – №. 16. – C. 247-280.
- 93 Gürses İ. Yükleme teorisi ve din ilişkisi üzerine bir değerlendirme //Uludağ Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2008. – T. 17. – №. 2. – C. 359-377.
- 94 Kaplan S. (ed.). Indigenous responses to western Christianity. – NYU Press, 1995.s 183
- 95 Loomba Ania. Kolonyalizm / Postkolonyalizm / Çeviren: Mehmet Küçük. - İstanbul: Ayrıntı Yayınları, 2000. – 312s.
- 96 Rambo L., Gül H. DİN DEĞİŞTİRME TEORİLERİ: DİNİ DEĞİŞİMLERİN ANLAMLARI VE YORUMLARI //Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2011. – №. 17. – C. 204-226.
- 97 Тусупбеков Ж. А., Байғабылов Н. О., Орынбасарова Н. А. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясыБірегейлік ұғымы және ұлттық бірегейлік мәселесі. – 2020. -Т. 17. – №. 4. – Б. 236-252.
- 98 Gleason P. Identifying identity. B. Ashcroft, G. Griffiths ve H. Tiffin (Der.), The post-colonial studies reader içinde. – 2006.-P.526
- 99 Bauman Z. Identity: Conversations with benedetto vecchi. – New Jersey: John Wiley & Sons, 2013. – 110 p.
- 100 Palumbo-Liu D., Robbins B., Tanoukhi N. Immanuel Wallerstein and the problem of the world: system, scale, culture. – Duke University Press, 2011.-p.263
- 101 Gellner E. Postmodernism, reason and religion. – London: Routledge, 2013.-256 p.
- 102 Мчедлова М.М. Религиозная и конфессиональная идентичность // Идентичность: Личность, общество, политика. - 2017. - С. 334-339.
- 103 ИГНАТЬЕВА О. А. Формирование национальной идентичности и ее влияние на внешнюю политику //Мир политики и социологии. – 2016. – №. 9. – С. 130-136.
- 104 Тэрнер Д. С. и др. Социальная идентичность, самокатегоризация и группа //Иностранная психология. – 1994. – Т. 2. – №. 2. – С. 8-17.
- 105 Tajfel H., Turner J. C. Intergroup behavior //Introducing social psychology. – 1978. – Т. 401. – №. 466. – С. 149-178.
- 106 Mol H. Identity and the sacred: A sketch for a new social-scientific theory of religion. – Book Society of Canada Limited, 1976.-P.340
- 107 Хухлаев О. Е., Хайт М. А. Сложность социальной идентичности: концепция С. Роккас и М. Брюера //Социальная психология и общество. – 2012. – Т. 3. – №. 3. – С. 16-26.
- 108 Anar Zh. et al. Relation of religious conversion and social identity //Journal of Positive Psychology and Wellbeing. – 2021. – Т. 5. – №. 4. – С. 807-811
- 109 Шабан Өз. Ислам тарихы / ауд. Ернар Есімқұлов. – Алматы: Ернар Есімқұлов, 2018. –352 б.
- 110 Türkdoğan O. Türk tarihinin sosyolojisi: toplum yapısı ve sınıfsal gelişim. – Hasret Yayınları, 1979. – Т. 1.-P.448

- 111 Yazici N. İlk Türk-İslâm Devletleri Tarihi. – Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 2019.-S.447
- 112 Turan O. Türk cihan hâkimiyeti mefkûresi tarihi. – Ötüken Neşriyat AŞ, 2014.-P.551
- 113 Бартольд В.В. Суфизм туралы // Оян. Намыс kz. – 2010. - №3. – 18-24 бб.
- 114 Настольная книга для русских людей: Киргизский край. - Спб, 1903. – Т. 18. – 156 с.
- 115 Преодолевая религиозное влияние ислама: Сборник документов и материалов. - Алма-Ата: Атамұра, 1990. – 179 с.
- 116 Ақынжанов М. Қазақ ағартушыларының саяси-қоғамдық көзқарастарының қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1955. – 48 б.
- 117 Мәшімбаев С.М., Мәшімбаева Г.С. Патшалық Ресейдің және Кеңес империясының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 268 б.
- 118 Ф. 64. - Оп. 1. - Д. 595 // ЦГА РК. - Л. 39-45.
- 119 Образование и просвещение в губернской Казани. - Вып.1. – Казань, 2008. - 110 с.
- 120 Асылбеков М.Х., Жаркенова А.М. Население Казахстана в конце XIX - начале XX вв. (1897-1917 гг.). - Алматы: Оркениет, 2001. - 316 с.
- 121 Ф. 76. - Оп. 1. - Д. 28 // ЦГА РК. - Л. 1-7.
- 122 Ф. 393. - Оп. 1. - Д. 129 // ЦГА РК. – Л. 13-19.
- 123 Ф. 15. - Оп. 1. - Д. 403 // ЦГА РК. - Л. 71-75.
- 124 Ф. 318. - Оп. 1. - Д. 49 // ЦГА РК. - Л. 83-88 об.
- 125 Ф.64. - Оп. 1. - Д. 3853 // ЦГА РК. - Л. 16-30.
- 126 Ф.И-17. - Оп.1. - Д. 2058 // ЦГА РУ.
- 127 Ф. 393. - Оп. 1. - Д. 129 // ЦГА РК.- Л. 13-19.
- 128 РФ ММ, Ф. 17. – Оп. 120. – Д. 383 // ГА РФ. – Л. 7-9.
- 129 Николаев О.Р. Традиционные формы крестьянской культуры на сломе эпох: «похоронили хорошо» (к вопросу о фотографиях похорон) // Проблемы истории, филологии, культуры. – 2012. - № 2. – С. 360.
- 130 Faouzi Adil. Rate of Islam Conversion in Europe Up 400% Since Start of Israel's Massacres on Gaza [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.moroccoworldnews.com/2024/07/363801/rate-of-islam-conversion-in-europe-up-400-since-start-of-israels-massacres-on-gaza> (жүгінген күні: 18.08.2024)
- 131 Rostan Pierre, Rostan Alexandra. When will European Muslim population be majority and in which country? // PSU Research Review. – 2019. – No 3. – P. 123-144.
- 132 Sibgatullina Gulnaz, Tahir Abbas. Political Conversion to Islam Among the European Right // Journal of Illiberalism Studies . -2021. – No.2. – P. 1-17.
- 133 Sturge G. UK prison population statistics //London: House of Commons Library. – 2019.
- 134 Moore K., Mason P., Lewis J. M. W. Images of Islam in the UK: The representation of British Muslims in the national print news media 2000-2008. – 2008.

- 135 Wilkinson M. et al. Prison as a Site of Intense Religious Change: The Example of Conversion to Islam. *Religions* 12: 162 [Электронный ресурс].
- 136 Nielsen Jørgen S. Transnational Islam and the integration of Islam in Europe // Muslim networks and transnational communities in and across Europe. – Leiden: Brill, 2003. – P. 28-51.
- 137 Little K. L. Negroes in Britain: a study of racial relations in English society. – Routledge, 2013.- P.324
- 138 Kose Ali. Conversion to Islam. – London: Routledge, 2012. – 228 p.
- 139 Clark Walter Houston. The psychology of religion. – New York: Macmillan, 1958. – 488 p.
- 140 Lee. Islam in Korea: Its History and Present Situation // *Annals of Korean Association of the Islamic Studies*. – 1994. – No. 4. – P. 59.
- 141 Eum I.-R., (2017). Korea's response to Islam and Islamophobia: Focusing on veiled Muslim women's experiences // *Korea Observer*. – 2017. - No48(4). – P. 825-849.
- 142 Köse A., Loewenthal K. M. Conversion motifs among British converts to Islam // *The International Journal for the Psychology of Religion*. – 2000. – T. 10. – №. 2. – C. 101-110.
- 143 Phillips Cynthia L. The Lofland-Stark Conversion Model: A Critical Reassessment David A. Snow // *Social Problems*. - 1980. – No 27.4. – P. 430-447.
- 144 Fathil Fauziah. Japonya ve Güney Kore’de İslam ve Müslüman Azınlıklar // *Yeni Türkiye*. – 2017. – P. 302-316.
- 145 Nurgaliyev T. (2021). Religious Transformations in Kazakhstan // *Central Asian Journal of Religious Studies*. – 2021. - № 5(2). – P. 45–62.
- 146 ҚР Статистика агенттігі [Электронды ресурс]. – URL: https://stat.gov.kz/for_users/national/2020 (жүгінген күні: 21.04.2021 ж.)
- 147 Malony H. N., Southard S. Handbook of religious conversion. – Religious Education Press, 1992.-P.314
- 148 Kaliyev Kaskyrbek. Bağımsızlık sonrası Kazakistan’da din değiştiren Kazaklar: Yayımlanmamış doktora tezi. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 2020. – 256 s.
- 149 Bruce Steve. Choice and religion: A critique of rational choice theory. – Oxford: University Press, 1999. – 386 p.
- 150 Köse A. Conversion to Islam: a study of native British converts // – 1994.- P.216
- 151 Downton Jr J. V. An evolutionary theory of spiritual conversion and commitment: The case of Divine Light Mission // *Journal for the Scientific Study of Religion*. – 1980. – C. 381-396.
- 152 Furnham A. Relationship among four Big Five measures of different length // *Psychological Reports*. – 2008. – T. 102. – №. 1. – P. 312-316.
- 153 Argyle M., Beit-Hallahmi B. The psychology of religious behavior, belief and experience. – London: Routledge, 2014. – 318 p.
- 154 Freud Sigmund. Totem and taboo: Some points of agreement between the mental lives of savages and neurotics (1913 [1912-13]). – Reprinted. - Harmondsworth: Penguin, 1985. – 215 p.

155 Ат қою фатуасы [Электронды ресурс]. – URL: <http://fatua.kz/kz/post/view?id=1025> (жүгінген күні: 21.04.2021 ж.)

156 Çoştu Y. Toplumsallaşma Sürecinde Dindarlığı Etkileyen Faktörler: Yayınlanmamış Doktora Tezi. – Samsun: Ondokuz Mayıs Üniversitesi SBE, 2009. - 276 s.

157 Luckman Thomas, Tom Kaden, Bernt Schnitzler. The invisible religion: The problem of religion in modern society. – London: Routledge, 1967. – 128 p.

ҚОСЫМША А

Зерттеуімізге қатысқандар туралы ақпараттар

№	Сұхбат ынған күн	Жынысы	Жасы	Мекен-жайы
1	18.06.2021	Ер	35	Үштөбе
2	17.06.2021	Ер	45	Үштөбе
3	23.06.2021	Әйел	23	Үштөбе
4	02.06.2021	Әйел	29	Алматы
5	23.01.2022	Әйел	30	Талдықорған
6	24.01.2022	Әйел	29	Алматы
7	25.01.22	Әйел	30	Алматы
8	03.02.2022	Ер	37	Алматы
9	08.02.2022	Ер	20	Алматы
10	16.01.2022	Ер	45	Қапшағай
11	10.02.2022	Ер	36	Алматы
12	22.01.2022	Әйел	18	Қапшағай
13	25.08.2021	Әйел	33	Үштөбе
14	15.02.2022	Әйел	40	Алматы
15	16.02.2022	Ер	25	Алматы
16	16.02.2022	Әйел	23	Алматы
17	17.02.2022	Әйел	22	Алматы
18	20.02.2022	Ер	34	Алматы
19	25.02.2022	Әйел	25	Алматы
20	03.02.2022	Ер	27	Алматы
21	10.12.2021	Ер	29	Алматы
22	12.12.2021	Ер	24	Алматы
23	15.06.2022	Әйел	47	Алматы
24	25.07.2022	Ер	27	Алматы
25	16.08.2022	Әйел	21	Алматы
26	18.03.2022	Ер	19	Алматы

Зерттеуге қатысқандарға қойылған сұрақтардың гайд

Гайд

Тереңдетілген сұхбат

Тақырып: Діни конверсияның Қазақстандағы әлеуметтік бірегейлікке ықпалы.

Кіріспе (5-10 мин)

Қайырлы күн! Менің атым Анар. Нұр-Мұбарак университетінің дінтану мамандығында докторантпын. Қазіргі кезде, докторлық зерттеу жұмысымның тақырыбына байланысты христиан дінінен ислам дініне діни конверсия жасағандарды, яғни дін ауыстырғандарды және олардың әлеуметтік бірегейлікке ықпалы туралы зерттеу жасап жатырмын. Сондықтан, сұхбатта назар аударылатын басты нәрселер олар ислам дінін таңдау себептері және әсер еткен негізгі факторлары мен мұсылман болғандардың бірегейлігінің өзгерулері.

Жауап беру барысында айтылған барлық мәліметтер жалпылама түрде, ешқандай адамдардың мекен жайы мен жеке ақпараттары атамай тек зерттеу мақсатында ғана қолданылады.

Бұл жерде дұрыс немесе қате деген жауаптар жоқ. Себебі, мені сіздің сарапшы ретіндегі жеке ойыңыз, тәжірибеңіз қызықтырады. Сол үшін, сұрақтарға барынша ашық әрі шынайы түрде жауап беруіңізді өтінемін.

Егер қарсы болмасаңыз арамыздағы сұхбатты аудиотаспаға жазуға рұқсат етіңіз! Ол жазбаның ешқайда шықпайтынына және онымен тек мен ғана жұмыс істейтініме толық кепілдік беремін!

Сұрақтар: (20-60 мин)

Блок № 1 Зерттеуге қатысушылар туралы жеке ақпараттар

- 1) Зерттеуге қатысушылардың жынысы
- 2) Жасыңыз?
- 3) Отбасылық жағдайыңыз?
- 4) Туып өскен жеріңіз?
- 5) Ұлтыңыз?
- 6) Кәсібіңіз?
- 7) Әлеуметтік жағдайыңыз?

Блок № 2 Мұсылман болғандардың Исламға дейінгі өмірлері

- 1) Исламға дейінгі діни сауаттылығыңыз?
- 2) Христиан дінімен болған байланысыңыз?
- 3) Ата-анаңыздың діні?
- 4) Өміріңізде травмалық қиындықтар болды ма?

Блок № 3 Исламға конверсиялану үдерісі

- 1) Бұрынғы дініңізге деген күмәндар болды ма?
- 2) Діни ізденісте болдыңыз ба?
- 3) Эмоциялық ізденістер болды ма?

- 4) Интеллектуалды ізденістеріңіз болды ма?
- 5) Дін ауыстыруыңызға ең басты қандай себеп әсер етті?

Блок № 4 Исламға конверсияланудан кейінгі өмір және мұсылмандық бірегейлік

- 1) Есіміңізді ауыстырдыңыз ба?
- 2) Киіміңізге байланысты өзгерістер болды ма?
- 3) Ислам дінін қабылдағаннан кейін өміріңізде қандай өзгерістер болды?
- 4) Ислам діні туралы білім деңгейіңіз?
- 5) Сіз үшін жарыңыздың мұсылман болуы маңызды ма?
- 6) Ислам дінін қабылдаған таныстарыңыз бар ма?
- 7) Дініңізді жасырасыз ба?

ҚОСЫМША Б

Ислам дінін қабылдағаны туралы анықтамалар

СПРАВКА

На основании Протокола № 2
от 16 августа 2021г.

Выдана Ярашевой Наргизе Хамро кизи, 28.01.2001 года рождения, место рождения Узбекистан, ИИН 010128600700, проживающего по адресу: г.Алматы, ул.Новои 7. Настоящей справкой подтверждается, что Ярашева Наргиза Хамро кизи добровольно приняла Ислам в Алматинской городской мечети в присутствии свидетелей.

ГЛАВНЫЙ ИМАМ



Т.ОСПАН

Исп.: Хасенова А.
Тел.: 3-97-63-90

ПРОТОКОЛ № 2

г. Алматы
16.08.2021 г.

Составлен в присутствии старшего устаза Талгата Сапанова, устаза Кайыргелді Руслана, юриста Дәулетияр Сағитжана Алматинской городской мечети и Ярашевой Наргизы Хамро кизи.

Ярашева Наргиза Хамро кизи, перед принятием Ислама подтвердила знание базовых основ религии Ислам успешно ответив на следующие вопросы:

1. Правильное произношение, знание и понимание смысла Шахады (свидетельство Единобожия)
2. Знание столпов Ислама
3. Знание столпов Имана

Сапанов Талгат
Старший устаз

Руслан Каиргельды
Устаз

Дәулетияр Сағитжан
Юрист

